



«MADENI MURA»
MEMLEKETTIK BAQDARLAMASYNYŇ
KITAP SERIYALARY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ TUNŇYSH PREZIDENTI
NURSUŁTAN NAZARBAEVTYŇ
BASTAMASY BOYYNŠA ŠYFARYLDY

Астана

2008

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Досжан А., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов К.
Биекенов К.
Бурханов К.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов К.

БАБАЛАР СӨЗІ

жүз томдық

Батырлар жыры



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б 12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Ақыш Н., Әкімова Т.

Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар:

Әлібек Т., Қосан С., Сәкенов С. (*жауапты шығарушы*),
Тұрлымбеков Б.

Б 12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2008.
Т. 49: Батырлар жыры. — 2008. — 416 бет.

ISBN 9965-35-576-2

«Бабалар сөзі» сериясының қырық тоғызыншы томына «Көрұғлы» эпосының Ә.Жүргенбаев, Е.Есенжолов, Ә.Жұмағазин, Е.Құлсариев, А. Хангелдин және Жамбыл ақын жырлаған нұсқалары енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05)-08}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-576-2 (т. 49)

© Әдебиет және өнер институты, 2008

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2008

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған қырық жеті томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының он бес томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталған серияның 49-томы батырлар жырына арналды.

Бұл томға, негізінен, түркімен халқының ұлттық батыры, аты аңызға айналған Көрұғлының ерлікке толы өмірін баяндайтын бірнеше жыр нұсқасы енді. Олар: Әбділда Жүргенбаев, Ерғали Есенжолов, Әміреш Жұмағазин, Ертай Құлсариев, Асайын Хангелдин нұсқалары.

«Көрұғлы» эпосының сюжеті XVI-XVII ғасырларда оңтүстік Әзірбайжанда болған халық көтерілісіне байланысты тарихи оқиғаларға негізделген. Сонымен қатар жырда аталған қозғалыстың көсемі ретінде дәріптеліп, халық батыр тұлғасында көрінетін Көрұғлы мен оның жолдастары

Әуез, Сапабек, Мұстафа, Жығалы бек т.б. ерліктері кеңінен суреттеледі. Анығында түркімен эпосының аңыздық, мифтік үлесі басым. Орта ғасырларда Солтүстік Хорасан мен Оңтүстік Әзірбайжан арасын мекен еткен түркіменнің теке руының батыры жайындағы халық эпосының сюжеті көршілес әзірбайжан, армян, иран, грузин, түрік, татар, құмық, төжік, өзбек, қарақалпақ, қазақ елдерінің фольклорына еніп, көптеген ұлттық версиялардың тууына негіз болғаны байқалады.


«Көрұғлы» эпосы қазақ арасына да ертеден мәлім, халық сүйіп тыңдаған таңдаулы батырлар жырының бірі. Кезінде бұл ғажайып фольклор туындысын маңғыстаулық Абыл жырау бастаған бір шоғыр талантты жыршы-ақындар қазақша жаңғыртып, сахара тыңдаушыларының құлақ құрышын қандырған.

Сондай-ақ «Көрұғлының» бірнеше нұсқасын Сыр сүлейлері де түрленте дамыта жырлағанын білеміз. Жиенбай, Оңғар, Баспан, Жәмет, Әбілда, Рахмет сынды таланттардың орындауындағы эпостың мәтінмен нотаға түсірілген жыр мақамы біздің заманымызға жетті. Ал «Көрұғлы» эпосын атақты Майкөт, Жамбыл, Құлмамбет сынды Жетісу жырау-жыршыларының да талай түндер бойы айтқаны туралы деректер бар.


Томға енген жыр нұсқаларының тілі — көркем, сюжеттері — қызық. Олардың мәтінінен қазақтың әр өңірінен шыққан жыршы-ақындардың эпикалық мектебіне тән стильдік қолтаңбалары, айту мәнерлері мен жергілікті тіл ерекшеліктері айқын сезіледі. Ұсынылып отырған «Көрұғлы» эпосының нұсқаларының көпшілігі бұрын-соңды жарияланбауы және зерттеу назарына ілінбеуі де аталған жырдың ғылыми құндылығын арттыра түседі.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті қырық тоғызыншы томы бұл көптомдықтың негізгі ұстанымдарына сәйкес, ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 26 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Көрұғлы

(Ә. Жүргенбаев нұсқасы)

Қызылбаста Шаадат деген хан өтеді екен. Сол Шаадат дейтін хан дүниеге келген соң әсемпаздық, сұлу көркемдікті өзіменен өткізбеймін деп дүние жүзіндегі асыл тас, лағыл жауһарларды жинап, мұртына тізіп, соның сәулесіменен қызылдап, өзінің отырған көлеміне жарығын түсіріп отырады.

Бір күні ой туды Шаадатқа «Осы дүниенің жүзінде менен сұлу, көркем адам бар ма екен. Халық дегеніміздің құлағы алыстан хабарласып тұрады ғой, осы халқымды жинап алып, менен көркем адамның бар екенін, жоқ екенін халықтан сұрап көрейінші» деп, сол оймен бір күні халқын Шаадат жинап алды. Халық түгел жиналды дегеннен кейін: — «Сіздерді жинап тұрғаным дүние жүзінде, осы менен көркем, сұлу адам бар ма, соны көрсеңіздер, қорғанбай айтыңыздар! Мен өзімше өз алдыма, өзімнің алдыма көркемдіктен ешкімді түсірмеймін, — дейді. Сонда Шаадаттың елінде бір мәстен кемпір бар екен, үш жүз бес жасқа келген екен, сол елде өмір сүрген екен, сол уақытта дейді. «Бір қасықтай қанымды кешсең, балам, мен айтайын», деп, халық бара алмай тұрғанда, мәстен кемпір барышты. «Қаныңызды кештім, толық айт. Таба алмасаң басыңды кесем» дегеннен кейін, кемпір «Тәп-тім» деп Шаадатқа айтып жатқан жауабы:

— Сіз әшейін әсемдікпенен әсемпаздықты қолдан үйіріп отырсыз. Қайдағы асыл тас, лағыл жауһарды жинап мұртыңызға тағып, соның сәулесімен ғана көрікті көрініп отырсыз. Сіздікі қолдан еккен екпе. Түрікпен деген ат төбеліндей ел бар. Оның Толыбай дейтін бегі бар. Онан туған баланың бәрі, шынжыр қатар бек деп айтады халық. Сонан бір бала туды, атын Бек қойды. Ол баласы көркейіп ат үстіне мінген соң, Бектің үстінде бір бұлт жүретін болды. Ол жүрген жерде өмірі қараңғылық

болмайды, күні де, түні де жарық болатын болды. Соған Бекке Раушан дегенді қосып, Раушанбек атаныпты тағы, сіздікі әшейін-ақ, сөз көлеміңіздегі үй ішінде тұрған, қолдан істеген өнер ғой, — деді.

Олай болса, — деді Шаадат, — менің алдыма тірі жүргенімде ондай әсем сұлу, көркем адам түсуге тиісті емес, — деп ойға келіп, өзінің мейірімсіз мирахорларын шақырып алып, — сондай бір жан бар дейді, соны маған байлап әкеп бер, — деді. Соған мирахорлары аттанып барып Әуіс дейтін көлге құс салып жүргенінде, қапыл Раушанбекті әкелетін күні Шаадат жатып түс көреді. Түсінен жаман шошып, ертеңіне халқын жинап алып, осы түсімді шешетінің бар ма? — деп түсін айтып жатқан жері екен.

Өте қайрат шапқан Шаадат түс көрді,
Арылмайтын атқара алмас іс көрді.
Раушанбекті мирахор әкеп байлаумен,
Таң алдында жатып Шаадат түс көрді.

Бір мықты кеп етті бұған қысымды,
Адам екен қарай алмас ұсынды.
Алтын тақта тапжылмастан отыр еді,
Кідірмеді келісімен ұшырды.

10 Түнде көрген Шаадат хан түсінен,
Айрылды сол буын кетті күшінен,
Қалай болсын ойлағанда тұрағы,
Сөнгендей болды жайнап тұрған шырағы.

Көрген түстен жаны қалмай шошынып,
Таң атқан соң Шаадат хан тұрады.
Аудырмады Шаадат хан қалыпты,
Көрермін деп ойлаған жоқ жарықты.

20 Бұл түсінің білу үшін мәнісін,
Таң атқан соң шақырып алды халықты.
Дайын тұрған Раушанбектің табына
Не кездеспед ердің ойла бағына.
Зар еңіреп Раушанбек түр еді,

Душар қылды Кәждекемді бағына.
Еңірегенін көргеннен соң баланы,
Халық келіп толтырып тұр көшесін,
Не етерін Шаадаттың білмес пешесін,
Болмай қалды елдің түгел сұрағы,
Өз кеуліне қайтып сөзі ұнады.
Бұл Шаадат қысылды неден сол,
Сенделу мен халқы келіп тұрады.

30 Шаадат айтты:

— Бір ғажайып түс көрдім,
Өте қиын тыңдаңыздар іс көрдім.
Біреу келіп етті маған қысымды,
Қалмады жайым зөремді ұшырды.
Арпалыстым әлім келмеді дұшпанға,
Алтын тақтан мені жерге ұшырды.
Басым жерге домалаңды кесіліп,
Қаным судай өз аузыма ішілді.
Салып тұрсың бұл сөзіме деді зер,
Ақылы толық Шаадатпын кемеңгер.

40 Жоритұғын ер болсаңдар келіңдер,
Белді буып мекем туған талапкер.
Таба қойсаң, күнің онда ашылды,
Онда қызыл көре алмассың жасылды.
Таба алмассың, өуре болып келмеңдер,
Мен табанда кесіп алам басыңды.

Мұнан кейін басыңды кесіп алам деген соң, Шаадаттың алдына бара алмай, халықтың еңсесі түсіп тұрғанда, сол елде мекендаған жасы жүз беске келген бір мыстан кемпір бар еді. Сол мәстен кемпір—бастан аяқ жердің жүзін кезіп отырған, көп жасаған кемпір. Сол Шаадатқа барып:

— Бір қасықтай қанымды кешсең, балам, мен осы түсіңді жорып берейін, — деді.

Хан: — Кештім, — деді.

— Мен емес түсің балам табылды,
Ел қиналып мұның үшін жаңылды.
Бастан-аяқ түсіңді, балам, жориын,

- Бір қасықтай қисаң менің қанымды.
 50 Дұшпаныңды Құдай қолға беріпті,
 Енді ешкім ала алмайды ерікті.
 Түнде көрген түсің сенің Раушанбек
 Пенде болып өз қолыңа келіпті.
 Раушанбектің орынды болды келгені,
 Келгеннен соң жөн болады өлмегі.
 Шешең айтқан тыңдай берші шетінен,
 Шықпайды деді аңғарсам, балам, ебінен.
 Сені өлтірер жау қашықтайын болмайды,
 Раушанбектің болады осы белінен.
- 60 Шын нәсілін білесің бе Раушанның,
 Түрікпеннің болады ол тегінен.
 Кемпір тілін көрдіңдер ме алғанын,
 Кеуліндегі тапқаннан соң арманын.
 Халқын жинап Шаадат хан қалдырмай,
 Майдан жайға құрып жатыр дарбазын,
 Білмегенге сәл нәрседен себеп деп,
 Бас уәзірдің қараңдар ертіп барғанын,
 Құлағың сал деді барып: «Шат,
 Айтатұғын өзіңізге үшбу көп,
- 70 Көп жинаған дүние қолда мал болар,
 Әркім сондай тұрмысынан зар болар.
 Жалғыз басты түрікпеннен қорқып өлтірсең,
 Өле-өлгенше сүйегіңе ар болар.
 Бұл құлды-ей базар жаққа сатайық,
 Ахирет пен көрген күні тар болар.
 Қатын алмай, бала қайда осыдан
 Қала түгіл қу басына зар болар».

Уәзірінің осы айтқан сөзін орынды деп тауып, кеуілін нығытты Шаадат хан. «Апарып базарға сат» деді. Раушанбектің мойнына шынжыр арқан байлап, мирахорлар базарға алып бара жатыр.

- Айтқан тілін уәзірінің алады,
 Алмағанда ақыл қайдан табады?
- 80 Шынжыр арқан мирахорлар кешікпей
 Мойнына Раушанбектің тағады.

- Өмірін сол ойлау үшін патшаның
 Жетектеумен базарға ертіп барады.
 «Құл сатамын кімдер қардар, кім алад», деп
 Жаңғырықтырып базарға айқай салады.
 Түс ауғанша базар сауда қыла алмай,
 Түс ауған соң базар тарап барады.
 Көрген күні бұл ғаріптің тар еді,
 Ойлағаны аңғарсаңдар бар еді.
- 90 Сәудегерлік кәсібімен беті ауған
 Жалғыз үйлі бір түрікпен мұнда бар еді.
 Етпеуші еді тіршілікте өмір ет
 Ашып еді өз-өзінен енді шет.
 Жүруші еді қызылбаста тірлік қып,
 Аты еді ол түрікпеннің Кәждембек.
 Тайып тұрған Раушанбектің табына,
 Не кездеспейд ердің ойла бағына?
 Зар еңіреп Раушанбек түр еді,
 Душар қылды Кәждекемді бағына.
- 100 Еңіреген көргеннен соң баланы,
 Жақын келіп тыңдап тұрды жанына.
 Назар салып қарап еді Кәждембек,
 Түрікпен елдің ұқшастырды задына.
 Таныған соң, адам шыдап тұрар ма
 Бірге туған өзінің тектес қанына?!
- Кәждем айтты: «Жаратқан жалғыз Құдайым,
 Енді кәйтп бұл жұмысқа шыдайын.
 Қамқұн болып қолға түскен жан екен,
 Неде болса мұны сатып алайын.
- 110 Бір перзентке зарланумен жүр едім,
 Қамқұн болған қуансын деп Күләйім».
- Делдалға айтты: «Қымбат айтып бұлдама,
 Мен аламын, әгәр келсе ымлаға».
- Дәлдәлменен арман — бермен сөйлесіп,
 Сатып алды үш жүз екі діллаға.
 Шын кәдірлі Кәждембектей ер еді,
 Түрікпен елі асыл соның тегі еді.
 Раушанбекті сатып алып Кәждекем,
 Күн батқан соң сарайына енеді.

- 120 Қамқұн болған отыр еді Күләйім,
Жас сәбиді келгеннен соң көреді.
Көргенінде нұрын ердің Күләйім
Шаттану мен шалқыды енді жүрегі.
Кеуілімде көп еді деді уайым,
Жұмысымыздың аңғарғандай сыңайын.
Бір перзентке зарлауменен отыр ек,
Киіміменен жеткерді-ау деді Құдайым.
Келгеніне болып еді бір талай,
Қайғы менен қасірет шеккен аһ-уай,
- 130 Ұл перзенттен кеміс еді бұл ғаріп,
Жалғыз қызы еді оның аты Ақалай.
Бұл екеуі келгеннен соң сыр ашты,
Бір-бірінен жөндерін сол сұрасты.
Ашылды деп айтылады шегінен,
Екеуі де нәсілі әнді тегінен,
Қамқұн болып сырын ашты екеуі,
Жүргеннен соң не қыларсың жөнімен.
Бұл екеуі жөн сұрасып көріп ед,
Екеуі болды екі түрікпеннің тегінен.
- 140 Қариялардың айтып кеткен мысалы,
Соғар бір күн алдына ал ол тоқалы.
Бала болып қолымызда қалсын деп,
Ақалайын неке қиып қосады.
Аман ердің шығар деген атағы,
Оңға айналса ісінің енді шатағы.
Ақалаймен көңіл қосып Раушанбек,
Күні-түні шықпай үйде жатады.
Таудай ердің қайт болар ма талабы,
Жүрсе егер көрерсіздер қараны.
- 150 Бірнеше күн үйден шықпай жатқан соң,
Раушанбекке Кәждем жігіт барады.
Қалай мынау болып жатыр тұрағың,
Күні-түні қалай жетед шыдамың.
Үйден шықпай, жатып қалдың Раушанбек,
Келіп тұрмын тыңда мені, шырағым.
Басың артық ойлап тұрсам төресің,
Ақ ісіне пендесің ғой көнесің.
Күні-күні жатып алсаң шықпай сен,

Қапа болып бір жерде, жаным, өлесің.
 160 Келіп тұрмын сен сияқты данаға,
 Тыңдатам деп айтқанымды балаға.
 Қапа болып өліп кетерсін, Раушанбек
 Гүләйт етіп қайтайық деп қалаға».

Таудай еді Раушанбектің талабы,
 Айтылған соң көңіліне қонды жаңағы.
 Ата тілін алмай бала қала ма,
 Еріп келед Кәждембекке жаңағы.
 Жұмыс келсе көрерсіңдер оңынан,
 Қайғы, қасірет тарқамайды мұңынан,
 170 Бахыт қашып, бағы тайған сорлыға,
 Бір қу басты дұшар қылды-ау жолына.
 Жерде жатқан қолына алып қу басын,
 Сынай берді қу бастың алып тұлғасын.
 Бұл кедейлік әр жігітті мұңайтар,
 Ғажап емес Раушанбек шын айтар,
 Топырақты жамылу мен жатырсың
 Сені тұлпар басы деп, жаным, кім айтар?
 Көңілімнің көп еді ойда данасы,
 Көздің ақты-ау көптен бері сорасы.
 180 Құл боп келіп қызыл басқа сатылдым
 Кім айтады мені Толыбай сыншы баласы?
 Өтесің-ау басымыздан дүние, бақ,
 Ажал деген тиерсің-ау бір күн-ақ.
 Екеуміздің көрген күніміз бұл болды,
 Екеумізде бір тиындай баға жоқ.
 Айтып тұрған мен сорлының табыма,
 Қалар ма екен айтылмастан тағы да.
 Бағым қашып, бабым тайып жүргенде
 Ат қып Құдай көрсетпейді-ау бағыма!
 190 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Өз елімде Раушанбек бек еді.
 Қу басты алып еңіреп тұрған Раушанды
 Шаадат пен бір уәзір көреді.
 Бастан аяқ баян айлап қалдырмай
 Шаадатқа уәзір айтып келеді.
 Кеше сатқан құлығыз сіздің жылап тұр,

- Бір қу басты құшақтаумен ұнап тұр.
 Бұл дариға тұлпар басы деп айтад,
 Сол сүйекті құлыңыз сол сынап тұр.
- 200 Шаадат айтты: «Анық көрсең, едің ер
 Ақылы кеңес, енді дейміз, кемеңгер,
 Нәсілі әндік, сыншы шығар ол құлың.
 Бірің барып көп кешікпей алып кел,
 Айтқан ақылды қайдан табады».
 Құшақтатып қу басын сол Раушанды
 Шаадатқа алып келді жаңағы.
 Біздің елде көп күн болды жүргенің,
 Ондай өмір қиын болар сүрмегің,
 Жерде жатқан қу басты тұлпар басы деп,
- 210 Бас екені айтшы қайдан білгенің.
Раушан айтты:
 «Еркі келсе келмес ердің жүргісі,
 Айтып еді ертеректе бір кісі.
 Тұлпар атты сынау маған қиын ба,
 Жетпіс екі жерде болар белгісі.
 Ғаріпті ердің күн көреді нешеуі,
 Өтіп жатыр қайғы күннің кешеуі,
 Сол айтылған жетпіс екі белгінің
 Осы баста бар екен, тақсыр, жетеуі.
 Төртеуі бар құлағының түбінде,
- 220 Үшеуі бар тістерінің жігінде,
 Осы айтылған нанбасаңыз сөзіме,
 Не айтайын, Шаадат, хан өзіңе.
 Қолымда тұр, сол қу басты әкелдім,
 Көрсеттім, мен нанбасаңыз көзіңе».
 Көзіменен Шаадат хан көреді,
 Көргеннен соң сыншылыққа сенеді.
 Сыншылығың шын екен, деп, жаман құл,
 Бір-ақ күлше силық деп бұған береді.
 — Таймай сынап тұра сөйле табыңа,
- 230 Дақ тигізбе, Раушан, енді жаныңа,
 Сөті дандық сыншы екенсің, Раушанбек,
 Қандай нәрсе білесің сынап тағы да?
 Раушан айтты: «Ұнады ма бұл ісім?
 Осы айтылған әңгімеме сіз түсін.

- Жаңабайлап назар салсам білемін,
Сиыр малдың тас бауыр туған тынжысын.
Не айтсаң да беріп тұрмын мен төжім,
Тыңдаңызшы құлақ салып сіз өзіңе.
Жаңабайлап назар салсам білуші ем,
- 240 Түйе малдың туған асыл бір жампозын.
Сыншылықта екі талай ұққаның,
Сыншылықтан жоқ ед титтай жұтқаным,
Және абайлап назар салсам білемін,
Адамзаттың құл мен асыл сырттанын.
Шахадат айтты: « Ұнап тұрды бұл ісің,
Жиын болса, жаман құлым, шын күшің,
Өзің айтқан сөздеріңді ақтай бер,
Сен сиырдың тап деді енді тынжысын.
Раушанбек іздеді енді қарап сиырын,
- 250 Талай жердің басып келед қиырын.
Іздегенменен таба алмай келед тыжыны,
Сыншылықтың білді тиген қиынын.
Раушанбек келе жатыр еді өкініп,
Таба алмасам қалдым ғой деп бекініп,
Сары қызыл ала талпақ бастау бір бұзау
Топырақ шашып, қасына келді өкіріп.
Келгеннен соң бұқа қарап тұрмады,
Тұяғымен топырақ шашты тырнады.
Құлақ салып тыңдап еді Раушанбек,
- 260 Жетпіс екі көтеріп дауыс шығарды.
Жалпақ екен сол бұқаның сауыры,
Мың басатын аяқтың қандай ауыры.
Назар салып қарап еді Раушанбек.
Пынжы екен сол бойымен бауыры.
- Бұқаны алып ұстап алып жетелеп,
Шаадатқа келді Раушан төтелеп.
Көп айналмай Шаадат та келеді,
Өз елінде Раушанбек бек еді.
Бауыздамай кіндігінен кесті де,
- 270 Қос бауырын қолына алып береді.
Қарап тұрса бауырының бөрі тас,
Шаадат та көзіменен көреді.

- Сыншылығын шын екен, деп, жаман құл,
Бір-ақ күлше сыйлық деп, тағы береді.
Сыншы екенсің, аңғардым деп мен өзім,
Не айтсаң да бере берші сын сөзің.
Өзің айтқан сөздеріңді ақтай бер,
Сен түйенің тап деді енді жампозын.
Қайғы-қасірет айрылмайды мұңынан,
280 Айтсаң неттің құтылып сол шыныңнан,
Жалған айтпай шыныңды, Раушан, айта бер,
Енді өзім ере жүрем содыңнан.
Таба қойсаң, күнің сенің ашылды,
Онда қызыл көре алмассың жампозды,
Ен далада кесем деді басыңды.
Раушанбек ғаріп іздеді түйесін,
Талай жердің басып келед киесін.
Іздегенмен таба алмай келед түйені,
Сыншылықтың білді, тиді киесін.
290 Раушанбек келе жатыр еді ойланып,
Таба алмасам қалдым ғой деп жайланып,
Тігулі тұрған бір лашықтың түбінде
Көк ала бас бір түйе тұр байлаулы.
Раушанбек жетіп келіп қасына,
Екі-үш мәрте көре берді айналып.
Бұл түйеде қандай ақың бар еді деп,
Біреу шықты шотасын алып сайланып.
Өзіңе-өзің келе атырсың дем беріп,
Алдыңызға көк дауылды өңгеріп,
300 Тілімді алсаң бұл түйеден аулақ жүр,
Бес үйлі жан отырмыз мұнан күн көріп.
Құлағың сал, — деді Раушан, — Шаадат,
Тыңдай берші сөзімізді айтқан нақ.
Пұлың жетсе, бұл түйені сатып ал,
Жампозы осы түйенің деді ақиқат.
Шаадат айтты дегенменен табылды,
Босқа қақпа деді, құлым, дабылды,
Әлде болса аңғарып көр түйені
Жалған болса, төгем деді қаныңды.
310 Раушан айтты: «Қалдыма сөз тағыда,
Кім таласар Тәңірі берген бағыма.

- Осы түйе жампоз болмай қалса әгәр,
 Менде ризамын бір қасықтай қаныма.
 Сатып алды Шаадат хан үлекті,
 Бауыздамай торпымақты әулетті
 Пышақшы салған асың жетеді,
 Аралаумен түгел соны өтеді.
 Бар қыспағын сыпырып қолға алғанша,
 Мыңқ етпестен жаны шығып кетеді.
- 320 Көзіменен Шаадат хан көреді,
 Сыншылыққа енді Шаадат сенеді.
 Сыншылығын шын екен деп жаман құл
 Бір-ақ күлше силықты тағы береді.
 — Келтірермін жалған айтсаң тезінді,
 Адамзаттың құл мен сырттанын білем деп едің,
 Кім боламын, айтып бер менің өзімді.
 — Ашуыңды тақсыр енді жинаңыз,
 Сыйлық беріп мені орынсыз сыйлама.
 Өзіңізге жасым менің жетпейді,
- 330 Өзің үшін, тақсыр, мені қинама.
 Қаһарланып Шаадат хан ақырды:
 — Жасырасың айта салып бар сырды,
 Жасырмай-ақ айта бер деп қалдырмай,
 Кесем, егер жалтаңдасаң, басыңды.
 Раушан айтты: «Енді бұған не дейін,
 Тірі жүргенде шықпайтын шығар мерейім.
 Осы залым мені өлтірмей тынбайды,
 Өлсемдағы шынын сөйлеп өлейін.
 Көп болғанда келтірерсің кезімді,
- 340 Мен деп едің айтқанына төзімді.
 Сына деуді қоймасаңыз Шаадат
 Өнеукүні-ақ байқағанмын өзіңді.
 Астыңдағы бір арыстанның байтағы,
 Сен адамның байқауымша шайтаны.
 Қариялардың сөзі жалған емес тұр,
 Әрбір нәрсе деген нәсіліне қайтады.
 Түбіңізге тек дарылып кеткен дарымай,
 Бақ қонған соң жүрген жансың арымай.
 Негіңді байқап қалдым, Шаадат,
- 350 Негіңіңе нан қосқан екен жарымай.

- Осы жерде көп күн болды жүргенім,
 Аз болды ма еткен менің еңбегім,
 Сонда маған беріп тұрған сыйлығың,
 Шалпылжы сыйлықты маған берген.
 Ешкімнің жоқ бұл сөзіме таласы,
 Келсе әркім сыпа берсін шамасы.
 Аңғардым сенің нәсіліңді, Шаадат
 Бір наубайшы құл сарттың сен баласы.
 Көргеннен күнің Шаадат хан тар көрді,
 360 Айлағанын өз кеуліне зар білді,
 Әділетті айтқан жанды өлтіруге
 Халықтан сол қорықты да, ар көрді.
 Аудармады Шаадат хан қалыпты,
 Көрсетпеді бұл сөзінен жарықты.
 Бұл жұмысты ашу үшін Шаадат
 Жинап алды қалдырмай түгел халықты.
 Халық келіп толтырып тұрды көшесін,
 Есіткенше білмейді мұның пешесін.
 Бұл жұмыстың масқарасын ашуға
 370 Шақыртып алды тағы жатқан шешесін.
 Қаһан келді бір уақытта бүгіліп,
 Халық тұрды ал жағынан жүгініп.
 «Қай баласын танымаймын, шырақ» деп
 Сықсиып жүр күн салып енді үңіліп.
 Шаадат айтты: «Күтіп тұрмын манадан
 Қайнады балаң кейбір қапа қарадан.
 Мынау тұрған жаман құл мені «құлсың» дейді,
 Шын айта ма, айтшы мұны, анажан?
 Қартайса да, кемпір тура кісі еді,
 380 Жалталамай тура жолмен көшеді.
 Қалдырмады ақ-қарасын қария,
 Қағып түгел енді көпке шешеді.
 Менің жұптым патша болған халыққа,
 Назары түскен сонда аш пен арыққа.
 Ол жүргенде халқым түгел кенеді,
 Шын қадірлі ел ағасы ер еді.
 Халықты басқарып тұрса дағы бұл ғаріп,
 Бір перзентке зар айлаған кем еді.
 Жүргенінде зарығумен падиша

- 390 Бір наубайшы сарт қолына кеп еді,
Баласындай осы сартты көріп ед,
Әйел алып сартқа патша беріп ед,
Қолымызда қызмет еткен нан жауып,
Наубайшы боп сартта енді жүріп ед.
Арасында бір-екі жыл өткен соң,
Сол сарт әйелінен бір ұғлан көріп еді,
Сұм дүние ойласаңыз пасық ед,
Онда өлім өз басыма қашық ед,
Тұмсығын сол күң емшегіне тигізбей,
- 400 Бауырыма алып келіп басып еді.
Падишаның ханымы туды дегізіп,
Халыққа да толық хабар шашып ед.
Тілім сөйле дегенім осы анықта,
Түсіндірші тұрған мынау халыққа.
Сонан бері падишаның баласы
Әлі күнге шықпай келеді жарыққа.
Ешкімнің жоқ бұл сөзіме таласы,
Түрікпеннің көзінің қандай шарасы?
Шын айтады мынау тұрған Раушанбек,
- 410 Бір наубайшы құл сарттың сен баласы.
Шаадат айтты: «Көңілімнің көп болды алаңы,
Не етермін асырап баққан ананы».
Қысылғаннан көзі көрмей Шаадат
Жан-жағына назар салды қарады.
«Падишамыз, нәсіліңіз туған құл екен» деп,
Екеу-екеу күңкілдеп халық барады.
Салған үлкен Раушанбек бүлік тұр,
Бірін-бірі келген халық іліп тұр,
«Падишамыз нәсілі әнсіз құл екен», деп,
- 420 Жымың-жымың екеу-екеу күліп тұр.
Шаадат айтты: «Сөзің сенің тақымды,
Жанға жаман айтқан сөзің батыл-ды,
Өлмей менен қайда енді құтыласың,
Түсірермін қолдасың ғой сәтінді.
Сыншы екенсің жаман құлым тоқталма,
Азын-аулақ сынап бер деді атымды.
Не екенін ойлап қайдан біледі,
Раушанбектің отша жанды жүрегі.

- Амал бар ма екі етпейді әмірін,
430 Шаадаттың ізінен енді ереді.
Зығырданы Раушанбектің қайнады,
Көзі оттай ердің енді жайнады.
«Кісі елінде сыншылық балам етпе», деп,
Және әкесінің сөзін тартып ойлады.
Басын шайқап, жасын төгіп көзінен,
Балаларша бармағын тістеп шайнады.
Әңгіменің айтылғанмен халалы,
Осы иттің тиед деп ақыр залалы.
Жүз елудей наз бедеуі бар еді бағылған,
440 Сарайына Раушанбек барады.
Не істерін ойлап қайдан біледі,
Дүрс-дүрс соғып келе жатыр жүрегі.
Падишаның өмірін екі етпес,
Сарайына бесінде келіп енеді.
Келсе тұрған тұлпарлар екен бекініп,
Келе жатқан сәби еді ғой өкініп.
Тістеп, теуіп жан жүргізбей маңынан,
Тұрған бәрі енді мұның секіріп.
Ат жақпады көрген менен табынан,
450 Кінә тауып болар ма патша малынан.
Көргенменен ат жақпады сұлтанға,
Сұр мен шағыр екі аттың сипап жалынан.
Мұны көріп шыға келді далаға,
Тәңірі жәрдем болмаса мұндай балаға.
Таудай ердің қайт боп қалған талабы,
Енді жүрсе, көрерсіздер қараны.
Баста сәлде, қолда аса, астында жазық торы ат бар,
Бір диуана «иһу» салып барады.
Диуана өзі мінген жалбыр торыға
460 Раушанбектің түсіп кетті назары.
Түсірмеген екен мұның бабында,
Ашпай жүрген диуана екен бағында.
Бөтен жақтан болмайды екен алаңы,
Әр жерден де жылқы екен бар хабары.
Шаадатқа көп кешікпей Раушанбек
Беріп жатқан барып енді жауабы.
— «Көріп келдім, барып тақсыр, атыңды

- Ішінде жоқ ұзылы титтей татымды.
Сұр мен шағыр екі ат көрдім ішінде,
470 Алда қашық емен жақын жерге тартымды.
Көргенді айтпай енді қайтып тұрайын,
Шындық айтпай қайтып, тақсыр, шыдайын?»
Бір диуана мініп барады жалбыр торыны,
Падишалық құзырыңа лайық.
Тоқсан ғасыр ел болған соң өткендей,
Ойланбаса машахат және шеккендей.
Жау қолында қала қойсаң бір бұрыс,
Қашсаң әгәр, жылқы екен құтқарып кеткендей.
Өз қолыңнан дұшпан қашса шағылып,
480 Қуа қойсаң көп ұзатпай жеткендей.
Бұл сөзіме, ей Шаадат, құлақ сал,
Сізге тағы айтып тұрмын сөзді дәл.
Сұр мен шағыр екі атыңыз ішінде,
Жүз елуін берсең де соны сатып ал.
Мен айтпаймын өлтірсең де өсекті,
Тақсыр, сіз де білесіз ғой есепті.
Жем мен шөпке сорыға өңшең қайтесің,
Түбірі шықпас салып өңшең есекті.
Қаһарланып Шаадатхан ақырды,
490 Мирахорын кел деп жылдам шақырды.
Алдарына шақырып алып бұларды,
Жандарына айтып қатты батырды.
— Көрдiңдер ме иттің маған iзләрiн,
Келтiрiңдер басына мұның кезләрiн,
Дұшпандығын көрмейсiң бе залымның,
Ойыңыз дедi апарып тысқа көзләрiн!?
Маған мұның айтқан сөзi жақпады,
Еш сөзiнен береке мұның таппады,
Дұшпандығын көрмейсiң бе залымның,
500 Бір диуананың бір есегін маған мақтады.
Жүз елудей наз бедеудің қасында,
Диуана мінген бір есек те ат па еді?!
Басқа жақтан болмайды титтей алаңы,
Қор қылуға айналды мұндай баланы.
Падишаның әмірі екі бола ма,
Раушанбекті тысқа алып барады.

- Зар еңіреп келе жатыр Раушанбек,
 Кәждембек те бірге жүрді жаңағы,
 Жапан жүзге алып барып мирахор,
 510 Раушанбектің екі көзін ойып алады.
 Жарық күні қалдау мұның түндей боп,
 Үңірейіп қалды екі көзі індей боп.
 Жігіт еді екеуі де аталас,
 Көзінен сол, төгілді жерге қанды жас.
 Өңгіменің білген ерге халалы,
 Екі көзін Раушанбек ойғызып,
 Кәждекемнің айтқан сонда азалы:
 — Қайтқаныма шыны менен ырай-ау,
 Жұмысымыздың оң болмады сылай-ау,
 520 Алла деген бір пенде еді Раушанбек,
 Не пиғылынан тапты, Құдай-ау!
 Не пиғылынан Раушанбектің тапқаны,
 Елдің тұзын ер ед сондай ақтады.
 Қадір мәулен не жазығы бар еді,
 Ерте түсті ажалдың бұған қақпаны.
 Қор қылдың ба Раушанбектің өзлерін,
 Келтіртті хақ болса дакезлерін.
 Қадір Мәулен не пиғылынан тапты бұл,
 Ойғызғандай екі қара көзлерін?!
 530 Қайғы, сана, салдың бізгә уайым,
 Қалай қылып бұл қорлыққа шыдайын.
 Еліне қамқу болған жан еді,
 Қайтардың-ау бұл ғарыптың райын.
 Бұл қалпы мен ертіп барсам мен үйге,
 Қамқұн болған қайғыратын болды-ау Күләйім.
 Өңгіменің айтылып түгел халалы,
 Тиді бұған қызылбас иттің залалы.
 Раушанбегін күн батқан соң жетелеп,
 Үйіне сол Кәждем енді барады.
 540 Екі көзі үңірейіп қалған індей боп,
 Қалғаннан соң жарық күні түндей боп,
 Барғаннан соң Күләйім оны көреді,
 Бермепті-ау деп жаратқан әділ төрені.
 Раушанбектің екі көзін көргенде
 Сенді шалқып тұрған оның жүрегі.

- Қызылбастың тиген екен азары,
Қайтіп кегін бұл екеуі алады?!
Раушанбектің екі көзін көрген соң,
Күләйімнің айтып жатқан азалы:
- 550 — Сақтық пенен ертелі кеш отыр ек,
Киіміменен жеткерді-ау деп баланы.
Қайтқаныма шыныменен ырай-ай,
Шын арыстан, раушан еді-ау нұбай-ай.
Алла деген бір жан еді бұл ғаріп,
Не пиғылынан тапқаны шын, Құдай-ай!
Көңілімнің кетпей қалды сайғаны,
Қандай жерден болмақ енді жайлары.
Кісі елінде басыңды бағып тек жүрмей,
Жан алдату керек зат па еді
қызылбас иттің тайлары.
- 560 Ердің келмес кісі елінде күлкісі,
Көп жинаған қызығы жоқ мүлкісі.
Кісі елінде басыңды саға айламай,
Жамандатып кетер деп пе ең қызылбас
иттің жылқысы?
Қанды аралас төкті көзден жасыңды,
Енді көңілің қайтып, жаным, ашылды?!
Кісі елінде сыншылықты қайтесің,
Босқа бағып жүрмей, шырағым, басыңды?!
Кеше көрген қиындықты өтіңдер,
Тіршілікте мақсұтыңа жетіңдер,
- 570 Ахыр бір күн ит пен құсқа жем қылар,
Туған елге екі бекзат кетіңдер.
Бұл сияқты көрдің құстың сен,
Ит пен құстың тастар бір күн жеміне.
Қариялардың айтқан сөзі қате емес,
Ерді туған, итті тойған жеріне.
Раушан айтты «айтса анам ақылды,
Кім айтады бұл болмаса ақылды»,
Ақылы дана асып туған Күләйім,
Айтқан сөзі бәрі сондай мақұл-ды.
- 580 Жаратушы жанның бәрі бұйрығы
Босқа жылап отырмайық деді бұлар.
Таң атқан соң өтінішім, Қаждеке,

- Базар жаққа деді-ау мені ертіп бар.
 Ұйқы қызығын көре тұғын көзім жоқ,
 Бақтымызға кездеседі деді қандай мал.
 Құлағыммен дүбірін тыңдап көрейін,
 Кетпейтұғын бұл жұмыстан деді хал.
 Бөтен жақтан болмады титтай хабары,
 Қор қылған соң Раушанбектей дананы.
 590 Тыңдаған соң айтқан сөзін Кәждембек
 Барлығын да енді қабыл алады.
 Таң атқан соң Раушанбегін жетелеп,
 Базар жаққа Кәждем кетіп барады,
 Келе жатыр қамқұн болып қабағы,
 Жауатұғын күндей болып қабағы.
 Баста сәлде, қолда аса, астында жалбыр,
 тор ат бар,
 «Иһу» салып диуана өтіп барады.
 Диуана мінген өзі жалбыр торының,
 Дүбірі кеп құлағын ердің шалады.
 600 Раушан айтты бұл сөзімді нақтап кел,
 Диуана тұсымыздан өткен мынау жақсы атпен.
 Өзім үшін я, Кәждем, тыңдашы,
 Кімде болса нақ осыны тоқтат деді.
 Қолға түссе деді, Кәждем, осы ат,
 Кеуілдегі орындалар мақсат дер.
 Диуананың естіген соң құлағы,
 Аттың басын бұрып кейін тұрады.
 Енді жақын Раушанбек келеді,
 Өз елінде арыстан туған бек еді.
 610 Көретұғын көзі қайда ғаріптің,
 Сылап-сипап қолыменен көреді.
 Қанды аралас қызылбас төккен жастарын,
 Қор қылған соң не қыларсың, достарым.
 Көре тұғын көзі қайда ғаріптің
 Сылап-сипап аттың көреді бастарын.
 Кәждемге айтты қымбат айтып бұлдама,
 Мен аламын егер келсе ой, Аллаға,
 Кәждемменнен арман-бермен сөйлесіп,
 Сатып алды алпыс екі ділдаға.
 620 Қайтты екеуі сол тұлпарды жетелеп,

- Келе жатыр Һәулісіне төтелеп.
Раушан айтты: «Қайтпасын қисса ырайың,
Өр жұмыстың алды оңғарар сылайың.
Қамқұн болып жүргенімізде, Кәждеке,
Ойда қапты, ескерді деді Құдайым.
Бұл сөзімді тыңдаңызшы құлақ сап,
Айтайын мен кеңесімді сізге нақ.
Ойдағы атым кез келіп қалды Кәждекем,
Қырық күндей түнекке салып мұны бақ,
630 Сонда шығар деді Кәждем мерейім,
Енді бізге мұнан артық не дейін.
Қырық күн шарты біткеннен соң торыны
Алып келші, соны өзім көрейін.
Айтқан тілін Раушанбектің алады,
Кім тыңдамайды бұл сияқты дананы.
Айтқанындай күннің көзін көрсетпей,
Қырық күнге шейін түнекке салып, бағады.
Қырық күн шарты біткеннен соң Кәждекем,
Раушанбекке торыны алып барады.
640 Өңгіменің тыңла бегілер наштарын,
Көрдіңіз бе сабырлы ердің сасқанын.
Көретұғын бұл ғаріптің көзі жоқ,
Тауып сипап қол мен көрді бастарын.
Тор атыңды келтіріпсің бабына,
Түсініпсің деді, Кәждем, тағы да.
Құлағың сап тыңдап отыр, Кәждеке,
Тер қалмапты торының енді жанына.
Енді екеуміз мінгесіп алып, «шу» десек,
Ұшқан құста ермейтін бопты шаңына.
650 Бұл сөзіме Кәждекемде салшы шер,
Ақылы толық өтпес сендей кемеңгер,
Падишаның ат сынайтын
қырық қабат дивалына,
Ай жарығымен торыны кешке салып көр.
Қасиеті қандай екен байқа да,
Қайта айналып маған бәрін айтып кел.
Айтқан тілін Раушанбектің алады,
Алмағанда ақыл қайдан табады?
Ер тоқымын салды енді торының,

- Сынбасын деп Раушанбектің назары.
660 Өте қиын ырғуы дивалдан,
Ай жарығымен Кәждем кешке барады.
Бұл сияқты ерлікке ісі ұсады,
Жақын келіп тақымын Кәждем қысады.
Ердің етер қорғанбайтын ісі еді,
Жиып тұрған тор тұлпардың күші еді.
Жақын келіп тақымын қысып қалғанда,
Қырық кездей ар жағына түседі.
Қайта айналып Раушанбекке келеді,
Баян айлап бәрін айтып береді.
- 670 Раушан айтты өзінікін жөн қылар,
Сізді де сол бір жеріңді кем қылар.
Бұл мейірімсіз қызылбасқа сенбейік,
Көп кешіксек, ит пен құсқа жем қылар.
Кеше көрген қиындықты өтейік,
Жаратқанның жазуына не етейік?
Хабар тапса, қызылбас бізді құртады,
Күн айналмай, Кәждеке, енді кетейік.
Қайғы-сана тағы салар уайым,
Жәрдем болар біз ғарыпқа Құдайым.
- 680 Көп кешікпей бұл арадан кетейік,
Алла жазса, туған жерге жетейік.
Хабар берші Ақалай келсін Күләйім,
Өңгімемнің тыңдасаң осы халалы,
Хабар тисе, тағы тиер залалы,
Көп айналмай, Кәждеке, мұнан кетейік,
Келсін деді артық туған Бабалы.
Келді үшеуі көп кешікпей есітіп,
Екі бектің тигеннен соң хабары.
Келгеннен соң Ақалайдай қызын көріп,
- 690 Кәждекемнің айтып жатқан ғазалы:
— Жалған емес тоқты шалдым шыныма,
Көңіл бөліп тыңдашы деді мұңыма.
Жан перзентім, Ақалайым, қайыр, хош,
Жұрттың сені бермедім ұлына.
Кейбір кезде жүргенімде зарығып,
Шаршап әбден өз күшім тайып шалығып,
Көріп едім, жан перзентім Ақалай,

- Зар еңіреп жүргенімде тарығып.
Кісі елінен таба алмадық біздер дос,
700 Қайғырғанмен болмайтын болды енді бос.
Жан перзентім, жазуы хақтың бұл болды,
Амал бар ма көргенімше хайыр хош.
Әр жұмыстың аңғарыңдар сыңайын,
Қайтып енді бұл қорлыққа шыдайын.
Жан жолдасым, ахиреттік хош болшы,
Алла жазса көрісерміз, Күләйім.
Өңгіменің айтылған осы халалы,
Қызылбастың тиді бізге залалы.
Тұрғанымызда осылай болып тисе хабар
710 Көп жылқының егесі болып қалдыңыз,
Хайыр хош бол, құл да болсаң, Бабалы.
Артық пен қарап тұрмын кеміне,
Құлағың сал Кәждекемнің сөзіне,
Мал мен жанды тапсырып тұрмын, Бабалы,
Көргенімше хайыр хош бол, өзіңе.
Сол уақытта ісінің көріп сылайын, —
Деді бұған қайтып енді шыдайын,
Ақылы дана тарыққанын көрген соң,
Айтып жатыр асыл туған Күләйім.
720 — Артық туған ер жігітте болар ма,
Еңірейтін болса босқа уайым,
Ақылы кеңес айтамын сіздей данаға,
Айтпағанмен барлық сырды бола ма?
Қамқұн болып қайғырмаңдар екеуің,
Өздеріңнің жолыңа біздер садаға.
Көп болғанда бір жолғы тапқан малың да,
Айналмаңдар қатын менен балаға.
Кеше көрген қиындықты өтіңдер,
Мақсұтыңа ер болсаңдар жетіңдер,
730 Құқысы бар ерлер бұған мұқамас,
Жаның сауда елдеріңе жетіңдер.
Айтқан тілін Күләйімнің алады,
Бұл сияқты кім тыңдамайды дананы.
Раушан айтты ер жетеді шартына,
Тоқтау салды Раушанбек те қартына.
Мен сорлының көретұғын көзім жоқ,

- Кәждеке, алға, мен мінейін артыңа.
Бұл екеуі айтты сөз бен сербесті
Екеуін де көрсе жандар ер десті.
- 740 Біреуі сау, біреуі соқыр екеуі,
Бір торы атқа хош айтысып міңгесті.
Не екенін ойлап қайдан білемін,
Осы айтылған кеңесіме толық сен.
Хайыр хош деп қалыңдар үшеуің,
Алла жазса, қайта айналып көрермін.
Не екенін ойлап қайдан біледі,
Раушанбек өз елінде бек еді.
Біреуі сау, біреуі соқыр мінгесіп,
Торы атпенен қақпа жаққа келеді,
- 750 Кетуі де қиын мұның құтылып,
Қалай шығады үшбу жерден сытылып.
Биіктігі қырық кездей қақпаға,
Жан-жағын сол тұрған әскер бекініп.
Таудай еді екі бектің талабы,
Назар салып жан-жағына қарады,
Өстен-өстен абайлап тұр екі бек,
Жақындап сол қақпаға да барады.
Жақын барып тәуекелдеп екеуі,
Қаңтарулы тор тұлпарды алады,
- 760 Торы тұлпар көтерілді доптай боп,
Жанған өртте қарап тұрсаң шоқтай боп.
Ердің етер, ескерсеңдер, ісі еді,
Жиын тұрған тор тұлпардың күші еді,
Қаңтаруын алғанында торы тұлпар,
Қырық кездей ар жағына түседі.
Аман өтті екі бекзат шаталмай,
Қарауыл да қалды кезеп аталмай.
Не екенін ойлап қайдан біледі,
Алла сақтап есен өтті бұл ерді.
- 770 Есен-аман дұшпандардан құтылып,
Ойнақтасып жолға түсіп жөнелді.
Болмай қалды мирахорлардың тұрағы
Қайтып адам бұл жұмысқа шыдады.
Көз алдынан айрылды бұл дұшпаннан
Күңіреніп мирахорлар жылады,

- Бұл дүниеде енді қайтып жүреміз,
Қалай өмір десті бұлар сүреміз?
Көз алдымыздан айрылып қалдық дұшпаннан
Кесті басты Шаадаттан өлеміз.
- 780 Таудай ердің қайт болып қалды талабы,
Жабылып қалды мирахордың қабағы.
Айтпаған мен Шаадат хан өлтіред,
Еңіреумен Шаадатқа барады,
— Құлағың сал бізге деді, Шаадат,
Айтатұғын өзіңізге үшбу хақ,
Қапылдықта бір дұшпаннан айрылдық,
Тақсыр, міне, кессең деді алда бас.
Қиындықтың бізден тақсыр өткені,
Мақсұтына тірі кетсе жеткені.
- 790 Мылтық кезеп ата алмадық періні,
Неде болса есен-сау сол кеткені.
Сол уақытта көзден төгіп жастарын,
Шаадат хан шайқай берді бастарын.
Балаларша бармағын шайнап Шаадат,
Шақырып алды жан-жағынан достарын.
— Бір қапыл бізден асылы өтіпті,
Тірі кетсе соқыр, түбімізге жетіпті.
Өзі сыншы емес пе еді соқырдың,
Бір тұлпарды тауып алып бекітті.
- 800 Көп кешігіп тұрмаңыздар бұл жерде,
Сол соқыр ғой елге қашып кетіпті.
Белді бекем бір-екеуің буыңдар,
Ер болсаңдар қызатұғын долы бар.
Өзі айтып ед сол соқырдың деп тартымды,
Сұр мен шағыр екеуін мініп қуыңдар,
Құтқармайды осы екеуі қашқанын,
Таптырмаңдар иттің онша достарын,
Жете қойсаң маған тірі әкелмей,
Кесіп әкеп көрсет деді бастарын.
- 810 Қалай шыдап енді бұлар тұрады енді,
Болмай тұрған ізі менен тұрағы.
Сұр мен шағыр екеуін мініп, бір кезде мирахор
Раушанбекті есіткен екен құлағы.
Жақын жердің таңдап бұлар төтесін,

- Не биік белдерден асып сілтесін.
 Жете қойса басын кеспей нетеді,
 Деген сөзді Шаадат хан етеді.
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Қуып келед елге қашқан бұл ерді.
- 820 Кеше түсте кетіп еді Раушанбек
 Тұлпарының қалай дабыс келеді?
 Тауып шапты қызылбастар төтені,
 Деді таныс емес де еді мекені.
 Бүгін түстен күн еңкейіп бара жатыр,
 Арттан қуып шағыр енді жетеді.
 Раушан айтты:
 «Ей, Жаратқан Жаппар, Бір уа Бар,
 Бұл сөзіме, Кәждеке, енді құлақ сал,
 Қаны қызып астындағы ат елегізіп,
 Келе жатыр, отырсыз-ай бихабар.
- 830 Тыңдап келем, Кәждеке, сіз тыңдашы,
 Артымызда біздің үлкен бір дүбір бар,
 Мен сорлының көре тұғын көзім жоқ,
 Сіз өзіңіз, қараңызшы қандай мал?!
 Бөтен жақтан болмай тіпті алаңы,
 Кім тыңдамайт Раушанбектей дананы.
 Есіткен соң айтқан сөзін Кәждекем,
 Денесін бұрып артқа назар салады.
 Бастан аяқ түс-түтігін көрген соң,
 Баян айлап айтып жатыр жаңағы.
- 840 — Жалғыз аяқ көпті жеген табырды,
 Неге жетсін бір кеткен соң сабырды,
 Келе жатқан ат реңін байқадым,
 Ала аяқ көбелек көз шағырды.
 Кәждем айтты біздерге болсын Алла жар,
 Жаратушы деп келеміз ғой бисұңқар,
 — Я, Кәждем, саспаңызшы осыдан,
 Тұлпар басын жылдам енді бұрып ал,
 Өтінішім өзіңізге, Кәждеке,
 Күн астында тұлпардың басын тура сал.
- 850 Айтқан тілін Раушанбектің алады,
 Түйіліп келеді қапылыстан жау халалы.
 Тұлпар басын бұрып алып Кәждекем

- Күн астына аудармастан салады.
 Айтқан сөзін Раушанбектің алады,
 Алмағанда қайдан тапсын дананы.
 Тор тұлпардың басын бұрып Кәждекем,
 Күн астына аудармастан салады.
 Шаппақ түгіл, қалмақ мінген шағырың,
 Қалша қарап, селтиіп тұрып қалады.
- 860 Өз елінде озушы еді ағылып,
 Кең майданда жүруші еді жағалап,
 «Жамандатқыр келіп көзір өлгір», деп,
 Басқа, көзге қала береді сабалап.
 Жау қолында қалмады ерлер тұтылып,
 Жолға түсті қайта оралып құтылып.
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Жәрдем болып көркейтті енді бұл ерді.
 Құтылып алып қызылбастан екеуі,
 Ойнақтатып жолға түсіп келеді.
- 870 Кісі еді екеуі де келбетті,
 Кесімдікке еңкейіп сонда ай жеті.
 Кесімдікке ай еңкейіп келгенде
 Артта қалған манағы қол құр кетті.
 Раушан айтты кім таласар бағыма,
 Айтып тұрған кездестірмесе табыма.
 Я, Кәждем, би хабар әлі келе атсың,
 Бір дүбір бар артымызда тағы да.
 Я, Кәждем, артымызға салғын зер,
 Шын қадірлі өз елінде едің ер.
- 880 Түсін баян айла артыңда ат қол аттың
 Ақылы кеңес едіңіз ғой кемеңгер.
 Артқа назар тағы Кәждем салады,
 Құрметтейді Раушанбектей дананы.
 Артқа қарап назарлап ед Кәждекем,
 Баян айлад көрді дағы жаңағы.
 Жауһар дарын келе жатқан нұр, деді
 Сол сапта шашпай кетем сыр, деді
 Осы жеткен реңі аттың Раушанбек
 Ала аяқты көрінеді сұр, — деді.
- 890 Раушан айтты: «Жәрдем болар онда Бір уа Бар,
 Тоқтаңызшы айламайық, деді зар,

- Астыңдағы тор тұлпарды бұр дағы,
 Ай астына аудармастан тура сал».
 Айтқан сөзін Раушанбектің алады,
 Бұл сияқты бұрыннан білед дананы.
 Тұлпар басын бұрып алып Кәждекем,
 Ай астына аудармастан салады.
 Алған еді айтқанын мұның ұғынып,
 Кетті енді торы мұнан шығынып,
- 900 Ай астына салғанында сұр аты,
 Тоңқияды қара жерге жығылып.
 Жүргенменен кепті бұрын аралап,
 «Тұлпар деп сол бағанды сенің бағалап,
 Жамандатқыр келіп кәзір өлгір» деп,
 Қалмақ қалды басқа көзге сабалап.
 Тілі майда айтса ердің шебері,
 Хан ісіне кәнде болса көнер-ді.
 Есен-аман қалмақтардан құтылып,
 Ойнақтатып жолға түсіп жөнелді.
- 910 Таудай ердің қайт болмады талабы,
 Енді жүрсе көрерсіздер араны,
 Есен-аман қызылбастардан құтылып,
 Екі бекзат ойнақтатып барады.
 Кәждем айтты: «Жаратқан жалғыз Бір уа Бар,
 Тірі жүргенде төгілмейді деді ар,
 Құлақ салып тыңдап отыр, Раушанбек,
 Айтатұғын өзіңізге бір кәп бар.
 Кейбір кезде айтып сөзді мақтадың,
 Кейде ерсің тұзыңды да ақтадың.
- 920 Жалған сенен өл-өлгенше шықпайды,
 Белгілі ғой Тәңірі берген бақтарың.
 Кеше елден шығар кезде, Раушанбек,
 Бұл торыны шалқитып неге мақтадың?
 Бір ғапылдық ойланбаса еткені,
 Мен айтармын деп тұрмын-ау өкпені.
 Сіз айтқандай тұлпар емес бұл жорық,
 Сұр мен шағыр артынан қуып жеткені.
 Жалған десең көзіме айт, Раушанбек,
 Тек айлаңменен құтылып қана кеткенің.
- 930 Айтқан сөзің қалдыма бала шабына,

- Қалар ма екен айтпағанмен тағы да,
 Шалқитып та бұл торыны мақтап ең,
 Ұшқан құс та ермейді деп шаңына.
 Шын қадірлі Раушанбек ер еді,
 Кәждембектің бұл сөзіне күледі.
 — Қалдыңыз ба, Кәждеке, сонан шошынып,
 Едәуір-ақ қалыпсыз-ау қысылып.
 Шаппақ түгіл астыңыздағы тор тұлпар,
 Жинаған жоқ ішін әлі құтылып.
- 940 Жау жетті деп қамшы соқсаң санына,
 Жерде болмай көкке ары асушы ед.
 Айтатұғын бір сөзім сізге тағы да,
 Таймай тұрып айтып қойшы табына.
 Қаны қызу бекзат едің, Кәждеке,
 Дақ тигізіп жүрме мұның жанына.
 Ертең елдің көргеніңде қарасын,
 Жаңылып кетіп, қамшы ұрып жүрме санына.
 Түрікпен деген оны да ойла жеріңді,
 Осы айтылған аласың ба кебімді,
- 950 Жаңылып кетіп қамшыны ұрсаң санына,
 Аңсап келген көре алмайсың еліңді.
 Батыр туған екеуі де бек еді,
 Бір-біріне әзіл айтып күледі,
 Түсінісіп айтқан сөзге екеуі,
 Ойнақтатып Шамбілбелге келеді.
 Таудай ердің қайт болмаған талабы,
 Жүрсең еркін көрерсіздер қараны,
 Тұтас майдан тұяғымен тоздырып,
 Екі бекзат келе жатыр жаңағы.
- 960 Қанша қашық дегенменен жерлердің
 Шаппақ сайын тартылады талабы.
 Түніменен жазылғанда тор тұлпар,
 Бес жүз жер бауырына алады.
 Тәңірі артық жаратқан мұндай данасын,
 Біледі сол екі бек те шамасын.
 Арасына он үш күндей жол салып,
 Үргеніштің түсте көрді қаласын.
 Қызу кірді Кәждекемнің қанына
 Рахат бір енген болды жанына,

- 970 Раушанбектің айтқан сөзін жаңылып,
«Айт» жануар деп қамшы ұрып қалды санына.
Келе жатқан тері жаңа төгіліп,
Ұмтылған сол торы тұлпар беріліп,
Санға қамшы тигеннен соң тор тұлпар,
Көкке қарай көтерілді желігіп.
Болмай кетті Раушанбектің тұрағы:
«Сөзім қайда, Кәждем, айтқан манағы,
Туған жерді көру қиын біздерге» —
Деп еңіреп егетіліп жылады.
- 980 Кім таласар тәңір берген несіпке,
Қызыл тілім сөйлер болсаң кешікпе.
Үргеніште саналылар жиналып,
Намаз оқып отыр еді мешітте.
Жар солқылдап бара жатыр отырса,
Бір дүбірді құлақтары есітті.
Бір-біріне бұл қалай деп сұрасты,
Біреулері тоқтай тұр деп жарысты.
Біреулері жер қозғалып барад деп
Кәлімә айтып өз-өзінен қорықты.
- 990 Тоқсан үште бір қария бар еді,
Тоқтатты да былай жауап беріпті:
— Түрікпеннің арғы атасы Толыбай,
Түрікпен елі түгел ерді соңына-ай.
Толыбайдың баласы еді Раушанбек,
Қызылбастың түсіп кеткен қолына-ай.
Артық пе екен көнбеген шығар кеміне,
Қызылбас ит жүргізбеген ғой жөніне.
Өзі сыншы бір тұлпарды тауып ап,
Қашқан екен Раушанбек еліне.
- 1000 Қарасы да қалған шығар көрініп,
Қалмаңыздар мешітте бірің ерініп.
Ертеректе Толыбайдан естуші ем,
Тоқтамайды деп тұлпар кетсе желігіп.
Жеті жерден он-оннан жеті тұлпарды,
Жеті арқанды тостырайық бөлініп.
Қапысын таппай тоқтамайды бұл тұлпар,
Кеткен екен дейді әбден желігіп.
Раушанбектен неге қалсын шегініп,

- Неге отырсың мешітте енді ерініп,
1010 Күңіреніп шығып еді далаға,
Көз ұшында бір бұлт келед көрініп.
Жеті жерден он-оннан жетпіс тұлпары
Жеті арқанды керіп тұрды бөлініп.
Торы тұлпар қайтпайды енді бетінен,
Дауыл болып соққан желі лепінен.
Келе жатқан желігіп тауып төтені,
Қандай айла бұған халық етеді.
Желіккен соң жерге тимей тұяғы,
Алтауынан қабат қарғып өтеді.
- 1020 Көңілі сондай болғаннан соң алаңға
Қайғы түсіп болды уайым заманда.
Тоқтамасын тор тұлпардың білген соң,
Үстіндегі салды арқанды адамға.
Торы тұлпар қайтпай кетті бетінен,
Екі бекзат сыпырылып қалды көтінен.
Қайтып болсын енді мұның тұрағы,
Раушанбектің сөнген екі шырағы.
Туыстар кезекпенен көрісіп,
Зар еңіреп дат-дария деп жылады.
- 1030 Таудай ердің қайт болмаған талабы,
Енді жүрсе көрерсіздер араны.
Екі көзден Раушанбек айрылып,
Қайым болған қамқұн енді заманы.
Кәждекемнің де өз туысы бар еді,
Құрметтеумен оны да алып барады.
Шын қадірлі өз елінде бек еді,
Ойлы туған ақылы кеңес кен еді,
«Қадір болып ортамызда отырсын», деп
Раушанбекке мешіт салып береді.
- 1040 Жұмыс келді есен келіп оңына,
Қайғы-сана хақ түсірді мұңына.
Кәждембекке жай салып берді халқы,
Құрметтеумен күтіп жатыр оны да.
Өмірлерін халық түгел тіледі,
Көзбен елін Кәждем ғана көреді.
Отау болып өз алдына отырсын деп,
Баршагүлдей сұлуды алып береді.

- Қамқұн болған есен елге қосылып,
Шаттықпенен елдеріне жүреді.
- 1050 Тағдыр түсіп басындағы жазулы,
Үш жылдан соң Раушанбек дүние салып жөнелді.
Не екенін ойнап қайдан біледі,
Кәждекемнің де жат боп қалды-ау жүрегі.
Баласы еді бірге келген еліңнен,
Бұл дүниеден хош айтысып Раушан жөнелді.
Қадір етіп барлығы да құрметтеп,
Алып барып қабыр салып көмеді.
Жаратушы жанның бәрін бұйру бар,
Айлаған мен болады ма енді зар.
- 1060 Раушанбектен айрылған соң Кәждекем,
Сарылғандай болып қалдау тағы нар.
Тұра тұрсын Раушанбек пен Кәждембек,
Артта қалған Күләйімнен хабар ал.
Көп жылды балды елінен асқан кек,
Біреуінен айрылды келген екі бек.
Бұл екеуі елге қашып кеткенде,
Ол Ақалай екі қабат боп қалып ед.
Жалғыз қаздың шығады ма үндері,
Қайғыменен арылмай бастан түндері,
- 1070 Хасірет шегіп жүргенінде Ақалай
Туатұғын жетті енді күндері.
Күн болмады Ақалайға баянды,
Бір күн шошып көрген түстен оянды.
Таң алдында жатыр еді Ақалай,
Шілтендер кеп берді бұған аянды.
«Хан ісіне пендесің ғой көнесің,
Хақ жазулы деді қалай көресің,
Жазулы осы Жаратқанның Ақалай
Ертең түсте шаһит солып өлесің.
- 1080 Қамқұн болма Аллаға шет боларсың,
Көр ішінде сәбиіңді көресің.
Кеуіліңнің сақтама енді дақтарын,
Сақтамасаң тұзыңды сонда ақтадың.
Ғайып ерен мен қырық шілтендер жиналып,
Көрден туған Көрұғлы деп қояды, аттарын».
Естіген соң үшбу сөзді құлағы,

- Көрген түстен шошып Ақалай тұрады.
 Басын сүйеп отырады Ақалай,
 Езіліп бір майдай бұл жылады:
- 1090 — Жұмысымның келмейт сылайы-ай
 Қайтқаныма ақырында рай-ай.
 Күләйім бір сүймеген пәндең екен-ау,
 Жаратушы еді жалғыз Құдай-ай.
 Сақтау деді ол ғарыптың жүрегі,
 Қайтып адам бұл жұмысқа сенеді.
 Тағдыр жетіп артындағы мен өлдім,
 Һәм жүрегі, һәм еді ғой тірегі.
 Деді қайғылар о басынан өтпеген,
 Машахаты бар ма оның шекпеген,
- 1100 Бір сүймеген пәндең екен Күләйім,
 Туғаннан-ақ көзінің жасы кеппеген.
 Ақ ісіне енді неде болса көнейін,
 Алла жазса, сол жұмысқа сенейін,
 Өзім өліп кеткеннен соң білерді,
 Күләйімға көзір барып не дейін.
 Анық толық Ақалайдың есі еді,
 Өзі айтып, өзі сиынып шешеді,
 Күләйімға көрген түсті айтады,
 Ертең түсте шаһит болып көшеді.
- 1110 Қайтып болсын бұл ғарыптың тұрағы,
 Көзі көрді өлігін сол жаңағы,
 Қамқұн болған Күләйім еді бұл ғарып,
 Жаппар Ие деді дағы жылады.
 — Кеуіліне салған соң енді уайым,
 Хақ ісіне сабыр қылып тұрайын,
 Қамқұн болған еңіреттің перзентті
 Ақалай еді тілегі сол Құдайым.
 Басымыздан қапылдық талай өткені,
 Жананымыздың көп машақат шеккені,
- 1120 Қадір мәулен, не жазығым бар еді,
 Туғаннан-ақ көзімнің жасы кеппеді?!
 Бұл дүниеде енді қайтып жүремін,
 Қандай өмір қызық пенен сүремін?
 Еңіреттің, Жаратқан Құдай, қайтадан,
 Мына Ақалай ед жалғыз менің тілегім.

- Айтқан менен болмайды ғой енді бос,
 Қадір мәулен Жаратушы көңіл қош,
 Оңға айналмай келе жатыр туғаннан,
 Не жазығым бар еді енді біздің?
- 1130 Жан перзентім, жүрегім әрі бедерім,
 Амал қанша, Ақалай жан, қайыр қош!
 Көңілімнің көп болып тұрған халалы,
 Туғаннан-ақ қайғының тиген залалы.
 Құл да болса өз қолында жүр еді,
 Есітті де, еңіреп келді Бабалы,
 Ақалайдың өлігін құшып құшақтап,
 Зар еңіреп Бабалы да жылады:
 — Бұл жалғанда енді қайтып жүрермін,
 Қандай өмір, деп еңіреді, сүремін?!
- 1140 Ертең Көждем есен келсе бұл жерге,
 Жан перзентім қайда десе не дермін!
 Сөнгені ме шыны менен шырағы-ай,
 Жұмысымның келмей қалды-ау ырай-ай!
 Қадір мәулен ортамызда пәрзент еді,
 Бізге мұны қимадың ба Құдай-ай?!
 Еңіреуменен қашанға отырсын параға,
 Жазуына Хақтың енді бола ма!
 Ақалайды ақ жусын арулап,
 Апарып қойды шеткерілеу молаға.
- 1150 Ердің қайтып енді шығар атағы,
 Қайғыменен басын толық шатады.
 Бабалы да хасірет шегіп қамқұн боп,
 Бірнеше күн үйден шықпай жатады.
 Миа салы қыс болмай барад бойына,
 Ұшырады қайғының үлкен тойына.
 Қамқұн болып он күндей бұл жатып еді,
 Бір ой түсті Бабалының ойына.
 Бұл дүниеде не болмақшы кепесі,
 Босады ма өмірдің де шегесі,
- 1160 Ертең Көждем келіп менен сұрайды-ау,
 Көп жылқының мен деп кетті-ау игесі.
 Қайтып енді ижтиһат қылып тұрайын,
 Жәрдем бізге болар да тағы, құдайым,
 Көждем келіп жылқым қайда дегенде

- Не деп жауап бере алмай тұрайын?!
 Қамқұн болып жатқан менен болмайды,
 Түгел шығып жиыстырып санайын.
 Бойын алып шықты бір күн далаға,
 Барып жүрді бөлініп кеткен қараға.
- 1170 Оң болса енді Бабалының талабы,
 Басқан сайын гүл бітіп тұрса қадамы.
 Көп жылқысын әр жерден енді жиып ап,
 Түгендеді Бабалы құл санады.
 Көп жылқының өзі де иесі,
 Тауып салсаң тыңдар сөздің жүйесі.
 Жиыстырып санап еді жылқыны,
 Ішінде жоқ жалғыз Боздыр биесі.
 Көңілінің көп болып тұр алаңы,
 Баратұғын мерзімді жерін қарады.
- 1180 Таба алмады іздегенмен биені,
 Аққа етті Бабалы құл наланы.
 Таба алмайтын болды қағып шамалы,
 Боз биені іздеп жүрді жер кезіп,
 Боз бие еді-ау көп жылқының анасы.
 Таба алмастан еңіреп ғаріп келе атса,
 Ақалайдың назары түсті моласы.
 Бабалы айтты енді қайтып өтейін,
 Тірі жүргенде мақсұтыма жетейін,
 Тумаса да, туғандай болған, перзентім,
- 1190 Ақалайға дұға қылып өтейін.
 Соны айтып келе атыр едің-ау анадай,
 Дұға қылып кетейін деп шыдамай,
 Кім тыңдамайт тапса сөздің жүйесін,
 Құл да болса берген Алла киесін.
 Шұбатылып келе жатыр көреді,
 Көп қабырдың ортасында биесін.
 Көңілі де қалған еді суалып,
 Шаттанады биені көріп қуанып,
 Боз биесі көп моланың ішінен,
- 1200 Келе жатыр өзіне қарсы шұбалып.
 Естігенін ойына енді тоқыды,
 Түсіп әйет моласына оқыды,
 Құл да болса көрдің бе асыл зерегі,

- Таптырар ма ердің ойына керегі.
 Әйет оқып отыр еді Бабалы,
 Жалаң аяқ баланың ізін көреді.
 Көргеннен соң жақын келеді шыдамай,
 Көңіл шіркін таппай қалды енді жай.
- 1210 Көрген сайын ізіне соның тоймаған,
 Бұл қалайша һажайып деп ойлаған,
 Назар салып қарап отырса Бабалы,
 Шарық ұрып қабырдың аузын ойнаған.
 Бабалы айтты: «Қайтты ма менің райым,
 Қалай ойлап тетігін мұның табайын?
 Жалған айтсам өлгенім ғой а, Құдай,
 Сақтасыншы өтіріктен Құдайым!
 Шықпай қалар өтірік айтсам мерейім,
 Кәзір барып Күләйімға не дейін!?
- 1220 Күн батқан соң қып тәуекел бұл жерге,
 Қайта айналып деді енді келейін.
 Не ғажайып жұмыс екен, Құдай-ау?
 Өз көзіммен әуелі кеп көрейін».
 Күн батқан соң қайта айналып келеді,
 Құл да болса ақылы толық ер еді,
 Түні менен кірпік қақпай Бабалы,
 Банабарлап сол қабырды жүреді.
 Болып отыр Бабалы құл енді аң-таң,
 Қиналып тұр көргенінше шыбын жан.
- 1230 Барлық жердің бәрі тастай қараңғы,
 Көрдің іші жанып тұрған раушан.
 Сығалады қабырының аузынан,
 Атқандай боп туылады енді таң.
 Ақалайдың лахатының үстінде,
 Шөгіп жатыр алғыр бүркіт арыстан.
 Жатыр еді Бабалы құл сүрініп,
 Қайтып мұны ұстаймын деп ілініп.
 Ұйқы дұшпан жатқанында Бабалы,
 Көзі кетті таң алдында ілініп.
- 1240 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Әр істің де болмайды ма себебі.
 Жатыр еді көзі ілініп Бабалы,
 Ғайып Ерен мен Қырық шілтендер келеді.

- Ғарып болған құлағың салшы, Бабалы,
 Бізді тыңдап білші деді шамалы.
 Ертең ерте тұрып енді базарға,
 Өрік, мейіз, құрманы тіпті көп қып ал.
 Бұл қабырдың аузына ерте жеткейсің,
 Бір-біреуден тастап ұзап кеткейсің.
 Көңіліңнің болмасын қапалық пен заманы,
 1250 Осы айтылған сөзімізді орында,
 Ертең ұстап берейік деді баланы.
 Таң атқан соң Бабалы құл тұрады,
 Жаңағыны естіген еді құлағы.
 Ертең ерте базар жаққа барады,
 Ұстау енді арманы мұның баланы.
 Кәждембектің көп дүниесін аяй ма,
 Өрік, мейіз, құрманы көп қып алады.
 Ұшқан құсты құтқармайтын Бабалы,
 Ерттеп мінді астында боз биені жаңағы.
 1260 Ертең ерте келіп мұнда жетеді,
 Бір-біреуден тастауменен кетеді.
 Аман ердің шығар деген атағы,
 Бөтен ойда жоқ еді мұның шатағы.
 Төгіп барын таусылған соң жемістің,
 Қайта санап күтіп соны жатады.
 Бала шығып төгілген жеміс көреді,
 Демін алып бір-біреулеп тереді.
 Балалықтың хақысы жеңіп, теріп жеп,
 Бабалының нақ үстіне келеді.
 1270 Бабалыны көріп кейін қашады,
 Боз биеге Бабалы қамшы басады,
 Дақ тигізеді боз биенің жанына,
 Мейірімі келмес саннан аққан қанына.
 Ұшқан құсты құтқармайтын боз бие
 Көрұғлының ермей қалды шаңына.
 Келе жатыр бала енді алыстан,
 Ер өледі деген бар ғой намыстан.
 Сол дұшпаннан қашып бала келіп еді,
 Қабырының аузында жатыр арыстан.
 1280 — Есігімді босатсаңыз кәйтеді,
 Қуып келе жатыр деп зарлады бір дұшпан.

- Өзім патша дұшпандардан қорқамын,
 Алыс жерден шаршап келдім ортағым.
 Есігімді босатсаң кәйтеді, арыстан,
 Осы есікте болмаса сенің ортағың?!
 Оған мойнын арыстан да бұрмады,
 Айтқанменен арызы тұрмады.
 Ағып тұрды көзінің енді сорасы,
 Еңіреп тұр арызын айтып баласы.
- 1290 Бұл арыстан қозғалмады тыңдап,
 Бабалының жақын келді қарасы.
 Қиын болды осы бір жұмыс балаға,
 Тыңдамады арыстан мұны жана да.
 Жақын келіп қалғаннан соң Бабалы,
 Қабырды тастап қашты бала далаға.
 Кім таласар ердің берген бағына,
 Таймай жүрген уақытында табына,
 Жетемін деп өкім қылып балаға,
 Қамшы басты боз биенің санына.
- 1300 Білмей тұрды ойлап мұның шамасын,
 Ақылының алжастырып данасын.
 Ұшқан құсты құтқармайтын боз бие
 Көрмей қалды Көрұғлының қарасын.
 Көрұғлы айтты: «Енді бұған ие дермін
 Қай яққа бұл құтылып күнімді көрермін?!
 Бабалы айтты: «Кеуілімде болды нақ,
 Түспей қалса не қыламын, — деді сөт.
 Адам айтса нанар ма екен, Құдай-ай
 Бір жаяуға жете алмад деп шапқан ат.
- 1310 Бұл сияқты көре алмадым баланы,
 Қалай жүйрік осыншама адымды.
 Бостан-босқа енді үйге қайтам ба,
 Күләйімға сөзімді жалған айтам ба.
 Түндегілер шілтен десем Құдай-ай,
 Барлығы да мені алдаған шайтан ба?!
 Алты асқар асу қиын бел еді,
 Боз биенен тепектеп бұл келеді.
 Қырық-елудей сөлделі адам ұстап тұр,
 Жас баланы көзі енді көреді.
- 1320 Аттан түсіп Бабалы құл қалады,

- Зар еңіреп дөт-дария етіп жылады.
 Жаңағы бір айтқан сөзім асылы,
 «Кешіре гөр» деп еңіреп бұл жылады.
 Көзін басып тізерлеп жүріп Бабалы,
 Бір-бірлеп қолдарынан алады.
 Бұл ғарыштан тағы қашып кетер деп,
 Қол-аяғын байлап берді баланы.
 Жас баланы байлап беріп шілтендер,
 Ғайып болып кетіп қалды жаңағы.
- 1330 Қол-аяғы байланған соң сәбидің
 Айтып жатқан осыларға ғазалы:
 — Юзім киза яғым мен білегім,
 Енді қашпай бірге ілесіп жүремін.
 Шыныменен мен десең, Бабажан,
 Сұрайтұғын өзіңнен бар бір тілегім.
 Бетін жуды көзінен аққан жасына,
 Құлағың сал әңгіменің нашына.
 Не де болса мауқын басып кетсін деп,
 Қабырының тура барды басына.
- 1340 Ақ ісіне не де болса көнейін,
 Енді қашпай біргелесіп жүрейін,
 Шыныменен мен десең, анажан,
 Ембесем де тым болмаса көрейін.
 Барса аузы жабылыпты қабырдың,
 Сөзін тыңда Көрұғлыдай сәбидің:
 — Мауқым басып кетейін деп келіп ем,
 Жаппар Құдай, құдірітіңе не қылдым?
 Кірем десем бітеліпті бізге жол,
 Көңілімде қайғы менен хасірет мол.
- 1350 Хош, алдияр қияметте көрермін,
 Бізге берген ақ сүтіңе риза бол.
 Шыр айналып тұрмын келіп моладан,
 Күдер үзіп қалдың ба мендей баладан.
 Зар еңіреп жалғыз қозың келгенде,
 Бір басыңды көрсетсейші анажан!
 Өліп қалған денеңнен көріп күтімді,
 Емізіп ең маған ақтыр сүтіңді.
 Қайткенімде ақтай алам осыны,
 Екі арада болмайтын шығар бітімді.

- 1360 Жалғаншыға бара жатырмын, жан ана,
Кеше көрші белге бастыр жүзінді.
Көңілімнің көп болар тұр алаңы,
Қайым болып бар атыр-ау заманы.
Хайыр хош боп ғарасатта көрерміз,
Жалғаншының мен боп барам адамы.
Бабалының қайтты көңілі қуанып,
Көрұғлының келе атыр көңілі суалып.
Мұны көріп тағат қылмай Күләйім,
Келе жатыр көзінен жасы шұбалып.
- 1370 Артық еді әркімнен жасы шұбалып,
Жас баланы көргеннен ақ иеді,
Бауырына басып алып Күләйім,
Иіскеп-иіскеп ақ бетінен сүйеді.
Иіскегенде ақ бетінен сәбидің
Тас емшегі тартылып қалған иеді.
Асылы бала жан перзентін көрген соң,
Иіскегенде жас баланы еміреніп,
Алпыс екі тамыр түгел иеді.
Қол ұстаса қағысқанда қияды,
- 1380 Дұшпан иттің тиер ме екен зияны,
Мен айналдым форымыңнан, Көрұғлы,
Көкесінен аумай қапты мияғы.
Бүгін өлсем енді менде арман жоқ,
Тұлпар аттың қалған екен тұяғы.
Үйіне ертіп жас сәбиді барады,
Бөтен жақтан болмай титтей алаңы.
Күні-түні шығармай тысқа бағып жүр,
Қызылбасқа тиеді-ау деп хабары.
Енді қойса бұл мейірімсіз қызылбас,
- 1390 Тиер-ау деп шырағыма залалы.
Сыр шашпады дұшпан түгіл, досына,
Жан жүргізбейді Көрұғлының қасына.
Шығармастан үйде бақты Күләйім,
Қысқа күнде пәруана болып басына.
Сөйтіп жүріп Көрұғлыдай сәбиін
Шықты онның бір жылдары жасына.
Он жасында әр жұмысты ойлады,
Қайрат керіп қанатына симады.

- Күләймнің тілін алмай Көрұғлы
1400 Бір күн көше бойлап енді ойнады.
Көңілінің көп болып жүр алаңы,
Оңға айналсын сәбидің асыл талабы.
Көше бойлап келе жатыр еді Көрұғлы,
Ойнап жатқан көрді бір топ баланы.
Балалықтың қақысы жеңіп, Көрұғлы
Көп айналмай соған жетіп барады.
Ойын деген өте қызық сәбиге,
Көп баламен бұл да ойын салады.
Мәйлі онда, мейлі болсын жиырмада,
1410 Шәк келтірмейт лақтырып баланы.
Біреуінің мініп алып төсіне,
Шекесінен шеке тамыр алады.
Шыбын жаны қызылбас иттің тым тәтті,
Алған жаңа шеке тамыр тым батты.
Құтылған соң состиып тұрып қызылбас,
Анадай жерге барып тұрып тіл қатты.
«Тыңда қырда көрсін десең қызықты,
Келесінде қисық қыласың жүзікті.
Әкемізге барып айтсақ осыдан,
1420 Елден қуар сендей жетім бұзықты».
Асыл туған Көрұғлыбек сымбатты,
Қызылбастың тілі бұған шын батты.
Жиыстырып ойынының бәрін тастады,
Жерге тамды көзінің мұның жастары.
Не екенін бала ойлап біледі,
Соқты жаман естіген соң жүрегі.
Тастады да ойынның бәрін Көрұғлы,
Келіп үйге күн батқан соң енеді.
Қамқұн болған отыр еді Күләйім,
1430 Баласының түрін енді көреді.
Қарақұрым болып келген Көрұғлы,
Көргеннен соң ұшты Күләйім жүрегі.
«Болмай келді тұлпар барды тұрағын,
Неге жасқа толып тұрар шырағың.
Тіл алмадың, ойнап кеттің сен бүгін,
Қандай іске кездестің деді, шырағым».
Көрұғлы айтты: «Жаратқан жалғыз бұйру бар,

- Бұл сөзіме жаным ана құлақ сал.
 Өле-өлгенше сүйегіме мөр болды,
 1440 Естен шығып кетпейтін шығар бұл азар.
 Артық пен сұра көрдім кеміні,
 Бұл қызылбастың неге келдің еліне?!
 Бұл мейірімсіз тілі жаман өлтірді,
 Ілестірмес бізді өмір шеріне.
 Қалмас тілім тіршілікте жаңылып,
 Қайғы басты сәбиңді сабылып.
 Жаным ана, шындығынан сөйлеші,
 Кісі елінде отырмыз біз неғылып?!
 Бұл дүниеде орынсыз іске көне ме,
 1450 Шындық айтса ешкім соған сене ме?
 Жаным ана, шыннан сөйлеп түсіндір,
 Дүниеге атасыз адам келе ме?!
 Айтқан сөзі сындырып тұр белімді,
 Көргім келмейд өлгенімше кеміңді.
 Жаным ана, жан сақтамай шын сөйле,
 Кім боламын тауып бер менің елімді?!
 Кешіре көр артық айтсам қапаңды,
 Бір қызылбастың тілінен бас шаталды.
 Дүнияға атасыз адам келе ме,
 1460 Кім боламын, тауып бер менің атамды?!
 Бұл жалғанда енді қайтып жүремін,
 Қалай енді етіп өмір сүремін.
 Шын айтпасаң жан салып, ана, тыңдашы,
 Тау мен тасты қаңғып босқа өлемін.
 Көтере көр шындық сөйлеп белімді,
 Анық туған анамсың ғой сенімді.
 Бұл жалғанда өмір сүру қиын-ды,
 Шыннан сөйле тоқтатайын белімді».
 Естіген соң Күләйімнің құлағы,
 1470 Енді қалай бұл жұмысқа шыдады.
 «Жаңа ғана сөнген күнім жанып ед»,
 Жасын дария етіп тағы жылады.
 «Ешкімнің жоқ деді бұған таласы,
 Қайта ағызды-ау көзімнің екі парасы,
 Шырағыма қайдан жүріп кездесті
 Бұл мейірімсіз қызылбастың баласы.

- Тұтпай қалар жалған айтсам мерейің,
Енді бұған, — деді, — ойдан не дейін».
— Құлағың сал, деді, жаным шырағым,
- 1480 Сөзін тыңда бір азғантай анаңның.
Арғы атаңды сұрасаңыз Толыбай,
Түрікпен елі түгел еріп ед соңынан.
Сонан туған өзіңнің әкең Раушанбек,
Қызылбастың құл боп келген қолына-ай.
Сыншылығы басына жетіп арыстың,
Екі көзін ойғызып еді сорына-ай.
Артық пенен көне алмап еді кеміне,
Ілестіре ме қызылбастар шегіне.
Қамқұн болған сорлы еді әкеңіз,
- 1490 Жүргізбеді қызылбастар жөніне.
Менің жұптым, сенің тағаң Кәждембек,
Осы екеуі қашқан еді еліне.
Әңгіменің осы жаным халалы,
Үлкен иттің саған да тиер залалы.
Шынымды айтпай не ғылайын, шырағым,
Қайда болды анаң енді қарағым.
Кеткеніне көп жыл болды екеуі,
Сонан бері жоқтыр жаным хабары.
— Жаратушы жанның бәрін ие бар,
- 1500 Сіз де, ана, деді маған құлақ сал.
Үшбу сөзім кеуіліңе ұнай ма,
Қарамайтын жан екен бұлар ырайға.
Жалғыз бала атасын іздеп табады,
Болмаса солай Алладан бала тілей ме?!
Артық пенен көрем мен де кемімді,
Сілтеп бердің ризамын жөнімді.
Жаным ана, қапа болма бұл іске,
Іздеп табам атам менен елімді.
Күләйім сол жауап қатты балаға,
- 1510 Есіңе ал деп шырақ мұны жана да.
«Артық пенен көз салып тұрмын кеміне,
Раушанбекті жүргізбей бұлар жөніне,
Көрүғлы ұстап ақырында өзләрін,
Көрсетпеді басқан кейін ізләрін.
Бұл мейірімсіз қызылбастар, а Құдай,

- Әкеңнің сол ойған екі көзләрін.
Тыңдап тұршы бұл сөзімді шамалы,
Көптен бері жоқ деп едім ғой хабары.
Қамқұн болған Раушанбектей әкеңнің,
1520 Іште кетті көрген қайғы сапары».
Көрұғлы ақылы толған көктейді,
Не бір күндер, пендеден енді өтпейді.
Себеп пенен ақырында жеткен ұл
Ағалар, ойлаңызшы, не істейді?
— Мұның үшін қамқұн болма, жан ана,
Сірә, бәрі өліге өмір кетпейді.
Есен болсам елде еркін жүрермін,
Тірі болсам атамды анық көрермін.
Өмір берсе Жаратушы жалғыз Хақ,
1530 Қайта айналып бұл шәһәргә келермін.
Сарғайтармын Шаадаттың жүзләрін,
Мен де соның көрсетпеспін ізләрін.
Тірі болса ертіп келіп екеуін,
Көз алдында мен де оярмын көзләрін.
Сақтаулы сол жұмыс болсын тілекте,
Таптырармын іздегеніме керекті.
Жаным ана, қамқұн болмай отыра бер,
Сәбиің сол қайта айналар тілекте.
Әңгіменің деді ана халалы,
1540 Тиген екен ғой қызылбас иттің залалы.
Құл да болса көп жылқының егесі,
Келсін деді көп кешікпей Бабалы.
Кісі екен Бабалы да киелі,
Көп малыңа сол Бабалы иелі.
Туған жерге аттанамын, жан ана,
Алып келсін деді боздұр биені.
Не екенін ойлап қайдан біледі,
Ашу қысса, жаста болса күлер-ді.
Көрұғлының естіген соң хабарын,
1550 Боз биені алып Бабалы келеді.
Ойнап бала сол уақытта күледі,
Жастықтың бұл ойласаңдар түлегі.
Қару-жарақ саймандарын дайындап,
Оң қарына бала енді іледі.

- «Бақытымды, жаратқан, өзің ашқын», деп
 Боз биеге секіріп бала мінеді.
 Салдың тағы жаныма менің уайым,
 Жаратқушы қайтарар өзі шырайын,
 Аттанған соң Көрұғлыдай сәбиі,
- 1560 Білдіреді енді тілек Күләйім.
 «Қиыншылық жерлерден есен өткізіп,
 Жалғызыма жәрдемдесші, Құдайым!
 Анаң шыдап бұл жұмысқа тұра ма,
 Ертеректе айтушы еді ғұлама,
 Есен барып туған жерін көргенше,
 Жалғызымды тапсырдым жалғыз Құдаға!
 Патша Құда анық айтқан сөзіме,
 Келтіре көрме жалғызымды тезіңе.
 Елін есен барып ол көргенше,
- 1570 Жаратушы, тапсырдым бір өзіңе.
 Тағыңыздар барлығында бұған тер,
 Қайғымен қалдым менде болып шер.
 Елін есен қозым барып көргенше,
 Тапсырдым мен, Ғайып ерен қырық шілтен.
 Шырағымды дақ тигізбей бағып жүр,
 Адасса әгәр, тура жолға салып жүр.
 Дұшпан торып сырттан жүріп қадалса,
 Дұшпаннан сол жырағырақ қағып жүр.
 Менде тағат бола ма екен, Құдай-ау,
- 1580 Ереймін ғой көргенімше қағып жүр.
 Артықпенен салыңдар назар кеміне,
 Көңілім босқа деді енді еріме.
 Елін есен қозым барып көргенше,
 Тапсырдым мен арыстандай бөріге.
 Қиыншылық жерден мұны өткізіп,
 Көп машақат көрсетпеңдер шеккізіп.
 Ғайып ерен мен қырық шілтен, енді сиындым,
 Еліне сен жеткер мұны жеткізіп.
 Жұмыс келсе көрерміз де оңына,
- 1590 Бастадың-ау басты қайғы мұңына.
 Жалғыз еді дүнияға бұл келген,
 Ешкім жоқ ед ерген мұның соңына.
 Қадір Мәулен, еңіредім тапжыламай,

- Құлақ салсаң мен сорлының мұңына-ай.
 Қозым елін есен барып көргенше,
 Біздер құрбан, тоқтым соның жолына.
 Ер екенін ойласаңыз өнерді
 Жаратушы асылында терең-ді.
 Көрұғлыдай жас сәбиің түн қатты,
 1600 Жауатұғын күндей болып серігі.
 Анасы мен хош айтысып көрісіп,
 Туған жерге енді сәби жөнелді.
 Жұмыс келсе көрерсіздер мұны да
 Анасының тыңдамаған мұңын да.
 Күләймнің тілегін қабыл әйләтті,
 Қырық шілтендер күтіп тұр екен жолында.
 Мінген бие астындағы ылуладан,
 Қол көтеріп жабысты бұлар шылаудан.
 Несіне енді сол сұлтан асықты,
 1610 Бұрын мұндай есітпеген дауысты.
 Елін есен барып өзі көргенше,
 Туған жерге Көрұғлы бек асықты.
 Қиыншылық не бір жерден өткізіп,
 Хақ машақат көрсетпеді шеккізіп.
 Алыс жердің танабын тартып шілтендер,
 Он үш күнде кетті мұны жеткізіп.
 Кім таласар тәңір берген нәсіпке,
 Қызыл тілім сөйлер болсаң кешікпе.
 Үргеніште саналылар жиналып,
 1620 Намаз оқып отыр ед сол мешітте.
 Терең жерден қозғалып тұр ойлары,
 Тап оның жоқ еді жүзінің тайғаны.
 Үргеніштің қаласы осы деген соң,
 Әр тарапқа қашып кетті ойлары.
 Босағасына түсті дағы мешіттің,
 Боз биені мықтап соған байлады.
 Қабыл болса Көрұғлының тілегі,
 Алып ұшты елін көріп жүрегі.
 Намаз оқып отыр еді саналар,
 1630 Сәлем беріп үстіне енді енеді.
 Таудай ердің қайт болар ма талабы,
 Жабылған сол, жауатын күндей қабағы.

- Изетпенен, төсін басып тізерлеп,
 Бір-біреулеп қолдарынан алады.
 Аң-таң болып барлығы да қарап тұр,
 Бұл сияқты көрмеген өмір адамды.
 Тоқсан үште бір кәриге бар еді,
 «Жолың болсын, кімсің, — деп, — балам» сұрады.
 — Келісім сөз сөйлейін, тыңдаңыздар кебімді,
- 1640 Жол болсын деп сұрадың менен, атажан,
 Издеп келем түрікпен деген елімді.
 Түрікпеннің арғы атасы Толыбай,
 Еріпсіңдер түгел соның соңын-ай.
 Өзім әкем Раушанбек аты бар,
 Қызылбастың құл боп барған қолына-ай.
 Сыншылығы басына жетіп әкемнің
 Екі көзін Шаадат ойған сорына-ай.
 Бұл дүниеден көрмей кеткен жарықтың,
 Аудырмаймын айтқан да сөздің халықтың.
- 1650 Атам елге шыдай алмай қашқанда,
 Мен анамның қарнында жас қалыпшын.
 Алла берсе, қиын емес қой ерікті,
 Білетұғын ер болса бұған серік-ті.
 Туатұғын күні жақын келгенде,
 Шәһит болып анам менің өліпті.
 Құдіретіне қиын іс бар ма Құдайдың,
 Көр ішінде өлі және көріпті.
 Осынау сөзім тыңда ата татымды,
 Келтірген ғой ескертелік татымды.
- 1660 Ғайып ерендер, қырық шілтендер жиналып,
 Көрде туған, Көрұғлы депті атымды.
 Бір ғасырдың өз басымнан өткені,
 Көп машахат жанымыздың шеккені.
 Шыдай алмай азарына қызылбастың,
 Көп жыл болды атам елге кеткелі.
 Менің көңілім сонан болды алаңды,
 Қайыдастар орнатқандай заманды.
 Кеткеніне көп жыл болды білмеймін,
 Раушанбек, Кәждембек тағы тағамды.
- 1670 Өңгімемнің үшбу енді халалы,
 Жанға тимес кемен екен залалы.

- Ес жиған соң елімді іздеп келемін,
 Сонан бері білінбей кеткен хабары.
 «Жаратушы жанның бәрін бұйырған,
 Деді, балам, бір кәрия құлақ сал.
 Ертең менен көріп бірдей кезінен,
 Аумай қалған байқап тұрмыз көзінен.
 Тұлпардан бір қалыпты-ау асыл тұяғы,
 Айнымайды Раушанбектің өзінен.
- 1680 Болмады енді саналардың тұрағы,
 Естіген соң кәйтiп бұған шыдады?
 Күңдірентіп мешіттің ішін саналы,
 Еңіреумен егітіліп жылады.
 Кезек-кезек құшақтап алып сүйеді,
 Көрұғлыдай арыстан туған баланы.
 Кәждембектей тағасы бар еді осында,
 Отыр еді шыдай алмай жаңағы.
 Іші оттай Кәждембектің күйеді,
 Бауырына қысып алып сүйеді.
- 1690 Табаларма ойда мына достарын,
 Көрдiңдер ме сұмдықпенен асқанын,
 Көрұғлыны бауырына қысып ап,
 Мөлтілдетіп төкті-ау Кәждем жастарын.
 Көңілінің көрдiңдер ме өскенін,
 Не қайғымды деді ойдан кеткенін.
 Иым алып бір қария сөз сөйлеп,
 «Тыңда — деп, сол, — жаным бала, естігін
 Екі жыл болды Раушанбектей әкеңнің,
 Дүние салып хош айтысып кеткенін.
- 1700 Аңыларма кісі елінен достарын,
 Ете ала ма қызылбаста басқанын.
 Қамқұн болма, жаным бала, осыған,
 Берсін саған ата-анаңның жастарын.
 Қалар ма екен айтылмай менен тағы да,
 Таймай тұрсың нұр үстіне тағыңа.
 Жолдас болып Раушанбектің иманы,
 Дүние естісін атасының барып жанына.
 Естіген соң Көрұғлының құлағы,
 Қайтып шыдап адам бұған тұрады.
- 1710 Әкесінің естіп мынау өлгенін,

- Жаппар Ие етіп ызалы жылады.
 Қалмайды сөз тыңда деді тағы да,
 Дақ тигізді-ау жас сәбидің жанына.
 — Рас айтасың, жаным ата, сөзіңді,
 Ит тірлікте батасың сол жаныма.
 Бұл дүнианың көргем талай жалғанын,
 Көрдiңдер ме көрген оның зардабын.
 Қызылбаста екі көзін ойып алып ед,
 Іште кетті-ау жан көкемнің арманы.
- 1720 Таусылар ма бұл дүнианың ермегі,
 Асылында нәсілі оны тербеді.
 Сірә, арманда кеткен екен жан көкем,
 Мен сияқты перзентін көзі көрмеді.
 Бұл дүнианың көрдім талай дүзүгін,
 Қызылбас иттің білесіңдер ғой бұзығын.
 Жаратқаннан тілеп алған перзентін,
 Жаным көкем көрмей кетті-ау қызығын.
 Енген емес ұйқыда бір түсіме,
 Құлақ салып тыңда менің ісіме.
- 1730 Қызылбастан көрген түгел азары
 Жан көкемнің кеткен екен тісінде.
 Бұл сөзімде десеңіз егер қате бар,
 Онда адам оны ойламай шаталар,
 Құлағың сап арызымды тыңдашы,
 Бұл жаңалар отырған мұнда аталар.
 Жалған емес айттым сөздің расын,
 Бұл дүниада кең жайылар құлашым.
 Өзім ісім өздеріңмен, баба жан,
 Жан көкемнің көрсетiңдер моласын.
- 1740 Көзден аққан рахым етші жасыма,
 Артық кем деп айта алмассың осыны,
 Мауқымды мен басайыншы, жан ата,
 Тұтан алар ертең барып басына.
 Кім тыңдамайт Көрүғлыдай дананы,
 Көңіл сүйді көрген жұрттың баланы.
 Айтқан сөзін саналылар тыңдапты,
 Ортаға алып бейітке ертіп барады.
 Көзден аққан тағат қылмай жасына,
 Өркім сондай сүйсіндіред досын да.

- 1750 Жас сәбиді ортаға алып саналар,
Қабырының алып келді басына.
Келгеннен қалай шыдап тұрады,
Қызылбас иттің салған баста ылаңы.
Әкесінің қабырының үстін құшақтап,
Зар еңіреп көрді көріп жылады.
Ақылы кеңес ойлап тұрса данадан,
Еңіреп тұрды қоршап енді баланы.
Басалқа айтып тұрғызам деп келгеннің
Тұрғыза алмады Көрұғлыны бір адам.
- 1760 Еңіреумен өксіп жатты Көрұғлы
Құрбан болып атасын қойған моладан.
Бихабар боп бұл дүниядан жөнелдің,
Мен сияқты тілеп алған балаңнан.
Кешіре көр болса егер қатамнан,
Талай ердің басы мұндай шаталған.
Ажал аспас тастай күнө астынан,
Мен сияқты ажыраспас босаңнан.
Молаңды сол құшақтаумен еңіреп,
Хабар алшы жатқан мендей балаңнан.
- 1770 Ақылы мырза шыдамаса болар ма,
Айтты қайта бір насихат оларға.
Келгенінде балаң қозы сіздерге
Қозғалмадың еш болмаса молаңда.
Рахым еткей көзден аққан жасымды,
Кісі елінде қайдан табам досымды.
Көрмесең де еңіреп қозың келген соң,
Бір көтерсей, жаным ата, басыңды.
Қайтып қалды сәбиіңнің райы-ай,
Бұл сапарда оң болмады сылай-ай.
- 1780 Ең болмаса көзін маған көрсетпей,
Жаратушы, алдың ба ахыр, Құдай-ай.
Біздің көрген күннің бәрі қараңғы,
Қайғы үстіне қайғы міне жамалды.
Зар еңіреп молаңның тұрмын басында,
Мен сияқты сезесің бе балаңды?
Соққан менен не қылмақты жүрегім,
Оң болмаған жаста болсам тілегім.
Жазуына Хақтың қандай айлам бар,

- Хайыр хош бол, ғарасатта көрермін.
1790 Я, Құдайым, зарлап келдім атадан,
Айтқызбасын сөзімді Алла қатадан.
Алла жазса ғарасатта көрерміз,
Хайыр хош бол, нағылайын, атажан?
Еткен менен болар ма екен ел билеп,
Қоялар ма жас сәбиге бұлар кек.
Барлығы да сөзін тыңдап сәбидің,
Тұс-тұсынан қамап тұрды еңіреп.
Қамқұн басты саналарды күткенде,
Қазылғандай болды бұған төңірек.
- 1800 Көңілінің болмай тіпті алаңы,
Ешкімнің де тимес бұған залалы.
Кәждембектей тағасы тұр ішінде
Көрұғлыдай артық туған баланың.
Күні-түні пәруана боп басына,
Жас сәбиді енді бұлар бағады.
Таудай еркін ойлап тұрсаң тағында,
Төңір берген кім алады бағында.
Жүре берді боз биесін бағумен,
Өкесінің салып кеткен бағында.
- 1810 Тым қадірлі ойлап тұрсаң ер еді,
Нақ сандықты шынжырға салып егеді.
Райхан араб деген патша бар еді,
Бір күндері жолы түсіп келеді.
Райханда көк қасқадай тұлпар бар,
Назары түсіп көкқасқаны көреді.
Кеулі кетті көкқасқаға Көрұғлы,
Көп кешікпей Райханға келеді.
Ізетпенен келіп еді жас сәби,
Қолын алып бұған сәлем береді.
- 1820 «Көңілдегі кесірлерім басылды,
Білесіз ғой Көрұғлы деген атымды.
Әкем өліп қамқұн болып жүр едім,
Кеулім көріп атыңызды шатылды.
Көрмей сыншы мені тақсыр Көрұғлы
Бір шаптыршы биеме қасқа атыңды».
Райхан айтты: «Әй, соқтыма, бала жүрегің,
Маған қояр осы ма сенің тілегің.

- Өркімнің де мақсұты бар ойында,
 Істесең айтып, енді саған беремін.
 1830 Бір шаптырып боз биеге берейін,
 Баршагүлдің бір ұстатшы білегін.
 Атты көріп қашты сонда ақылы,
 Ұрынбайма ер деген сол шатылды.
 Көкқасқаға кеулі кетіп Көрұғлы
 Қолын соқты деді түсті мақұлға.
 Үзбей тұрған ойласаңыз күдерді,
 Атан үзер деген бар ғой шідерді.
 Жас баланы алдаймын деп Райхан,
 Көкқасқаны түсті де салып жіберді.
 1840 Боз биенің сүйегін анық таныды,
 Не біледі батыр адам алыбы.
 Жіберген соң Бозбиені көк қасқа
 Кешікпестен келіп енді жаныды.
 Таудай ердің көрдіңдер ме талабы,
 Алдайын деп тұр екен кәпір баланы.
 Шапқанында Бозбиеге көкқасқа,
 Шылбырынан кейін тартып қалады.
 Қариялардың айтып кеткен мысалы,
 Жаста болса Райханды ұстады.
 1850 Тақиясын жұлып алып Көрұғлы,
 Қолыменен енді барып тосады.
 Көрдіндер ме асты ердің зияны,
 Қашқанменен арамдық қой қиялы.
 Тақиясын тостыдағы Көрұғлы,
 Қолыменен боз биеге құяды.
 Келтірген соң байқатқан соң наштарын
 Қамқұн болған қорғай алмай бастарын.
 Көкқасқаның сідігі енді.....
*
 1860 Соққан оның көрді алып жүрегін,
 Жалған айтсам деді сөзден өлемін.
 Мақұл дедім ат сідігіне қызығып,
 Анам бетін деді қайтып көремін.
 Бұл дүниеде құрсын менің жүргенім,

* Түпнұсқада түсіп қалған, ескі қолжазбада оқуы қиын жолдар.

- Бүйтіп өмір не болмақшы сүргенім.
 Ат сідігіне айырбастап анамды,
 Бүйткенімше жақсы емес пе еді өлгенім?!
 Оңға айналса болар еді-ау не істерім,
 1870 Ғапылдыңтың жаңа білдім өткенін.
 Ат сідігіне анамды айырбастаппын,
 Қайтып көрем анамның енді беттерін.
 Жаманатқа арылмастай таңылдым,
 Жаңылғандай, Жаратқан Ием, мен нағылдым?
 Өз анамды ат сідігіне айырбастап,
 Бақытымнан бастан түгел арылдым.
 Қайтып қалды Көрұғлының райы-ай,
 Оңға айналса жұмысымның сылайы-ай.
 Өз анамды ат сідігіне сатыппын,
 Қалай болды-ау, Жаратушы Құдай-ай?!
 1880 Ғапылдыңтың кейін білдім өткенін,
 Ашылады сөзден шындық шектерім.
 Өз анамды ат сідігіне сатыппын,
 Жаратқанның кәйтiп көрем беттерiн.
 Бұл дүниеде еркін еді жүргені,
 Жақсы еді шаттық өмір сүргені.
 Ердің сөзі екі болса дұрыс па,
 Ондадағы барлығы бір өлгені?!
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Жас сәбидің соқты қайта жүрегі.
 1890 Амал бар ма уадаға қол соқты,
 Келіп енді үйіне сәби енеді.
 Түсі қашқан Көрұғлыны қараса,
 Баршагүл де жас сәбиді көреді,
 — Қайдан келдің деді, жаным шырағым,
 Мен пәруана басыңнан күнде боламын.
 Түсің неге мұнша қашты, сәбиім,
 Айтшы сөздің шындық пенен халалын.
 Бұл жалғанда тегін келіп тұрмадың,
 Көргенсің ғой бір жаманның азарын.
 1900 Айтшы жаным, сұрағаным достарым,
 Көңілімнің көтерейін хоштарын.
 Тілі тисе кімдер екен тигізген,
 Атаңа айтып кестірейін бастарын.

- Көрұғлы айтты: «Дүнияда менің жүргеніме
 Менен басқа жоқ қой ана ермегің.
 Жолы түсіп біздің елге, жан ана,
 Райхан араб деген патша келгенін.
 Астындағы көк қасқа бар тұлпары,
 Назар түсіп сол қасқаны көргенім.
- 1910 Бұл дүнианың ойламаппын өлімін,
 Жалған айтсам қалай болар сенімім.
 Қол соғышпын мақұл келіп Райханға,
 Көкқасқаға кетіп сонда көңілім.
 Шығар ма алмай көңілім ғапыл лепімді,
 Балаң сұрап Райханға өтінді,
 Ақыл кетіп алжасыппын, жан ана,
 Көріп тұрмын өлмеген соң бетіңді.
 Сол уақытта жауап қатты Баршагүл,
 Миуа бақша жалғызмысың сен бір гүл,
- 1920 Жауап берді наза болған балаға,
 Кім таласад ақылы кеңес данаға.
 Тым болғанда бір жылғы тапқан малмын да,
 Өзім менің басыңнан сенің садаға,
 Кеулі қалып қояр-ау деп сәбидің
 Шыға келді Баршагүл де далаға.
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Алдаған ғой жастығын біліп бұл ерді.
 Баршагүлді білегінен іліп ап,
 Райхан араб қашып елге жөнелді.
- 1930 Қайғы сана тарқар ма ердің мұңынан,
 Кім тыңдамайт айтса сөзді шыңынан.
 Өзі буаз боз биімен Көрұғлы
 Қуып келді зерттеп соңынан.
 Айтып кеткен нұсқа қылып қария,
 Халыққа болған етек жайып жария.
 Ілектесіп келе жатыр еді Көрұғлы
 Кездесті алдан үлкен Амудария.
 Қайтпайтұғын көк қасқаның беті еді,
 Шын адалдық Көрұғлының не етеді.
- 1940 Арман бермен бұрын өткен көк қасқа
 Секіріп сол Амудариядан өтеді.
 Таудай ердің қайт болып қалды талабы,

- Егер жүрсе көрерсіздер араны.
Өткеннен соң арғы бетке Райхан
Көрұғлыға қайта айқай салады:
— Ашуыңды, Көрұғлы, бек жинама,
Жалған айтсам мені де сен силама.
Құлағың сал адал сөзім өзіңе,
Боз биені астыңдағы қинама.
- 1950 Боз биенді бала енді жақсы бақ,
Айтатұғын өзіңе сөз үшбу хақ.
Боз биенді күтіп бақсаң, Көрұғлы,
Боз биеннен туад сенің Ғират ат.
Ат кеуліне мен де қалдым ұнамай,
Адам айтпай шындық сөзді тұрама-ай,
Кемдігімді құбла кісінің ығымен,
Бара жатқан мен пәндемін шыдама-ай.
Бұл дүнианың көрген мен аз ғой базарын,
Оғандағы бала сынбасын деп назарың.
- 1960 Ақыры сол өзіңнен өлем Көрұғлы,
Өз атымның сідігі еді ажалым.
Бұл жұмысым келмей барады оңына,
Хасіретті жан азады мұңына.
Кемдігімді құбыла кісіге шыдамай,
Шайтандықтың түсіп барам жолына-ай.
Қайтып болсын енді ердің тұрағы,
Жасқа толды-ау Көрұғлының шырағы.
Қадір мәулен алжастырдың мені деп
Қапа болып хасіретпенен жылады-ай:
- 1970 — Көңілімде көп еді, — деді — алаңым,
Кәпелім ғайым болдау заманым.
Өз анамды ат сідігіне сатып мен,
Кәждембекке енді не деп барамын.
Мені Құдай қай кезде өзің еледің,
Екі атаға әр уақытта тел едім.
Өз анамды ат сідігіне айырбастап,
Кәждембектің дидарын қайтып көремін.
Қайтып қалды-ау сәбиіңнің райы-ай,
Жұмысымның оңбай қалды-ау сылайы-ай.
- 1980 Өз анамды ат сідігіне сатқанша,
Шыбан жанды алсаң қайтеді, Құдай-ай!

- Бұл дүнианың көрдім талай жалғанын,
 Өзен бойын жағалау мен зарладым.
 Өз анамды ат сідігіне сатып мен,
 Іште болды қайнап енді қыспағым.
 Бұл жалғанда енді қандай жүрермін,
 Опасы жоқ дүнияға қалай сенермін.
 Халық маған сын қоятын болып тұр,
 Жүзін енді халықтың кәйтпін көрермін?!
- 1990 Көңілімнің көп болып тұр алаңы,
 Бұл сияқты зарықтырдау баланы.
 Қу далада қашанғы жүрсін еңіреп,
 Кәждембекке бір күні бала барады.
 Түсі қашқан Көрұғлыны қараса,
 Сынып қалған баласының назары.
 Кәждем айтты: — Ішің оттай күйді ме,
 Халық сені туғаннан-ақ сүйді ме?!
 Мұнша неге келдің, қалқам, жүдеумен,
 Бір дұшпанның тілі саған тиеді ме?!
- 2000 Көңіліңнің көркейтейін қоштарын,
 Шындық сөйлеп жақсы болар ашпағың.
 Қандай иттің сөзі тиді өзіңе,
 Айтшы маған кесейін деді бастарын».
 Көрұғлы айтты: «Дүнияда құрысын жүргенім,
 Өлмеген соң алдыңызға келгенім.
 Балаң сондай етті қата бір жұмыс,
 Ат сідігіне айырбастап анамды мен бергенім.
 Бұл сияқты тыңдап тұрсаң, кебімді,
 Қайғыменен от жалын еттім лепімді.
- 2010 Өлмеген соң келіп тұрмын, жан ата,
 Көріп сенің ербиіп мен бетінді.
 Кәжден сонда жауап берді балаға:
 — Ондай жұмыс не екен сендей данаға,
 Әйел деген бір жылғы тапқан малым да,
 Әйел түгіл өзім сенен садаға.
 Айтқаннан соң әңгімесін мақтанып,
 Қорғалау мен келіп еді сақтанып.
 Атасының естіп сөзін әділдік,
 Көрұғлы бек кетті енді шаттанып.
- 2020 Енді болмад басқа жақпен алаңы,

- Көрген адам таңырқайды баланы.
Әкесінің бағы ішінде Көрұғлы
Боз биесін күтіп жүрді жаңағы.
Боз бие де жылқы еді сымбатты,
Бағасы артық басқалардан қымбатты.
Туатұғын күні бітіп боз бие,
Дөңбекшіп сол бақ ішінде толғатты.
Көңіліне бұл жұмысты біле алмай,
Көлкөліне шыдамы жоқ іле алмай,
2030 Көрұғлыбек сасып жүрді абыржып,
Не қыларын енді бұған біле алмай.
Жеті күндей боз биесі толғатты,
Дөңбекшіді жан қиналып туа алмай.
Таудай ердің қайт болар ма талабы,
Тәңірі артық Жаратқан мұндай баланы.
Туа алмасын білгеннен соң Көрұғлы,
Ішін жарып құлынын сыртқа алады.
Сілкінді де, орнынан тұра келеді,
Қайғы біткен қанаттай екі құлағы.
2040 Назар салып қарап еді Көрұғлы,
От орнындай екен оның тұрағы.
Сыпатына көрген сайын тоймайды,
Анау-мынау төменде екен тұяғы.
Неге болсын ердің енді алаңы,
Атасы сыншы жылқыға бұл маманы.
Жіп тигізбей мойнына тұлпардың,
Қырық құлаш жібек арқан тағады.
Көрген сайын көргісі келед тоймады,
Анық тұлпар осы ғой деп ойлады.
2050 Бір ағашқа шатымайды арқаны,
Теректерге секіріп Ғираты ойнады.
Кірді ердің көңілі енді қуанып,
Соң қалғанмен қайғы менен суалып.
Ғират атын көргенін де есінен,
Бөрі кетіп тұрады енді қуанып.
Қала алмайды ешбір жерге бекініп,
Жүрген қайғы кетіп қалды өкініп.
Ғират аты күн санаумен сүйсінді,
Теректердің басынан жүріп секіріп.

- 2060 Қабыл болса үшбу ердің тілегі,
Не екенін алдын болжап біледі.
Үргеніштің Ақыл хандай ханы бар,
Тоқсан үшке Ақыл бір күн келеді.
Басындағы тағдыры бітіп Ақылхан,
Бір күндері дүние салып жөнеді.
Осылардың ескері бірақ заңдары,
Есі бүтін ер болса сөзді аңдады.
Патша өлсе, халқын жинап майданға,
Тырып еткізбей тұрушы еді шаңдары.
- 2070 Бақыт құстай құсы болды түрікпеннің,
Сол құс кімге қонса, соны патша сайлады.
Бұл сияқты аудырмайды халықты,
Көргеннен соң не қыларсың жарықты.
Хабар шашып шақырып алды бір күні,
Майдан жайға алтын діңгек халықты.
Жұрттың бөрі барғанында жиылып,
Көрұғлы бек бақ ішінде қалыпты.
Бұл дүнианың көрдіңдер ме жалғанын,
Не бір мұңлық тыңдап тұрсаң зарларын.
- 2080 Бүкең қағып кемпір-шал да бара жатыр,
Патша болмақ барлығының арманы.
Тиыш тұр деп етті бұған қысымды,
Бұрын тәртіп осы болған соң түсінді.
Түгел халқын жинап болған соң,
Бақыт құсын ортасынан ұшырды.
Не екенін ойлап қайдан біледі,
Халықтың алды жауатын күндей түнерді.
Жиналған сол көп жиынға айналмай,
Көрұғлы жүрген баққа құсың жөнелді.
- 2090 Халық түгел жиналып тұрған дулады,
Елегзіп қалды ғой деп шулады.
Неге болсын көңілінің алаңы,
Қиын болмақ сөйлер ердің маманы.
Бақыт құстың ұшқан жағын бағдарлап,
Шуылдап сол халық кетіп барады.
Сыр шашпаған ойласаңыз досына,
Кеуілінің кір келмейді хошына.
Ғират атын ойнатып жүрген Көрұғлының,

- Бақ ішінде бақыт құс қонды басына.
2100 Ғират аты қонған құстан үрікті,
Салып жатып тоқталғаны еді бүлікті.
«Ей, жапалақ қандай ақың бар ед» деп,
Екі мәртебе көтеріп жерге сілікті.
«Ей, жапалақ, көтермеймін ойыныңды,
Сен келгенмен мен ашпаймын қойнымды.
Ғират атымды бүлдірмей аулақ кетсейші,
Ашулансам жұлып алам мойныңды».
Не екенін ойлап қайдан біледі,
Халқы үшін туған анық ер еді.
- 2110 Ел егесіз қалды ғой деп күңіреніп,
Шұбырумен халық мұнда келеді.
Бақ ішінде Көрұғлымен алысқан
Бақыт құсты түгел халық көреді.
Қалған кеулі халықтың да суалып,
Мұны көріп кеулі қалды жұбанып.
Шынжырға барып тауышты деп орынын,
Халық сондай күңіренді қуанып.
Көрұғлыны ортаға келіп алады,
Құрмет етті басын иіп балаға.
- 2120 Кім таласады ердің берген бағына,
Тайса оңға келмейді ғой тағы да.
Жас баланы ортаға алып құрметтеп,
Отырғызды патша болып тағына.
Құрмет етіп жатыр бәрі балаға,
Айтқан менен шындық бар ма, нана ма.
Мына келіп алтын таққа отырған,
Ғират аты қалып қойып ед далада.
Көрұғлы айтты: «Ердің еркін зерегі,
Әр істің де болмайды ма себебі.
- 2130 Падишалық тақтыңыздар, халқым-ау,
Түгел тыңда, маған жоқ қой керегі.
Менің кеулім күн санаумен шалықты,
Ойы тұрды, һәр қиялмен балықшы.
Алтын таққа патша болып отырғаннан,
Ғират атымды бір сипағаным артық-ты.
Оған халық айтсадағы көнбеді,
Қуанышқа бөленіп тұрған елдері.

- Алтын таққа құрмет етіп ұстады,
 Оған ырық Көрұғлы бек бермеді.
- 2140 Айлатарсың ақырында мейлі зар,
 Ашулансам күндеріңіз болар тар.
 Мені алдап алып келіп бұл жерге
 Ғират атымды ұрлайын деп жүрсің, ұрылар.
 Қалай шыдап Ғират атымды көрмей тұрармын,
 Қайтып енді көре алмасам шыдармын.
 Жолымды аш, ашу қысты қиынды,
 Бірінді де қоймай қазір қырармын.
 Кімдер қарсы келер мұндай балаға,
 Тәңір артық туғызған мынау данаға.
- 2150 Айтқанымен тыңдамады халықты,
 Жұлқынып сол шығып еді далаға.
 Ердің қандай түнеріп тұрған айбаты,
 Сыртқа шықса орынында жоқ Ғираты.
 Неге қалсын үшбу жерде кідіріп,
 Қиын енді бұған тұру мүдіріп.
 «Ей, ұрылар, Ғират атымды алып кетті», деп,
 Келе жатыр ізіменен жүгіріп.
 Бұл сияқты дүнияға келген енді шер,
 Асыл бұйым жатқан мынау болды бел.
- 2160 Ғират атты бара жатқан жерінен
 Ортаға алып, ұстап еді шілтендер.
 Қай бір жерге салсаң Ғират тайынбас,
 Жатыр еді жабдықтап шілтен айылдап.
 Қару-жарақ саймандарын сауытын,
 Бәрін қойған үшбу жерге дайындап.
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Сүйретінді ізіменен келеді.
 Көрұғлыбек келе жатқан жүгіріп,
 Қырық-елудей сәлделі адамды көреді.
- 2170 Ашу қысып, айбатланып Көрұғлы,
 Сәлделіге жетіп енді келеді:
 — Айлатармын бәріңізге енді зар,
 Көретұғын күндеріңіз болды тар.
 Ғиратымды көзің қиып союға,
 Апарасың кайбір жерге ұрылар.
 Енді күнің кәйтіп сенің ашылды,

- Қызыл менен көрсетейін жасылды.
Ғират атымды қай жерге енді соясың,
Кесейін бе түгел деді басыңды?!
- 2180 Көңілдің көптен болған екен алаңы,
Ұры болса қайым болар заманы.
Ақылыңның алдында келді ашуың
«Қара, — деді, — бізге толық, балам-ау,
Ғират атың мінуге келді, шырағым,
Келіп тұрған біздер едік бабаң-ай.
Десе дағы ердің беті тайынбады,
Сөзімізді тыңдап тұршы енді нақ.
Ғиратыңа мінгізуге келіп ек,
Қару-жарақ сайманыңды дайындап».
- 2190 Сол уақытта Көрұғлыбек тұрады,
Есітеді сөздерін алып құлағы.
Ашу қысып көзіне қан толып ед,
«Кешір», — деп сол зар еңіреп жылады.
— Ашу қысқан біз сияқты баладан,
Артық кетті-ау, айтқан сөзім шамадан.
Асылығым жаңағы айтқан артықтар,
Кешіре гөр, — деп еңіреді, — Бабажан!
Жас баланы киіндірді шілтендер,
Жайнап кетті дүнияға келген мұндай ер.
- 2200 Қару-жарақ саймандарын іледі,
Жас құс болды Көрұғлы бек тіледі.
Оң қарына қалдырмастан қаруын,
Дайындаған енді бала іледі.
«Бақытымды, Жаратқан, өзің ашқыр» деп,
Ғират атына Көрұғлыбек мінеді.
Олай-бұлай жас сәбиді жүргізіп,
Шаттандырды кеулін тауып күлгізіп.
«Соғып тұр ма, — деді, — балам, жүрегің,
Не сөзіңді айтқан мен ер едім.
- 2210 Қол жайдағы осы бүгін сұрашы,
Не айтсаң да қабыл болат тілегің!».
Көрұғлы айтты: «Маған берсең толық бақ,
Барлығың да тұрған шілтен аруақ.
Көп тілекті тілемеймін сіздерден,
Қабылдасаң тілек менде екеу-ақ.

- Көңіліңе бұл жұмысымды хош көрсең,
Бабаларым ойларыңды бес бөлсең,
Бір тілегім өздеріңнен сұрайтын,
Бір жүз жиырма бес болад, маған жас берсең.
- 2220 Қабыл айла тілегімді айтқан соң,
Жалған емес тілеп тұрмын мұны шын.
Шын тілегім өздеріңнен, Бабажан,
Өле-өлгенше жаудан бетім қайтпасын.
— Сөзіңіздің өте жақсы іреуі,
Болмас балам, аңғаршы сөздің жүдеуі,
Тілегіңіз орынды болды, жан балам,
Қалып тұр-ау сол тілектен біреуі.
Жастық пенен кеуліңнің көп алаңы,
Кейін сонау қайғы болар заманы.
- 2230 А, шырағым, қол көтер де сұрашы,
Қалдырдың перзент деген баланы.
Көрұғлы айтты: «Бұл жұмыстан шегінбе,
Деп ойламас ешкім бізді тегінде.
Қабыл айла тілегім менің екеуі,
Әйел жолда, бала менің белімде.
Еркін соғад ердің болса зерегі,
Асыл сөзді асыл адам егеді.
Жаным баба, қабыл айла екеуін,
Балаңыздың осы екеу-ақ тілегі».
- 2240 Қырық шілтендер қайтарып бұған үш айтты,
Қабыл алмады, қайтарып сол мұң айтты.
Тоқтата алмад қанша айтқанмен баланы,
Түнеріп тұр жауатын күндей жаңағы.
Қартайған соң қапалық сыймас жігері,
Дұға қылып бұлар енді ағады.
Райханның азары жүр елінде,
Еске түссе от болып та жанады.
Ғират атына мінгеннен соң Көрұғлы,
Кәждембекке көп айналмай барады:
- 2250 — Көруге мен келдім сіздей атамды,
Кешірдің-ау кешірілмес қапамды.
Райханның азары жүр есімде,
Бергін маған, жаным ата, батаңды.
Қалай шыдап еске түссе тұрамын,

- Етіп кетті-ау Райхан маған ылаңын.
Дүнияда тірі жүрсем, жан ата,
Менде салам барып соған ылаңын.
Сұм дүнияның көрді талай жалғанын,
Неше күндей қайғыменен зарладым.
- 2260 Райханның еткен арам ісінен
Іште жүр еді өлі күнге арманым.
Жаным ата, қолыңды жай, дұға бер,
Дұрыс болар аттанып соған бармағым.
Жас баланы енді Кәждем көреді,
Бас барға Кәждемнің ірге төрі еді.
Қолын жайып, сақтай көр, деп ұғылымды,
Кәждем мына, енді бата береді.
Атасынан алып дұға Көрұғлы,
Ойнақтатып Райханға жөнелді.
- 2270 Ғират аттың білінбейді шапқаны,
Басқан сайын жер солқылдап нақтады.
Кешегі Амудария бұған жер ошақ,
Ғират аты дариядан аттады.
Сыр шашпады жүрерінде досына,
Түрікпен елден жан ертпей кетті қасына.
Дариядан өткеннен соң Көрұғлы,
Тас құдықтың барды жетіп басына.
Тас құдыққа барып аттан түседі,
Іірі шарап өз қолымен ішеді.
- 2280 — Көңілімде көптір менің уайым,
Сабыр етіп ермін ғой деп шыдайын.
Қандай халда отыр екен Баршагүл,
Диуана болып әуелі өзім барайын.
Мен жалғыз боп дүнияға келіп ем,
Жәрдем болар қай уақытта Құдайым.
Бұл сөзімді тыңдап тұр еді Ерен баб
Тәңір берген өшпейтін шығар деді бақ.
Жан жолдасым, тапсырамын өзіңе,
Ұқыптап ал айтқанымды, Ғират ат.
- 2290 Қару-жарақ киімдерін шешініп,
Ғират атқа Көрұғлыбек тапсырад.
Ойланып сол ішіне істі түйеді,
Асыл туған, артық мұның сүйегі.

- Қару-жарақ саймандарын тапсырып,
 Жалба-жұлба бір шекпенді киеді.
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Шын қадірлі жаратылған ер еді,
 Дүнияда артық сенің айбатың,
 «Сөзді тыңда, — деді — тағы, Ғиратым.
 2300 Айтатұғын бір сөзім бар тағы да,
 Кім таласад ердің берген бағына.
 Қапыл қалма, Ғират атым, тапсырдым,
 Жақындатпа жау келе қойса жаныңа.
 Қиындықты неде болса өткөйсін,
 Меніменен бірге машахат шеккейсін.
 Дұшпан келіп ұстаймын деп ұмтылса,
 Тістеп, теуіп қашыққа ұзап кеткейсін».
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Тапсырады атына қару бұл енді.
 2310 Аса алып диуана болып, қолына,
 «Я, Хақ» деп сол Көрұғлыбек жөнөді.
 Райханның сарайына кешікпей,
 Келіп енді диуана болып енеді.
 Бұл сияқты ойласаңыз қаруы,
 Дүнияның қараңғы боп кірсе дағы сарайға,
 Баршагүл сол өз баласын таныды.
 Болмай кетті көргеннен соң тұрағы,
 Жасқа толды қарап тұрып шырағы.
 Шыдай алмад көргеннен соң баланы,
 2320 Егітіліп Баршагүл де жылады.
 «Не себептен қамқұн болды, Баршагүл» —
 Деп Райхан Баршагүлден сұрады.
 Ақылы кеміс құтылар ма осыдан,
 Беріп жатқан Баршагүлдің жауабы:
 — Кеуліңізге кәйткенде мен ұнаймын,
 Кейбір іске кәйткенімде шыдаймын.
 Мұсылманның баласы ғарып болғанға
 Есіркеп мен, деді, Райхан жылаймын.
 Шын ақылды ойлап тұрсаң ер еді,
 2330 Ақылы дана Барша қыздың көп еді.
 Саған осы Құдайы қайыр садақа, деп,
 Бір жүзік пен хат жазып енді береді.

- Баршагүлдің жазған хатын алды да,
 Ей Хақ, деп сол қайта айналып жөнеді.
 Ердің қайдан ескерсеңдер айбаты,
 Дүнияға батыл туған қайраты.
 Тас құдыққа қайта айналып келіп ед,
 Түр екен сол қалыбынша Фират аты.
 Қыңырсынбай бұл жұмысын сүйеді,
 2340 Жад етеді Жаратқан жалғыз иені.
 Жалба-жұлба шекпендерін тастады,
 Қару-жарақ сайманын қайта киеді.
 Не екенін ойлап қайдан біледі,
 Қараңғының кеткен шығар түнегі.
 Баршагүлдің жаңағы жазған хаттарын,
 Көрұғлы бек ашып енді көреді.
 Жорытқытып алатұғын түсіндей,
 Былай депті Баршагүл ішіндей:
 — Тасқұдықтың басында, жаным, жата бер,
 2350 Бұйырған тұз тағамыңды тата бер.
 Көңіліңнің болмасын титтей алаңы,
 Райханның қайым болар заманы.
 «Сабыр түбі сары алтын» деп айтып ед,
 Таза сақта, шырақ, осы тазаны.
 Кір жуам деп ертең ерте анаңыз
 Тас құдықтың басына енді барады.
 Сататұғын неше түрлі бұлы бар,
 Бұл ісімнің ойлана қойсаң ізі бар.
 Кір жуам деп ертең түсте барамын,
 2360 Гүлнәр деген Райханның қызы бар.
 Айтқан ісін өз кеуліне тұтады,
 Тұтқан адам әр уақытта ұтады.
 Анасын ол Тасқұдықта күтуменен,
 Неге болсын енді көңіл алаңы.
 Тәңір артық Жаратқан мұндай баланы,
 Баста сынап жүрсе дағы қисайып,
 Оңға айналды Көрұғлының алаңы,
 Айтқанындай ертең түсте кір жууға,
 Гүлнарды ертіп, Баршагүл жетіп барады.
 2370 Шошып кетті Көрұғлыны көрген соң,
 Гүлнар сынды қызы оның жаңағы.

- Кетіреді бір уақытта шыдамды,
 Өз кеуліне болған асыл ұнамды.
 Көрұғлыны көргеннен соң түрлерін,
 Кетіріп түр өз-өзінен шыдамды.
 Іші оттай Баршагүлдің күйеді,
 Асыл ерді әйел де болса сүйеді.
 Көрұғлыны құшақтап алып еңіреп,
 Кезек-кезек бетінен сол сүйеді:
- 2380 — Менде болсын, Көрұғлыжан, құлағың,
 Жеткердің ме Алла бізге алалын.
 Сені алдап Райхандай бұзығың,
 Етті біздің ақ некеге арамын.
 Гүлнар деген жалғыз қызы бұл тұрған,
 Жаның әзір көрген емес азабын.
 Менен сәлем Кәждекеңе толық айт,
 Гүлнарды сол Кәждекемге қосып қайт.
 Қайта айналып сонсын жаным келерсін,
 Күнің туса раста осыны көрерсің.
- 2390 Еткен ісі арам болды арабтың,
 Шаһарына келіп, жаным, төнерсің.
 Айтқан сөздің тыңдап тұршы төтесін,
 Сабыр етсең не қиыннан өтесің.
 Қамқұн болып қалған шығар Кәждекем,
 Бұзғаннан соң араб астыр некесін.
 Келгеннен соң толық мынау ақылға,
 Көрұғлы бек келді дұрыс мақұлға.
 Не екенін ойлап қайдан білерді,
 Қорғаннан соң тыңдатпай ма бұл ерді.
- 2400 Гүлнар сынды Райханның қызын алып,
 Ойнақтатып кейін қайтып жөнеді.
 Бір сұмдыққа Баршагүл енді бастады,
 Абыржу мен өз-өзінен тапқаны.
 Алып келген жуамын деп кірлерін
 Тас құдыққа түгелінен тастады.
 Шашын жайып, бетін жырып ойбайлап,
 Шаһарына Райханның қашқаны.
 Болмады бұл сапарда талабы,
 Түйіледі дауысты естіп қабағы.
- 2410 Айқай салып берекесін алды да,

- Райханға енді жетіп барады:
 — Нағып жатсың, деді, арыстан Райхан,
 Шыға жаздады мен ғарыптан шыбын жан.
 Шыдам ұстап жату қиын өзіңе,
 Айырылып келдім Гүлнар сынды қызыңнан.
 Келтіруге айналдырды кезімді,
 Тыңда менің шындық айтқан сөзімді.
 Қайрат қайда қарсыласар онымен,
 Шаншып тастап кете жаздады өзімді.
- 2420 Лүшілдеді естіп Райхан жүрегі,
 Қайтып адам бұл қорлыққа көнеді.
 Киетұғын киім таппай үйінен,
 Қос көрпені көктеп мойынға іледі.
 Жайдақ мініп Көкқасқаға Райхан,
 Қызын қуып артынан сол жөнөді.
 Көрдiңдер ме сөздің асып шегінен,
 Тыңдаңыздар әділ айтқан кебінен.
 Боз биеге дарыған соң қасқаның,
 Қадамы сол бұрынғыдан кеміген.
- 2430 Жиып тұрған басында оның күші еді,
 Тұлпарлықтың есесінен ішеді.
 Қаран келіп қалғаннан соң Көкқасқа,
 Дарияның ортасына түседі.
 Қайтып болсын Райханның тұрағы,
 Бұл ызаға қайтып енді шыдады.
 Дарияның ортасына түскен соң,
 Толқынымен Райхан аралға ығады.
 Көп машақат Райханға көрініп,
 Қалай шықсын дариядан шегініп.
- 2440 Су сіңген соң үстіндегі қос көрпе,
 Бет-бетіне ағып кетті сөгіліп.
 Айналғай болып қалды алаңы,
 Алды-артына болған шығар харамы.
 Өлдім-талдым дегенінде Райхан
 Бір шығанақтан шықты жалаңаш.
 Қайғы сана тарқамай тұр мұңынан,
 Тыңдаңыздар айтқан әділ жырынан.
 Райхан араб қызын қуып кетті деп,
 Өскерлері шыққан екен соңынан.

- 2450 Бүркіреумен әскерлері келеді,
Не екенін түсініп қайдан біледі?
Тұт жалаңаш дарияның жағасында
Райханды әскерлері көреді.
Біреуі айтты: «Ай дүниядан шын мақтан,
Деді бәрің кейін тұрып шын сақтан.
Райханға қандай жағдай кездескен,
Шығар деді біреуі мұны жын қаққан».
Біреуі айтты: «Ей, тиышыңмен тек тұрған,
Назар түссе бәрімізге бүр құрбан.
- 2460 Дені сау деп кім айталар осыны,
Шынында сол Райханды жын ұрған».
Біреуі айтты: «Қайтып бұры қыспайық,
Жеңілдікпен айтып сөзді ұшпайық.
Қаһарланса бәрімізді қырады,
Айдалада сол Райханды ұстайық».
Біреуі айтты: «Тереңнен ақыл ойлайық,
Кейін қашып шегініп мұнан таймайық.
Қапылыста қырып кетер біздерді,
Ебін тауып Райханды байлайық».
- 2470 Қайтып болсын Райханның тұрағы,
Мұны естіп қайтып адам шыдады.
«Әңгіменің деді Райхан алалы,
Бір иттің сол тиді маған залалы.
Жаратушы жанның бәрін Бір уа бар,
Айлағанмен енді болмас босқа зар.
Жанаттарым, артымнан келіп тұрсыңдар,
Бұл кеңесіме, деді Райхан, құлақ сал!
Пиғылынан бұл Райхан тапқан жоқ,
Ажал деген аты шадыр қапқан жоқ.
- 2480 Хикаямды тыңдаңыздар, шырақтар,
Райханды ештеңе де қаққан жоқ.
Басымыздан бір қапылдық өтіпті,
Ақырында түбімізге жетіпті.
Дұшпандар еді өзімізге шын мықты,
Гүлнар сынды қызымды алып кетіпті.
Өз елінде Райхан үйде қамалды,
Кеулім қалды ақылымнан аралды.
Киетұғын киімнің бәрін өкеткен,

- Бір киімді састым сонда таба алмай.
2490 Азарының көрмейсің бе өткенін,
Түбімізге ақыр мұның жеткенін,
Киім таппай киетұғын үйден мен,
Қос көрпені беттестіріп көктедім.
Ердің еткен ойлап тұрсаң ісі еді,
Кеміп қалған Көкқасқаның күші еді.
Жамандатқыр қадамы кеміп қалған соң,
Дарияның ортасына түседі.
Дүнияда қайтып болсын тұрағым,
Кетті-ау бізден тыңда, нөкер, шыдамым.
- 2500 Амал қанша ортасына түскен соң,
Толқынменен ығыстап мен ығамын.
Көп машахат көзіме менің көрініп,
Қала алмадым бұл жұмыстан серіліп.
Судың бетін адыра қалғыр қос көрпе,
Бет-бетіне ағып кетті сөгіліп.
Алды-артыма болып тұрмын қарамас,
Шындық айтса енді сізге жарамас.
Райханды ештеңеде қаққан жоқ,
Жаңа шықтым тұттай болып жалаңаш».
- 2510 Барлығы да есітіп бұған күйінді,
Жаңа көңілі әскерлердің сүйінді.
Аттан түсіп уәзірлері секіріп,
Шешіп берді үстерінен киімді.
Қайғы менен қасірет басқан Райхан,
Түгел енді алып киім киінді.
Айтты сонсоң: «Тұрған мұнда, шырақтар,
Сендер бекем қорғансың ғой тұрақтар.
Бір азғантай айтатұғын кеңесім, —
Деді, — түгел маған енді құлақ сал.
- 2520 Не екенін адам қайдан біледі,
Дүнияға жаңа келген ер еді.
Қапыл қалмай дайындыққа кіріңдер,
Ертең біздің елге, — деді, — келеді.
Дұшпандардың қарсыласса, көзі ойылған,
Табы менен тайғызбас ешкім жайынан.
Көрүғлыдай жаңа шыққан бір толқын,
Қырық жылдан тумай тұрып жайылған.

- Ертең бізге, — деді, — сонау келеді,
Мен білмеймін қандай адам өледі.
- 2530 Бірің қалма кейінге сол сытылып,
Қалсаң кеттің қырылумен ұтылып.
Түгел сонау жиналсын деді әскерлер,
Қарсы алайық алдынан сол күтініп.
Бұл сөзімді дұрыс болар ұғынбақ,
Айттым енді аңласаңдар сөзді нақ.
Қаһарына адам шыдап тұра алмас,
Аянбай бір көрейік деп қыймылдап.
Болмай кетер қаһарынан тұрағы,
Қарқынына көйтіп адам шыдады.
- 2540 Мықты болып күтпесеңдер алдынан,
Тұқым қоймай, — деді, — бізді қырады».
Болғаннан соң Райхан араб күйінді,
Қорқынышпенен толқыттың, — деді, — миымды.
Қала алмады қол ұстасып бәрі де,
Әскер қалмай ертең түгел жиылды.
Жаратушы жанның бәрін бұйру бар,
Айлаған енді болмас босқа зар.
Тұра тұрсын дайындалып Райхан,
Көрұғлыбектен елге кеткен хабар ал.
- 2550 Аудырмаған Көрұғлыбек қағысты,
Көрсетуге халқына бір жарықты,
Райханның Гүлнар сынды қыздарын
Еліне алып есен енді барыпты.
Барғаннан соң хабар шашып жинады,
Той жасады өзінде сол халықты.
Тұлпар аттың қалған соң артта тұяғы,
Балапан ғой қыран басқан ұяны.
Халқын жинап бірнеше күн той қылып,
Гүлнарды сол Кәждекемге неке қияды.
- 2560 Кәждем айтты: «Дүнианың көрдім жалғанын,
Небір күнде қайғыменен зарладым.
Балалы адам жетеді екен мұратқа
Титтей жоқ, — деді, Кәждем, — арманым.
Баласыздың қайғыменен күні өтеді,
Таппайды ол өмірінше төтені.
Қариялардың сөзі қандай асылды,

- Балалы адам деген мұратына жетеді.
 Кеулімнен кетті-ау барлық уайым,
 Айтпай мұны енді қайтып шыдаймын.
- 2570 Талабыма жеткіздің, перзентім
 Ризамын, Жаратқан жалғыз Құдайым!».
 «Болмас, — деп, ем өмірінше қатаңдық,
 Шаттандырсам келіп мұндай атамды.
 Райханнан көрген азар есімде,
 Бер деп, тағы қолын жайып батаңды.
 Көрейін мен Райханның сылайын,
 Жәрдем болса мен жалғызға Құдайым.
 Халқым түгел батаңды бер, — деп, қол жайды, —
 Қайта айналып шаһарына барайын.
- 2580 Не екенін ойлап қайдан білер-ді,
 Ашу қосып бұрыннан жүр бұл ерді.
 Ел-жұртынан атасынан бата алып,
 Ойнақтатып Ғиратпенен жөнелді.
 Қабыл болса Көрұғлыбектің тілегі,
 Алдыңғы топта сол Райхан да түр еді.
 Жер қайысқан әскері бар Райхан,
 Жалғыз өзі сол майданға кіреді.
 Қойға тиген бөрідей-ақ Көрұғлы,
 Бөлек-бөлек жауды алысқа бөледі.
- 2590 Айлалары еркін ердің асып жүр,
 Дұшпан жаман Көрұғлыдан сасып жүр.
 Келе алмайды бетіне тура біреуі,
 Сұсы жаман Көрұғлының басып жүр.
 Келе алмастан қарсысына біреуі,
 Тау тасалап, жан сауғалап қашып жүр.
 Жалғыз өзі сол майданға барып жүр,
 Қарсыласқан есінен әбден танып жүр.
 Бұрқ-сарқ етіп айқасып қалса біреуі,
 Ат сауырынан төңкеріліп қалып жүр.
- 2600 Құтқармайды Ғират аты қашқанын,
 Бөлді жаудың тас-талқан ғып составын.
 Жер тезектей түсірді жерге Көрұғлы,
 Домалатып кесті жаудың бастарын.
 Шырқыратты арабтардың жандарын,
 Атқыздады төніп алып таңдарын.

- Өзен бойын сарқыратып ағызды,
Судай қылып арабтардың қандарын.
Таудай еркін орындап жүр талабын,
Бұл сияқты жаратқан артық дананың.
- 2610 Басқан сайын Ғират аты астында,
Жазып барад еркін шауып қадамын.
Жақын жерде қолын алып тартып жүр,
Кезең келіп қалғанында садағын.
Жақын жерден көріп тұрып санапты,
Кеңінен жайды Көрұғлы бек қанатты.
Садақ алып тартқанында Көрұғлы
Он-он бестен топырлатып құлатты.
Ақыл менен көрдіндер ме айласын,
Айласының көріп тұрды пайдасын.
- 2620 Оңды-солды кездескенді төніп жүр,
Жауларға сап өкпесінен найзасын.
Жауларды да кеңінен кеп жайратты,
Тереңінен бұл сол ойларын ойлатты.
Батырларын шаншып алып найзамен,
Маймылдай-ақ көтеріп көкке ойнатты.
Таудай ердің қайт болар ма талабы,
Айтылған сөз есінде еді жаңағы.
Сескенбейді асыл туған Көрұғлы
Жалғыз өзі ортасына барады.
- 2630 Артық пенен көріп тұрды кемдерін,
Тәңірі артық жаратқан соң ерлерін.
Шешінер ме аттан түсіп Көрұғлы
Болғаннан соң тұйықтап бір белдерін.
Тозаң қылып тоздырады Райханның,
Жатқан бойда елсіз мынау жерлерін.
Таудай ердің қайт болар ма талабы,
Ердің жүзі ойласаңыз харамы.
Басында сол жаудан беті қайтпайтын,
Жаратқан сол еді ғой мынау баланы.
- 2640 Сегіз күндей ұрысады арабпен,
Шаршап талмай біраз жерге барады.
Он үш мыңдай әскері бар арабтың,
Он мыңын сол сегіз күнде алады.
Қала алмайды жау дегенде аянып,

- Кез қылады найзасы қанға боялып.
 Шауып шығып шетіне сол дұшпанның,
 Демалып тұр найзасын жаққа таянып.
 Қайтып мынау қарқынынан өзгерді,
 Көре алмады қарсыласып төнгенді.
- 2650 Дем алған соң қайта аттанды Көрұғлы,
 Өлтіруге Райханды келді енді.
 Келе жатыр еді шаншып, шауып жауларды,
 Өзіне сол Райханның кез келді.
 Аузы кетпей Көрұғлының тілектен,
 Шықты шауып жалғыз өзі түбектен.
 Бұрқ-сарқ етіп айқасып ет Райханды,
 Шанышты сол барып енді жүректен.
 Өтіп кетіп тұрғанда найзасы
 Қара жерге барып ұшып дір еткен.
- 2660 Басына істі Райханның келтірді,
 Жаһаннамға жанын жайға жітірді.
 Керек еткен дұшпаны осы Көрұғлының,
 Жапан түзде қан ғып оны өлтірді.
 Қалды бөрі қалғандары табынып,
 Бұрынғы сол өз дінінен жаңылып.
 Келе алмады қарсысына ешбірі,
 Барлығы да тұрды түгел бағынып.
 Кәждембектей тағасын мұнда алдырып,
 Жәндетеді кеткен жерін шақ қылып.
- 2670 Келгеннен соң Көрұғлы бек бабына,
 Дақ тигізді егескеннің жанына.
 Кәждембектей алдырып мұнда тағасын,
 Райханның отырғызды тағына.
 Бұрын кеткен қариялардың пешесін,
 Түйіндерін шын сөйлесең шешесің.
 Жалған емес шындыққа тілің барса егер,
 Көркейесің, өшпейсің өмір өсесің.
 Молда жинап, талақ салған қайтадан,
 Неке қиды шарифатпен шешесін.
- 2680 Міне, енді еркін мынау қосылды,
 Көрген жандар Көрұғлыбектен шошынды.
 Алда жоқта қиын іс жоқ асылы,
 Баршагүл мен Кәждем тағы қосылды.

- Дүнияның тартса да бұрын зардабын,
 Нұсқа болып бұрынғылардан қалғаны.
 Қосылды да Баршагүлге тағы бұл
 Кеуліндегі бітіреді арманын.
 Енді мұның жұмыстары күймеді,
 Кеуілінде көп еді істер түйгені.
- 2690 Өз халқы мен арабтың халқын қосып ап,
 Патша болып Кәждем анық биледі.
 Көркейеді көңілі шалқып Кәждембек,
 Төбесі сол көкке мұның тигені.

Төбесі көкке тиіп, мақсұтына жетіп, баласы мақсұтына жеткізіп енді, күндердің күні өткеннен кейін Күләйім оның есінде жоқ, соған баласы Көрұғлы барып: «Гүлнар сұлуменен, өзінің бұрынғы жұбайы (менің шешем) Баршагүлмен көңіл қосқан соң, Күләйімді ұмытуыңыз орынсыз, менің шешем өлмей есімнен шықпайды. Күләйім, бірталай мал-жан сонда қалды. Мен соған аттануым керек, сізден көп уақыт жауап күтіп едім, мені жұмсайды ғой деп едім. Есіңізден Күләйімнің шынымен шыққаны ма? Мен соған аттанам, дұғанды бер», — деп жатқан жері.

- Артық айтса әркім істен тосылған,
 Тапқан тағам өз қолынан жедік нан.
 Күләйімді неге ата ұмыттың,
 Жолдасың еді кішкентайдан қосылған?
 Бізге сонда отырушы тілекте,
 Айту керек өз аузыңмен елеп те.
- 2700 Жаным анам тәрбиелеп өсірді,
 Шықпас өмір өлгенімше жүректе.
 Тыңда сөзді деді таға халалға,
 Ұшырмадың көп уақыт залалға.
 Кішкентайдан қосылған жан жолдасың
 Атамастан ұмытып адам қала ма?
 Қызылбастың елінде қалды еңіреп,
 Көрген күні тұтқын болып азарда.
 Қабыл болса естілер хаққа тілегім,
 Өз қолынан жан анамның түледім.
- 2710 Батаңды бер енді тағы өзіме,
 Іздеймін мен жан анамды жүремін.

- Тұрғаннан соң өз-өзінен жабығып,
 Айтқан сөзі батты жанға енді нық.
 Баласының естіп мұндай кеңесін
 Тұрды аздап Кәждембек те ұялып:
 — Қайғырып тұр табымды,
 Айтқан сөзің орынды, балам, табылды.
 Бердім бата, жәрдем болсын Жаратқан,
 Ашсын Алла, — деді, — балам, бағыңды.
- 2720 Не екенін ойлап қайдан білер-ді,
 Ойға түсіп ашу қысып жүр еді.
 Тағасынан алып бата Көрұғлы,
 Қызылбастың еліне енді жөнелді.
 Таудай ердің қайт қылмаса талабын,
 Бөтен жаққа бөлмеді ой мен алаңын.
 Шапқан сайын серпе бір сіркіреп,
 Ғират ат та жазып келе жатыр қадамын.
 Бұл сияқты Жаратқан артық баланы,
 Оңдалған соң қайт болмайды талабы.
- 2730 Арасында он үш күндей жол шауып,
 Шаадаттың еліне түсте барады.
 Ердің етер, ойлап тұрсаң ісі еді,
 Жатып көрген ұйқыда бір түс еді.
 Қақпасынан ойласпай-ақ Көрұғлы
 Тал түсте, сол арман асып түседі.
 Қайтпайтұғын енді ердің беті еді,
 Қаһары сол от жалындай леп еді.
 Ғират аты кідірмейді қақпаға,
 Ар жағына секіріп енді өтеді.
- 2740 Болмай тұрды Көрұғлының елені,
 Ақылының тұңғиық сондай тереңі.
 Қамқұн болған отыр еді Күләйім
 Сәлем беріп сарайына енеді.
 Көргеннен-ақ таныды, міне, құлынын
 Назар салды, Күләйім де көреді.
 Сұм дүния ойласаңыз кеңірек,
 Тарылып еді басына мұның дөңірек.
 Таныған соң баласын сол құшақтап,
 Көл-дария етті көзді еңіреп.
- 2750 Етпейді ме әр уақытта ер істі,

- Кім істейді ойласаңыз терісті.
Есен-аман анасымен қауышып,
Бұл екеуі еңіреп енді көрісті.
Көрұғлы айтты: «Етпеңізші уайым,
Деп едің ғой етіп тағат шыдайым,
Қызылбастың күнін қараң етермін,
Қамқұн болма, — деді, — анам Күләйім.
Тірі жүрсем шығар, анам, мерейің,
Мұнан артық енді сізге не дейін?!
- 2760 Дем алайын қасыңда жатып бір түнше,
Ертең ерте қызылбасты көрейін.
Тиер екен қайтып бізге залалы,
Өңгіменің ана осы халалы.
Қызметі болып еді бабамда
Қай яқта енді, — деді, — атам Бабалы.
Бабалы да жетті кешке жылқыдан,
Тигеннен соң Көрұғлының хабары.
Көрұғлы айтты: «Қасірет қайғы мұңым бар,
Айтылды сөз тыңда, бабам, шынында.
- 2770 Жалтаң қағып жан-жаққа шығып кетпеңіз
Ертең менің айтатұғын кебім бар».
Шын арыстан еді мынау сымбатты,
Ғираттың тұлпар бағасы қымбатты.
Бұл үшеуі шуласумен жатқанда,
Күн шығады көтеріліп таң атты.
Сыбанулы Көрұғлыбектің білегі,
Енді жаудан қайтар ме екен жүрегі!
Бақытым Жаратқан өзің ашқың, деп,
Ғиратына таң атқан соң мінеді.
- 2780 Бабалының ізіне еріп Көрұғлы,
Айқай салып майданға енді келеді.
Даусыменен шықты бәрі далаға,
Қалмады енді қатын менен бала да.
От жалын сол келе алмайды лебіне,
Шығып жүрді ойнап бір шаһар шетіне.
Кез келгенін апат қылып кетеді,
Кім келмекші Көрұғлы бектің бетіне.
Қарсы келсе өздері опат тауып жүр,
Ғиратпенен аралап майдан шауып жүр.

- 2790 Бұрқыратып тоздырып жүрді даласын,
Тас талқан ғып шапты түгел қаласын.
Жалғыз өзі сескенбей-ақ барып жүр,
Қарсыласса атынан түсіп қалып жүр.
Көрінгенді қайратына таң қылып,
Шаһарын сол ағызды судай қан қылып.
Бұрқыратты қызылбастың шаһарын,
Жан көрмейтін түнек енді шаң қылып.
Ертең менен бірдей шауып кешінен,
Кейде талмай өте шығад бетінен.
- 2800 Тайынар ма, қариялардың нақылы,
Судан, деген, ойлап көрші, шешінген.
Қарсы келіп тіреуге енді келмеді,
Танып жатыр қызылбастар есінен.
Құтқармайды Ғират аты қашқанын,
Бөліп жүрді қызылбастың бастарын.
Тоғайына барып тықты көбісін,
Құтқармайды Ғират ат та қашқанын.
Жалғыз өзі майданға еркін барып жүр,
Құмары сол Көрұғлы бектің қанып жүр.
- 2810 Кімдер келсін қарсысына бұл ердің,
Қарсыласқан қызылбас естен танып жүр.
Таудай ердің қайт болмаған талабы,
Жүргеннен соң қайтар ма екен араны.
Сегіз күндей қызылбаспен ұрысып,
Тас-талқан ғып шаһарын шауып алады.
Өзен бойын жағалатып айдады,
Қатын менен иесіз қалған баланы.
Кім таласар ердің берген бағына,
Тыңда сөзді, ескерімді тағы да.
- 2820 Елін шауып, апат қылып, бағынтып,
Тас тигізді қызылбастың жанына.
Қалай енді бұған ойы тез келді,
Шабуына барлығы да кез келді.
Қарсы келіп бетіне тоқтам бере алмай,
Өз-өзінен қызылбастар өзгерді.
Ойнақтатып келе жатыр еді Көрұғлы
Шаадаттың өзіне енді кез келді.
Таудай ердің қайт болар ма талабы,

- Түюлі жүр Көрұғлының қабағы.
Өлтірмеді шауып шаншып Шаадатты,
Тірідей сол сұлтан ұстап алады.
- 2830 Сарғайтады мұның да енді жүзләрін,
Келтіріп тұр өз басына кезләрін.
Атама еткен ахыретің осы деп,
Бұл да ойды екі қара көзләрін.
Шықыратты Шаадаттың жандарын,
Атқызбады енді қарап таңдарын.
Атасына еткен ісін қайтарып,
Көзден төкті жас аралас қандарын.
Басына істі Шаадаттың келтірді,
Жаһаннамға жанын оның жітірді.
- 2840 Егескенде екі талай қор қылып,
Шаадатты апат қылып өлтірді.
Кім таласар ердің берген бағына,
Дақ тигізді ойласаң ердің жанына.
Түгел барып бағынып дінге кірген соң,
Жинап алды майдан сынды залына.
Халқын жинап, Бабалыдай бабасын,
Шаадаттың отырғызды тағына.
Қариялардан қалған осы мысалы,
Кеуілінің Бабалының да кетті тосабы.
- 2850 Қызы бар еді Шаһида атты Шаадаттың,
Неке қиып Бабалыға қосады.
Маңайына барып ешкім тимеді,
Көңілінің қандай жақсы сүйгені.
Еткен еңбек Көрұғлыдан қайтып тұр,
Патша болып Бабалыңыз биледі.
Артық пенен көз салмады кеміне,
Не қыл дерсің Көрұғлыдай бегіне.
Бабалыны отырғызып сол таққа,
Еге қылды Шаадаттың жеріне.
- 2860 Көп жылқысын шығарып шаһар шетіне,
Өз анасын алып қайтты еліне.
Қабыл болды Көрұғлыбектің тілегі,
Алып ұшты енді сөби жүрегі.
Есен әкеп анасын алып оралып,
Ай жолына қайтып елге келеді.

- Бұрынғылардан қалған осы мысалы,
Кетпей қайтеді көңілдің енді тосабы.
Есен әйләп Күләйімдей анасын,
Кәждембекке тіршілікте қосады.
- 2870 Тапқан назар салмайды ма алапқа,
Өтіп жатыр бірнеше күн санапта.
«Талапты ерге нұр жауады» дегендей,
Көрұғлыбек жетті мұндай талапқа.
Жазылған сөз нұсқа болып баяғы,
Кеміс қалды Көрұғлының қаяғы.
Халық үшін арнап жазған еңбегі,
- 2877 Тамам болды Көрұғлыбектің аяғы.

[Жыршының түсінік сөзі]:

Бұл Көрұғлы ертеректе тарих болып әр ұлт өзінің тілінде жазып келе жатқан ғой мұны. Мана басында айтып кеттік қой қандай жағдайларменен, осындай тарих басталып кететіндігін. Бірақ мен мұны өз жанымнан шығарып отырғаным жоқ. Берігірек келген соң Керейіт Орынбай дейтұғын кісі айтып жүретін еді. Ол кісі менің өкіл әкем еді. Сонан құлағым көп қанығып еді. Қаныққанмен ойдағыдай толық айта алмай жүрдім. Ол Орынбайдан Қара тамыр Тұрымбет дейтін жырау алған екен. Тұрымбеттен Метей — Сарқасқа Молдахмет дейтін кісі алған екен. Молдахметпенен бірге филармонияда істеп жүргенімде Молдахметтен осының толығын үйреніп, халыққа 25 жылдай осыны тыңдатып жүрмін.

Көрүзганының
қызылбас Қалдарханның баласы
Райханмен соғысы
(Е. Есенжолов нұсқасы)

- Айла мәдет, Жаппар Хақ,
Сөйлесін деп біздерге
Беріп еді тіл мен жақ.
Бір қиссаны аяқтап,
Тамам етіп кетейін,
Жар болса егер әруақ.
Неше болып таралған
Бұл өзбектің баласы,
Түрікмен халық ішінде
- 10 Айырар ердің сарасы.
Қазақпенен бұлардың
Әуелінде бір екен
Атасы мен бабасы.
Түрікменнен шықты Толыбай
Тұлпар мініп, ту алып,
Ерлігінің уақытында
Халқы жүрді қуанып.
Мұның оғлы Жығалы,
Дұшпанменен айқасқан
- 20 Бұл да жүрді кек алып,
Дұшпанменен қылды ұрыс,
Ерлігі мұның сыналып.
Жығалының баласы
Патша болды Мұңлықбек.
Қызылбаспен соғысты
Қарап тұрмай бұлар тек.
Ер залыммен соғысып,
Басын жойды бұл ерлік.

- Жамағаты зар жылап,
30 Жесір қалды Алтыншаш,
Өзі сұлу, қолаң шаш.
Сұлулығы мұншама —
Көрген адам болар мас.
Бұрын тапқан бала жоқ,
Жүкті болып бишара,
Отыз бірде қалды жас.
- Біраз уақыт өткен соң,
Алтыншаш бір күн ауырды,
Бозұғандай сол шақта
40 Шақырып алды бауырды...
Бозұғланға айтпаққа
Кірді қиял есіне,
Сол шағында баян қып
Кіріп еді Қырық шілтен
Сол күні мұның түсіне.
«Алла салды, дариға,
Ғезиз басқа, нетермін?
Көргенім өтірік болмаса,
Ертеңгі күн бесінде
50 Дүниеден өтермін...
Аһ, дариға, арманда
Көңілім кетті тына алмай,
Бұл аурудан жазылып,
Белімді бекем буа алмай.
Кеткенім бе іштегі
Шырағымды көре алмай?!
- Өзімменен ішімде
Бірге кетті арыстан.
Текежәуміт халқына
60 Болса керек данышпан.
Құрсағымда тілеген
Несібесін алыстан.
Атқа мініп ер жетер
Маңына келмес еш дұшпан.
Бір айдан соң табармын,

- Ұмытып кетпей, шырағым,
Ашып ал көрді, Бозұғлан!»
Бозұғланға мұны айтып,
Жұмды көзін Алтыншаш.
- 70 Құдіретіне Алланың
Тағдыр жетіп қойды бас.
Жаназа оқып жиылып,
Апарып қойды қабірге
Ағайын, қауымы қарындас.
- Рақым етіп Құдайым,
Көр ішінде туғызып,
Жан беріп оны тербетті,
Ғаусыл, ағзам, Қырық шілтен
Іштірді қолдан шәрбатты.
- 80 Сүт шығып ана төсінен
Біріне-бірін емірентті.
Төстен бұлақ ағызып,
Көрұғлына жағызып,
Бірнеше уақыт жыл өтті.
Жеті жасқа келгенше,
Үйретіп әрбір ғылымды,
Атқарды бастан міндетті.
Моладан шығып жүретін
Көрұғлы ерге күн жетті.
- 90 Талаптары көңілінде,
Көрұғлы сыймайды.
Далаға шықпай тұруға
Еш тақаты болмайды.
Дүйсенбі күн тал түсте
Моладан шығып ерігіп,
Жалғыз өзі желігіп,
Жүгіріп жүріп ойнайды.
Бұл уақытта бала ғой,
Жалғыз ойын керегі.
- 100 Көрінгенге ұмтылып,
Талпынады жүрегі.
Айы, күні, мұңы жоқ,
Емшектен басқа керегі.

Жәмбілбелдің шөрі деп,
Топырақ, тасты қорған қып
Тілеген мынау тілегі:

- «Қазір Алла айтқанымды хош көрсе,
Бәрін маған дүнианың бос берсе.
Аға сұлтан, патша болсам түрікменге,
110 Ұзақ ғұмып жүз жиырма жыл бас берсе.

Жұртты жинап ақсақалдан бата алсам,
Молда жиып ғалымдардан хат алсам.
Аға сұлтан, патша болсам түрікменге,
Өзім жиһанкез Көрұғлыбек атансам.

Сүр бұлтпен аспандағы ойнасам,
Дұшпандарды бір шыбықпен айдасам.
Атса мылтық өтпейтұғын ер болсам,
Жүз мың жауды айдаһардай жалмасам.

- Бір Құдайдан мен тілеймін үмітті,
120 Дарбазаға соқтырсам болат кілітті.
Өзім жиһанкездей Көрұғлыдай ер болып,
Қасыма ертсем қырық бір атты жігітті.

Қасыма ертсем не жиһанкез балуанды,
Талап қылып мен жауласам жауларды.
Қырық бір жігіт қастарымда бір болса,
Құлатар ем асқар ала тауларды.

- Белге байлап аспаһандай болатты,
Көкке ұшырып мінсем сонда Ғиратты.
Ел-жұртыма он екіде хан болсам,
130 Өлгенімше жағып өтсем шырақты!..

Мен бір өтсем қатарыммен, теңіммен,
Болсам батыр дұшпан жүрмес шенімнен.
Перзент тумас перизаттан қатын бер,
Оймақ ауыз, құралай көз періден.

Көрұғлының шілтен болып достары,
Перизаттың қалам болса қастары.
Перзент тумас қатын алсам бір сұлу,
Болса дәйім оның он төрт жастары.

140 Пері нұры аспанменен таласпас,
Айтар сөзден Көрұғлыбек адаспас.
Күнде қыздай перизаттан қатын бер,
Бала тапқан қатын ерге жараспас.

Сен емессің шілтен, пірім құлақсыз,
Атқа мінсем іс қылмаспын тұрақсыз.
Дүниеде басты берме, Ғират бер,
Өтіп кетсем ризамын тұяқсыз.

150 Жәмбілбелге соқтырсам алтын шынарды,
Асқар таудай көрінсе биік мұнары.
Әр діңгекке жүзден атты байлатсам,
Бәрі бірдей мойнында алтын тұмары.

Қызылбасқа мен істетсем жұмысты,
Жүз мың жауға берсем едім тынышты.
Ұста жиып, патша болсам періге,
Аспаһандай соқтырсам өткір қылышты.

Мен салдырсам алтын таққа өрнегі,
Әр қылыштың болса ділда кемері.
Ешбір арман қалмас еді көңілде,
Қызылбасқа көрсетсем сан өнерді.

160 Бір Құдайға қылдым бүгін тәубаны,
Үлкен-кіші жинап алсам ағаны.
Күнде шарап қырық жігітпен ішкендей,
Алтынменен соқтырсам мейманхананы».

Көрұғлы сұлтан бүлініп,
Туғаннан жауға өшіккен.
Пендесі құры қалар ма,
Тәңірі жазған несіптен?

- Бақты ашылса біреудің,
Ғайыптағы нәрселер,
Жұмалап келер есіктен.
- 170 Сөкпеңіздер ғайыплап,
Келтірді деп нешіктен.
Себептерін айтайын,
Апаның сөзін ұмытып,
Арада неше жыл өтті
Бозұғланның кешіккен.
- Кешіккенін айтайын:
Бозұғланның бар екен
Ақбілек атты бір жары,
Ол күндегі адамнан
- 180 Артық екен ажары.
Соңынан ерген әуре боп,
Мал мен басын төрк қылар,
Біреудің түссе назары.
Ақбілекті әр жерден
Іздеушілер көбейді.
Қашпаса егер ұзаққа,
Таянғандай сықылды
Бозұғлан ердің ажалы.
- Күйген тауға Бозұғлан
- 190 Ақбілекті алып жөнелді.
Мінгені қара тұлпары,
Қиядан көріп іледі
Қолындағы сұңқары.
Ауламаққа көп екен
Құлан, құлжа, арқары.
Елсізге шығып дем алып,
Дұшпандардан құтылып,
Қасыреті жаңа тарқады.
- Апасының Бозұғлан
- 200 Айтқан сөзін ұмытты,
Көңілін мұнан суытты.
Етегінен Күйгеннің

Бір құланды қуыпты.
Құлан ұзап кеткен соң
Келе жатып Қарамен,
Бір сахара далада
Көп молаға жолықты.
Аң аулап жүр Бозұғлан
Сахара майдан даладан,
210 Өте берді гулетіп
Көп зиратты моладан.
Жалаң аяқ құм басқан,
Бір адамның ізі бар
Тым-ақ үлкен шамадан.
Тартты аттың тізгінін,
Көп зираттың ішінде,
Неғылып жүр деп бұл адам.

Көңілінде бар бұл күнде
Бозұғлан ердің санасы,
220 Әлгі іздің шыққаны
Қарап тұрса шамалап,
Тапсырып кеткен баяғы
Апасының моласы.
Жақсы адамның сөзінің
Қай күнде болмас екеуі,
Жер мен көктің бар ма екен
Арасында тіреуі?
Молаға батыр таянды,
Апасының тапсырған
230 Есіне түсіп сол жерде
Қақсаған зарлап тілеуі.
Із иесі аң емес,
Байқаса бөтен жау емес,
Көрде туып, көрде өскен
Көрұғлыдай жиені.
Зар етіп Хаққа қылды зар,
Өлмесем менің болар деп
Алды, артымның сүйеуі.
Жапанда өскен тағыға
240 Қашан қолы жетеді.

- Ердің есі кетеді,
Ұстауға талап етеді.
Түсіре алмай қолына,
Арада төрт ай өтеді.
Бозұғланды көрсе алыстан,
Зытып бір қашып кетеді.
Көрмегені жақсы екен,
Көріп қолы жете алмай,
Бозұғланның қайғы мен
250 Қапасы ішін өртеді.
- Сандалды батыр далада,
Қабырғасы сөгіліп.
Қиып тастап кете алмай,
Аш күзендей бүгіліп.
Төрт айдан соң Бозұғлан
Бар хайласын түгесіп,
Баладан қайтты түңіліп.
Келе жатқан батырды,
Көргеннен соң Ақбілек,
260 Алдынан шықты жүгіріп.
Бозұғлан сонда сөйледі:
«Сенсің менің, Ақбілек,
Сүйген жарым, алғаным,
Қалайша менің басылар
Дүниедегі арманым?!
Моласынан апамның
Бір тамаша ер көріп,
Күзетіп соны қалғаным.
Бар хайласын түгесіп,
270 Қапалықпен келіп тұр
Ұстай алмай нарларың.
Есіктің алды қар ма екен,
Қатар-қатар жар ма екен,
Бір перзентке дүниеде
Біздей де ешкім зар ма екен?!
Алып келсем сүйеніш
Болар еді қарағым,
Ұстар амал бар ма екен?».

- Сонда Ақбілек сөйлейді:
280 «Молада жүрген тағыға
Болып па едің ынтызар?
Шын тілеген бендеге
Болар деген Алла жар.
Мен айтсам сөздің мақұлын,
Ұстайтын оның ақылын.
Алма деген жемісті
Көп қылып сонда алып бар.
Тастап кетсең әр жерге,
Теремін деп жүргенде
- 290 Ілінбес пе екен ақсұңқар?
Молада туып өсірген
Алланың қалай пәрмені?
Жалғыздықтан кетіп жүр
Бозұғланның дәрмені.
Бітейін деп келеді
Тарыққан ердің арманы.
Теріп алып Бозұғлан,
Әр жерге әкеп тастады
Қызықсын деп алманы.
- 300 Көрден шығып Көрұғлы
Алмаға жатқан қарады.
Көргеннен соң қызығып,
Аузына бірін салады.
Тәттілігі батырдың
Көңіліне мұның ұнады.
Әр нәрседен хабарсыз
Далада өскен бала-ды.
Бір-бірлеп теріп үстіне
Бозұғланның барады.
- 310 Қараға мініп ұмтылды
Көргеннен соң Бозұғлан,
Көрұғлының іздері
Жол боп жатыр қазылған.
Қарасын көрмей қалады,
Қосылса да жақыннан.
Барса көрге Көрұғлы,
Тесігінің аузында

- Жатыр екен арыстан.
Тұрар емес шошынып,
320 Адасты батыр ақылдан.
Кейін қалды адамзат
Атпен қатар жарысқан».
«Өкпем күйіп жүгіріп,
Келіп тұрмын алыстан.
Қалайынша бұл жерде
Жатырсың келіп, данышпан?
Ұстайды деп қауіп етіп,
Адамзаттан қашамын.
Іздемесең қалың сор,
- 330 Орнымды бер, арыстан!»
Сонда арыстан сөйледі:
«Жау болуға жарамас
Танытайын ағаңды.
Ана сүтін емуге
Мұнан былай харам-ды.
Артыңнан қуған Көрұғлы
Бозұғландай тағаң-ды,
Білдір деп мұнда жіберген
Қырық шілтен бабаң-ды.
- 340 Енді саған көретін
Рұқсат жоқ анаңды».
Көрұғлы сонда сөйледі:
«Ей, арыстан, дүниеде
Мен бетіңді көрмеспін.
Айрылсам ана сүтінен,
Тірі де болып жүрмеспін.
Жалғаншының ләззаты
Шарабына бермеспін.
Пірлерім болса мәдеткер,
- 350 Еш біреудің сөзіне
Құлақ салып көнбеспін.
Екі қолды байламай,
Жөнділікпен жүрмеспін.
Жүз жиырма жас сұрағам,
Өтірік пірлер айтпаса,
Бұйрық жетпей өлмеспін.

Жөніңді маған білдірші,
Кім екенің білмеспін?».

- 360 «Ендеше баян етейін,
Жаныңа раушан егетін
Көріп тұрған піріңмін.
Жамандыққа қимайтын
Хош иіслі гүліңмін.
Әр уақытта жад етіп,
Ауызда сөйлер тіліңмін.
Кедергі болып асырмас,
Дұшпанға тартар беліңмін.
Қайрат-қуат беретін,
Қапаларың шығарар,
Көңілдегі желіңмін.
- 370 Танымасаң танырсың,
Көр ішінде жеті жыл,
Балапандай баулыған
Шайқыұлы піріңмін».

- Айтқаннан соң батырдың
Піріне көңлі бітеді.
Төменшілік жүзімен
Рұқсат бер деп жалынып,
Көп өтініш етеді.
Осылай сөйлеп тұрғанда
- 380 Қараменен сабалап
Бозұғлан ер жетеді.
Талқан қылып тау-тасты,
Тағы қашып Көрұғлы
Жүгіре тауға жөнеді.
Қанатты Қара тұлпарға
Бір көрсетпей қарасын,
Адастырып кетеді.

- Бозұғлан сонда зар етіп,
Бір Құдайға жалынды,
- 390 Астындағы тұлпары
Қара терге малынды.

- Қайғы түсіп көңіліне
Көздің жасы құйылды.
Пірлер медет бермесе,
Ұстар ісі қиын-ды.
Қызыр, Илияс пірлері
Себепкер болып сүрінтіп,
Көшке таман бір жерге
Бала шаршап жығылды.
- 400 Жатқан жерін көрген соң,
Атынан түсіп Бозұғлан,
Байлайын деп ойлайды.
Көрұғлы жатып жылайды:
«Адамзат маған зар ма еді,
Мендей ғаріп жетімге
Мынау дүние тар ма еді?!
Түсте қуып шаршатып,
Кешке таман ұстадың.
Менде кеткен әйтпесе,
410 Әкең құны бар ма еді?».
- Бозұғлан сонда сөйлейді:
«Сенен басқа менің жоқ,
Бұл уақытта тіреуім,
Жалғыздық түсіп басыма
Серік қыла алмадым
Көп түрікменнің біреуін.
Нағашың жүр қан жұтып,
Болмаған соң зар етіп
Алды-артымда сүйеуім.
- 420 Енді мені жылатпа
Көрде туған, Көрұғлы,
Айналайын, жиенім.
Білсең, балам, Көрұғлы,
Алыс емес жақының».

Ақылмен ойлап біледі,
Жеті жаста Көрұғлы
Ақ сұңқар құстай түледі.
Аруақтары жар болып,
Талаптары ойлаған

- 430 Ретіне келеді:
«Бұл сөзіңе нанбаймын,
Білсең айтшы, адамзат,
Менің әкем кім еді?».
- Бозұғлан сонда сөйлейді:
«Бас қосалық, шырағым,
Екі жерде жүрмелік,
Сұрасаң саған айтайын,
Мен нағашың жетімек,
Дұшпандармен соғысып,
- 440 Сенің әкең, қалқам-ау,
Шәһид болған Мұңлыбек!».
- Ақыл-ойы батырдың
Жаңа кірді есіне.
Барлығын баян еткен соң,
Кідірсің енді несіне?
Шайхыұлы сол күні,
Әуел бастан тамамдап,
Көрұғлыдай батырдың
Берген баян түсінде.
- 450 Жар болса тәңірі құлына
Даяр қылар керегін.
Көрұғлының Бозұғлан
Байлаған шешті білегін.
Есі кетіп қуанып,
Бақытымды Құдай ашты деп,
Баса алмады жүрегін.
Көзінің жасын тыймады,
Терісіне сыймады,
Болды деп қабыл тілегім.
- 460 Бозұғландай еріңнің
Көңілінен қайғы алынды.
Неше жылдай өсірген
Піскен қауын жарылды.
Арам тер боп бойында,
Мінгескен соң екеуі,
Қара тұлпар шабылды.

- Жүз мың жауға төтеп те
Беретұғын бір өзі
Арыстан мұнан табылды.
- 470 Қауіпсіз жүрген дұшпанның
Күні енді тарылды.
Моладан өте бергенде,
Көрұғлыдай жас бала
Тағасына жалынды:
«Тілегім бар, тағам-ау,
Қабыл етсең тілейін,
Рұқсат берсең анамды
Не халде екен көрейін!
Жансыз тәнін бұлақ қып,
- 480 Асырап еді анашым,
Барып оны көрейін.
Екі емшегін иіскелеп,
Көңілімді суытып,
Кешікпей, аға, келейін.
Кетемін ғой арманда,
Көре алмаймын жалғанда,
Ақ мамасын емейін!»
- «Болып тұрсың, қозым-ау,
Жапанда жалғыз шынарым,
- 490 Бұл жалғанда қалайша
Басылар менің құмарым.
Қайғыменен қан жұтып,
Бірнеше жыл байланған
Екі көзім жанарым.
Қашумен жүріп күн көрген,
Дұшпаным көп қорқамын.
Күйген тауда тұрағым,
Жібермеймін, шырағым».
- Көрұғлы сонда сөйледі:
- 500 «Қайран, ғазиз анам-ай,
Қорек алып төсіңнен
Жеті жыл жаттым жапанда-ай.
Дүние жүзін әуес қып,

- Ықтиярым жоқ басымда.
Жөн тартып енді барам-ай,
Оқымаған бәтдұға-ай,
Кетті тастап қарғама-ай.
Шарасыздан барамын
Тағамның сөзін қия алмай,
510 Қайрылуға жарамай».
- Көрұғлыны алып жөнелді
Бозұғланның көңілі өсіп,
Бірі іні, бірі аға боп,
Ақыл қосып, жөндесіп.
Күйген тауға келеді,
Тұлпарға қара мінгесіп.
Асығып шауып келеді,
Жолыққанша сұлуға
Ақбілектей кездесіп.
520 Мекен еткен Бозұғлан
Күйген таудың арасын.
Жаздым-ау деп келеді
Көңілдегі жарасын.
Қарап тұрып Ақбілек
Мінгесулі екі ердің
Көрді алыстан қарасын.
Көрейін деп жүгірді жиені мен тағасын,
«Өтірік пе, шын ба?» — деп,
Зар етіп Хаққа келеді,
530 Қолмен ұстап жағасын.
Көзінен ағып қанды жас,
Сүйіп жатыр иіскелеп
Көрұғлындай баласын.
- Ақбілек пен Бозұғлан
Мекен еткен неше жыл
Күйген таудың басында,
Көрұғлы ермек қасында.
Шаттықпенен жатады
Біраз уақыт осында.
540 Жан аямас Бозұғлан

Бұл уақытта тигеннен,
Жаннан қайтпас жүрегі
Қайратына сенгеннен.
Көрұғлы ермек қылсын деп,
Аң қумаққа Күйгеннен,
Бозұғлан ер қойып тұр
Көрұғлыдан жан аяуды.
Алыс емес аңдысқан
Дұшпан мұның таяулы.
550 Келе жатыр сандалып
Кербиеге қос артқан,
Батырдың көзі көреді
Қырық бір жүрген жаяуды.

Көргеннен соң Бозұғлан
Үйіне қайтып шабады.
Астындағы Қараны
Екі жақтап сабады.
Мекен еткен жайына
Көңілі қатты шошынып
560 Шабуыл қойып барады.

Сөйледі келіп Бозұғлан:
«Ай, шырағым, қайдасың?
Қырық бір дұшпан мен көрдім,
Жүрегім қатты сескенді,
Сен таппасаң айласын.
Қараға мініп қарсы бар,
Қару-жарақ асып ал,
Алдыңда жауың жайрасын.
Ғарып болған нағашың
570 Батыр туған ерінің
Көреді қашан пайдасын?!
Атқа мінсең, бағланым,
Жүз мың дұшпан болса да,
Маған аян қоймасың.
Дұғада мен болайын,
Кәміл пірлер қолдасын.
Бес қаруды іл бойыңа,

Қолыңа алған ақ сүңгі,
Шанышқанда қанға тоймасын.
580 Аспананды іл беліңе,
Келді дұшпан көріне.
Шарайна, білдік, дулыға
Ілші бір оны иніңе.
Тырнақ алды сапарың,
Бір Құдайға тапсырдым,
Жауды қоспа үйіріне,
Кеудеден жанын айырып,
Таянт қолын бүйіріне!».

Түрегеліп Көрұғлы
590 Қаруды алды қолына,
Түспекке жаудың соңына.
Оңар емес бұл күнде
Келсе дұшпан маңына.
Қараға мінді арыстан,
Несібесін тілеген,
Құрсақта жатып алыстан.
Баруға бетін түзер тұр
Жолдас алмай соңына.
600 Көрұғлы сонда сөйлейді:
«Бозұғландай нағашым,
Қарудың айтқын жайларын,
Әр тарап бұл күнде
Болуда тұр ойларым.
Жүз мың дұшпан болса да
Білмейсің бе, тағам-ау,
Сұлтаныңның жайларын!
Тірі болсақ, көрерміз
Қызылбас пен қалмақтың
Неше түрлі «тойларын»».

610 Бозұғлан тұрып сөйлейді:
«Сақтасын Құдай жат жаннан,
Бұйрығымен Алланың
Кәләм түсті аспаннан.
Мынау садақ қалыпты

- Рүстем мен Дастаннан,
Ер жігіттің көп болар
Жау ішінде қайласы,
Көпке тиер пайдасы.
Ибраһим мен Халелден
- 620 Қалған мынау найзасы.
Сұраған соң, шырағым,
Баян етпек дұрыс-ты.
Онан былай асқан соң,
Істерсің, қалқам, жүрісті.
Бабан өткен ер Дәуіт
Саған кеткен қалдырып,
Сауыт пенен қылышты».
Көрұғлы батыр қуанды,
Есітті мұны сүйініп.
- 630 Жау дегенде талпынды
Аш бүркіттей түйіліп.
Бес қаруды асынып,
Сауытты алды киініп.
Баруға бетті түзеп тұр
Сансыз дұшпан болса да,
Қамайын деп иіріп.
Бозұғлан сонда сөйлейді:
«Сымбатыңа-ай, шырағым,
Дұшпандар тұр қарасып,
- 640 Шыққан жоқ ең далаға
Кете көрме адасып!
Шеңгеліңнен құтылмас,
Келген жаулар сабасып.
Құтты болсын, сұлтаным,
Бес қаруың бәрі де,
Тұр бойыңа жарасып.
Бозұғлан тағы сөйлейді:
Бағланым жауға жөнелді,
Бұл дүниенің сардары.
- 650 Бітіп қайтсын бұл жолда
Жалғызымның арманы.
Сұлтаным қашан келгенше
Осы орында қозғалмай,

Нағашыңның тұрғаны,
Жауымды жаулап беретін,
Сенсің, жаным, қорғаны.
Жолдасың жоқ қасыңда,
Ғайыптан қолға түсіріп,
Кетпесес жауың болғаны.

660 Ақбілекпен екеуміз,
Шүкіраналық етіп ек,
Назарын пәс қып қайтарма,
Маған бергін бір тілек.
Біздер аз дүр, көп дүр көпір,
Салар қозым заман ақыр,
Сұлтаныма бергін медет,
Ғұмар, Ғұсман, Әбубәкір!..»

Көрүғлы ер жөнелді,
Қара атпенен сабалап.

670 Шошынар емес тұрса да,
Жүз мың дұшпан қамалап.
Күйген таудың басында
Отыр екен қырық бір ер.
Әрқайсысы арыстан, шер,
Салса бір көзін шамалап.
Көзін салып қараса,
Ойда біреу келеді,
Тас бұршақтай домалап.
Сапабек деген бір батыр

680 Бар еді мұның ішінде,
Қисабы жоқ күшінде.
Тоғысқанда жаулармен,
Он санға өзін бағалап,
Жолдасына сол шақта
Сапабек тұрып сөйлейді:
«Болады бүгін бір ерлік,
Намысты қолдан бермелік.
Беті қайтар ер емес,
Жеті жасар келеді,

690 Алайын деп жүгермек.
Бөлек-бөлек қашалық,

- Күйген таудың басында,
Қарап тұрып өлмелік».
Қаша-қаша жөнелді,
Кербие қалды байлаулы,
Жүгі қалды жайраулы.
Басына түсіп уайым,
Жаннан басқа нәрсені
Батырлар қойды ойлауды.
- 700 Көрұғлы жетсе артынан,
Бұлардың орны сайлаулы.
Енді шауып Көрұғлы
Кербиеге барады.
«Тырнақ алды олжам» деп,
Маңдайынан тақ етіп,
Анықтап белгі салады.
Қашқан ерлер иіріп,
Бір жерге әкеп қамады.
Құтылмасын білген соң,
- 710 Сапабектей асылзат,
Қол қусырып батырдан
Сауғаға жанын сұрады.
Құлақ салып сөзіне
Көрұғлы да тұрады.
Сапабектей асыл зат
Ұнады ердің көзіне,
Тар жерде болар жолдас деп,
Батырлардың жүзіне
Назарын тігіп қарады.
- 720 «Сұраған қырық жігітің
Осылар», — деп пірлері
Айтып еді өзіне,
Соны есіне алады.
Таныған соң Көрұғлы
Аттан түсіп көрісті.
Өңшең батыр шерлерге —
Жиһан кезген ерлерге,
Ғайыптан мұны тап қылған
Риза болды пірлерге.
- 730 Болсам керек Иншалла,

- Он үште патша Жәмбілге.
«Қырық жігітім, серігім,
Аманат қоям бұл жерге.
Бес жылдан соң бөліңе —
Алмас қылыш байлатып,
Арғымақ ат сайлатып,
Қос-қос дабыл қақтырып,
Түркімен халқын бақтырып,
Құс салып сайран егерсің
740 Науадақ деген көлдерге». Сапабек тұрып сөйлейді:
«Болса бұйрық Алладан
Жолдас болып ерерміз,
Неғылып күнді Күйгенде
Жаяу жатып көрерміз.
Бес жылға шейін бұл жерде,
Ас, киімсіз, жалаңаш,
Қалайынша жүрерміз?!
Біздерге рахым етіңіз,
750 Кербиені тастап кетпесең,
Біз күмәнсіз өлерміз?!». Көрұғлы тұрып сөйлейді:
«Бұл аштықтың, нарларым,
Түспеңіздер соңына.
Туған шығар, Иншалла,
Жұлдыздарың оңына.
Көрұғлының Сапабек,
Кәміл піріне жыласаң,
Арқар, құлан, киіктер,
760 Келіп түсер қолыңа.
Саятшы қып тапсырдым
Қырық шілтен жолыңа.
Талапты туған сардарым,
Тәуекелден бас бұрма.
Талапқа белін буғандар
«Далада аштан көлем», деп
Уайым-қайғы қылмандар?
Айтқанымнан бұрылып,
Бөтен жаққа бармандар.

770 Бөтен істі көңіліңе
Жігіт болсаң алмаңдар!
Бес жыл деген бес-ақ күн,
Уағдадан танбаңдар.
Аманат қып сендерді
Тапсырдым, бабам ер Қамбар.
Қамбар өзі қолдаса,
Айтатын қайғы не қам бар?!
Кербиені алып жөнелді,
«Аман бол, — деп, — Сапабек!

780 Өзім тірі жүргенде,
Дұшпандарға кетпес кек,
Бұл уақытта екпінім
Козғалтқандай жер мен көк».
Бозұғлан үйде жылайды,
Біреп жауға сыналмай,
Мінді деп атқа ертерек.
Батыр келді үйіне,
Тұлпармен қара соқтырып,
Тасып келді мақтанып,

790 Іздеген жауын бұқтырып.
Нағашысы қуанды
Көңіліне шаттық көп кіріп.
Жеңгесінің жанында
Жата берді Көрұғлы
Кербиені бақтырып.

Бір күндері болғанда
Аңға кетті Бозұғлан.
Талап етіп жол бастап
Бозұғлан үйде жоқ кезде,
800 Далада келіп бір адам
Жөн сұрайды дауыстап:

— Қоңыраулы қатар-қатар нар бар ма?
Сөз айтпаймын ақымақ туған заңғарға.
Қалдарханның баласымын — Райхан,
Бұл ордада сөйлескендей жан бар ма?!

Ер Көрұғлы мұны естіп сүйінді,
Қамқа тонды тал бойына киінді.
Сөйлеспекке Райхандай патшамен,
Үйден шығып тысқа қарай жүгірді.

810 — Танымаймын, аға, сенің затыңды,
Өтірік айтпай, рас айтшы атыңды.
Саған берген есен-аман сәлемім,
Түсіп берші астыңдағы атыңды.

— Ат таныған мұның өзі қандай бек?
Ғиратыммен дұшпандардан алдым кек.
Көзің тиер Ғиратыма, қарама,
Жеті жасар көрден шыққан жүгермек!

— Кетесің бе көзім жасын аққызып,
Мінер ме еді Ғиратыңды бақтырып.
820 Маған, аға, Ғиратыңды бермесең,
Кербиеме кетсең қайтер шаптырып?!

— Үйге барып патша екенім білдірсең,
Бір көргізіп іш-бауырымды күйдірсең,
Ғиратымның орамалы сол болсын,
Жеңешенді құшақтатып сүйдірсең.

Мақұл көрді мұның сөзін Көрұғлы,
Алаңғасар ердің ісі белгілі.
Сүйдірмекке Райханға бетінен
Үйге барды жеңгесін ап келгелі.

830 — Жан бітіріп сурет еткен Құдайым,
Тарқар еді көңілімнен уайым.
Ақ бетіңнен бір сүйгізші патшаға,
Кербиеме бір шаптырып қалайын.

— Бір ғапылық, қозым, бастан өтпесін,
Түбімізге осы Райхан жетпесін?
Тұла бойым тітірейді, шықпаймын,
Шықсам алып бұл зәнталақ кетпесін.

— Сен шықпасаң жеңге бетің көрмеймін,
Тірі болып бұл дүниеде жүрмеймін.
840 Мен тұрғанда қам жемегін, жеңеше-ау,
Жүз мың жауға қолдан сені бермеймін.

— Бір Ғиратқа нардай белің бүгілді,
Бұл сөзіме қабырғам, қозым, сөгілді.
Бір көрінсем — кетермін білемін,
Бітіріп қал, жетімегім, көңіліңді.

Жиенінің айтқанына ұялып,
Тұра келді Ақбілек белі бұралып.
Тұра келіп ақ орданың ішінде,
Ақ түлкідей болып жүрді шұбалып.

850 Көрұғлы тұр Ақбілекті тапсырып,
Райхан тұр ішкі сырын жасырып.
Неше жылғы ғашығы еді Ақбілек,
Ала қашты арғымағын шаптырып.

Бір кеткен соң келер ме енді қайрылып,
Алтын жыға сынды енді майрылып.
Балалықпен Райхан сырын байқамай,
Жеңгесінен қапыда қалды айрылып.

«Кең дүниеде маған бүгін болды тар,
Я, Мұхаммед, Алла досты пайғамбар,
860 Аңға кеткен нағашымды көрсетпей,
Бенде десең, Жаппар Құдай, жанымды ал?!

Адам болып қалай жүрем мен мұнда,
Қалдым сорлап мен қапыда, арманда.
Нағашыма мені тірі көрсетпей,
Жеті жаста аманатыңды, ал Құда!»

Жол боп жатыр Ғират ізі қазылған,
Тағдырда іс осылай дүр жазылған.
Осылай зарлап Көрұғлы бек жүргенде,
Төрт күннен соң келді аңнан Бозұғлан.

870 Үйдің келіп тұра қалды алдына,
Ажалсыздан өлмеген соң қалды да:
«Көрұғлы қозым, үйде осы бармысың,
Болсаң үйде, кел бері шық алдыма?!

Бір қапылық, қозым, бастан өтті ме,
Бір дұшпанның көңілі менен бітті ме.
Мен келгенде үйден неге шықпайды,
Алла қосқан Ақбілегім кетті ме?»

— Төрт күн болды мен айрылып жатыппын,
Сонда дағы бір қызыққа батыппын.
880 Жеңешемді жоқтамашы, нағашы,
Бір айғырдың тұқымына сатыппын.

— Сұлу жарым жоқтап едім, мен мұңдық,
Көңілімнен жаңа шықты қапылық.
Тұқым алсаң айғырынан болғаны,
Шыбын жаным сенен болсын құрбандық.

Құлын тапса, Ғират қылып мінерсің,
Есен болсаң, ұзақ дәурен сүрерсің.
Жеңгең үшін қам жемеймін, шырағым,
Аман болсаң бір күн алып келерсің.

890 — Үркер менен аспанда бар таразы,
Қиқу салар тауықтардың қоразы.
Бұл сөзіңе көңілім менің шаттанды,
Жан нағашым, саған болдым разы.

* * *

Уақыт толып біткен соң,
Кербие бір күн толғатты,
Шығара алмай жануар,
Ішіндегі Ғиратты.
От оттамай, су ішпей,
Дамылсыз жатып аунады,
900 Биеге батыр қарады.
«Құлыншағым, жазым болар, деп,

- Тұншығып өліп қалар», деп,
Шыдай алмай Көрұғлы
Аяңдап үйге барады.
Аспаһандай қанжарын,
Жұқа шаптың тұсынан,
Бісмiлла деп салады.
Қиған қамыс құлақты,
От орындай тұяқты,
910 Бір наз бедеу ішінен,
Шауып шықты жануар,
Бейне тұлпар сияқты.
Болды жаңа бір ермек,
Ерге берді бір тілек,
Жеткізді атқа құдірет,
Ойлағаны болған соң,
Көрұғлыға енді не керек?!
Кербие өліп артында,
Қалды құлын жетімек.
920 Бозұғлан келді шапқылап
Өрдегі жылқы ішіне,
Күнтүн жүріп дамылсыз
Жәмбілдің шықты беліне.
Жылқы салған айнала
Һауадақ деген көліне.
Он бие ап жөнелді
Жылқысынан бөлді де.
«Ғиратыңды еміз» деп
Он биені ап келді,
930 Күйгенде жатқан еріне.
Қой көтерер семізді,
Қатқанда бетін кім баспас
Түпсіз жатқан теңізді!
Құндаққа орап балаша,
Бір өзіне Ғираттың
Он биені емізді.
Бейне бала сияқты,
Көрұғлы батыр Ғираттың
Тілегенін жегізді.
940 Тәрбиелеп бағумен,

- Құнан тайдан бұл өсті.
Дөненінде үйретті,
Жібектен арқан сүйретті.
Бейне пырақ атындай,
Салған әбзал жарасты.
Жеңгесін кеткен қумаққа,
Бесті жасына қарамай,
Жалына батыр жармасты.
Жарқылдатып байлайды
- 950 Беліне гауһар алмасты.
Асықса да уақытсыз,
Пірлерден рұқсат болмасты.
Бір көргенше жеңгесін,
Көрұғлы батыр төзбесті.
«Арманда ғапыл қалдым», деп,
Өлгенше күдер үзбесті.
Жүгіріп жүріп далада
Табандарын тас кесті.
Қырық шілтен, ғайып ерен
- 960 Шүкірлік тауда кездесті.
«Қалдархан барам, — деп, —
Жеңгемді барып алам», — деп,
Рұқсат тілеп пірінен,
Сол жерде батыр сөйлесті.
Сонда пірлер айтады:
«Бір шапқан соң Ғиратты
Ала алмассың тоқтатып.
Күнтүн жүрсең шаршамас,
Алғайсың, жаным, ұмытпай,
- 970 Отыз күнде оттатып,
Берді бата пірлері»,
Шығатұғын кез болды
Ат пен ердің терлері,
Жаудан қайтпас тастүлек
Нағыз осы күндері.
Жиһанда жоқ, келіскен
Екеуінің түрлері.
(Бұл сөзімнің ішінде
Өтірік жоқ өңдері).

- 980 «Ақбілекті ізде, — деп, —
Үмітіңді үзбе», — деп,
Бата берген осы еді
Көрұғлының пірлері.
Пірлерінен бата алып,
Ғиратқа мінді арыстан.
Ойламайды қалар деп,
Қатар шапқан жарыстан.
Балдырғандай майысып,
Он үшке келген жасында,
- 990 Іздеді жауды алыстан.
Көрсетпей күшін Ғираттың,
Кім қорқады дабыстан?
Кірді қалың түбекке,
Кейін қалған көп елді,
Бозұғланға тапсырды.
«Қамалға қарай айда, деп,
Қозғады елді қоныстан.
Жұрт болыңдар бас қосып,
Қай уақытта келермін,
Осы барған ұрыстан?
- 1000 Мен тіріде Бозұғлан,
Кемдік болмас басыңа.
Ақбілекті көргенше,
Өмір берсін жасыңа.
Күйген таудың басында,
Қырық жігітім бар менің,
Сапабекке сәлем айт,
Ертіп соны қасыңа».
Бозұғлан сонда сөйледі:
- 1010 «Жаратушы бір Алла,
Көрұғлы үшін еттім зар,
Жүзі жарқын, беті ашық —
Бергіл бұған ықтияр.
Мен тапсырдым қозымды,
Үш жүз алпыс пайғамбар,
Өзіңнен мәдет болмаса,
Бір ғаріпте не хал бар?».
Бозұғлан және сөйлейді:

- 1020 «Есен болса, дұшпанға
Салса керек зымыстан,
Бағланымды тапсырдым
Хожа Ахмед Түркістан.
Барша пірлер аманат,
Тар жол, тайғақ кешуде,
Нашарларға болысқан» .
Ер Көрұғлы жөнелді
Күнітүні шер тартып,
Секіріп Ғират ойнатып,
Сулығын жүген шайнатып,
- 1030 Тұяқтан ұшқан тозаңы
Ғауадақтың жүзін шаңдатып.
Үстібасын шаң басты,
Дамыл алмай жол тартып.
Найзаның басын шоқтатып,
Садағын салған оқтатып.
Бір жүріп Ғират кеткен соң,
Ала алмассың тоқтатып.
Қаһарланды батырың,
Айшылықты аттатып.
- 1040 Тұяғы тиіп кеткенде,
Тасты күл ғып таптатып.
Ғират сынды жануар
Келе жатыр шаңдатып.
Көрұғлы келеді
Көзін салып қиядан.
Қарауыл қарап, жер сынап,
Неше түрлі алуан,
Осы күнде кез болса,
Қорқар емес жүз мыңнан.
- 1050 Жанында жоқ жолдасы,
Болмаса жәрдем Құдадан.
Көрұғлы іздеп жеңгесін,
Шығып кетті елінен,
Гулетіп өтіп барады,
Дымсыздының дөңінен.
Қарғытады Ғиратты
Таулы, тасты жерінен.

- Өткелі жоқ өтетін
Тұнжырап жатқан түбі жоқ,
1060 Көркін деген дарияның —
Соқты арыстан белінен.
Көрұғлы сонда сөйлейді:
«Атсыз ерде не хал бар?
Жаман аттың белгісі
Жауды көрсе шабандар.
Жан серігім, Ғиратым
Болды уақыт шабылар.
Қалдарханның шаһарынан
Мұрадым қашан табылар?
- 1070 Осы асудың бойында
Бауырыңды жаз еркін,
Бір секірсең аржаққа
Шықпайсың ба немене».
Мақтайды батыр жалынып,
Астына мінген Ғиратты,
Күдіре жалды, қыл құйрық,
Хайуан заттан сымбатты...
«Қолымнан менің келер деп,
Жай жүруім бекер деп,
- 1080 Шығып едім бұл жаққа.
Осындай қиын жерлерде
Салам саған салмақты».
Тәуекел деп Аллаға,
Астындағы Ғиратты
Көркіннен сонда қарғытты.
Балаша орап өсірген
Көрұғлы батыр құндаққа,
Мінбек үшін жау жаулап,
Ерегіскен дұшпанға
- 1090 Заман ақыр салмаққа.
Күнітүні жөн тартып
Қалдарханға бармаққа.
Ақбілекті айырып,
Райханнан алмаққа.
Бес жылдан бергі дерті бұл,
Өуелден айтқан серті бұл,

- Көзін салмай жанжаққа.
 Аспан көкпен таласып,
 Көркін дариядан әрі асып,
 1100 Ғират барып түсіпті
 Сексен қадам ар жаққа.
 Жүгіртумен Көрұғлы
 Келеді шаһар жанына.
 Қарамайды көз салып,
 Жайылып жатқан малына,
 Бұлардың көп азына.
 Жөн сұрасып сөйлесті
 Қой баққан елдің шалына.

Әлқисса, Көрұғлы сұлтан ар жаққа өткен соң, бірнеше күн сапар шегіп, Қалдарханның еліне келіп, қойшы шалдың киімін киіп диуана болып жүреді. Енді шаһарға кірмекші болып, Ғиратына сөйлейді:

- «Шығып едім он үшімде соғысқа,
 1110 Сыр білмеген талап етіп ұрысқа.
 Ғират атым, мен келгенше, аман бол,
 Берік болғын аспаһандай қылышқа.

Ғират атым, сенсің менің жолдасым,
 Қалдарханға жаяу кетті жолбарысың,
 Бес қаруға, Ғират атым, мықты бол,
 Бір аунаған жерлеріңде қалмасын!

- Бір ғапылық бұл басымнан өтпесін,
 Жаяушылық маған енді жетпесін.
 Шілтен пірім, Ғиратыма мықты бол,
 1120 Мен келгенше елге қашып кетпесін!» .

Әлқисса, таяқ алып, өзі жолға түсіп, кешке таман хан дарбазасына келіп тұрса, Ақбілектің даусын естиді. Ақбілектің Көрұғлының келгенін біліп сөйлегені:

— Жан жаратып сурет еткен Қүдіретім,
 Пайғамбардың артық сүйген үмбетім.

Аманесен, асылзатым, келдің бе,
Кейін қалған бізден жылап, перзентім?

Сен жалғызсың, көп дүр мынау қызылбас,
Зар жылама, көңілімді қыл қара тас.
Сен екенің қызылбастар білмесін,
Кейін тұрып, Көрұғлыбек, амандас.

1130 Көңілімнен жаңа шықты қапалық,
Жау қолында ғарып болған біз мұңлық.
Өлсем Хаққа осы күні ризамын,
Шыбын жаным болсын сенен құрбандық.

Белгілі болған бұл дүниеде дыбысың,
Жау дегенде болмас, сірә, тынысың.
Көп кешікпей, Көрұғлыбек, кейін қайт,
Қандай жерде болып келді жұмысың?

— Жерменжексен қызылбасты етпекке,
Түптүбіне дұшпандардың жетпекке.
Көңілің қандай, Ақбілектей жеңеше,
1140 Келіп едім алып қашып кетпекке?!

— Қызылбастар мазақ етіп күлмей ме,
Алла қайрат Көрұғлыға бермей ме?
Кетер едім сеніменен бұл түнде,
Өз байталым алып қашты демей ме?

Әлқисса, Қалдарханның бір сұлу қызы бар еді, соны алып кет, маған екінші мәрте келерсің дегені:

— Талдап шашты осы түнде өрейін,
Күн батқан соң алдап қызды келейін.
Құтпан уақты даяр болып тұрыңыз,
Шамам келсе, сұлуды ертіп келейін.
Сен келгенше осы жерде тұрайын,
1150 Талабыңнан қайтармасын Құдайым.
Бұл шаһарда онан асқан ару жоқ,
Өзі сұлу аты десең, Күләйім.

Әлқисса, Көрұғлыбекпен сөйлесіп қайтқан соң Ақбілектің Күләйімға келіп айтқаны:

— Қыз бикешау, талдап шашты өрелік,
Қызғалдақ гүл алтын бақтан терелік.
Ағаң ұйықтап жатқанында екеуміз,
Сейіл құрып біз бақшадан келелік.

— Бір ғапылық, жеңге, бастан өтпесін,
Аға оянып түбімізге жетпесін.
Күнде маған айтпаушы едің бұл сөзді,
1160 Шықсам, алып бір дұшпаным кетпесін.

— Талдап шашты қыз бикеш жан өрер ме,
Қараңғыда қызғалдақ гүл терер ме.
Сенің ағаң Райхандайын мықты ер,
Маңайына дұшпан батыл келер ме?!

— Жақсылық іс — жарым ырыс ырымды,
Қайырмаймын, жеңгем, сенің тіліңді.
Барар едім сеніменен қосылып,
Неге айтпайсың, жеңге, маған шыныңды?

— Алып шықсам алма мойның бұралтып,
1170 Бақша ағаштан гүл терелік түн қатып.
Қайғыдертке ішім толды, қыз бикеш,
Келейін мен бұл шерімді тарқатып.

— Ақылы асқан менің жеңгем нар ма еді,
Көрсет деген бір жігітің бар ма еді?
Әлі де сен маған шыныңды айтпайсың,
Бір Алланың сүйген құлы бар ма еді?

— Алтын, күміс Райханның қаласы,
Көңілімнің жазылмайды жарасы.
Неше күндей ғашық болып сыртыңнан,
1180 Көрсем деп еді Мырзабектің баласы.

— Барар едім сол жігітке сайланып,
Кетпес пе екен менің ағам оянып?
Райханнан мен қорқамын шықсам да,
Кешікпеймін барсамдағы айналып.

— Ғашық болған сұлу жігіт өзіңе,
Бұл жігіттің сынық қылма жүзіне.
Көп тоқтатып мен қасына қоймаспын,
Бір көрініп келесің ғой көзіне.

1190 Ертіп шықты алма мойнын бұралтып,
Бақша ағашқа бұлар келді түн қатып,
Он үш жасар Көрұғлыдай арыстан
Тұрған екен Ғират атын ойнатып.

Жұлдызы туды Көрұғлының оңынан,
Кім қуады қараңғыда соңынан.
«Мырзабектің баласы», деп нандырып,
Күләйімді тапсырады қолынан.

1200 — Аманесен өз жұртыңды көргейсің,
Көп кешікпей Көрұғлыбек келгейсің.
Қыз екен деп өз көңіліңді аудармай,
Бозұғландай нағашыңа бергейсің.
Нардай белі нағашыңның бүгілді,
Мен дегенде қабырғасы сөгілді.
Апарып бер аман-есен, Көрұғлы,
Осы қызды мендей көрсін көңілі.

Күләйімнің жоғын біліп, Райханның Ақбілекке айтқаны:

— Күн шыққанша күн жағыма қараймын,
Ерте тұрған, қатын, сенен сұраймын.
Қарасам да көрінбейді бұл үйде
Қайда кетті қарындасым Күләйім?

1210 — Үстібасым, тақсыр патшам, кірлендім,
Ерте тұрып кірім жуып жүргенім.

Сонан бері іске айналып жатырмын,
Қайда екенін қыз бикештің білмедім.

— Он үшінде Ғиратына мінгендей,
Аспаһаны аш беліне ілгендей.
Онан басқан еш дұшпаным жоқ еді,
Текежәуміт Көрұғлыбек келгендей.

Бір ғапылат бұл басымнан өткенді,
Ұйқы түпке осы бүгін жеткенді.
Онан басқа еш дұшпаным жоқ еді,
1220 Түрікменнен Көрұғлыбек алып кеткенді.

Көрұғлыдан мен айрылып келермін,
Ғиратыма енді нағып мінермін?
Жейдедамбал су болыпты, Ақбілек,
Тал бойыма не киімді киермін?

— Жоқ деп айтсам, бегім, көңілің қалады,
Бар деп айтсам, патшам, көңілің толады.
Екі көрпе алдыартыңа ілермін,
Бірі шапан, бірі камзол болады.

Райханның жанына ол келеді,
1230 Бостау қылып екі көрпе іледі.
Ер ерттетіп Ғиратына мініп ап,
Қос көрпені жалпылдатып жөнеді.

Құлақ салың Райханның сөзіне,
Салды көзін бесті Ғират ізіне.
Ерте тұрып қуып еді Райхан,
Көрінеді нақ тал түсте көзіне.

Көрұғлының атына айтқаны:

«Қаршығадай кеттім қызды ілдіріп,
Қарғы судан жүйріктігің білдіріп.
Зар жыласын артыңдағы Райхан,
1240 Қызылбасты кетші, Ғират, күйдіріп.

Мынау залым түскен екен соңыма,
Жұлдыздарым туған екен оңыма.
Ғаусыл, ағзам Ғиратыма бер медет,
Ұстап берме қызылбастың қолына!».

Ғиратына көңілі бітіп өседі,
Райхан залым арнамысты кешеді.
Бойын билеп қарғып еді дариядан
Қырық бір қадам ар жағына түседі.

*Райхан қарғытып еді, алды қырға, арты суға түседі. Сонда
Көрұғлыға айтқаны:*

— Жүз мың дұшпан келсе дамыл таптырма,
1250 Ғиратыңды басқа адамға бақтырма.
Қадірлеген Ғиратыңды Көрұғлы,
Қартайды деп бір байталға шаптырма.

Мен жете алмай Ғиратыммен қалғаным,
Өлгенімше іште кетер арманым.
Өз тұқымы Ғиратымның жау болып,
Атым жетпей қапыда мен болғаным.

Екі көзім жасқа толып жылайын,
Сені алдырып таптым, міне, уайым.
Ағаң қалды екі көзі төрт болып,
1260 Көргенінше хош аман бол, Күләйім!

Көрұғлының еліне келіп қырық жігітке айтқаны:

— Қырық жігітім, сен қыларсың ерлікті,
Мен көрсетпен тірлігімде кемдікті.
Көрген адам әбзеліңе таң қалсын,
Масатыдан атқа салғын терлікті.

Қырық жігітім сапарыңды ойлаңдар,
Жау дегенде жанған шоқтай жайнаңдар.
Қалдарханға талап қылды сұлтаның,
Тас кесердей алмас қылыш сайлаңдар.

Ұзақ қылды Көрұғлыға өмірді,
1270 Талай жігіт дәулетіңе семірді.
Қырық екісі басын қосып бір шықты,
Киіп алып өңшең болат темірді.

Ат құйрығын аса шөлде өргендер,
Жау көрінсе берен сауыт кигендер.
Көрұғлымен қырық екісі бас қосты,
Әрбірісі жүз мың жауға тигендер.

— Бір ғапылат Бозұғлан хан өтпесін,
Түбімізге дұшпан жауың жетпесін.
Текежәуміт халқын сізге тапсырдым,
1280 Мен келгенше алды-артыма кетпесін.

Баршамызда қаршыға құс бидайық,
Бедеулерді аса шөлде сынайық.
Қамшы сарғыл бедеу атқа, нарларым,
Майдан болса, ат шаппаққа лайық.

Бедеу атқа ерлер қамшы салады,
Бал Ғираттың шаңын көрмей қалады.
Көрұғлындай он үш жасар сұлтаның,
Тосып-тосып әр орында алады.

«Жолдас болдым, қырық жігітім, жасымнан,
1290 Қызыр, Ілияс еш кетпесін қасыңнан.
Өте алмайсың, қырық жігітім, дариядан,
Айналғанда бір айлық жол басынан.

Рұқсат берсең сіздерден мен кетейін,
Бір қарғытып дариядан өтейін.
Қырық бір арыстан, қош аман бол көргенше,
Қалдарханға бүгін өзім жетейін».

Ғиратының басын тура қаратты,
Бір он үш күн жемін беріп жаратты.
Шу дегенде алып ұшып жөнелді,
1300 Бейне дүлдүл секілді өзі қанатты:

«Ғират атым, басыңменен алыстым,
Ұшқан құспен, жануарым, жарыстың.
Ағыныңа мен келемін шыдамай
«Тарта-тарта екі қолым қарыстың».

Ғират айтты: «Патша хабар алыпты,
Қызылбасқа бізден хабар барыпты.
Құба таудың төбесіне тоғыз мың
Қарауылшы Райхан патша салыпты».

1310 «Бір Құдайға осы бүгін жылаймын,
Бұл қияда өзім шауып бұлаймын.
Екі жетім бұл жиһанда қосылдық,
Жау ішінде қайратыңды сынаймын.

Жау дегенде шыбын жаннан кешермін,
Түрікменнің Көрұғлыбек есермін.
Құба тауға осы бүгін жетпесең,
Басыңды мен екі жерден кесермін».

1320 «Аямай сал қамшыңды бір өзіме,
Құлағың сал және айтқан сөзіме.
Намаздігер болған кезде, Көрұғлы,
Көрсетермін Құба тауды көзіңе».

Жолындағы дариядан өткізді,
Көрұғлының Ғират көңілін біткізді.
Намаздігер болған кезде батырды
Құба таудың нақ басына жеткізді.

Әлқисса, Көрұғлы ұрыспаққа тұрғаны:

«Кейін қалды қырық жігітім, ерлерім,
Шарап берген қырық арыслан, шерлерім.
Қан төгілер осы бүгін кез болды,
Ғаусыл, ағзам, келгін бері, пірлерім.

1330 Ұрысайын қызылбаспен жүз алуан,
Сақтағайсың жұмле пірлер көп жаудан.

Бір өзіңе зар жылайын сыйынып,
Мәдеткерім сен болғайсың, ер балуан!».

Бұл сөзді айтып Көрұғлыбек зар жылап,
Ғиратының екі көзі жаудырап.
Намазшамның кездерінде еріңіз,
Қызылбасқа жаңа кірді «Аллалап».
Ғиратымен келіп еді ойнатып,
Қызылбасқа жаңа кірді шаңдатып.
Қырық ілтендей Көрұғлының пірлері,
1340 О да кірді бір жағынан таңданып.

Есіттіңіз бұл қиссадан талай сөз,
Ер Көрұғлы ұрыс қылды қара көз,
Аспаһанды сілтегенде жауына
Ұзарады сол уақытта сегіз кез.

Қызылбастың өкшесін атпен бастырды,
Жермен-жексен нешелерін тас қылды.
Ұрыс қылып Көрұғлы жалғыз өзі,
Тұс-тұсына қызылбасты қашқызды.

Һәр ұрыста шері зада арыстандай,
1350 Қар бұзылып, көктемде су тасқандай.
Он төрт күн ұрыс қылды Көрұғлы,
Өтіп кеткен Рүстем менен Дастандай.

Қызылбасты зар еңіретіп жүдетті,
Талқан қылып қызылбасты жүн етті.
Он жеті күн дамыл алмай қырған соң,
Құба таудың басынан төмен қан кетті.

Әлқисса, онтоғыз мың әскердің көбін қырып, азын қашырып,
тау басынан түсіп найзасын жерге шаншып қойғанда, найзасы
шыр айналып тұрмады, енді найзасына қарап бір сөз деді:

«Ер жігітке қарудың бар пайдасы,
Атсыз болмас ер жігіттің айласы.

1360 Шанышқан жерде айналасың, тұрмайсың,
Жауап бергін Халел-Ибраһим найзасы?!».

«Жеті жаста мені ұстаған жолдасым,
Көрұғлыбек көрде туған жолбарысым.
Өлтірмекке уәзірлермен сөйлесті,
Көріп тұрмын жеңешеңнің көз жасын.

Бір ғапылат батыр сенен өтпесін,
Осы жауың түбімізге жетпесін.
Осы түннен қалмай барып жеңгенді ал,
Бекер қаны мойныңызда кетпесін!».

1370 Дамыл алып Көрұғлыбек жатыпты,
Ұйқы көрмей қабақтары қатыпты.
«Бір азғана мызғып мұнда алайын»,
Ұйқы деген қатты жанға батыпты.

«Қырық қиял түскен екен ойыңа,
Бір қызықтың таяныпсың тойына.
Ұйықтаған соң оянбайсың, Көрұғлы,
Кер жалқаулық мінген екен мойныңа».

1380 Көрұғлыбек қарғып тұрды қозғалып,
Фиратына мінді найза қолға алып.
Мініп алып Көрұғлыбек жөнелді:
«Қызылбаста жеңгем болды, — деп, — шын ғаріп».

«Фиратым, сен төрт аяғың көтерсің,
Тыным көрмей дүниеден өтерсің.
Қалдарханға талап етті сұлтаның,
Қай уақытта ол шаһарға жетерсің?»

«Шыққан терім менің бойдан аққан соң,
Қызылбастың балалары жатқан соң,
Аямай, тарт, Көрұғлыбек, қамшыңды,
Жеткізейін құтпан азан айтқан соң».

1390 Ғират сонда ұшып көкке секірді,
Екі арада біраз уақыт өтеді.
Құтпан уақыты болғанында Ғираты
Қалдарханның қақпасына жеткізді.

Мықтыларын қызылбастар іздеткен,
Түніменен қақпалары күзеткен.
Төрт мың найза һәр қақпаның аузында,
Ойын ойнап сардарларын түзеткен.

Қызылбастың Көрұғлыға айтқаны:

— Қараңғыда атты жолға саласың,
Қайда кетіп сөйлеспестен барасың?
Ақылың жоқ жындымысың, ай жігіт,
1400 Айтшы бізге қай шаһардан боласың?

— Арғы атамыз пірге қылған қызмет,
Өзім өкем патша болған Мұңлыбек.
Өзім атым көрден шыққан Көрұғлы,
Қызылбастар, есітіңіз мұнан кеп.
Қызылбастар найза алып ұмтылды,
Көрұғлыбек аждаһадай құтырды.
Қызылбаспен ұрыс қылып бұл түні,
Айдың жүзі сәуле көрмей тұтылды.

1410 Қызылбасты Көрұғлыбек келіп састырды,
Өзіне-өзін дұшпандардың шаныштырды.
Түн ортасында ұрыс қылған Көрұғлы,
Тұс-тұсына қызылбасты қаштырды.

Көрұғлыбек қақпа аузын қан қылды,
Қалдарханды түн ортада даң қылды.
Төрт мың найза қызылбастан сындырып,
Өркімдерді көп тамаша таң қылды.

Көрұғлының Райханның ордасына келіп сөйлегені:

— Болар ма екен Жаппар Алла мейірбан,
Келіп едім Фиратыммен қиядан.
Арыстанның іздеп және келіп тұр,
1420 Үйде болсаң шықшы бері, жеңгежан!

Шақырса да жеңгесі оған келмеді,
Қайда екенін жеңгесінің білмеді.
Қаңтарды да Фират атын далаға
Енді жаяу ордасына келгені.

Төрт жағында бұл орданың жүгірді,
Жөн таба алмай қараңғыда мүдірді.
Қараңғылық үйдің іші болған соң,
Шамшырақты тұс-тұсына жандырды.

Көрүғлы жеңгесін таба алмай, Фиратына айтқаны:

«Қарайып тұрған менің қаным бар,
1430 Фират атым, енді қандай әлің бар?
Бұл мекеннен таба алмадым жеңгемді,
Жан-жағыңа батыл, Фират, көзің сал!».

«Бұл шаһардың мен таяндым шетіне,
Ол жеңешең кірмеді ме түсіңе?
Аман жатыр, қаһарманым, жылама,
Қырық бір құлаш зындан жайдың ішінде».

Фират өзі енді бастап жөнелді,
..... жаққа Көрүғлыны алып келеді.
Қараса да көз жетпейді түбіне,
1440 Бұл қиямет мынау оған көрінді.

Жан жаратып сурет еткен Құдіретім,
Пайғамбардың абзал қылған үмбетін.
Ақбілектей жеңешежан, бармысың,
Іздеп келді айыпты бір перзентің?!

— Медет бергін жігіттерге, Құдайым,
Көңілімнен жаңа шықты уайым.

Аман-есен, арыстаным, келдің бе,
Мен құрбандық дауысыңнан болайын?!

— Көрұғлыдай келді сіздің дарқаның,
1450 Иінімде бар болат сауыт қалқаным.
Мен тастадым, жеңеше, ұстап шыға көр,
Қырық бір құлаш өрген жібек арқаным.

— Маңдайымда менің көзім жайнаған,
Ай, шырағым, жеңгең соры қайнаған.
Ұстап шығар бұл арқанды шамам жоқ,
Екі қолым бекітулі байлаған.

— Ер емеспін іздеп келген бекер мен,
Бұл мен де түсіп кетер ем,
Тартып алар түскеннен соң кісім жоқ,
1460 Бұл жалғыздық басқа түссе нетермін?!

— Ер Көрұғлы қапа қылма өзіңді,
Ей, шырағым, көңілің неден бұзылды?
Көмек берер келіп сізге, сұлтаным,
Шақырсаңшы қырық шілтендей піріңді.

Көрұғлыбек сонда тұрып аһ ұрды,
Қысылған соң көміл пірді шақырды.
Шылауынан кетпейтұғын қырық шілтен,
Алыс емес, Қызыр, Ілияс жақын-ды.

Он үште еді Көрұғлының жастары,
1470 Қысым көрді бұл уақытта бастары.
Қызыр, Ілияс, көміл пірлер жар болып,
Жетіп келді бірі қалмай достары.

Қысылғанда бір Құдайым пана еді,
Арқанменен Көрұғлыны салады.
Қызыр, Ілияс, қырық шілтен жиылып,
Кезекпенен тереңнен тартып алады.

Шүкір қылды Жаппар Хаққа көңілі өсіп,
Шылауынан қалмас пірлер ілесіп.
Таң сарғайған мезгілінде Ғиратқа,
1480 Ақбілекпен шықты екеуі мінгесіп.

Ғиратының мінді екеуі беліне,
Бір қияның аты шапты шөліне.
Бес мың әскер Райханның соңында
Кеткен екен Архарумның шөріне.

Көп олжаға батыр қалды молығып,
Кәміл пірге көңілі оның толығып.
Құба таудың шыққаннан соң басына,
Қырық жігітке амандасты жолығып.

Көрұғлының Сапабекке айтқаны:

— Ер Сапабек, қашқан жауға барып кел,
1490 Рүстемдей бір ұрысты салып кел.
Бес мың әскер қырғаннан соң, Сапабек,
Райханды тірі ұстап алып кел!

— Осы тауда сіз тұрыңыз қарайып,
Бір ұрысты қылайын мен ғажайып.
Бес мыңменен ұрыспаққа барайын,
Бата берші, арыстаным, қол жайып?!

Көрұғлыдай сұлтанынан бата алып,
Архарумға қашқан жауға бет алды.
Ықыласымен сұлтан ата берген соң,
1500 Батырлар атты айдап жолға салады.

Қырық жігіт бұл арадан кетеді,
Екі арада біраз уақыт өтеді.
Бірнеше күн дамыл алмай қуған соң,
Райханның әскеріне жетеді.

Бес мыңменен барып ұрыс салады,
Кешікпей-ақ екі мыңын алады.

Аты шаршап болдырған соң ерлерің,
 Қырық бірі де қолға түсіп қалады.
 Қызылбастар аттың басын бұрады,
 1510 Көптігінен тұқымдары құрымады.
 Ғират біліп, Құба таудың басында,
 Байлауында ойын салып тұрмады.

«Бір бейнетті, Ғират атым, білдің бе?
 Батыл көзбен, жануарым, көрдің бе?
 Байлауында ойын салып тұрмайсың,
 Жауға кеткен қырық жігітім өлді ме?».

«Қырық жігітің Райханға барыпты,
 Екі мыңын кешікпей-ақ алыпты.
 Аты шаршап болдырған соң ерлерің
 1520 Қолға түсіп қырық бірі де қалыпты.

Ей, сұлтаным, мен айтайын сөз басын,
 Жауға түскен өңкей сенің жолбарысың.
 Байлауымда ойын салып тұрғаным:
 Көріп тұрмын қырық жігіттің көз жасын».

Көрцғлы:

— Ғиратыма мініп алып жөнермін,
 Мен айналып он төрт күнде келермін.
 Он төрт күнде егер қайтып келмесем,
 Ол дүниенің базарында көрермін.

Ақбілек:

— Қызылбастың туралап шаншы сыртынан,
 1530 Тұқым қоймай дұшпандардың жұртынан.
 Райханнан қиянатты көп көрдім,
 Шынжыр тағып жетелеп кел ұртынан.

Ай, шырағым, құлағың сал сөзіме,
 Тілек тілеп жас аламын көзіме.
 Құдай досты пайғамбарға тапсырдым,
 Төрт шаһаряр көмек берсін өзіңе.

- Ер Көрұғлы Ғиратына мінеді,
Қашқан жауға бетін қойып жөнеді.
Ерте тұрып қуған екен батырың,
1540 Нақ тал түсте Райханды көреді.

— Бенде болған нарларымда арман көп,
Ойладың ба мені өліп қалған, — деп.
Іздеп келді арттарыңнан Көрұғлы
«Қайдасың, — деп, — қырық жігітім, Сапабек?».

Қырық бір жігіт көрді жаудың айдауын,
Жау алғанда көрді олардың жайлауын.
Сұлтанының даусын естіп батырлар
Дал-дал қылды темір шындыр байлауын.

- Алла қосып қызылбастан несіпті,
1550 Көрұғлының айтқан сөзін есітті.
Босанған соң қырық жігіт бас қосып,
Айғай салып қызылбасқа тиісті.

Көрұғлы алды аспаһандай қылышты,
Көп дұшпандар көріп қашып жылысты.
Қырық екісі басын қосып батырлар,
Бірнеше күн қызылбаспен ұрысты.

- Екі мыңды сап қылышты осыдан,
Қолға түсті жалғыз өзі Райхан.
Жаяу айдап Ақбілекке әкелді,
1560 Неше түрлі бейнет көріп қысылған.

Көп азаппен Райхан патша өледі,
Жәмбілге Көрұғлы қайтып келеді.
Райханның қазынасы көп екен,
Алып келіп Бозұғланға береді.

Көрұғлының дабылы жұртқа кетеді,
Патшалықпен барлық өмірі өтеді.
Өз сүйгені Ақбілекке қосылып,
Бозұғлан хан мұрадына жетеді.

Көрұғлы мен Безерген

(Белгісіз жыршы нұсқасы)

Көрұғлының жүз жиырмаға келген кезінде екі қауіпті жауы бар екен. Бірі — қызылбас Безерген батыр. Екіншісі — қалмақ Көбікті екен. Текежәуміт елін шауып аламақ болып Безергеннің он екі мың қолымен келе жатқанын Көрұғлы естиді, сонда Көрұғлы: «Әлім келсе жақсы, келмесе бек ұят іс болар, не де болса алдынан шығып көрейін», — деп Ғиратына мініп, жағын жібекпен таңып, Безергеннің алдына келеді. Сонда Безерген Көрұғлының Ғиратын танып, аттың үстіндегі кісіні «Көрұғлы» деуге қомсынып, оған айтқан сөзі екен:

— Мен таныдым Көрұғлының аттарын,
Қайда кетті Көрұғлыбек заттарым?
Қызылбаста Безерген ер боламын
Шапсам керек түркіменнің халықтарын.

Ғират мініп қайсы жаққа барасың,
Көрұғлының жайын баян қыласың?
Атың танып, танымадым мен сені,
Әй, жігітім, қайсы жаққа барасың?!

Сонда Көрұғлы «мен оның құлымын» деп жауап берген екен:

— Перзентсіздің сүйіп алар ұлымын,
10 Қарны ашқанның базарға сатар құлымын.
Менің атым ер Қашамшам болады,
Қызметшісі Көрұғлының, құлымын.

— Көрұғлының қайратына мұз қатты,
Жарылқаса дұшманыңа таң атты.

Қызылбаста Безерген ер боламын,
Баян етші, қандай еді қайраты?

Көрұғлы үшін шыбын жаннан кешемін,
Күнде шарап сұлтанымен ішемін.
Күресемін Көрұғлымен Жәмбілде,
20 Күрескенде мен итжығыс түсемін.

— Қызылбастан Безерген ер келеді,
Қаршығадай «Көрұғлыны» көреді.
Құр дыбысқа мақтайды екен түрікмен,
Сендей болса тақымымда жүреді.

— Барсаң көзің Көрұғлыны көреді,
Көрұғлыбек барсаң сені біледі.
Айдалада мақтанбашы, қызылбас,
Үлкен қызық егескенде болады.

— Көрұғлыдан асып туған қатарым,
30 Жыға алмасам елге не деп қайтармын.
Өгер барсам Көрұғлыны, Қашамшам,
Бір қолыммен мен аспанға атармын.

— Ей, қызылбас, алыспаққа құмарсың,
Тақымында Көрұғлының жыларсың.

— Көрұғлыны жықпайды деп ойлама,
Ерегіссек осы сөзің пайда ма?
Бір қолыммен мен аспанға атармын,
Ей, Қашамшам, меніменен ойнама!

— Барсаң көзің Көрұғлыны көреді,
40 Аты шыққан о да атақты ер еді.
Айдалада мақтанбашы, қызылбас,
Кім жығарын бір Құдайым біледі.

Екеуі аттан түсіп күресе кетеді.

Атағымен жұрттан атын оздырды,
Мықтылықпен жүрген жерін тоздырды.
Ашуланып ұстап алып Безерген,
Атып көкке Көрұғлыны жіберді.

Көрұғлы ұрыспенен күн кешті,
Ер Қашамшам Безергенмен кездесті.

— Бұл жығысың жығыс емес, Безерген,
50 Жығылмадым, сеніменен тең түстім.

Қайтасынан ер Безерген ұстады,
Әскер тұрып бір қызыққа батады.
Ұстағанда шыдатпады қайраты,
Және бұлғап Көрұғлыны атады.

— Ей, Қашамшам, қайратымды көр, — дейді,
Жығалмадың ба әлде болса сен, — дейді.

— Бұл жығысың жығыс емес, Безерген!
Жығылмаймын әлде болса мен, — дейді.

«Жықпадың» деп әлі де үзбеді күдерді,
60 Қайраттанып салды дұшман өнерді.
Ашуланып ұстап алып Безерген,
Көрұғлыны аспанға атып жіберді.

Көрұғлы үшке дейін күресейін, жықсам, өлтіріп кетейін деп ойлап еді, әлі келмейтін болған соң, өзінің Көрұғлы екенін білдіріп, бір сөз дейді:

— Ей, Безерген, өлмей дінге кірерсің,
Нұр сипатын ердің танып білерсің.
Атты танып, танымадың сен мені,
Қазір енді, ей, Безерген, кім дерсің?

— Ей, Қашамшам, безендірдің тіліңді,
Сасқаныңнан шығарасың мініңді.

Танымаймын Көрұғлыдай еріңді,
70 Кім де болсаң, айтшы маған шыныңды?

— Ғарыптардың қарағандай көзімін,
Дұшмандардың аузындағы сөзімін.
Ей, Безерген, енді таны батырды,
Жәмбілбелде Көрұғлының өзімін!

— Арзан менен жаман білмес қымбатың,
Балуандай емес сенің сымбатың.
Өзің осал ер емессің, Көрұғлы,
Сонда да бар көңіліңде қайратың.

Көрұғлыбек, берген сенің тілегің,
80 Айтқаныңа мен таң қалып күлемін.
Өзің осал ер емессің, Көрұғлы,
Жолбарыстан артық екен жүрегің.

Атқа мінсем алмаған жауым қалмады,
Тақымымда талай дұшман зарлады.
Бәрекелде, шыныңды айттың, Көрұғлы,
Айтқаныңа ер Безерген таң қалды.

Аспандағы Үркер менен Таразы,
Сен екенсің Жәмбілбелдің қоразы.
90 Менен қорықпай өз атыңды тура айттың,
Болдым саған Көрұғлыбек мен разы.

— Астымдағы сен таныдың Ғиратты,
Үстіндегі танымадың бекзатты.
Өлгенімше мен жалған сөз айтпаспын,
Сағым сынып кеткенім сенен ұят-ты.
— Көрұғлыбек, аттан түсіп шарап іш,
Жалған айтсаң көрсетермін талай іс.
Ахиреттік дос болайық, Көрұғлы,
Бұл достыққа шын ер болсаң, белің шеш.

Көрұғлының ерлігіне мас болды,
100 Талай дұшман Безерген қас болды.

Көрұғлының ерлігіне таң қалып,
Сол арада құшақтасып дос болды.

Безерген мен Көрұғлы өз елдеріне қайтпақшы болады. Сонда
Безергеннің айтқаны:

— Қош-аман бол, Көрұғлыдай асылзат,
Жәмбілбелдей шаһарыңа кейін қайт.
Екеуіміз де еш қиянат етпелік,
Бір-бірімізге болсын жұртым аманат.

Көрұғлы айтты: «Жүрген жерім түз» деген,
Өлгенімше жау мекенін іздегем.
Екеуіміз де еш қиянат етпелік,

110 Қош, ей, достым, жүре берші, Безерген.

Көрұғлы ойлайды: «Бұрын дұшманмен дос болғаным жоқ еді.
Қазір дұшманнан ыққандай болып дос болғаным бек ұят іс болар,
мұны не де болса өлтіріп кетейін», — деп соңынан ере берді.

Былай шығып ер Көрұғлы ойлайды,
Соны өлтірмей Көрұғлыбек тынбайды.
Ер Безерген асып еді таулардан,
Көрұғлыбек енді алдынан орайды.

Бірін-бірі жүрген жерін көреді,
Көрұғлыбек бұ да артынан ереді.
Күн ұяға барғанында Безерген
Он екі мың әскерлерін бөледі.

Көрұғлы сайға түсіп күзетті,
120 Атамын деп садақтарын түзетті.
Кер ат мініп келе жатыр Безерген
Атайын деп садақтарын кезепті.

Қорамсаққа ер Көрұғлы қол салды,
Алтын садақ, болат ұшты оқ алды.
Қайратымен тартып еді Көрұғлы,
Өкпеліктен оғы барып жоғалды.

Көрұғлы атты да қашты. Оны қашырмай, әдісін асырмай,
аттың үстінен жұлып алып, Безерген бір сөз деді:

— Сеніп едім Көрұғлыдай досыма,
Көр қылмадың көңілімнің хошына.
Мәрттігіңді жаңа білдім, Көрұғлы,
130 Ақырында көрсеткенің осы ма?

— Сайда түсіп, ай, Безерген, жатып ем,
«Сеніменен дос болдым» деп айтып ем.
Сен екенсің, мен білмедім, Безерген,
Түнде жүрген ұры ма деп атып ем.

— Көрұғлыбек, енді бітті арманың,
Дос болдым деп мені бекер алдадың.
Өлгеніңше шыныңды айтшы, Көрұғлы,
Жарамайды ер жігітке жалғаның.

Бақылдықты ер Безерген сұрады,
140 Жүзін көріп Көрұғлыбек ұялды.
Шын өлерін ер Безерген білген соң,
Бір сөз айтып Көрұғлыға жылады.

— Өлі де болса, Көрұғлыбек, сыйлаймын,
Қаһарлансам шамам келер ойлаймын.
Ахиреттік дос атанған, Көрұғлы,
Өлтірер ем, достығымды қимаймын.

Өзім өлсем, он бір інім бар еді,
Палуан туған барлығы да нар еді.
Өлсем дағы, Көрұғлыбек, орным көп,
150 Құрып кетер сенің орның тар еді.

Текежәуміт сенің халқың ер еді,
Ғаріптерге пана болған жер еді.
Қазір сені өлтірер ем, Көрұғлы,
Жалғыз туған алды-артың кем еді.

Көрұғлыбек, сен еліңе қайтарсың,
Есіңе алсаң күнде дұға айтарсың.
Енді өлдім, Көрұғлыбек, аман бол,
Дос жазаңды Тәңірі алдында тартарсың.

160 Безерген де ақылы бар ер еді,
Бір Алланың салғанына көнеді.
Айтып-айтып, Көрұғлыны ұялтып,
Сапар шегіп ол дүнияға жөнелді.

Көрұғлыбек аттың басын тартады,
Сөздері өтіп сүйегінен қайтады.
Бір пұшайман ерге түскен секілді,
Бес күн, бес түн тамақ ішпей жатады.

170 Көрұғлының көңілінде арман бар,
Өлтіргенге Көрұғлыбек болды зар.
Сырын айтпай Көрұғлыбек еліне
Құдайы ғып беріп жатыр бес жүз нар.

— Сөзім тыңда менің айтқан, халайық,
Іс қылдым мен ерлігіме лайық.
Өзім қылған бір ісіме өкініп,
Жүзім кетті гүлдей болып сарғайып.

Бір кемдікті ерлігіме келтірдім,
Мәрттігімді бір жерлерге білдірдім.
Өп-өтірік Безергенмен дос болып,
Өкпеліктен атып оны өлтірдім.

180 Мойынымнан менің күнәм түсер ме?
Хақтан әмір келіп мені кешер ме?
Бір себеппен Безергенді өлтірдім,
Құран оқысам, Құдай оны кешер ме?

Көрұғлыбек үйіне келіп ойлады: «Оның он бір інісі кегін алмай жатпас», — деп. Қарауылға қырық жігіттің бастығы Сапабекті шақырып алып. Көрұғлының айтқаны:

— Ей, Сапабек, айтар сөзім берік те,
Кешке қалмай Бозтарланды ерітте.
Қарауылға жіберемін мен сені,
Бір нысана Көрұғлыбек білет те.

Белге байла түрлі-түрлі жарақты,
Ұшын қайра ділда алтын садақты.
Адырлыдан қарауылды қараңыз,
190 Бұл қарауыл елге мұрат, талап-ты.

Қызылбастың халқын маған қас қылдың,
Аш-арықты дәулетімде мас қылдым.
Келгеніңше қош алдияр, Сапабек,
Дәуітұлы Сүлейменге тапсырдым.

Ей, Сапабек, маған ерген жараным,
Сенен басқа менің жоқ-дүр адамым.
Қарауылдан көп кешікпей жылдам қайт,
Сен келгенше менің болмас қарарым.

— Көрұғлыбек, қабыл алдым сөзіңді,
200 Көремін бе, көрмеймін бе өзіңді?
Көре алмастай күндер туса басыма,
Көп ішіп ем, кешіре гөр тұзыңды.

Қарауылға, Көрұғлыбек, жөнедім,
Жау дегенде құстай ұшып түледім.
Көремін бе, көрмеймін бе өзіңді,
Аға сұлтан, Тәңірі алдында көрермін.

Көрұғлыбек, саған ерген жаран-ды,
Сен болмасаң, менің күнім қараң-ды.
Көре алмастай күндер туса басыма,
210 Мен тапсырдым қатын менен баламды.

— Ей, Сапабек, мұнша болдың неге зар,
Қырық жігіттің бастығы едің, ей, сардар!
Дәулетімде қапаланба, Сапабек,
Бізге болар бір Алланың өзі жар.

Бозтарланның басын жібер сол жерге,
 Мен тапсырдым Шайхы Уәли пірлерге.
 Дәулетімде қапаланба, Сапабек,
 Есен болсаң, бір келерсің елдерге.

220 Адырлының шықсаң егер басына,
 Мехнатқа жолдас болдың жасыңда.
 Дәулетімде қапаланба, Сапабек,
 Қырық шілтендер көмек болсын қасыңда.

Сапабек бұрын мұндай қапаланбайтын еді, бұл жолы өз-өзінен қапаланып, жер-суына, тау-тасына амандасып жүре берді.

— Жатқан жерім мекен етіп Жәмбілбел,
 Жау дегенде жаранады түрікмен ел.
 Көремін бе, көрмеймін бе қайтадан,
 Қош-аман бол, көргенімше Һауадақ көл.

230 Мекен еттім Шүкірлідей биікті,
 Бауырында аулаушы едім киікті.
 Барса-келмес бұл сапарға айдады,
 Мекен-жайым қалып еді Күйікті.

Қош-аман бол, аққан бұлақ суларым,
 Қайтарармын тура келген жауларын.
 Мәжіліспен жатушы едім бір күнде,
 Аман да бол, асқар ала тауларым.

Түркіменнің ер Сапабек баласы,
 Көңілде бар Жаппар Хақтың санасы.
 Ат шабуға жапан дала, жайлы едің,
 Қош-аман бол, мекен-жайдың сарасы.

240 Мәдет берген Балуан ата пірлерім,
 Бұл мекеннен енді кетті ерлерің.
 Мәжіліспен жатушы ем бір күнде,
 Аман да бол, қырға біткен гүлдерім!

Осыны айтты да, он екі күнде Адырлының басына шығып, қарауыл қарап, ешнәрсе көрінбеген соң аң аулап жата берді.

Адырлының таулары бар биікті,
Аулай берді ер Сапабек киікті.
Қызықпенен ер Сапабек білмеді,
Бір күндері көп әскерге жолықты.

Ол әскер он екі мың қолмен келе жатқан Безергенің он бір інісі екен. Сапабекті көрген соң Безергеннің кенже інісі Қалдарханның айтқаны:

— Астыңдағы бізге бергіл тайыңды,
Түркімен болсаң екі көзің ойылды.
Қорықпай келген бұл әскерге қай бекзат,
250 Айтшы бізге, қай мекеннен жайыңды?

Адырлының шаң қылыпсың арасын,
Сен атыпсың таудағы аңның бөрісін.
Шыныңды айтшы түркіменнің баласы,
Қай мекеннен, қай шөһерге барасың?

— Мініп шықтым Бозтарланның белінен,
Шығып едім түркімендей елімнен.
Ат-жөнімді мен айтпаймын, Қалдархан,
Талап еттім Жәмбілбелдей шәрімнен.

— Қызық болар екеуімізге ұрыспақ,
260 Түркімен болсаң олжа болдың өзің-ақ.
Жалынсаң да өлтіремін мен сені,
Неге өлтірдің Безергенді, өзің айт?

— Ғаріптерге мен бір болған панамын,
Алла бұйырса, басыңды үзіп аламын.
Мен шынымды, о, Қалдархан, айтайын,
Көрұғлыдай мен дұшманың боламын.

— Арзан менен жаман білмес қымбатты,
Көрұғлының жоқ деп еді боз аты.

270 Меңземеймін Көрұғлыға мен сені,
Ұқсамапты астындағы Ғираты.

— Ғиратыма алтын ақыр соқтырып,
Арқанына алтын қазық қақтырып,
Бозтарланым Ғиратымнан кем емес,
Ғиратымды үйге кеттім бақтырып.

— Талап еттім мен бұзбаққа елінді,
Талқан қылып тау-тасың мен жерінді.
Ей, Көрұғлы, мен кесемін басыңды,
Неге өлтірдің Безергендей ерімді?!

280 — Тарта сөйле, ей, қызылбас, тіліңді,
Ашулансам сен баспайсың ізімді!
Мен өлтірген Безергенді еріңмін,
Қаһарлансам және алармын өзінді.

Сапабекке дұшман салды найзасын,
Таудай қылып екі батыр айласын.
Қалдархан мен ер Сапабек алысты,
Көрұғлыға тигізсем деп пайдасын.

290 Бұл ұрыстан ес-ақылдан айрылды,
Көрұғлы деп Сапабек те зар қылды.
Кезекпенен найза салды екеуі,
Болат найза ортасынан қайрылды.

Көрұғлының ер Сапабек достары,
Жау дегенде көңілінің қоштары.
Бір Аллаға ер Сапабек сиынып,
Қалдарханның басын кесіп тастады.

Өліктерге толтырады даланы,
Ауырлады ер Сапабек жараны.
Әлден кеткен ер Сапабек секілді,
Үш мыңдайын өлтірген соң адамды.

- 300 Бір Аллаға ер Сапабек жылады,
Есін танып Бозтарланнан құлады.
Құлаған соң тамам дұшман жиналып,
Өлтіріп тастап, атын алып барады.

Көрұғлы алтын үйде жатып түс көріп, мейманханаға келіп,
қырық жігітті оятып бір сөз дейді:

— Таудан қандар бүгін түнде төгілді,
Біреу шауып жарағынан бүгілді.
Алтын үйде ұйықтап жатсам, жігіттер,
Қабырғамның оң жақтары сөгілді!

- 310 Қырық жігіт енді мінің атыңа,
Қорқақ болып қарамаңыз артыңа.
Қарауылға кеткен досым келмеді,
Кел, барайық ер Сапабек досыма.

Бір Алланың өзі болғай жарларым,
Қарауылда өлген шығар тарланым.
Қайрат сынар күндер бүгін, жігіттер!
Хасанұғлым, жылдам жүрші палуаным.

Ғабиболла, жылдам жүргіл, Ғауазхан,
Біз айрылдық Сапабектей данадан.
Ей, жігіттер, айтамын мен зарымды,
Аямаймын Сапабектен барымды,
Сапабегім бенде болған нарым-ды.

Ғауазхан, Хасенхан, Ерсақия, Көрұғлы қырық жігітпен
жауға аттанды.

- 320 Қырық жігіттің бәрі алтын садақты,
Кем емес-ті, бәрі бірдей талапты.
Сапабекке ер Көрұғлы күйініп,
Ат маңдайын Адырлыға қаратты.

Тынбай жүрді Көрұғлыбек түн қатып,
Ғиратына алтын сулық шайнатып.

Тынбай жүрді Көрұғлыбек арадан,
Астындағы бедеулерін ойнатып.

330 Адырлының кездесті олар шаңына,
Ұрыс қылған қызылбастай жауына.
Соғыс қылған Сапабектің жері екен,
Күйін деген жетіп келді тауына.

Көрұғлының мұны көрді көздері,
Он екі аттың жатыр екен іздері.
«Белдерінді мықтап байла, достар» деп,
Жігіттерге және айтқан сөздері:

— Ер Сапабек қайсы жерде қор болды?
Ізін таппай Бозтарланның зор болды.
Түске дейін қырық жігіт із кесті,
Із таба алмай қырық жігіт таң болды.

340 Қан төгілген жерлеріне қарады,
Үш мың өлік Көрұғлыбек санады.
Не өлісін, не тірісін біле алмай,
Ізіменен қуып кетіп барады.

Қыла алмапты ер Сапабек айласын,
Жігіттері аралайды тау-тасын.
Бір шетінен жүріп еді Хасенхан,
Тауып алды Сапабектің найзасын.

350 Қырық жігіт те шапшаңдата жүрісті,
Жау дегенде арқалары құрысты.
Бір шетінен жүріп еді Ғауазхан
Тауып алды аспаһандай қылышты.

Қайтарды Алла Сапабектің талабын,
Әр қаруын көрген сайын жыладым.
Ерсақия жүріп еді бір жақтан,
Тауып алды алтын садақ балдағын.
Шыбын жаннан ер Сапабек кешер ме,
Ерлер өлмей қолдан қару түсер ме?

- Жұр, ерлерім, енді әскер кетпесін,
Дұшман қашып шаһарына жетпесін.
360 Сапабек деп жан қиялық, жігіттер!
Пәнде болған мәрттің көңілі шөкпесін.

Бітірмедім көңілдегі арманды,
Бозтарлан ат қызылбаста қалған-ды.
Қарсы алдынан жалғыз қара көрінді,
Бозтарлан ат қарағанда шығар-ды.

Бозтарланның артық еді бір ісі,
Артық еді бес адамнан әр ісі.
Көрді бектер Бозтарланды көзімен,
Қылышпенен шабылыпты терісі.

- 370 Бозтарланның тегі асыл зат еді,
Сапабектің жауға мінер аты еді,
«Қайсы күндер қызылбастан құтылды,
Сұлтаныңның қалған жерін айт енді?».

Бозтарлан ат кейін қарай жүреді,
Көрұғлыбек әскерімен ереді.
Ер Сапабек қалған екен далада,
Сүйегіне ертіп алып келеді.

- Алла бермей қалған екен тілегін,
Жаңа көрді Көрұғлыбек сүйегін.
380 Айнымайды екі беттің ажары
Көргеннен соң Көрұғлыбек күйінді.

Қырық жігітім, көрсетейік ерлікті,
Мен тірімде көрсетпеймін кемдікті.
Көрген адам қайратыңа таң қалсын,
Қызылбастан алшы бүгін теңдікті.

Көрұғлы осыны айтып болған соң, Безергеннің бір інісі келіп сөйлесті:

— Бедеу мінген қырық жігіт тұрасың,
Жиылысып әңгіме дүкен құрасың.
Шыныңды айтшы, қайсы елден боласың,
390 Қай мекеннен, қай шәһەرге барасың?

— Шығып едім түрікмендей елімнен,
Қатын алдым Көһи Қапта періден.
Жәмбілбелде Көрұғлының өзімін,
Айдаһардай жауды тартқан демімен.

— Көрұғлының мен бір басын кескенмін,
Адырлыда қанын судай ішкенмін.
Қуып келдің Көрұғлының ізімен,
Сен жыларсың күрескенде өзіммен.

— Текежәуміт менің асыл затым-ды,
400 Астымдағы мінген Ғират атым-ды.
Қырық жігіттің ер Сапабек басы еді,
Неге өлтірдің Сапабектей батырды?

— Қуып келдің, Көрұғлыбек, ізіммен,
Сен жыларсың күрескенде өзіммен.
Сапабекті өлтірмейін деп едім,
Мен өлтірдім өзі айтқан сөзімен.

«Ей, Сапабек, көрмей төктім көз жасым,
Мен білмедім Сапабектің қазасын.
Сегіз бейіш болғай сенің мекенің,
410 Хордың қызы болғай сенің жолдасың.

Бұл дүниядан кеттің ерлік жүзімен,
Амандыққа келмед хабар өзіңнен.
Көргенімше, қош, алдияр, Сапабек,
Уақыт жетсе, мен барармын ізіңмен.

Бұл әскердің соңынан қуып жетермін,
Қайратыммен жермен-жексен етермін.
Шаһит болған Сапабегім, риза бол,
Аман келсем, елге алып кетермін».

Қамшы салды өңкей бедеу беліне,
420 Шыбын жаннан айрылып тұр кезінде.
Ат ойнатып келе жатса бектерің,
Бір топ қара көрінеді көзіне.

— Қызылбастың жаңа көрдім қарасын,
Жігіттерім, атқа қамшы саласың.
Шыбын жаннан айрылғанша ұрыс ет,
Қызылбастың таңдап шаншып сарасын.

Ашулансам ақыл жайды білмеймін,
Сені жоймай елдің бетін көрмеймін.
Жүз мың адам Сапабектің құны еді,
430 Қызылбастың жүз мыңына бермеймін.

— Көрұғлыбек, қанды едің шын аппақ,
Өркімдер де өз жұртына асылзат.
Ағам құнын алып кетіп барамын,
Онан басқа алғаным жоқ, кейін қайт.

— Көрсетемін қызылбасқа күшімді,
Арсыз дұшман, жаман қылдың ісінді.
Біріңді де жібермеймін еліңе,
Өздерің қал, құлдыққа бер кісінді.

Мұны айтқан соң қызылбас түсті атынан,
440 Құлақ салсаң екі балуан затынан.
Қайрат қылып Көрұғлыдай асылзат,
Жетіп барды қызылбастың артынан.

Сапабектің күйігі бар тым қатты,
Белбеуінен қызылбастың ұстапты.
Ерікке қоймай сол арада Көрұғлы,
Қызылбасты көтеріп ап көкке атты.

Көрұғлының Алла берді тілегін,
Қызылбастың көкке атты ерлерін.
Атқанына шыдай алмай Көрұғлының
450 Құлдей болды тасқа тиіп сүйегі.

Аян болды Көрұғлының бір ісі,
Тарылады дұшмандардың тынысы.
Көрұғлыбек өлтірген соң біреуін
Және шықты Безергеннің бір інісі.

Көрұғлыбектің Хасан баласына айтқаны:

— Хасан еді менің сүйер перзентім,
Қатарыңнан артық еді айбатың.
Қартайғанда атаңызды қинама,
Өлтіруге бар ма мұны қайратың?

460 — Қайратымды ерлер көрсін, халайық,
Жау дегенде қорқақ тұрар мұңайып.
Өлсем өліп қызметіңде кетейін,
Бата берші, Көрұғлы ата, қол жайып!

— Хасан ұғлым, қызылбасты тас қыл деп,
Аш-арықты дәулетіңе мас қыл деп,
Мәлікәждар серік, Құдай патша деп,
Ғали, Хайдар — екеуіне тапсырдым!

470 Хасан алды Көрұғлының батасын,
Ойламайды төуекел Хақ атасын.
Көкпенен кетіп барад Хасенхан,
Көрұғлыдай риза қылып атасын.

Хасан батыр қызылбаспен алысты,
Жыға алмаса Хасан ерге намыс-ты.
Құмдай қылды жүрген жердің тау-тасын,
Бірін-бірі қайраттарын сынасты.

Бір Аллаға Хасан батыр сиынады,
Қызылбасты тасқа апарып ұрады.

480 Көкке қарап аттың басын тартады,
Қызылбастың басын кесіп тастады.
Кезекпенен келіп жатыр дұшмандар,
Келгендері қара қанға батады.

Дұшмандардың көңілі қатып қара қан,
 Өлгеніне қызылбастар қараған.
 Хасан батыр өлтірген соң біреуін
 Және шықты жардай біреу жараған.

Көрұғлы Фауаз баласын шақырып алып айтқаны:

— Бір Құдайым болар ма екен қаһарман,
 Қызыр, Илияс пірлеріне сиынған.
 Дұшмандар көп, біздер азбыз бұл жерде
 Кезекпеге барсаң қайтед, Фауазхан?!

— Кезекпенен жауымызға барайық,
 490 Жау дегенде қорықпайық мұңайып.
 Сіз тұрғанда ешбір уайым жемеймін,
 Бата берші, Көрұғлы ата, қол жайып.

— Меңзеткейсің Рүстем менен Дастанға,
 Бұрынғылар қанын судай шашқанға.
 Жүре берші мен тапсырдым, Фауазхан,
 Өбүбәкір, хазірет Ғали, Ғұсманға!

Қолыңа алшы аспаһандай болатты,
 Мәжнүнкөктен түсіп, мінші Ғиратты,
 Мәжнүнкөгім қасиетсіз ат еді,
 500 Оныменен жібергенім ұят-ты.

Көрұғлының мінді Ғират атына,
 Фауаз бала қарамайды артына.
 Дұшмандардан мықты еді Фауазхан,
 Жетіп барды қызылбастың затына.

Мықтылықпен дұшман көңілін тындырды,
 Мықтылығын Фауазхан да білдірді.
 Салып кетіп қолындағы шоқпармен,
 Басындағы қалқандарын сындырды.

Фауаз салды аспаһандай шоқпарын,
 510 Енді ұрыстың біліп алып оңдарын.

Шойын қалқан басындағы дұшманның,
Кесіп түсті сауыты мен сандалын.

Ту түбіне аман-есен келеді,
Қойдай өлім дұшпандарға береді.
Оннан, жүзден шанша берді жігітті,
Ерлер барып бір жағына кіреді.

Көрұғлыбек қайраттарын сынады,
Жігіттерге көңілі оның тынады.
Сүйегімен бірге кеткен қайратын,
520 Жалғыз өзі қызық етіп тұрады.

Қырық жігіт — түркіменнің мырзасы,
Тауда болар арқар, киік, құлжасы.
Қамап қырды қызылбасты жібермей,
Ат, тон болды Көрұғлының олжасы.

Көрұғлыбек дүнияға айналды,
Жау дегенде қаршығадай сайланды.
Олжа қылып он екі мың аттарын,
Жәмбілбелге Көрұғлыбек айдады.
Көрұғлының Алла берді тілегін,
Қызылбастың көкке атты дерегін.
Қырық жігіттің ер Сапабек басы еді,
532 Алып қайтты Жәмбілбелге сүйегін.

Көрұғлы^{*}

(Жамбыл нұсқасы)

- Домбыраны қолға алып,
Ойланып та толғанып,
Тыңдауға халық келгенде
Көрұғлыны қозғалық.
Сөз шумақтап оралып,
Бір сөзден бір сөз таралып,
Желді күнгі жалындай
Сөзім бір кетсе қозданыш,
Ажалдан қорықпай шүйілер,
10 Аспандап қыран шарласа.
Ақын қуанып сүйінер,
Тілдің бізін арнаса.
Зымырап жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Елдігі елдің бола ма,
Ермен жауға бармаса?!
Елшілігі бұзылмас,
20 Өз жерін жаудан қорғаса.
Ағаш қалар қуарып,
Жапырақ, тамыр болмаса.
Теңіздер қалар суалып,
Құятын өзен болмаса.
Өзен де ағар күшейіп,
Бастау бұлақ қолдаса.
Жамбыл да кетер ағындап,

* Жырдың соңғы бөлігі жоғалған

- Халықтың күші қозғаса.
Болат құнын жоймайды,
30 Тат басып сынып, тозбаса.
Тат басқаны, тозғаны —
Бәйгеде тарлан озбаса.
Кейін тартпас келген жас,
Жолды ілгері созбаса.
- Айғайласа екпіндеп,
Жол басқан кәрі тарланың.
Артта қалды көп күндер
Игілікке арнадым.
Туғаннан бері аралап,
40 Талай жерді шарладым.
Кәрілікті сылтау қып,
Жасымадым, қалмадым.
Ел билеген хандардың —
Адамнан шыққан жыртқыштың
Кездестірдім алуанын.
Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде
Бас кесе де, болмадым,
Сөз шындыққа жеткенше,
50 Өткір сөзбен торладым.
Өткізбедім шындыққа
Шариғатын молданың.
Өтірікке сатылып,
Талайдың көрдім барғанын.
Қорқытып әкім ақырса,
Пара алып молда шатылса,
Алакөз байлар мал үшін
Көргенін айтпай жасырса,
Алыпсатар саудагер
60 Құлығын алдап асырса,
Дұрыстық қайдан табылар?
Нахақтан барып дараға
Сорлы кедей асылса,
Жарлығын хан кешу жоқ,
Бас ұрып халық зарласа.

- Сөзіңді ешкім сөйлемес,
Тойғанынша алмаса.
Алдау, зорлық, өтірік,
Біреуге біреу нанбаса.
- 70 Тамақ үшін сатылған
Ұлықта ар қалмаса.
Айтқанменен жалынып,
Арызыңды алмаса.
Алмайтұғын қақынан
Асырып пара қармаса.
Ауға түскен балықтай
Шыға алмайсың бұлқынып,
Әділеттік болмаса.
- 80 Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұл шарласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Баланы жақсы өсірмес,
Бұзықтық шырмап, торласа,
Қасиет болмас халықта,
Басқарушы қорласа.
Малдай айдап адамды
Орынсыз күштеп зорласа.
Жау басынар халықты,
- 90 Басқарушы оңбаса.
Өркөкірек наданға
Айтқан ақыл қонбаса.
- Надандықтың белгісі —
Бет келгенде берілер.
Қожа болып сыртыңнан,
Орынсыз бөсіп, елірер.
Өзінен-өзі мақтанып,
Буға пісіп, семірер,
Білгіш жүйрік өзі боп
- 100 Оңашада көрінер.
Кердең басып аяғын,
Жыртыла жаздап керілер.

- Өсек айтар ел кезіп,
Еңбек десе ерінер.
Ойламай орғып сөйлейді,
«Білетін бәрін мен» дейді.
«Ақылым арна таусылмас,
Білімім шалқар көл» дейді.
110 «Өзімнен артық адам жоқ,
Аузымнан шықса жөн» дейді.
Оңбайтұғын өр кеуде
Дұрыс айтсаң көнбейді,
Мастандырса мақтаумен,
Қас дұшманын көрмейді.
Ақыл айтқан досына
«Аулақ» деп қолын сермейді.
Жүрген жерін бүлдіріп,
Елге тыныштық бермейді.
Біреу мақтап қайраса,
120 Орынсыз іске айдаса,
«Жанашырым сен» дейді.
Ұятқа барып ұрынар,
Тұмсығы қанап, жығылар,
Ойына да келмейді.
Өткен күнді еске алып,
Өзіне есеп бермейді.
Аңғал сорлы алақтап,
Босқа шауып далақтап,
Жексұрын болып халыққа
130 Қанжілік болып терлейді.
Айтып өсек, өтірік,
Қасиетін кетіріп,
Жүргенін өзі көрмейді.
- Түсінбей сондай надандар,
Өтті қилы замандар.
Жаны ашитын нашарға
Туғанша әділ адамдар.
Жетім менен жесірді,
Тонап алып кей зұлым,
140 Мықтымын деп есірді,

Жер мен малын тартып ап,
Қонысынан көшірді.
Нашардың берген арызы
Қашан дұрыс шешілді?
Қырғындатып қиратып,
Тіршілігін өшірді.

- Халыққа азап шектірген
Сол заманның хандары.
Қанішер және зорлықшыл
150 Сол хандардың заңдары.
Басына ажал төнгенде,
Азапты қатты көргенде,
Халық сонда аңғарды.

Ханның бірі Бозайхан —
Одан да халық зарлады.
Ешбір ханнан әділдік
Халыққа үлгі қалмады.
Өз қамы үшін соғысып,
Жердің бетін қандады.

- 160 Бұрынғы бір заманда
Сұлтан өткен Көрұғлы,
Көрден шығып ол бала —
Атанып кетті Көрұғлы.
Біраз сөйлеп берейін
Көрұғлыны халыққа.
Әшкереле, қызыл тіл,
Өткен істі жарыққа.
Ашыла сөйле, көмейім.
Айтар сөзді анықта.
170 Желіп, мен де жөнейін
Келген кезде шабытқа.
Үстем болсын мерейім,
Он саусағым, талықпа!
Қырандай, даусым, саңқылда,
Түлкі көрген шаңытта.

Қалыспай сөйле, домбырам,
Жамбыл сөйлеп кеткенде,
Деп қалмасын кейбіреу:
«Көрілік бұған жеткен бе?»
180 Сыр бере қоймас Жамбыл да,
Жас ортаға жеткенде.
Қайрат бітер бойыма
Жас ортадан өткенде.

Ұзаққа Жамбыл сілтеді
Өлеңнен алып көкпары,
«Айт» дегенде айтпасам,
Болармын елге өкпелі.

Мені де халық сыйламас,
Ел қадірін көрмесем.
190 Сараң ақын демей ме,
Сөз қолқасын бермесем?!
Еңбегім жанар түбінде,
Ел үшін шаршап, терлесем,
Бозайхан атты ер өтті
Құлашын кең сермеген,
Жеңілуді білмеген,
Қан майданда — ұрыста
Қарсыласып келгенде,
200 Ешкім де төтеп бермеген,
Өзінен басқа хандарды,
Хандық еткен жандарды
Өмірінде сүймеген.
Жер бетінде халықтың,
Күн астында жарықтың,
«Билесем бәрін мен» деген.
Қан көрмесе жеті күн,
Ел шаппаса екі күн,
Құмартып қанға шөлдеген.
Алтынды алмас белінде,
210 Өмір етіп еліне,
Даңқын естіп Бозайхан,
Баспаған адам жеріне.

- Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан.
Жорыққа шықпай әскермен
Күні жоқ ханның жай жатқан.
Найзасы алтын шашақты,
Жорық жасап жан-жақты,
Жауды қырып жайратты,
220 Малың тонап айдатты,
Қырғын соғыс астында
Шабынды көріп ел жатты.
- Бозайханның жорығын
Көп еді хандар күндеген.
Бозайхан шықса ақырып,
Әскерін жиса шақырып,
Жер бетінде бір адам
Езу тартып күлмеген.
Жорық жасап Бозайхан,
230 Судай ақты қызыл қан.
Жазықсыз елді қырғындап,
Нахақтан кетті талай жан.
Малын шауып алған соң,
Мекенін елдің өртеді,
Ханнан қорлық ел көрді.
Демесін біреу ертегі,
Міне, осындай әңгіме
Елестетер ертені.
- Хандар билеп қаланы,
240 Ұшан-теңіз даланы,
Хан билеген халықтар
Қайғылы және азалы.
Айға шапқан арыстан,
Ерегісіп алысқан,
Ашулы және ызалы.
Аш-жалаңаш күйзелген
Хан аямас қараны.
Ханнан қайғы тартқан ел
Жүректері жаралы.
250 Хандар ашу шақырса,

Халықтан өшін алады.
Бұлтқа сілтеп қылышын,
Найзасын көкке тіреген.
Қан төгуге құмартып,
Күнде соғыс тілеген.
Үстемдік етіп Бозайхан
Асқақтап шалқып тасады.
Бозайханның дабылын
Естіген ел қашады.

- 260 Жауатын күндей тұлданып,
Қаны қашып сұрланып,
Қия шауып құзды алып,
Оя шауып мұзды алып,
Басқа жан тірлік етуге
Жер бетін де қызғанып.
Қылыштың қаны кеппеген,
Адамның күші жетпеген.
Жер қалмады маңайда
Бозайхан жорық етпеген.
- 270 Ұрған доптай домалап
Соғысқан жерде бас қалды,
Шабуылда жеңгенде
Найзаға шаншып қайтады,
Өздері кескен бастарды.
Қызық көрмей өмірден,
Құтыла алмай өлімнен,
Құмырсқаға жем болып,
Өлексемен тең болып,
Талай қыршын жас қалды.
- 280 Тасқын өзен-суларға
Адамнан көпір салыпты.
Дария, мұхит, теңізден
Жауына өтіп барыпты,
Қойдай қырып жауларын
Байлығын тартып алыпты.
Осылай есіп көңілі,
Байлығы, жері кеңіді.

«Хан бар ма? — деп сұрады, —
Мендей боп өткен өмірі?».

- 290 Көп ішінен бір кемпір
Түрегелді орнынан
Таяғына сүйеніп.
Күрсінді қатты үш рет,
Қайғыланды күйініп.
Түрегелген кемпірге
Халық түгел қарады.
Кемпір нұсқап көрсетті
Кісі асатын дараны:
— Хан мен дардан шошынып,
- 300 Жүрегіміз жаралы.
Он жеті ұлым бар еді,
Екеуін ана дар алды,
Он бесін түгел хан алды.
Жалғыз кемпір мен емес,
Рахымды хан сен емес,
Сексен беске мен келдім,
Жетпіс үшке сен келдің.
Хан болғаннан бер қарай
Бес жүз жорық жасадың,
- 310 Кемпір, шалды зарлатып,
Түгел жермен теңгердің.
Біраз тыныштық алатын,
Арқамыз кеңіп қалатын —
Өлім келіп, өлмедің.
Өзің қу бас, балаң жоқ
Артында сенің қалатын.
Сені жоқтар адам жоқ,
Сөйлеуге де шамаң жоқ,
Антым бар менің халыққа
- 320 Бүгін сөйлеп қалатын.
Жауға айдап құрттың
Халықтың туған баласын.
Кессеңдағы тілімді,
Мен айтамын шынымды.
«Бас кесер хан Бозайхан»

Деген атақ халыққа
Түгел тарап білінді.

- 330 Жер бетінде адамдар
Сен өлген күні қуанар,
Мен секілді сорлылар
Жылаудан сол күн уанар.
Баласын елдің құрытып,
Тұрсың бүгін шаттанып.
Сенен жыртқыш аң артық,
Неменеге мақталық?!
Өмірі қанға тоймадың,
Әдетіңді қоймадың.
Осыны айтып мен бүгін
Өлейін деп ойладым.
- 340 «Басымды кес», — деп алдына
Кемпір басын ұсынды.
Өмірінде Бозайхан
Сол кемпірден қысылды.
Бірақ басын алмады,
Бетінде қан қалмады.
«Жақсы, — деді, — мұнан да
Ажалдың тура алғаны».
Қайтты үйіне қайғырып,
Шаттықтан патша айрылып,
- 350 Он екі әйел, біреуі
Сөйлесуге батпады,
Хан көңілін жай қылып.
Алып жатқан жер бетін,
Айтушы еді халықтар:
«Бозайханның малы» деп.
Хандығы кімге қалады,
Өртеніп іші жанады,
Есебі жоқ байлықты
Кімдер жиып алады?
- 360 Көп алдында тілдеген,
Хан қадірін білмеген,
Сол бір мыстан кемпірдің

- Сөзі өтіп барады:
 «Асыл сауыт үстімде
 Гауһар, інжу жығалы,
 Қара көк тұлпар астымда
 Алтын, күміс тағалы.
 Өліп кетсем бір күні
 «Тұяқсыз боп өтті» деп,
 370 Дұшмандар қылар табаны.
 Мұрақорым жоқ болса,
 Сарайымды шабады.
 Солай деп ойлап, бір кезде
 Хан тағынан құлады.
 Әйелдері жиналып
 «Не болды?» — деп сұрады.
 Өкпесі бар адамдай,
 Өкіріп жатыр қабандай,
 Дөңбекшіді, тұрмады.
 380 Бозайхан сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 Жасы биыл он бесте
 Кіші уәзірдің қызы бар,
 Болғандай маған сұлу жар,
 Сол көңіліме ұнады.
 Он екі бедеу, аулақ кет,
 Сендерден бала тумады.
 Гүлжазира — балғын жас,
 Қыр мұрынды, қиғаш қас,
 390 Күміс кірпік, алтын шаш,
 Қараңғыны жарық қылған
 Үлбіреген уыз жас.
 Балқып еріп кеткендей,
 Сәулесі түссе, қара тас.
 Жазираның нұрына
 Талай адам болған мас.
 Ел көзіне түспейтін
 Бетпердесіз, жалаңбас.
 Көрмей ғашық болып хан,
 400 Тірлігінен кетті сән.

- Ханнан жауап алуға,
Қасына жақын баруға,
Он екі бірдей әйелдің
Жетпеді қорқып батылы.
Бас уәзірдің біреуін
Бозайхан алды шақырып.
Келе сала уәзірі
Қала ма деп шыбын жан
Аяғын құшты жалынып.
- 410 Әлде басы алынып,
Хан қасында көп адам
Бастары қалған шабылып.
Долы ашудың үстінде
Бозайхан жатыр шабынып.
Біраз мезгіл сазарып,
Уәзірге жауап қатпады.
Үш күн болды төсектен
Бас көтермей жатқалы.
Ханға келіп бас ұрып,
- 420 Бас уәзірдің жатқаны.
Етті оған хан жарлық
«Гүлжазира келсін!» деп,
«Кіші уәзір кешікпей,
Қызын маған берсін!» деп,
«Әйелдікке аламын,
Осы сөзге сенсін!» деп.
Орындауға жарлықты
Кетті уәзір жүгіріп.
Үсті-басы шаң болды,
- 430 Аузы, мұрны қан болды,
Жолда талай сүрініп.
Кіші уәзірден бас уәзір
Келе сүйінші сұрады:
— Осынша халық ішінен,
Сенің қызың Жазира
Хан тақсырға ұнады.
Өз күйеуің хан болып,
Қолыңның осы жеткені.
Хан алдына жылдам бар,

- 440 Айнып қалса хан тақсыр,
Боларсың маған өкпелі.
- Естігенде Жазира
Қалтырап, шошып, зарлады,
Қанды жас көзден парлады.
Жетпісте шалға барғанша,
Күнімді соған салғанша,
Ажал неге алмады?!
Зарлағанмен Жазира
Зарын тыңдар адам жоқ.
- 450 Өкесі айтты: «Қарағым,
Ханға қарсы тұрарлық,
Оған төтеп боларлық
Ерлігім жоқ, шамам жоқ».
- Гүлжазира сұлуды
Хан алды он бес жасында.
Жазықсыз жас балдырған
Ноқта түсті басына.
Гүлжазира құса боп
Көзіне жас толады.
- 460 Денесі жастың түршігіп,
Құсалы, дертті болады.
Патша келсе қасына,
Қайғы түсіп басына,
Ес-ақылдан танады.
Айтар сөзден жаңылып,
Ессіз болып қалады.
Қанды жас көзден сорғалап,
Тасыған селдей ағады.
Көзінен аққан ыстық жас
- 470 Қара тасты еріткен,
Жазираны кім екен
Патшадан аулақ жеріткен?!
Көрген жерден түршікті
Жазираның денесі.
Он бестегі Жазира
Қайғыдан болды елесі.

- Жақын келсе Бозайхан,
Үрейленіп болды өлмеші.
Жетпістен жасы асқанда
480 Жас қыз алып желікті.
Елден астым десе де,
Гүлжазира кемітті.
Қураған шеңгел астында
Өсе алмай гүл солыпты.
Гүлжазира зарықты,
Өз теңін ойлап тарықты,
Көзінің жасын сарықты.
Жүрген жас қыз шарқ ұрып,
Торға түскен сұңқардай
490 Қайғы, мұңға молықты.
Қуанышты хан отыр
Ақ сұңқар түсіп торына.
Таққа отырды құлшынып,
Әлдекімнің сорына.

- Бір бай келді жетелеп
Жетім тазша баланы.
Парша-парша киімі
Денесі ауыр жаралы.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
500 Киімсіз отыр жалаңаш.
Неше күн тамақ ішпеген
Дірдек қаққан сорлы жас.
Ашулы бай сөйлейді:
— Арызым бар, хан тақсыр,
Мал керек болса, мойныма
Керегінше сал, тақсыр!
Осы бір тазша баланың
Қорлығы маған өтіп тұр,
Он бес ділда мойнында
510 Бекер босқа кетіп тұр,
Арызым сізге сол, тақсыр!
Бұл шаһарда, ей, патшам,
Тілі ащы бұл тазшаның.
Көрдіңіз бе, мінекей,

- Тазшалардың асқанын?!
Өткен жылы бір тазша
Болды менің қолымда.
Осындай тілі қайнатты
Ол тазшаның сорын да.
- 520 Бір тазшаның жүз қырсық
Жүреді екен соңында.
Биылғы жылы бір тазша
Кез болды тағы сорыма.
Тазша біткен босқа жүр
Шаһардың былғап көшесін.
Өзімен бірге қырсаңыз
Тазшаларды өсірген
Әкесі мен шешесін.
Елді бұзып барады,
- 530 Елге бүлік салады,
Бұлардың басын кеспесең,
Кімнің басын кесесің?
Таңдап алған шаһардан
Гүлжазира жарыңыз
Тазшаға біздің үйдегі
Ғашық екен, наныңыз!
Өтірік болса бұл сөзім,
Басымды, тақсыр, алыңыз!
Сізден артық көріпті
- 540 Гүлжазира тазшаны.
«Менсінбеймін», дейді екен
Жетпістегі патшаны.
Ақылың кәміл, ханзада,
Күнәһар болып, қарашы,
Сізді құлға сатқаны.
- Әмір етіп Бозайхан,
Тазшаларды жидырды.
Әмірімен шаһарды
Уысына сыйдырды.
- 550 Тазшаның тілі тигендер
Бірге келсін тазшамен,
Кімді тілдеп күйдірді?

- Бір байбатша болмады
Тазшаларды мақтаған.
Күнәсі жоқ болса да,
Кедей сорлы тазшаны
Байбатша қашан жақтаған?
Тазшаларды дарға асты,
Болмады ешкім ақтаған.
- 560 Тазшаларды құлдыққа
Әр шаһардан келгендер
Сұраса да сатпаған.
Шағушының тілімен
Тазшаға патша өшікті,
Тазшалар жүгін арқалап,
Бой жасырып қалқалап,
Патшадан қашып көшіпті.
Қашып жүрген таз болса,
Кез келген жерде шабарлар
- 570 Олардың басын кесіпті.

- Басында қылтаң шашы жоқ,
Ішуіне асы жоқ,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Енеден туа жалаңаш
Бір тазшаны жетектеп,
Әкелді дардың қасына,
Жаны ашып, аяп халық тұр,
Қарап үсті-басына.
Тазша сонда сөйледі:
- 580 «Өлетін жанда — үш тілек,
Тілегімді бер», — деді.
Хан айтты: «Қабыл тілегі»,
Тазшаға сөз беремін,
Қояр екен не тілек,
Тыңдап сөзін көрейін.

— Бірінші менің тілегім:
Жалынғанмен жан қалмас,
Оны жақсы білемін.
Зияным жоқ еш жанға

- 590 Күнімді көріп жүр едім.
Тұрмын дардың қасында,
Дар дұзағы мойнымда.
Жастан көрген азабым —
Шаш шықпады басыма.
Қарата айтам халыққа
Бұдан кейін тіріліп
Келмеспін қайтып жарыққа.
Жендеттерің жан алғыш
Сөзіме тыю салмасын.
- 600 Тілім тисе біреуге,
Басымды кесіп алмасын,
Бітіргенше сөзімді
Мойныма тұзақ салмасын,
Осы сізден тілегім —
Бердім десең, хан тақсыр?!
Сөзімді мен бастайын,
Арызымды айтып болғанша
Қорқып және саспайын.
Екі айта алмай Бозайхан
- 610 Тазшаға ерік береді.

- Өмірің жүріп, Бозайхан,
Жорық жасап дүниені,
Қара тұман, шаң қылдың.
Адамға жаның ашымай,
Қырғындатып халықты,
Жердің бетін қан қылдың.
Рақымсыз, Бозайхан,
Тазшаларда не жазық?!
Жазық сенің өзінде,
- 620 Халыққа тиген зөбірің
Көрінбейді көзіңе.
Құлағың сал, халайық,
Тазшаның зарлы сөзіне!
Ел шауып ішкен қанына
Бұл хан тақсыр тоймады,
Сорлы тазша қандарын
Қоса ішуге ойлады.

- Ұқсамайды адамға
Рақымсыздық мінезің.
630 Айдатып мені алдырдың,
Дар тұзағын салдырдың.
Тазшаның ішіп қандарын,
Сусыныңды қандырдың.
Дүниенің жүзін шаң қылдың,
Жердің бетін қан қылдың.
Түгел билеп құрғақты,
«Әмірім тұт!» деп жар қылдың.
Он екі әйел үстіне
Жазираны жар қылдың!
- 640 Гүлжазира сондықтан
Хан болсаң да, сүймейді.
Жыртқыш деп сенен шошынып,
Адам деп сені білмейді.
Қайғы тартып қасіретпен,
Езу тартып күлмейді.
Бір залымның сөзі үшін,
Жетім-жесір тазшаны
Қыруың, сірә, жөн бе еді?
Артыңда қалар балаң жоқ,
- 650 Бізден де қу тақырсың.
Тақыр тірі жүрмесе,
Хан да бірге асылсын!
Өз мініңді көрмейтін
Хан болсаң да соқырсың.
Ашуланып Бозайхан,
Сөйлетпейінше тазшаны
«Дарға жылдам тарт!» — деді.
«Мұндайларды сөйлетпей,
Басын жылдам шап!» — деді.
- 660 «Жазираны келтір!» — деп,
Бір жеңдетін жіберді.
Ханнан бұйрық алған соң,
Тоқтамай жеңдет жөнелді.
Басын жуып Жазира,
Отыр еді таранып.

- Кіріп келді бір жендет
Екі көзі аларып.
«Жылдам келсін Жазира!», — деп,
Жарлық етіп хан шақырды,
670 Ашулы хан ақырды.
Белгілі болды халыққа —
Жазира тірі қалмайды.
Сайрап тұрған тазшаның
Қайтсе басын жалмайды.
Жендет келе сөйледі:
— Бозайхандай сұлтанды,
Гүлжазира, сүймедің,
Бір тазшаның тілінен
Енді, міне, күйгенің.
680 Қателесіп, Жазира,
Хан ашуын тебіrentтің,
Енді, міне, қор болды
Тазшалармен бір кеттің.
Жазира тұрып жендетке:
— Келдің бе, — деді, — хабардар,
Ханның еті етіме
Тікенектей қадалар,
«Байым» деп қайтып жүремін,
Алдамшыны жан алар?!
690 Келгелі зарлай жылаумен
Тартылды кеуіп тандырым.
Өлмеген соң, шыдаумен
Жылап мауқым қандырдым.
Мен бір өскен балбырап,
Бақшалы ағаш жемісі.
Басыңда тұрсам салбырап,
Жемек болған әр кісі.
Аласа жерде мен тұрсам,
Кімнің келмес жегісі?!
700 Хан емес ол, қара тас,
Сонымен бірге жатқанша,
Етіме сірі батқанша,
Жазираның әрқашан
Сол үшін келер өлгісі!

- Үлбіреген жібекті
Еріксіз көнге жапсырса,
Көріне ме жарасып?
Көнге қалай жабысқан,
Демес пе еді адасып.
710 Өлімді артық көремін,
Соныменен санасып.
Өксуменен өткенше
Шыбын жанды қинамай,
Құтылайын дарға асып!
Шал дертіне күйгенше,
Қорлықпенен жүргенше,
Қаным барып қосылсын
Тазшалардың қанына.
Тазша да болса өз теңім
720 Жатсам, сірә, арман жоқ,
Солардың барып жанына!

- Жазира келді қуанып,
Құрған дардың қасына,
Алды-артына қарамай
Тұзақты салды басына,
Тазшамен бірге өлуге
Тұрғандай-ақ асыға.
Күлбеттеніп Бозайхан,
Қырындап теріс қарады.
730 Гүлжазира өлімді
Өзі сүйіп қалады.
Бұйрығын күтіп Бозайдың
Жендеттері дайын тұр,
Тартпақ үшін дараны.
Жазираны қия алмай
Хан тоқталды шамалы.
Жазираның үлбіреп,
Бетінен нұры тамады.
Сонда тұрды Жазира:
740 — Хан, екі айтсаң қарасың,
Жендеттерің жан алғыш
Тартпайды неге дарасың?

- Сарайыңнан, Бозайхан,
 Жақсы көріп мен тұрмын
 Тазшалардың моласын!
 Дегенде хан: «Тарт!» — деді,
 Бармағын өзі шайнады.
 Қапаланып хан сонда,
 Бұл қалай деп ойлады.
- 750 Сымға тартқан күмістей
 Сұлудың аппақ білегі.
 Баяулап барып тоқталды
 Жазираның жүрегі.
 Тұрса да дарда көз тартты
 Сүмбідей түзу сүйегі.
 Жазираны көрген жан
 Жаны ашыды, қайысты,
 Тал-шыбықтай бұралып,
 Он саусағы майысты.
- 760 Таңдап алған Жазира
 Асылып кетті дараға.
 Жете алмады Бозайхан
 Бір шыр еткен балаға.
 Сүйіп алған Жазира
 Кездесті мұндай жалаға.
 Жақсы көрді Жазира
 Ханнан құлдың өлігін.
 Өлерінде өтінді
 Құлмен бірге көмуін.
- 770 Жас құлдарды қалады
 Жазираның жүрегі.
 Араласып бір кетті
 Өңкей жастың сүйегі.
 Көміліп бірге таздармен
 Орындалды осылай
 Жазираның тілегі.
- Сонымен екі жыл өтті,
 Жазира жатқан қабірге
 Ағаш шығып жемісті,
- 780 Мәуелеп өсіп гүлдепті.

- Жемісті көркем ағаштар
Құлдардың өніп басына.
Кете алмайды барған жан
Тамашалап қасына.
Ерекше шыққан екі ағаш
Еңкейіп келіп қабысқан
Біріне-бірі асыла.
Көрген адам таңырқап,
Кереметін таниды.
- 790 Бозайхан бұған тарылып,
Өзінен-өзі налиды.
«Гүлжазира сұлуды
Тақылдақ тазша құшты ма?
Бәрінен де осының
Тағдыр, шіркін, күшті ме?»
Күндіз-түні ұйықтамай,
Бозайхан да зарлайды.
Сүйегіне таңба боп,
Баласыздық қалмайды.
- 800 Өзінен-өзі өкініп,
Көзінің жасы төгілді.
Баласыз өтіп өмірден,
Қабырғасы сөгілді.
Бір зұлымның тілімен
Жазықсыз қан төгілді.
Күндер өтті, түн өтті,
Зарлаумен талай жыл өтті.
Бір перзенттің қайғысы
Бозайханды жүдетті.
- 810 Қойшысы ханның Қаракөз
Ұзаққа қойын жаятын.
Шалқар нулы шалғынға
Айдап барып салатын.
Құл моланың бағына
Бір ұйықтап демін алатын.
Күн түс болса, Қаракөз
Моланы келіп табады.
Есіне түсіп, жылайды,

- Тазша құлдар баяғы.
820 Өңкей қыршын жастарды
Қаракөз қатты аяды.
Соларды ойлап тұрғанда
Етпеттей барып жығылды.
Ортасынан үзілді
Таянып тұрған таяғы.
Таяғы сынды Қаракөз,
Ауыр қайғы зілінен.
Жай ғана емес осы сөз
Жылайтын ол шынымен.
- 830 Қоралайтын қойларын,
Шығарып қайғы ойларын —
Тазшалардың жырымен:
«Арманда кеткен қыршын жас,
Зұлым хандар қанға мас.
Қарсылық етіп патшаның
Бетіне ешкім қарамас.
Құрай-құрай, көк серке,
Қой ішінде сен ерке,
Иен жерде мен ерке,
- 840 Жақындасаң молаға,
Басасың асыға сен неге?
Ағаш өнген мөуелі
Құлдардың көз жасына.
Тоқал ешкі маңырап,
Еріп жүр сенің қасыңа.
Маңыраған дауысы,
Бұл молаға келгенде
Қалушы еді басыла.
Әруақпен әлде бұл
- 850 Емес пе екен ашына?!».
Сол бір жерге келгенде,
Қойлар жусап қалады.
Көлеңкеде ұйықтап,
Қаракөз демін алады.
Өрістетіп шаһарға
Қойын алып барады.

- Сол қалада тұратын
Қаратоқал ешкінің
Кемпір екен иесі.
- 860 Қырық ұлы бар кемпірдің,
Қырық ұлына қырық қасық
Еншіге сүт тиесі.
Сауса сүт жоқ ешкіден,
Қаракөзді қарғаумен
Кемпірдің қатты сілесі,
Қырық баласы шулады
Қолына тимей үлесі.
«Ешкімді сауып ішіп жүр, —
Деп ойлайды сол кемпір, —
- 870 Қаракөздің кінәсі.
Мұңдай ұры қойшыны
Ханға арыз етейін.
Ызасы өтті ұрының
Түбіне сөйтіп жетейін.
Хан сөзімді алмаса,
Құлдың сөзін қолдаса,
Бұл шаһардан қаңғырып,
Қырық ұлымды алып кетейін!»
Ашу қысқан сол кемпір
- 880 Ханға арыз етеді.
Өзінен бұрын осы сөз
Ханға келіп жетеді.
— Сөзімді тыңда, хан тақсыр,
Қолымда қырық ұлым бар.
Сол ұлдарды сақтауға
Менің қанша пұлым бар?
Қорек еткен ешкімді
Сауып ішіп қоятын,
Қаракөз атты құлың бар.
- 890 Кемпір сөйтіп зарлады,
Қанды жас көзден парлады.
— Қырық ұлым бар, малым жоқ,
Басқа азық, дөнім жоқ.
Ап, жалаңаш мен сорлың,
Сөйлеуге шама, әлім жоқ.

- Әділетті Бозайхан,
 Сенен асқан хан бар ма?
 Қаһарыңды таныттың
 Талай асқан хандарға.
- 900 Қарамасаң, қарама,
 Мендей кемпір, шалдарға!
 Тірі болса қырық балам,
 Сенің құлың емес пе?
 Бозайханның әскері
 Есепсіз көп демес пе?
 Ерегісіп соғыссаң,
 Жауды қолмен жеңесің.
 Құл көмегің жоқ болса,
 Жаудан қорлық көресің.
- 910 Қырық құл көп пе, бір көп пе,
 Осыған, тақсыр, не дейсің?
 Ашулансаң Бозайхан,
 Дүниені бөгейсің.
 Сүтін ішіп ешкімнің,
 Қаракөз құл семірді.
 Кеселінен сол құлдың
 Қысқартты қырық өмірді.
 Ұрлықты, тақсыр, баспасаң,
 Бұзылады халқыңыз.
- 920 Болыспайтын бұзыққа
 Бар еді ғой салтыңыз.
 Қаракөзді дараға
 Өлтіріңіз, тартыңыз!
- Бозайхан сенді кемпірдің
 Жылап айтқан сөзіне.
 Жендеттерін жіберді,
 Қаракөз құлды тоқтаусыз
 «Алып кел!» деп өзіме.
 Жендеттер құлды әкелді,
- 930 Бұйрық алып ханынан.
 «Шыныңды айт!», — деп қинады
 Бұрау салып санынан:
 — Кемпірдің тоқал ешкісін

- Сен, Қаракөз, сауыпсың,
Босқа жүрмей, Қаракөз,
Сөйтіп олжа тауыпсың.
Түзу жолдан бұрылып,
Арамдыққа ауыпсың.
Шыныңды қазір айтпасаң,
940 Асыласың дараға.
Тамақ таппай кемпір жүр,
Үйінде қырық балаға.
Қол-аяғы байлауда
Қаракөз жатыр зарланып:
— Дүниеге қызығып,
Көрмедім, тақсыр, алданып.
Он сегіз жаста баламын,
Бір кемпірдің тілімен
Нахақтан күйіп барамын.
- 950 Осыдан мені босатсаң,
Ешкіні сауған бендені
Қайтсемдағы табамын.
Бұйрық қылсаң, тақсыр-ау,
Күнөсіз өліп қаламын.
Құлақ салмай сөзіне
Шырқыратты баланы.
Шырылдаған дауысы
Аспанды жарып барады.
Құлақ салды жетімге
- 960 Даланың тағы аңдары.
Жаңғырығып теңселді
Жер мен көктің заңғары.
«Қалдыр», — деп тірі зарлаған
Даусын естіп баланың,
Қайғырды, өте қамықты
Аң-құстары даланың.
Жетімге сонша жаны ашып,
Жетім киік жылады.
Қара тасты жібітті
- 970 Көз жасының бұлағы.
Жетім қалған анадан
Киіктің ол ылағы.

Қаракөздің тірлігін
 Жетімдер түгел сұрады.
 Орман, тоғай аспанда
 Жетім құстар шулады.
 Хан жарлығын қайырып,
 Қайыспады, алмады.

- Мейірі түсіп аналық,
 980 Сонда кемпір толғады:
 «Қаһар етпе, хан тақсыр,
 Мен де бағып отырмын
 Қырық әкесіз жетімді.
 Отын алдым тоғайдан
 Тоңбасын деп соларды
 Боршаладым етімді,
 Жоқшылықтың зарынан
 Тоздырдым сұрап бетімді.
 Зарын тартқан өмірдің
 990 Жетім сөзі өтімді.
 Қинау көріп сорлының
 Көзінен ақты қанды жас.
 Болса өзімдей бұл сорлы,
 Боршаланған жалаңаш.
 Сауған шығар ешкімді
 Болғаннан соң қарны аш.
 Бір ешкіге қараған
 Бір үйде біз — қырық бас.
 Азаптама баланы,
 1000 Етіне салып жараны.
 «Қайтты» десең, сөзінен
 Алсаңыз, тақсыр, міне бас!
 «Қаракөз-ау, Қаракөз,
 Мен де сенің шешейің.
 Жетімдік сенің хақыңа
 Болса да күнөң кешейін!».
 Зарлатпа, ханым, жетімді
 Қайғы бір тескен көкейін.
 Сұрамайын сүтімді,
 1010 Бүйтіп қинау салғанша,

Қаңғырып аштан өтейін.
Тілегімді бермесең,
Көз жасымды көрмесең,
Бозайхан, саған не дейін?!

— Қабыл болсын, кемпір-ау,
Тағы да сенің тілегің,
«Қаракөзді қина», — деп,
Өзің келіп тіледің.
Жетімді жетім қимайды,
1020 Оны да мен білемін.
Бұдан былай сен кемпір
Арыз айтып келмейсің,
Кімнен қорлық көрсең де,
Алдымды менің көрмейсің.

Қаракөзді сол кемпір
Құтқарды қайта өлімнен:
«Ешкімнің сүтін ішетін,
Кім болса да тауып бер,
Сұраймын сенің өзіңнен.
1030 Кәрі жаным түршікті
Қарағым, айтқан сөзіңнен».
Өксіп-өксіп жылады
Шешеге келіп Қаракөз:
— Сүйегімді сындырды
«Ұры» деген сол бір сөз.
Он сегіз жаста осындай
Бір жалаға болдым кез.
Сенсеңіз маған, шешеке,
Жастан бейнет көргенім.
1040 Әркімдерге жалданып,
Жасымнан бақыт көрмедім.
Бұдан былай ешкіңді
Көзімдей көріп бағайын.
Сауған адам бар болса
Қайтсем-дағы табайын.
Қолыма түссе ұрыңды
Алдыңа, шеше, салайын.

- Ханнан шеккен ызаны
Сол ұрыдан алайын.
1050 — Ешкімді болсаң саумаған,
Ұрыны тап, жан балам.
Тоқал ешкі болмаса,
Тегене сүтке толмаса,
Ашығамын, сандалам.
Таңдайына ақ тимей,
Шулап отыр бар балам.
Өңкей жетім, жылаулы
Бір қасық сүтке зар, балам.
Ұрыны тапсаң, сүйінші
1060 Өзімнен келіп ал, балам.
Әкетті қойын Қаракөз
Ақсаңдай басып аяғын.
Әзер қойға ереді,
Ашынып зарлай береді,
Демеу қылып таяғын.
Көз айырмай Қаракөз
Қара ешкіні бағады,
Сол қара ешкі маңырап,
Шөптің басын шалады.
1070 Молаға қашан жеткенше,
Қойдың шығып алдына
Асыға басып барады.
Қой молаға жеткенде
Қара ешкі қашты жүгіріп.
Қуалады Қаракөз
Ақсаңдай басып сүрініп.
Екі қайың айқасқан
Барады жақын молаға.
Қарап тұр бір жартастан
1080 Көрден шыққан балаға!
Табақтай болып көрінді
Екі көздің шарасы.
Түп күйесі қазанның
Денесінің қарасы.
Екі қарыс көрінді
Қас пен көздің арасы.

- Деп ойлауға болмайды
Адамзаттың баласы.
Киімі жоқ, жалаңаш
- 1090 Ешкіге келіп жабысты.
Осындай бір керемет
Қара ешкімен табысты.
Ешкіні еміп қақтады,
Жөн сұрауға Қаракөз
Зәресі ұшты, батпады.
Қашпақшы болды қойды айдап,
Күндегідей демалып,
Қаракөз құл жатпады.
Айдап келді асығып,
- 1100 Қойды ерте қораға:
«Белес-белден асырып
Бардым, — деді, — молаға, —
Көрден шықты бір бала,
Көргенді айтпай бола ма?
Алғашында байқамай
Қарадым жай жүзіне.
Танып қалдым есімнен
Көзім түсіп көзіне.
Аман қалмас еш адам
- 1110 Келсе егер кезіне.
Кемпірдің тоқал ешкісі
Молаға барды маңырап,
Дыбыс беріп басына.
Болса керек тегінде
Сол баламен ашына.
Ұстамақ түгіл, ұрының
Бармадым жақын қасына.
Көрден шықты сол бала,
Маңыраған ешкінің
- 1120 Даусы қалды басыла».
— Қойыңды, хан, бақпаймын,
Енді саған қой бағып,
Сірә, да олжа таппаймын.
Бір байға барып жалданып,
Жанымды ептеп сақтаймын.

- Дірілдеді шошынып,
Қаракөз құл жылады,
«Қой бағудан босат», — деп,
Ханнан қатты сұрады.
- 1130 Хан да қатты ойлады,
Қаракөзге сенбеді.
Қой жаюға Қаракөз
Не берсе де көнбеді.
«Жаймағаным қой болсын», —
Деп боздады, еңіреді.
Қаракөзді басында
«Шығарды» деп ойынан,
Босатқысы келмеді.
Болмаған соң зарланып,
- 1140 Тілегін патша береді.
«Сол баланы көрсем», — деп,
Қаракөзден тіледі.
— Мен бармаймын, хан тақсыр,
Ол моланың жанына.
Барсаң, тақсыр, көресің
Құл моланың бағына.
Оған егер болмаса,
Қойшың қойды апарсын,
Өзі-ақ барар аңырап.
- 1150 Қара ешкіні болжасын,
Бала шығар қабірден
Ешкі барса маңырап.
Батыр болсаң барарсың,
Сонда, ханым, арырақ.
Білуімше ол мола —
Жазираның моласы,
Зәуде болса ішінде
Кету керек баласы.
Бірақ оны ұстауға
- 1160 Ешкімнің келмес шамасы.
- Естігенде Бозайхан
Білмеді жылап-күлерін,
Күрсінді қатты, өкінді

Қайғы басып жүрегін.
«Артымда қалса бір бала»
Деп ойлаушы ем тілегім.

- 1170 Ұстауға хайла таба алмай,
Молаға батып бара алмай,
Батырларды шақырды
Дұрыс ақыл бере алмай
Уәзірлері шатылды.
Сол кезде кеткен жорыққа
Қырық кісілік күші бар,
Құлақасқа батыры.
Қандай ашу қысса да,
Соған жауап беретін.
Теңемейтін адамды,
Өте жақсы көретін.
Құлақасқа келгенде,
1180 Қанша шаршап жатса да,
Орнынан хан тұратын.
Басқа жанды қоя сап,
Соған көңіл бұратын.
Шапқыншымен алдырды
Құлақасқа батырды.
Қырық кісінің күші бар
Қысылған кезде әрқашан
Сол табатын ақылды.
— Құлақасқа батыр-ау,
1190 Қырық батырың жинашы,
Бір хабарды есітіп,
Ойға салып сынашы.
Көзімен көрген Қаракөз,
Өзің барып сұрашы!

- Жайын айтты Қаракөз,
Айтатыны сол бір сөз:
«Өлтіреді, — дейді ол, —
Қандай батыр болса кез.
Күшке бала ұстатпас,
1200 Хайласын тауып алмаса.

- Кім табар хайла осыған,
Хан да соны ойласа!
Хан өзі асып өлтірген
Құлдардың сол моласы.
Кек алуға жаралған
Болмасын құлдың баласы?!
Ол құл өсіп ержетсе,
Ханды келіп тебіrentсе,
Баруға болмас панасы».
- 1210 Құлақасқа сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Не сөйлейді, мына құл,
Хан перзенті емес пе,
Жазира болса анасы?
Іште кетсе сол күнде,
Кімнің бар оған таласы?
Бұл сөзді хан естісе,
Ажалдан бұрын өлесің.
Адам болса ханзада,
- 1220 Оны ешкім құл демесін!
Басың олжа өзіңе,
Ойламай айтқан сөзіңе.
Хан естісе бұл сөзді,
Көрінер жаның көзіңе.
Есіңде барма, Қаракөз,
Бір өлімнен қалғаның?
Жетім деп аяп, жаны ашып,
Кемпірдің сұрап алғанын.
Құлақасқа батырың
- 1230 Қаракөзге қадалып,
Осылайша ақырды.
Хан сөзіне қараған,
Бас пайдасын санаған
«Шығарсам, — деп, — атымды».
- Ақылшысын шақырып,
Толтырды хан сарайын.
Ақсақалды қарттарды
Қалдырмай көрші, маңайын.

- 1240 Хан шашады жарлықты
«Түгел кел!» деп ағайын.
Ат жетер жерден алдырып,
Жарақтарын сайлады,
Қылышты белге байлады.
Өз көзімен көруге,
Сол моланың басына
Қоймен барып келуге,
Хан бір ақыл ойлады.
Басқа адамдар бұл іске
Ақыл айта қоймады.
- 1250 Моласына құлдардың
Қаптап қойды айдады.
Қара ешкіні бақылап,
Келе жатқан алдағы.
Қой да жетті молаға,
Қара ешкі жүр маңырап,
Тыным таппай жана да.
Бір мезгілде қабірден
Бір үлкен бас көрінді.
Ханда зөре қалмады,
- 1260 Таса жерге шегінді.
Ақырын байқап қараса,
Жазираның қабірі.
Бозайханның бойында
Қалмады ешбір сабыры.
Еміп жатыр ешкіні,
Алды-артына қарамай.
Алыстан болжап хан тұрды,
Келуге жақын жарамай.
Талай ой келді басына,
- 1270 Бара алмады қасына.
Мұндай сұмдық көрген жоқ
Жетпіске келген жасында.
Қайтуға хан асықты,
Ішін қайғы ашытты.
Жазираның қайғысы
Ханды сонда жасытты.
«Асыл туған, Жазира-ай,

- Мұндайыңды білмедім.
Мұндайыңды білгенде,
1280 Құрбан болып жолыңа,
Өзім неге өлмедім?!
Сапар шектің оқыстан,
Қайғыңнан мен де күлмедім.
Үш-төрт жылдан бер қарай,
Осындай бір перзентті
Маған сақтап жүр ме едің?».
Күңіреніп хан отыр
Жалғыз өзі далада.
Неше жылдай зар тартқан
1290 Құмар еді балаға.
Неше жылдай зарланып,
Баласыз өтті өмірі.
Ұл ма, қыз ба сол перзент,
Анықтап соны білмекке
Ханның кетті көңілі?!
Ешкіні қақтап емген соң,
Кетті кіріп молаға.
Төбешікте хан отыр,
Басқа адам жоқ молада.
1300 Айырған жоқ ұл, қызын,
Қалдырыпты құмда ізін,
Сезді ме, әлде, бала да?!
Хан келді қайтып сарайға,
Жиналған ел сарайда.
Естіген адам қалмады
Осы халді маңайда.
Халыққа хан зарлады,
Тістеулі тұр бармағы.
«Гүлжазира сұлудың
1310 Оқыстан өліп қалғаны.
Сонда іштегі бала екен,
Келбеті сондай бар екен.
Гүлжазира — шын адал
Мені сүйген жар екен.
Ұстауға сол баланы
Кім ақылын табады?

- Барғанынша аузының
Менен алтын алады.
Ақылы іске аспаса,
1320 Жамандыққа бастаса,
Басы алынып қалады».
Міне, осындай жар салды
Сарайдағы халыққа.
Халық түгел ұйлықты,
Шыға алмады жарыққа.
Тағы да неше қайталап,
Халықтан хан өтінді.
Оңай олжа таппасқа,
Қан жамылып жатпасқа,
1330 Халық түгел бекінді.
Кемпір шықты табам деп,
Қара ешкінің иесі.
— Қазынаңды бөліп қой,
Маған деген тиесі.
Қырық бір адам қараған
Жалғыз ешкі малым бар.
Қырық балам болмаса,
Аяйтын қандай жаным бар?
1340 Ақысын төле, Бозайхан,
Қара ешкінің сүтінің.
Ендігі ұрым сен болдың,
Жетті ғой енді күтуім.
Сұрағанда жетімді
«Алдыма келме» деп едің.
Мен болмасам, Бозайхан,
Жетімді аяр сен бе едің?
Қинау салдың нақақтан
Сол үшін аяп еңіредім.
Артық болса кешерсің,
1350 Қате айтсам, басым кесерсің.
Перзент көріп, мінекей,
Жанғалы тұр еңбегің.
Сен бала үшін қайғырдың,
Мен мал үшін қайғырдым.
Жалғыз ешкі сүтінен

- Ала жаздай айрылдым.
Бозайхан сөзге тоқталды,
«Сүт хақынды ал», — деді,
Кілтшісін шақырып,
1360 «Сарайға алып бар», — деді.
«Көтергенше алтын бер
Әкетсін кемпір арқалап.
Одан артық сұраса,
Сол жерде өлтір балталап».
Кілтші ашты сарайды,
Алтынды кемпір арқалап,
Жан-жағына қарайды.
Кемпірдің көзі тоймады,
Алсам деп тағы ойлады.
- 1370 Кілтші ашып қойыпты
Қазына толы қойманы.
Кілтші айтты: «Шешеке,
Болмайды менің тарлығым.
Қазынасы ханның көп
Көтерсең де барлығын.
Алмасаң, көп айланба,
Нәпсіге еріп ойланба».
Орындауға балта алды
Ханның айтқан жарлығын.
- 1380 Сарайдан кемпір секірді,
«Аз алдым» деп өкінді.
Арқалап алтын әкетті
«Асырауға жетер» деп,
Үйдегі қырық жетімді.
Алтыны көп бай кемпір
Қайта келді сарайға.
Азық алды жетерлік
Жетімдерге талайға.
Кемпір айтты сол кезде:
- 1390 — Хан тілегі бойынша,
Ұлы, қызын қойсақ айырып.
Сүйіншіні алып бір мезет
Көңілін қойсақ жай қылып.
Қазір осы сарайға

- Шеберлерді жинасын,
Неше түрлі ойыншық
Жасасын олар, тынбасын.
Сол ойыншық жасалып,
Екі түрге бөлінсін.
- 1400 Бір бөлегі қуыршақ,
Асық, сақа, ат-тұрман
Екінші жақтан көрінсін.
Өте шебер жасалсын
Ойыншықтар қызықты.
Қызыл-жасыл көз тартсын
Оюлы және сызықты,
Болсын көзді тартатын.
Ойнағанда баланың
Құмары тасып артатын.
- 1410 Көрген бала айрылмай,
Жабысып ұстап жататын.
Хан әмірі бойынша
Ойыншық жатыр жасалып.
Қуанышқа батқан хан
Нұрланады жасарып.
Ойыншық-арба, шаналар,
Бітіп те қалды қашалып.
Неше түрлі тамаша
Бояулы өрнек сызықты.
- 1420 Ойыншықты көргендер
Құмарланып қызықты.
Осыларды апарып,
Қойдырды кемпір молаға.
Неше түрлі ойыншық —
Шықса бала далаға.
Әуелі келіп сол бала
Жүрді біраз таңданып.
Қуыршақты көрген жоқ
Ойнамақ түгіл, қолға алып.
- 1430 Арба менен шананы
Олай-бұлай сүйретті.
Үстіне мінді қызықтап,
Бәрін түгел күйретті.

- Алды қамшы қолына,
Сезіктеніп қарады
Оңы менен солына.
Ерге қарғи мінеді,
Екі жақтап қамшылап,
Ілгері ептей жүреді.
- 1440 Әбден ойнап болған соң,
Қуыршақтан басқасын
Бір жерге әкеп үйеді.
Баланың еркек екенін
Сонда көріп біледі.
Ханға кемпір бара сап,
Балаларды жидырды.
Өңкей еркек балаға
Біркелкі киім кидірді.
Ат мініп талдан астына
- 1450 Шашақ басын қамшының
Балалар ұстап үйірді.
Балаларды қырық-қырықтан
Екі жаққа бөледі.
Майдан ашқан баланы
Көрдегі бала көреді.
Жақын келмей алыстан
Біраз байқап жүреді.
Қызып кетіп майданға
Жалаңаш бала кіреді.
- 1460 Ойнап жүрген балалар
Мұны көріп сасады.
Сасқанының белгісі
Быт-шыт болып қашады.
Қолға түскен баланы
Асықтай қағып лақтырып,
Үстінен таптап басады.
Сол майданның тұсында,
Шыққан жолын баланың
Батырлар барлап алады.
- 1470 Қалың қолды көргенде
Састы бала шамалы.
Құлақасқа андып тұр

- Бала шыққан тесікті.
 Көрден шыққан сол бала
 Батырларды қиратып,
 Ызаланып өшікті.
 Қырық кісілік күші бар
 Құлақасқа батырды
 Жауырыннан ұстап ап,
 1480 Көрден шыққан сол бала
 Бұрқ еткізіп лақтырды.
 Құлақасқа қорланды
 Ие болмай балаға.
 Жолын тосқан батырлар
 Кездесіпті жараға.
 Көрге кірді кідірмей
 Ұстатпай қылған шараға.
 Іске аспады сонымен
 Кемпірдің тапқан шарасы.
 1490 Қапаланып хан жатты
 Қолына тимей баласы.
 Құса болып Бозайхан,
 «Дұшмандардың болдым, — деп, —
 Шыныменен табасы».
 Бозайханның шаһары
 Неше күндей жиылды.
 Ұстай алмай қырық күндей
 Істің арты сұйылды.
 Қырық бірінші күндерде
 1500 «Дараға ас, — деп, — кемпірді»,
 Бозайхан сонда бұйырды.
 Кемпір тұрып: «Дат», — деді,
 «Датыңды, — хан, — айт», — деді.
 — Үйде жатыр қырық ұлым
 Сарайыңа келмеген.
 Қырық ұлым бірдей қапада
 Сейіл құрып көрмеген.
 Қырық баланың ішінде
 Жан шақ келмес күшіне
 1510 Ерекше туған Дардана,
 Сыртқа шықса балаңды

- Сол ұлым ұстап береді.
Бір күні үйде ұрыс боп,
Майдандасқан соғыс боп,
Дардана атты сол балам
Бар баламды бөгеді.
Дайында темір сауытты,
Сенің де балаң қауіпті.
Осыдан шара болмаса,
- 1520 Алсаңыз, тақсыр, міне бас,
Байқасып көрсін екі жас.
Балаң келсе қолыңа
Қызығына батарсың.
Күшімен балам тоқтаса,
Балаңды алып қайтарсың.
Қолымнан бұл іс келмесе,
Балаңды ұстап бермесе,
Үкімді сонда айтарсың.
- Темір сауыт алдырды,
1530 Киді соны Дардана.
Екі жаққа қырық-қырықтан
Жиылды тағы бар бала.
Қызды майдан ашылып,
Шаң, топырақ шашылып.
Көрден шыға жүгірді,
Бала көріп бұларды
Құр қалғандай асығып.
Қашты тағы бар бала,
Жалғыз қалды Дардана.
- 1540 Көрден шыққан сол бала
Жүгірді біраз айнала.
Дарданаға түйілді,
Ұстап алып үйірді,
Дарданаға сене алмай,
Хан қапа боп күйінді.
Үйірген жердің бұрқырап
Топырағы үйірілді.
Даланы тұман шаң басты,
Бала мен жігіт айқасты.

- 1550 Бірін-бірі ала алмай
Күні бойы шайқасты.

Қара тер бойдан төгілді,
Басқан жер бордай үгілді
Дардананың үстінде
Темір сауыт сөгілді.
Қолынан ұстап Дардана
Көр баласын үйірді.
Екі аяғы аспандап,
Басы төмен шүйілді.
- 1560 Дардананың қабағы
Жауатын күндей түйілді.
Көр баласы меңдеді,
Дардана оны дендеді.
Намазшамның алдында
Көр баласын Дардана
Астына басып өңгерді.
Жиырмадағы жігітпен
Көрден шыққан сол бала
Бес жасында тең келді.
- 1570 Масқаралап талайды
Көр баласы деңдеген.
Қырық батыр, Құлақасқаны
Шыбын құрлы көрмеген.
Көр баласын ұстады,
Жігіт еді Дардана
Анық батыр нұсқалы.
Көр баласын ұстап ап
Қайғылы хан қуанды.
Сазарып қарап бала тұр
- 1580 Қабағы қайсар шыдамды.
Топырақтың түріндей
Белгілі түс жоқ етінде.
Қуаныш, қайғы ізіндей
Құбылыс жоқ бетінде.
Моланың ол тағысы
Ашулы бейне арыстан.
Ұстатпауға адамға

- Сол үшін ол алысқан.
Тырнағының көбесі
- 1590 Басын бүркеп саусақтың,
Қайрылып қайта жабысқан.
Терісіндей түйенің
Қышырлы еті қара күс.
Еті қатты темірдей
Ұқсамайды басқа түс.
Қаралығы көмірдей,
Жабағыдай ұйысқан
Бетін шашы жауып тұр.
Қол-аяғы босанса,
- 1600 Өңінде үлкен қауіп тұр.
Ойында бар босанса,
Әлі де елге шабатын.
Дауысымен шыңғырған
Адамның есін алатын.
Басы үлкен табақтай,
Екі жағы садақтай,
Қуанышты Бозайхан
Алып келді сарайға
Алды-артына қаратпай.
- 1610 Не қисайып жатпайды,
Тамақ берсе татпайды.
Сөз сұрасаң адамша,
Ешкімге тіл қатпайды.
Той-тамаша жасалып,
Шаһар түгел жиналды.
Қазынасын хан ашты,
Келген адам еркімен
Осы тойда сыйланды.
Отыз күн ойын жасады,
- 1620 Қырық күн тойын жасады,
Тамаша болды жетпіс күн,
Ат шаптырды алпыс күн,
Халыққа түгел маза жоқ
Думан жасап күндіз-түн.
Өтіп жатыр қызықтар
Бала киім кимейді.

- Тамақты жөндеп ішпейді,
Бұл сияқты өмірді
Әлде бала сүймейді.
- 1630 Киім берсе үстіне,
Тастайды жыртып айырып.
Үстіңе киім ки десе,
Жауап қатпас қайырып.
Сөйлеп тілге келгенше,
Үстіңе киім кигенше,
Қыз-келіншекті жидырып,
Қасына қойды Бозайхан
Киімге бала көнгенше.
Үйірлеспей адамға
- 1640 Мінезі болды өзгеше.
Жиналды халық сарайға
Қойғалы атын баланың.
Өртүрлі ат ойланды
Келгенінше шаманың.
Түрегелді сөз сөйлеп,
Көп ішінен көрі шал —
Ақ сақалды, сары тісті
Тоқсанға келген көрі шал:
— Туған шығар бұл ұлы
- 1650 Бозайханның бағына,
Мирасқор болар тағына.
Шыққан жері баланың
Құлдың көрі емес пе?
Ақыл жетпес кей адам
Құлдан туды демес пе?
Басымды алар хан тақсыр,
Ашуланса бұл іске.
Баланың көрден шыққаны,
Не демес ханның дұшманы?
- 1660 Бала — ханның баласы,
Гүлжазира — анасы,
Дүниенің жүзін билейтін
Батыр болар шамасы.
Ал жиналған, халайық,

- Баланы сынға салайық.
Көрұғлы деп ат қойсам
Болар ма екен ылайық?
Қарттың қойған бұл аты
Ел көңіліне ұнады.
- 1670 Бозайхан аз жақтырмай
Ел қабағын сынады.
Халықтың берген атына
Хан да тоқтап тұрады.
Аты болды Көрұғлы
Көрден шыққан баланың.
Бөріне түгел жайылды
Хан билеген қаланың.
Көрұғлы отыр жалаңаш
Үстіне киім кимеді.
- 1680 Қызыққа да қарамас,
Дырдуды тағы сүймеді.
Сөйлеспейді тіл қатып,
Адамдармен үйдегі.
Көрұғлыны Бозайхан
Жиі көріп тұрады.
Хан келгенде сескеніп,
Аздап көңіл бұрады.
Бейімделген мінезі
Ханға ептеп ұнады.
- 1690 Бірнеше айдай жалаңаш
Көрұғлы бала шыдады.
Жиылған көп қыздар да
«Ханның ұлы жалаңаш», —
Деп келеке қылады.
Бірте-бірте Көрұғлы
Келекені сезеді.
Ойламайды моланы
Бетін елге түзеді.
Сол халыққа үйреніп,
- 1700 Моладан күдер үзеді.
Аздап киім киеді,
Дәмді тамақ бар болса,
Ептеп жеуді сүйеді.

- Өзі таңдап кiсiн деп,
Дәмдiсiн талғап жесiн деп,
Көрұғлының алдына
Киiм, тамақ үйедi.
Сөйте-сөйте Көрұғлы
Қайырым тiлге келедi.
- 1710 Сұраған сөзге кей кезде
Сирек жауап бередi.
Көрұғлының қасынан
Кетпейдi аңдып Дардана.
Жетi жасқа жеткенше,
Бойына әдеп бiткенше,
Ел iшiнде қайратты,
Қасында болды бозбала.
Сөйлесуге тiл келедi,
Батырлар бар қасында.
- 1720 Сарайға шығып жүредi,
Ерiгiп бiреу ұстаса,
Ымдап бiреу нұсқаса,
Ашуланып төнедi.
Сiлтеуiнен қалмайды,
Талай адам өледi.
Өле-өле батырлар,
Күн санап кеми бередi.
Осы жайды айтуға,
Бозайханның өзiне,
- 1730 Құлақасқа кiредi.
Жайын естiп Бозайхан,
Жарлық бердi «байла» деп.
Елдi талқан қылмасын,
Байқап соны, ойла деп,
Ұстамақ болды батырлар,
Көрұғлы салды ойранды.
Быт-шыт қылып қиратып,
Ашты қатты майданды.
Болмаған соң айырды,
Көрұғлыдай батырды.
Үш жылда барып қосылды
- 1742 Адамдарға ақылды!..

Көрұғлы /Бозай туралы/

(Ә. Жұмағазин нұсқасы)

Бұрынғы өткен заманда түрікпеннің ішінде Бозай деген ер болыпты, Бозайдың алпысқа келген анасы болыпты, жетпіс екіде бабасы болыпты, жеті жасар баласы болыпты, өзі түрікпеннің ел қорғаушысы болыпты. Бозай: «Бар» десе, түрікпен жүгірді, «Тұр» десе, кідірді. Көзей деген араб патшасы болыпты. Көзей деген патшаға барып, Бозай жеті жасар баласына Көзейдің жеті жасар қызын айттырып, құда болыпты. Ол Бозай елге қайтып келеді, Бозай келместен бұрын тырыспайдан ауырып әкесі, шешесі, баласы, қатыны өліпті. Ол түрікпендер: «Жұқпалы науқас», — деп, әке, шешесі, қатыны, баласын көміп, қашып кетеді. Бозай үйіне барады.

Боз ордаға келеді,
Түрікпеннің кеткенін
Бозай сонда біледі.
Түндік жабулы,
Есік түсірулі
Туған үйін көреді.
Найзамен қайырып есікті,
Ішке қарай қарады.
Үйдің астында жатқан
10 Төрт моланы тауып алады.
Іші жанып барады,
Екі үлкен бейіт қатар,
Бірі кішкене, бір үлкен бейіт қатар.
Күйгеніне шыдамай кеткенде,
Әйелі екі қабат екен,
Сол моланы ақтарып қарады.
Емшегін еміп жатқан

- Баланы Бозай көреді.
«Ой, айналайын, менің балам екен
20 ғой», — деп тартты деп еді,
Оған бала жүрмеді.
Әке екенін білмеді,
Көтеріп қатынды алады,
Бір күн, бір түн бағады.
Мұрнының ішіне
Шырпы жағып қарады.
Шырпының жалыны
Әрі шалқып барады.
«Бұл, не қылса да, талып,
30 Тірілер-ау», — деп, Бозай бағады.
Үш күннен соң қатынының жаны кіріп,
Бозайға көзін салады.
Бозайды танып, сөйлесіп,
Сөздеріне қанады.
Түрлі асыл тамақ беріп,
Әйелін Бозай бағады.
«Мынау — сенің әкең», — деп,
Шешесі балаға айтады.
Бозай елге хабар салады,
40 Түрікпенді жинап алады,
Қатыны тіріліп,
Балалы болып,
Той қылып қарады.
Алтыннан бесік істетіп,
Күмістен шүмек қойдырып,
Алтын сақа, күміс теңге,
Есігінің алдын айнадай тақыр еттіріп,
Тақырға күміс төктіріп,
Аямай малды сойдырды,
50 Баланың атын қойдырды.
Баланың атын «Көрден шықты» деп,
Көрұғлы қояды.
Ел тарап кеткен соң,
Бір кімде науқастың құрты қалып,
Бозай әйелімен екеуі тырыспай ауру болады,
Екеуі де өледі.

- Түрікпендер жиылып келеді,
Малы мен дүниесін талап алады.
«Бозай тірі жүргенде
60 Жәбір көрсетіп еді», — деп,
Малын талап алады.
Баланы өлтіруге қимай,
Жұртқа тастап кетеді.
«Өзі өліп қалсын», — деп еді.
Сонымен жер ошақтың ішінде қалады.
Қайта айналып біреулер:
«Тұншығып өлсін» деп,
Күлменен жабады.
Ол топырақ жапқан соң,
70 Аспаннан жауын жауады.
Топырағы ашылып,
Балаға сусын болады.
Байыр деген халық
Кісі жіберіп, жер қарапты.
Бозайдың жұрты шалғын болып,
Отайып, сонша қадірлі болады.
Соны Байыр кісісі көреді.
«Сонша от жер көрдім», — деп,
Ханға хабар береді.
80 Ол жұртқа Байырдың
Ханы көшіп келеді,
Жағалап елі бұлақтарға қонады.
Ханның тезекшісі
Бозайдың жұртына барады.
Жұртынан тезек теріп жүргенде
Баланы тауып алады.
Баланы алдына алып,
«Маған табылған балам», — деп,
Тазалап, күн кеш болғанша бағады.
90 Емшекті аузына салады,
Тұла бойы балқып, сүйеді,
Сүті ағып, балаға иеді.
Қараңғы түскен соң
Үйіне барады.
Беліне таңып алады,

ді. 130

Бала асығын алады,
 Балаларға таман барады,
 Барып, ойын салады.
 Балалардың асығының
 Бәрін ұтып алады.
 Қой баққан қойшы құлдың құлағына
 «Баланың алтын асығы бар екен» деген сөз келеді.

Қойшы құл екі жағын жонып, асық істеп, балаға асық ойнауға келеді. «Асық ойнаймысың сен, — дейді. — Ойнасаң беремін кел», — деді. Сонда құл сөйлейді: «Тұрған алады» деген ойын бар. Сап-сарасы, қай тұрғанымыз аламыз, бұл ойынға хан талас қара құлмен ойнап қалады. Бар асығын қара құл ұтып алады. Қыза-қыза алтын асық, күміс кенейін салады. Мұны да ұтып алады. Өгізіне мініп алды да, құл кетіп барады. Бала жүгіріп барып: «Ағаеке, ең болмаса, асығымның біреуін бер», — деп сұрап қарайды.

Оған құл бермеді. Бала құлдың жағасынан алады. «Түбінде шешемді көре алмаспын», — деп қарады. Аударып өгізден алады. Құлдың бар асығын бала тартып алады. Сонда құл айтады. «Ей, бала, сен — Бозайдың баласысың, мен — Бозайдың жылқышысымын, — дейді. — Сені жер ошаққа тастап кетіп, талап алған ел еді. Қара күң тауып алып, бала болып жүр едің, одан туғаның жоқ. Сенің Кенжебай деген жақының бар еді. Шешеңнен рұқсат сұрап ал, — деді. — Кенжебайға бар, — деді. Көзей деген ханда жесірің кетті, соны да ойыңа ал», — деді.

Бала түнде үйге барады. Шешесіне:
 — Шеше мені тудың ба, туманың ба? —
 деп сұрады.

— Біреу азғырды ма, ер? — деді. —

140 Өзімнен тудың сен, — деді.
 — Түбінде, шеше, шыныңды айтпасаң,
 Сенен кетем мен, — деді.
 Сонан соң қара күң шынын айтып жылады:
 — Тауып алдым мен, — деді, —
 Тумасаң да, туғандай
 Етіп бақтым, — деп еңіреді.

- Онда, шеше, ақ батаңды бер, — деді,
Тума іздейін мен, — деді.
Шешесі батасын береді,
150 Жылап-жылап қалады.
Бала түнде кетеді,
Ағарып таңдар атқанда,
Бір елсізге жетеді.
Алты күн жүрді далада,
Бір ай бала жүреді,
Таба алмай елді келеді,
Қалың қызыл құм көреді.
Табанын болса, жер қақты,
Маңдайларын күн қақты,
160 Тамақтарын шөл қақты,
Өлер болып, зар қақты,
Шөлдеп өліп барады-ай.
Табанының терісі
Сыдырылып қалады-ай.
Тақа өлер болады-ай,
Отырып далада, жылады-ай.
Қатты жаңбыр жауады-ай,
Шөлі қанып жүріп барады-ай.
Он күн жол жүргенде
170 Қалың түрікпенге құлады-ай.
Бір үйден сусын ішіп,
Кенжебай қартты сұрады-ай.
«Анау — Кенжебайдың үйі», — деген соң,
Сол үйге кетіп барады-ай.
Кенжебайдың үйіне келіп,
Кіріп, сәлем береді.
Кенжебайға барып, қолын алады,
Кенжебай балаға көзін салады.
Отырып Кенжебай бекінді,
180 — Әй, бала, кім боласың?
Сен бір Бозай кейпі секілді,
Бір жетім бала қалып еді, — деп өкінді.
— Жетім бала — мен, — деді,
Ет жақыным — сен, — деді.
Көзей деген ханда

- Жесірім кеткен екен.
 Астыма ат, үстіме
 Киім бер, — деді.
 — Астыңа ат, үстіңе киім берейін,
- 190 Бала боламысың сен? — деді.
 — Жесірімді алып келейін,
 Бала болып көрейін.
 Сонда Кенжебай ойлайды:
 «Бұл ат мініп кетсе, өліп қалар, — дейді.
 Бұған ат бермесем,
 Қайда барар дейсің?
 Менен ешқайда кете алмас», дейді.
 Баланы тамақпен сыйлады,
 «Кетемін» дегенге қыймады.
- 200 Бала түнде қолына құрық алып,
 Жылқышының ертоқымын
 Қолтығына қысып,
 Ат іздеп барады.
 Жылқыны тауып алып,
 Мінетұғын ат іздеп қарады.
 Дал-дұл болған баладан
 Жылқы үркіп барады.
 Бір асқақ, арық кер тай
 Баланың келді қасына,
- 210 Құрыққа ұсына берді басына.
 «Осы жылқының ішінен
 Бір аттың құрығаны ма?» — деп,
 Құрықпенен салады,
 Тай жығылып қалады.
 Тайға тіл бітіп, сөйлеп қарады:
 «Ей, Көрұғлы,
 Сыйлайтұғын халқың жоқ,
 Қанша араласаң да,
 Бұл жылқының ішінде
- 220 Мінетұғын атың жоқ.
 Мен «Құлдар құрық салар» деп,
 Қолаң болып жүр едім,
 «Жылқышы жайдақ мінер» деп,
 Жауыр болып жүр едім,

- «Күздігүні тісіне жұмсақ тиер деп,
Кенжебай сойып тастар» деп,
Арық болып жүр едім.
«Мінетін тұлпар — мен, — деді. —
Үстіме мініп көр, — деді. —
- 230 Қай жаққа барсаң да,
Жеткізейін мен», — деді.
Басына жүген іледі,
Дүп-дүр сілкініп,
Құнажын байтал болады.
Ерін салып қалғанда,
Дүр-дүр сілкініп,
Дөнежін байтал болып қалады.
Көрұғлы мініп алғанда,
Бесті байтал болады.
- 240 Кенжебайға жолықпай,
Күн батыс жақтың бетінен
Жолаушылап барады.
Қой өргізген бір шалға
Сәлем беріп «Көзейдің
Жері қайсы?», — деп сұрады.
— Жүретін жерің күн батыста,
Жүре бер, — деп тұрады.
Бала жүріп келеді,
Бір айдың жүзі толғанда,
- 250 Қалың бір ну көрді,
Жағалай жатқан су көрді.
Қойшыға барып жолықты,
Көзей ханның елін сұрады,
Қойшы елін көрсетіп береді.
Қалың нудың жағасында
Дамыл алып аттан түскен.
Дамыл алып отырғанда
Қой баққан таз келеді.

Таз Көрұғлыға: — Көзей патшаның қозы бағушысы мен едім, — деп сөйледі.

Тазға: — Көзейге бар, — деді. —

- 260 «Күйеуің келіп отыр», — деп,
 Сүйінші сұрап ал, деді.
 Жүгіріп қойшы
 Ақмеденге барады,
 Есігін ашып, қарады.
 — Әй, апа, сүйінші бер! — деді. —
 Көрұғлы күйеуіңді
 Көріп келдім мен, деді.
 Өзі де түсінде көрген екен,
 Көрұғлының келгенін білген екен.
- 270 — Сүйіншіге не аласың? — дегенде:
 — Жүзігіңді бер, — деп сұрады.
 — Әй, мал ал. Жүзікті не қыласың? — деп сөйледі.
 — Жүзігіңді бермесең,
 Көрұғлыны жүзіктей
 Көрмегенің ғой. Көрұғлыға барып
 «Сүйінші бермеді» деп қарайын, — деді.
 Көңліне келер Көрұғлының деп,
 Ақмеден жүзігін алып береді.
 Жүзігін құшақтап, Көзейге барып,
- 280 Апамнан: «Көрұғлы келді», — деп едім,
 Сүйінші берді, — деп қарады,
 Мұнан да сүйінші сұрады.
 Хан ашуланып:
 — Жетім балаға қызымды беретін бе едім? — деп,
 Әрухан, Сәрухан екі батырын шақырып алады.
 Екі батыр бес қаруын байланып,
 Көрұғлыны іздеп барады.
 Бұлар бүйтіп жүргенде,
 Ақмеден сүйінші берген соң,
- 290 «Күйеуге табақ тартам» деп,
 Көрұғлыны алпыс қатын іздеп барады,
 Көрұғлыны тауып алады.
 «Әй, қойшы, күйеуді көрдің бе?» — деп қарады,
 Көрұғлы тәжім етеді,
 Қатындар ернін шығарады.
 Сонымен қатындар кетіп бара жатқанда,
 Әру, Сәру — екеуі жетіп келеді,
 Көрұғлы сәлем береді.

— Әй, таз көбен, Көрұғлы дейтін батыр көрдің бе? — деп сұрады. Алшайып екеуі тұрады.

- Көрұғлы — мен, — деді.
300 — Көрұғлы болсаң,
Кім боласың сен? — деді.
— Бозай баласымын мен, — деді.
— Бозайдың баласы сен болсаң,
Айдап кетемін, — деп ақырды.
— Жүрмегенде, не қыласың сен? — деді.
Екеуі қылышпен шабады,
Ортаға алып, қамады,
Ол бала да долданып,
Қылышын жұлып алады.
- 310 Түнімен ұрыс салады,
Екеуін аударып аттан алады.
Киімдерін сыпырып алып,
Құлақтарын кесіп,
Мұрнын тесіп,
«Бар, ханға хабар айт» деп,
Қаруын іліп,
Киімін киіп,
Ерін байталына ерттеп,
Күшіне келіп тұрады.
- 320 Құлақтарынан айрылып,
Ханға барады.
«Бізді бір пәлеге жұмсадың ғой,
Бір пәле екен.
Киімімізді тартып алды,
Құлағымызды кесіп алды,
Оған мың кісінің әлі келмес, — деп сөйледі. —
Күйеуің сол болса,
Шабар сенің еліңді,
Сындырар сенің беліңді,
- 330 Өлтіре қоймас өзіңді,
Тыңда менің сөзімді.
Мен Көрұғлыға барайын,
Мен шақырып алайын.

- Алты қанат алтын үй беріп,
 Қонақ қылып қарайық» .
 Екі батыр Көрұғлыға барады,
 «Атаң шақырып жатыр», — деп,
 Қасына ертіп алады.
 Алты қанат үй тігіп,
 340 Қонақ қылып, қарады.
 Сыншылар, атасы — бәрі көріп,
 Сынап қарады.
 Екі құлақтың арасы,
 Он бір қарыс болады.
 «Адамнан қорқар ер емес,
 Кісіден қорқар сері емес.
 «Бұған Мединді бермейміз
 Деуіміз жөн емес» .
 Той қылып, ойын қылып,
 350 Қорыққанынан қорғалап,
 Ақмеденді береді.
 «Қараңғы үйге, шам жақпай,
 Бетінің сәулесі жарық болды», — деп еді.
 Атасы айтты:

— Әй, балам, Көрұғлы! Баламды бердім. Менде бала жоқ,
 үш-төрт жыл қасымда бол, — деді.

- Қасында болады, ақ отауын тігеді.
 «Ата маған рұқсат бер, — деп, —
 Үш күншілік жер, — деді.
 Құбалы таудың баурына
 Аң аулауға көшіп барады.
 360 Он бес күн аң аулап,
 Сол жерде болады.
 Бір күні Медин сөйлейді:
 — Бір тілек сұрайын, беремісің сен? — дейді.
 — Жақсы, берейін мен, — деді.
 Бүгін аң аулап
 Таудың басына барғанда,
 Не нәрсе болса да, өлтір, — деп еді.
 Қыр басына барады,

Таудың үстіне
 370 Көк ала тұлпарын қаңтарып,
 Ұйықтап жатқанын көреді,
 Ұйықтап жатқан адамға келеді.
 — Әй, не қылып жатырсың?
 Тұр, — деп еді,
 Көтеріп басын алады.
 Көрұғлы: — Қалай жүрген адамсың?
 — деп, қарады.
 — Қолыңды берші, көрісейін,
 балам, мен, — деді. —

Араб патша мен едім.
 Бес жылдан бері
 380 Ауру болып жүр едім.
 Ол аурудан жазылмай,
 Емі табылмай,
 Білгіштер, бақыларға қараттым.
 «Сенің емің Көрұғлы деген батырдың
 Ақмеден деген әйелінің бетін иіскесең,
 Тәуір боласың» деп еді,
 Дос боламын мен, — деді.
 — Көрұғлы батыр — мен, — деді. —

Ауру болсаң сен, — деді, —
 390 Ақмеден деген әйел менікі,
 Иіскетейін, жүр, — деді.
 Үйге жүр, — деп еді,
 — Жоқ, бармаймын, — деп, қалады.
 Көрұғлы үйге барады,
 Үйге келген соң Ақмеден айтты:

— Менің: «Өлтір» дегенім қайда? Дұшпанды ертіп келгенің
 нең? Енді саған мен жоқпын, — деп сөйледі.

— Қой, сандалма, бетіңді иіскетіп кел, — деді.

Нанбасаң, «Байталыңа айғырыңды шаптыр», — де. Ол сідігін
 бермейді. Ол берсе, сен де бер. Оның айғыры — аспанға ұшатын
 айғыр, — деді. Көрұғлы үй артына барады.

— Әй, достым, айғырыңды байталыма шаптыр, — деп сөйлеп,
 қарады.

— Мана сенде бұл сөз жоқ еді,
 Әйеліңнің тілін алғаның — нең? — деді.
 — Сідігін бермесен, онда аулақ жүр, — деді.

— Қалжың айтам. Сенен аяйын ба? Байталыңды алып кел, — деді. Шаптырайын мен, — деді.

Байталын алып келеді,
 400 Үшке шейін шаптырып алды деп еді.
 Үйге Көрұғлы барады,
 — Ал, Меден, барып кел,
 Ол менен аяйтын емес екен, — деді.
 Сонда Меден айтты:

— Батырым, менен сен айрылдың. Астындағы көк айғыр ұшады, жерді баспайды. Кер байталды бақ, — деді. — Ішінде тұлпар құлын бар,

Төрт ай, он күнде
 Құлындатып ал, — деді,
 Ақ отауға сал, — деді,
 Қырық күн ұдайы бақ, — деді,
 Сүтпен сұлыға бақ, — деді.
 410 Қырық күннен артқан соң,
 Қанаты қатар,
 Көк ала Қират ат болар,
 Соған мініп ізде мені, — деді.
 Сонымен Меден үйден шығып барады,
 Үй артына тұрады,
 — Бері кел, — деп, арабты
 Шақырып қарады.
 — Өзің бермен кел, — деді,
 Бармаймын, — деп сөйледі.
 420 Әй, Көрұғлы, Меденің
 Келмеді, — деп сөйледі.
 Көрұғлы үйден ақырды,
 «Қылыш жерсің» деп, жапырды.
 Арабы патшаға барады,
 — Бетіңнен иіскеймін, — деп,

- Алдына салып алады.
«Шүү» дегенде, көк ала ат
Боз бұлттың астымен,
Көк бұлттың үстімен алып жөнелді.
- 430 Күн бесін болғанда,
Жан-жағына қарады.
— Меденім, қайдасың? — деп
Көрұғлы айғай салады.
Сыртқа шығып қарады,
Әйелден айрылып қалады.
Кер байталға мініп,
Олай-бұлай шабады,
Кер байтал табандап тұра қалады.
Бір жағынан күн бітіп,
- 440 Бір жағынан тіл бітіп,
Кер байталға тіл бітіп,
«Ішімде тұлпар құлын бар,
Қыса берсең, тастатарсың сен, — деді.
Жер басқан нәсте болса,
Жеткізер ем мен, — деді.
Аспанмен ұшқан адамға,
Қалай жетем мен? — деді.
Ішімде төрт айда туатын құлын бар,
Соны бағып көр», — деді.
- 450 Батыр үйге барып,
Байталын бағады.
Әйелінен айрылып қалады.
Кер биені төрт ай, он күн толғанда
Құлындатып алады.
Көк ала құлын табады,
Қырық күн ұдайы бағады.
Отыз тоғыз күн болғанда, асыр салып ойнап,
Жердүнияға тұрмайтын болған соң,
Ғиратқа қырқыншы күн мініп алады.
- 460 Кер байтал сөйледі:
— Кейін қалды үйірім,
Тартып тұр соған бүйірім.
Бір тұлпар тауып бердім ғой,
Рұқсат бер, табайын жердің қиынын.

- Кер байтал кетті үйіріне,
 Ғиратқа мініп, Көрұғлы батыр жөнелді.
 Арабы патша қарауыл қояды екен,
 «Келсе, осы жақтан келер» деп.
 Қарауылшы күнде «Көрұғлы келді» деп
 470 Айғай салады екен,
 Күнде елдері бүлініп шабады да жүреді екен.
 Бір күні Көрұғлы келіп қалды.
 Жеті ұлы дария өтіп, жеті су дариядан өткенде,
 Ғираттың қанаты талып,
 Төрт аяғын буып, арқалап өте шықты.
 Соны көріп қарауылшы арабы патшаға барады
 «Келіп қалды» деп.
 «Сен елдің мазасын алдың» деп,
 Бір құлағын кесіп, «Көрұғлыңа бар»,
 — деп қоя береді.
- 480 Келе жатқан Көрұғлының алдына келеді,
 «Көрұғлы батыр — сен, — деді,
 Сөз сөйлейін мен, — деді.
 Арабы патша — сиқыршы,
 Әйелінді жасырса, таптырмайды.
 Бергі дүкен аузында
 Сенің әйелің, қарындасы — екеуі
 Айнаға қарап,
 Сұлулығына таласып отыр, — дейді.
 Атыңды маған бер, — деді,
- 490 Сен өзің жаяу барып, ала кел, — деді.
 Сен келгенше,
 Атыңды ұстап тұрайын мен», — деді.
 Атын соған беріп, жаяу барады.
 Екеуінің сұлулығына таласып
 отырғанын көреді.
 Сонда қыз: — Әй, мұнда кел.
 Мынау сұлу ма, мен сұлу ма?
 Мынау — ағамның алған тоқалы,
 Мен — қарындасы Күнсұлумын, — деді.
 Сұлулығымды ашып берсең,
 500 Алтын беремін мен, — деді.
 — Жақсы, — деп, екеуін екі қолтығына тығып

- Алып, жүре береді.
 Араб атын бағып тұр екен,
 Келіп, Ғиратқа мініп алып, ұшады.
 Көлденең дариядан өтеді,
 Көк ала айғырмен
 Патша да қуып жетеді.
 «Тоқта, тоқта!» — деседі.
 Тұлпарлар қызыл жездей еседі.
- 510 Қалмады тұлпар жайылып,
 Көрұғлы тұр қайырылып.
 Қарсыласа қалады,
 Қылыштаса қалады.
 Арабы патша Көрұғлының
 Жағасынан алады.
 Қарындасының қолынан
 Тартқылап барады.
 Қылышпен Көрұғлы
 Көк ала айғырдың
- 520 Мойнынан шабады.
 Мойны үзіліп қалады,
 Судың үстіне хан жетіп барады.
 Төбетейін ескек етіп
 Бөркін қайық етіп,
 Өтіп, аман қалады.

Көрұғлы Күнсұлу мен Ақмеденді алып, үйіне есен барады.

- Екі әйелімен үшеуі
 Қайындарына барып,
 Бес күн қонақ болады.
 Үйіне қайтып келеді,
- 530 Үйіне келіп жатқан соң,
 Таң ағарып атқан соң,
 Сырттан Меден барады,
 Түндігін ашып қарады.
 Көп кемемен аттанып
 Келген арабы әскерлерін
 Көріп, таңға қалады.
 Қиыршықтай көп әскерді көрген соң,

- Жүгіріп үйге барады.
 — Өй, Күнсұлужан, келіп қалыпты.
 540 Батырды оятайын, — деп. —
 Ғиратты алып келсең сен, — деді.
 Күнсұлу шығып үйден барады,
 Ақмеден ойға қалады:
 «Бұл еріксіз келген қыз еді,
 Тұлпарға мініп қашар,
 Ағасына барар» деп,
 Күнсұлуды шақырып алады.
 — Сен оята бер,
 Ғиратқа мен барайын.
 550 Бөтен адамды жібермес, — деп,
 Ақмеден жүгенді алып,
 Тұлпарға барады.

Кетіп барады да, тағы ойға қалады. «Мұным тағы қате екен.

Керегенің басындағы алтын алмасты алар, балқып жатқан батырды өлтірер, — деп, Ақмеден үйге қайта келеді. Қаруларын асынып, Ғиратқа қайта барады.

- Ғиратты алып келеді,
 Күнсұлуға: «Батырды оят», — деп еді.
 Ғиратқа мініп алады,
 Жауға қарсы Көрұғлы батыр барады,
 Қиялай қиқу салады.
 Арабтар ұран шақырып,
 Бұларды қамап қалады.
 560 Арабы патша қауіп қылып, күйінді-ай,
 Шүү десе, қара ат ұмтылдыай.
 Көрұғлы да құтырды-ай,
 Бірқатарын қырып, сыпырды-ай.
 Он бес күн ұрыс салады,
 Быт-шыт болып барады.
 Жекпе-жектеп ақырып,
 Жолдастарын шақырып,
 Айуандай бақырып,
 Қара қанды қақырып
 570 Арабы патша барады,

Көрұғлыны көреді,
 Жағаласа береді.
 Найзаларын салысты,
 Қылышпенен шабысты,
 Ат үстінен алысты,
 Сөйтiп жүргенде көп әскер
 Көрұғлыны қамап алысты.
 Көп әскер айлалап
 Көрұғлыны найзалап,
 580 Мойындарына шылбырын салысты,
 «Тоқта, тоқта!» — деседі.
 Бұнымен ұрысып жатқанда,
 Арабы патша қашып кетеді.
 Көрұғлы жиырма екі күнде
 Қалмақты қырып, алады.
 Санап еді аттарын,
 Қырық мың аттар болады,
 Жан-жағына қарады.
 «Арабы патша қайда?» — деп,
 Санын бірақ ұрады.

Қырық атты базарға алып барып, алты қанат алтын үй сатып алады. Сонымен үйіне барып, алты қанат алтын үйіне кіріп, қайындарын шақырып, мөз болысып қалады. Бұлар бүйтiп жүргенде, арабы патша еліне барып, хабар салып, жиып алып «Көрұғлының Ғиратын әкелген кісіге төбесінен төмен қарай алтын құямын» — деді.

Кемпір келді де: «Мені маңына алып барсаң, алып келіп берейін», — деп сөйлеп қалады.

Кемпірді Көрұғлының маңына алып келіп тастады,

Кемпір Көрұғлының аң аулайтын жолын тосып, жерде жасырынып қалады.

590

Меден сонда сөйледі:

— Көрұғлы жолдасым, сен, — деді, —
 Бүгін аң аулағанда, бір бөле көрінер,
 Соны өлтіріп кел, — дейді,
 Тілегімді маған бер, — дейді.
 — Жақсы, — деп, сөзге нанады.

- Аңын аулауға мініп алып,
 Ғиратпен аңға барады.
 Аяңдап Көрұғлы келеді,
 600 Бір жапаның астындағы
 Кемпірді көріп қалады.
 Кемпірге сәлем береді,
 Сәлемін кемпір алады.
 — Сәлем берсең, көп жаса, балам,
 Ұлықпандай мың жаса, балам.
 Баласы көп кемпір мен едім,
 Тоғыз балам бар еді,
 Араб патша шауып,
 Көрсетті маған көрімді.
- 610 Сонымен садақа сұрап жүр едім,
 Шешесі жоқ кісіге
 Шеше болайын деп едім.
 Қызметкері жоқ кісіге
 Қызметкер болайын деп едім.
 Әңгімені кемпір жаяды,
 Жылаған кемпірді
 Көрұғлы батыр аяды.
 — Әй, шеше, кел, алдыма мін, — деді. —
 Шеше қылып, бағайын, — деп сөйледі.
- 620 Кемпірді алдына мінгізіп алады,
 Үйіне қайтып барады.
 Үйіне алып келеді,
 Ақмеден сыртта жүр еді.
 Алдындағы кемпірді көреді.
 — Айтқан уәдең қайда? — деп еді,
 — Ой, шешемді бақ, сандалма, — деп береді.

Қатындар кіржіңдейін деп еді, қылышын суырып алып, екі қатынды шабуға барады.

Екі қатын: «Жорта айттық, батыр», — деп,
 жалынып қалады,
 Сонымен амалсыз кемпірді бағады,
 Кемпірге істері жағады.
 «Бақпайын» десе,

630 Көрұғлыдан қорқып барады,
Шұбаттарын піседі.
«Шешемнің тамағы тәтті», — деп,
Қолынан тамақ ішеді.

Кемпір ойлап-ойлап, «Тәтті тамақ жасаймын» деп,
Көрұғлыға ашытып арақ жасады. Шыныға литрлеп арақты тол-
тырды. Көрұғлы батыр келген соң: «Әй, балам, шырағым, тәтті
тамақ істедім. Соны іш», — деді. Біреуін ащы етіп, біреуін тәтті
етті. Тәтті еткен нәрсесін әуелі ішіп қарады.

Біреуін Көрұғлыға беріп қалады.
— Шешей, мынауың тәтті екен ғой,
— деп, сұрап қарады.
Меден сөйледі, — Қой, батыр,
ендігісін ішпе сен, — деді.
Кемпір айтты — Осы келіндер
менен арамдығы қалмайды. —

Әуелі екі келінге ішкізіп,
Сосын берейін мен, — деді.
640 Келінге: — Іш, — деп, құйып береді.
— Ішпейміз, — деп еді,
— Қарашы, балам, тілімді алмады, — деп еді,
Көрұғлының түсі бұзылып,
Қылышты алды суырып.
— Сен дұшпан ба едің, екі әйел? — деді де,
Өлтіруге ыңғайланды.
— Әй, батыр, қалжыңға айтамыз ғой,
Құйып бер, — деп қарады,
Көрұғлыдан қорқып барады.

650 Екеуі екі литрді ішіп алды,
Ішкен соң, «Тағы құй, тағы құйды» салады.
— Осы болар, — деп, оған да құйды,
Көрұғлыға да құйды.
Ішіп салады,
Бәрі де есінен танады.
Үшеуі де жығылып, мас болып қалады.
Көрұғлының бар қаруын асынып,
Дорбаға жем салып,

- Жемді де араққа былғап алады,
 660 Басына дорбаны іліп алады.
 Ғират жеген соң, бұ да есірік болады.
 Бар киімімен, бар қаруымен,
 Ержүгенімен Ғиратқа мініп кетіп барады,
 Арабы патшаға алып барады.
 Ғиратты көрген соң, бектерге «Бақ» деп,
 Бегілербекке береді.

Той қылып, кемпірге алтын беріп, өзі мәз болып, өте мәз болысады.

- Мас болған үшеуі көтеріп басын алады,
 Олай-бұлай қарады.
 «Шешем қайда кетті?» — деп, сөйлеп қалады,
 670 Мас болғалы көп болды.
 Сыртқа шықса, Ғираты жоқ болды.
 Сонда Меден сөйледі:
 — Әй, батыр, бұрын едік екі қатын,
 Сенімен болдық үш қатын, — деді.
 — Енді мұның дұрыс қой, — деді.
 Ллулі тұрған киім жоқ,
 Қару мен қылыш жоқ,
 Көрұғлыға тыныс жоқ.
 Батыр ойланды:
 680 — Кемпір салды-ау ойранды,
 Жер үстінде бар болса, сірә, қойман-ды.
 Ғираттың жолында өлермін,
 Өлмесем, алып келермін.
 Алты айшылық жер екен,
 Өте алмайтын теңіз суы көп екен.
 Қолына таяқ алады,
 Ғиратты іздеп, жаяу кетіп барады.
 Жеті айшылық жерлеріңді бес айда жүреді.

Екі айшылық жері су екен. Судан өте алмай, жағалады деп еді. Су жағалап барады. Су жағасында балық аулап жатқан жиырма екі кісі көреді.

Жиырма екі кісіге қонады,
 690 Жөнін сұрады,
 Балықтарын беріп, сыйлап тұрады.
 Көрұғлы айтты: — Ар жағына өтер едім,
 Көмек берсеңдер, — деді.
 — Судың ені жоқ, жағалап өтпесең,
 Екі айшылық жол, — деді.

Сонда балықшылар жұтпа ырғақ салып, ырғаққа балық түсіп, балығын ала алмай, бәрі ойласып тұр еді. Кетіп бара жатқан Көрұғлыны шақырып алады.

Көрұғлы балықшыларға келеді.
 — Ырғағыңа арқан жалғап бер, — деді,
 Соны көрейін мен, — деді.
 Қайыс, кендірлерін жалғап,
 Көрұғлыға жеткізді.
 700 — Жолдастар, арқаның үзілмей ме? — деп еді,
 Көбі: — Шынжыр ғой, үзілмейді, — деп сөйледі.
 — Сендер, былай тұра бер, — деп, тартты.
 Жиырмасы былай тұрады.
 — Әуп! — деп қалғанда, сонда сапырып
 Балықты суырып алады.
 Қара жерге шығарып,
 Қостың қасына алып келеді.
 Сүйрелген балық орны қара жол болады.
 Жиырмасы қуанып,
 710 Көрұғлы қонақ болады.
 Балығын кескілеп, кірге салып қарады,
 Қырық пұт болады.
 — Ал, қонақ, біздің мұқтажымызды бітірдің,
 Қане, еңбек аламысың? — деді.
 Мен арабы патшасының елін іздеп келем.
 Соған судан өткізе аламысың? — деп сөйледі.
 — Онда, бала, кемеге мін, — деді.
 Он бес күндей жүреміз,
 Өткіземіз біз, — деді.
 720 Кемеге мінгізіп алады,

Сапар шегіп барады.
 Жиырма екі күн жол жүріп,
 Ар жаққа алып барады.
 Жаяу Көрұғлы аралап елді қарады,
 Арабы патшаның елдерін тауып алады.
 Үстіне киген киімі жоқ,
 Тыр жалаңаш болады.
 — Мына мүсәпір, келші, — деп,
 Өркім қонақ қылады.

730 Сонымен аралап жүріп,
 Беглербекке тап болады.
 Беглербекке келеді,
 Аяп бұлар, шай-су береді.

— Сен қаяқтан кеткен адамсың? Аралап жүргенде, қай жерлерге бардың? — деп сұрады.

— Менің араламаған жерім жоқ. Бармай жүрген жерім жоқ.

— Сен түрікпенге бардың ба? «Көрұғлы» дейтін батыр бар, — деді. — Соны көрдің бе? — деді.

— Көрұғлыға бардым, оны көрдім, — деді.

— Көрұғлының атын алып келіп, бағып жатырмыз. Жем жемейді, су ішпейді, соны, «қашып кетер» деп, шідерлеп бағып отырмыз. Соның жем жегізгенін көрдің бе? — деді.

— Оны жем жегізу оңай ғой. Жем жегізіп берейін. Не бересің сен? — деді.

— Қалағаныңды ала бер.

— Онда оңаша атқа барайын, оңаша болмаса, жем жегізбейтін едімау. Көрұғлы болып, жем жегізіп қарайын, — деді. — Киімдері болса, киімін алып кел, — деді. Оның жем бергенде «папи» дейтін сөзі бар еді. Он күн үйіне қонып едім, — дейді. Киімін киіп барады.

Фиратқа барып,
 — Сендер кейін тұр, — деп, сөйледі.
 Құлағын тігіп, көзін шаншып, батырды таниды.
 Аздап қана оқыранып,
 Іштен демін алады.
 Жемін жегізіп, суын ішкізіп,

740 Өбден еліктіріп алады.

- Арабты жығады,
Аузына балшық тығады,
Көзіне пышақ сұғады.
Арабтар қашып
Бытшыт боп, бұғады.
- 780 Қырық күндей ұрысып,
Берін бірдей тауысып,
Қайтып еліне барады.

Еліне барған соң, елінің амандығын көрген соң, Меденге айтты:

- «Ата-енемді шақырып алайық,
Қонақ қылып қарайық.
Түрікпен деген елім бар,
Соған таман барайық», — деді.
Ата-енесін шақырып алады,
Сыйлап, үш күн бағады.
«Біз елге көшеміз», — деп,
- 790 Рұқсатты сұрап қарады.
Айтқанына көнеді,
Рұқсат береді.
Жәмбілбел деген белдерге,
Ырғасты деген жерлерге,
Қалың түрікпен елдерге келді.
Келіп баяғы Бозай өлген жұртына-ай,
Түрікпен деген ұлтына-ай,
Түрікпендер таң қалды,
Көрұғлыны көріп сыртынан.

Баяғы байырда жүрген қара күң садақа сұрап, «Көрұғлыны көрмедім», деп жылаған.

- 800 Байырдың елін тоздырып,
Ит арқасын қоздырып,
Даусын шашып, создырып,
Шешесін тауып алады,
Құшақтап тұрып жылады.
Бозайдың жылқышысы —

кісіні үйге кіргізіші», — деді.

Үйге Көрұғлы кіреді.

«Қатын тиышталды», — деп еді.

«Баланы тарт», — деді,

830 Шырылдап бала түседі.

Еркек бала деседі,

Түрегеліп, Көрұғлы барады.

Ішінен қылышын суырып алады,

Кіндігін кеседі.

Қатындар: «Көтек, қайтеді!» — деп,

Шошып қарады.

Баланың бір қолынан көтеріп,

Жудырмай, қойнына салады.

Сонымен қатындар: «Ойбай көтек!»

— деп барады.

Әр ауылға, «Көтек!» деп қатындар

хабар беріп жатыр.

Атына мінді де, аулына жүре береді.

Меденге алып келеді.

«Айналайын, шырағым» деп,

Меден жуып, сүйіп алады.

Сонымен ер жеткен соң,

Ол бала да тумағанын білгізіп, кетіп қалады.

846 Мұратына жетеді.

Осылайша баласыз болып өтеді.

Қисса Ғауазхан

(Ертай Құлсариев нұсқасы)

Бұрынғы өткен заманда, Жамбыл белдің белінде, өзбектің елінде, Көрұғлы деген батыр болған екен. Бір күндері Жамбыл белдің беліне, Ғауаданың көліне ит жүгіртіп, құс салып қырық жігіті қасында, Ғираты астында кешке шейін жүріп, кешке таман қырық жігіттен бөлініп жалғыз келе жатқанда, бір жартастың үстінде құс кейпі бар бір қыз отыр екен. Сол қызды Көрұғлы көріп, қызға қызығып айтқан сөзі.

Көрұғлының қызға айтқаны:

— Бұл Жамбылдың белінде,
Өзбектің елінде
Көрұғлы сұлтан мен едім,
Атым шыққан бек едім.
Ғиратым бар астымда,
Қырық жігітім қасымда,
Жүз жиырма жасымда.
Төбеңе шашың түйілген,
Лашын құстай шүйілген,
10 Сипатың бар бидайық
Біздей бекке лайық.
Қайсы арзымның қызы едің,
Қай бақшаның гүлі едің?

Сұлтанға қыздың берген жауабы:

— Бұл Жамбылдың белінде,
Өзбектің елінде
Көрұғлы бек сен болсаң,

Фиратың бар астыңда,
Жолдасың жоқ қасыңда,
Беклігің сенің қайда бар,
20 Мақтанып бекер тасыма!

Көрұғлының қызға берген жауабы:

— Жаңа білдім сені мен,
Мен бұлбұлдың теңімін.
Періден екен жынысың,
Селтендеген жүрісің,
Көрінеді көзіме,
Қызығып тұрмын сөзіңе,
Бері келіп, ей, шайтан,
Тауат қылығын ізіме.

Қыздың Көрұғлыға айтқаны:

— Бұл Жамбылдың белінде,
30 Өзбектің елінде
Көрұғлы бек сен болсаң
Сақал, мұртың қуарып,
Алпыс екі тамырың
Бәрі бірдей суалып,
Қубас өтіп дүниеден
Қара жермен тең болдың.
Періге бүлік қылыпсың,
Талайдың малын алыпсың,
Азуың шалып қарыпсың,
40 Ақиретке қарыз ғып
Мойныға ғазап алыпсың.
Бұрын батыр болсаң да,
Аруаққа қонсаң да,
Ғайратың кетіп қолыңнан,
Шығып кетті солыңнан.
Құры кеудең сүйірсіп
«Баяғы қайрат бар ғой» деп,
Найзаны тасқа түйірсіп.
Мұртың кетті шошақтап,

- 50 Мұрның кетті пұшықтап.
 Бұрын батыр болсаң да,
 Аруаққа қонсаң да,
 Саған тиген әйелдер
 Жатады томар құшақтап.
 Дүниенің білдің бекерін,
 Дәуреннің сүйтіп өгерін,
 Опасы жоқ дүние,
 Жаратыпты ол — Ие.
 Иман сұра Құдайдан
- 60 Жасың жетті, қария.
 Имандының бар пырағы,
 Жайқалып тұрған құрағы.
 Жарық бұлар көрінді
 Жанып тұрған шырағы.
 Теңім емес мен сенің
 Иранбақ болар тұрағы.
 Тіпті саған тимеймін,
 Бектігіңе күймеймін.
 Ашулансам Көрұғлы
- 70 Қараңды тіпті көрмеймін.
 Гүлфар пері атым бұл,
 Тоғыры сертің құрысын,
 Ала алмасаң қатын бол.

Гүлфар пері қыз бұл сөзді айтып ұшып кетті. Көрұғлы ұстаймын деп қуып, жете алмай қайтып келіп, түнімен қапа болып жатып, ертеңімен «Ғиратымды алып кел» деп жарлық етті.

Көрұғлы Ғиратқа мініп, Гүлфарды іздегені:

Бір жігіт әкелді Ғиратты ерттеп,
 Еш адам жол болсын деп айтбас беттеп.
 Үстіне сұлтан сонда мініп алды,
 Жүрмеді Ғират тұрып, көткеншектеп.

Ғиратқа Көрұғлы бек ашуланды,
 Атына ашуланып қамшы салды.

- 80 «Белгілі сапар жолға жүруші едің
Жүруге аядың ба бүгін жанды».

Ғираты астындағы жүрді қатты,
Ішінен Көрұғлы бек қапа тартты.
Серттесіп атымен осы жерде
Ғиратқа сонда тұрып бір сөз айтты.

Атына айтқан сұлтанның жауабы:

- Ал астымда, Ғиратым,
Жасымнан бірге қанатым.
Өмілдірік сом алтын
Омырауда манатың.
- 90 Шаба көргін бүгін сен,
Жайып екі қанатың.
Шабалмасаң маған серт,
Бір сайқалдың сөзінен
Ішіме толды қайғы, дерт.
Бақытым жаман басылды,
Көңілім жаман жасыды,
Бесін қалат болғанда,
Иранбақ атты шаһарны
Көрсетпесең көзіме,
- 100 Алармын кесіп басыңды.

Ғират Көрұғлы ашуланып ұрған соң қанатын жайып көкке ұшып, бесінде Қап тауына шықты. Ар жағында Иранбақ көрініп тұрды. Сонда Көрұғлы айтты: — Осыдан барсам, Иранбаққа кірсем, көп періні қырсам, Гүлфарды алсам, намаз құтпанда үйге барсам, — деп аттан түсіп, намаз оқи берді. Көрұғлы бұрынғы сеніп жүрген перісіне сыйынбады. Тәкәппарлық қылып айтқан соң Көрұғлы қараса, Иранбақ көрінбей қалған екен. Сұлтан ойлады «бұл жерде тұрып болмас» деп, намаз құтпанда үйіне келіп, баласы Ғауазханды шақырып алып бастан-аяқ көрген істің бәрін айтып: — Маған шын бала болатын болсаң, осы Гүлфарды әкеп бер, — деп, батасын берді. Алтауы — адам заттан, үшеуі — перизаттан. Қатындары «Біз баланы жібермейміз, бала жас, жол алыс,

баланы перілер өлтіріп қояды, қатын таппай отырсаң, өзің бар» деп, жібермей қояды. Ғауазхан барайын десе шешесін қимайды, бармаймын десе әкесін қимай, жүре берді. Күндерде бір күн Жамбыл белдің беліне, Ғауадақ көліне ит жүгіртіп, құс салып жүріп, кешке таман қырық жігіттен қашып шығып, «Иранбаққа барайын атамның ризалығын қылайын» деп жүріп кетті. Жігіттер Ғираттың тұратын жерін қараса, жоқ екен. «Енді ертерек сұлтанға айталық» деп, Көрұғлына келіп айтады.

Көрұғлыға жігіттердің айтқаны:

- Бұл уақтылар болғанда
 Бұл Жамбылдың ханы көрідің,
 Көрінгенді бала ғып
 Жалынып соған арыдың.
 Жүйрік едің, сұлтаным,
 Табаныңнан тайрылдың.
 Ұшқыр едің, сұлтаным,
 Қанатыңнан қайрылдың.
 Біреудің ұлын ұл қылып,
 110 Ғиратты беріп астына
 Бала Ғауаздан айрылдың.
 Жоғалып кетті ол Ғауаз
 Айналайын, сұлтан-ай,
 Жасынған жездей майрылдың.
 Біз Ғауадаққа барып ек,
 Тамаша сауық қылып ек,
 Кешке шейін жүріп ек.
 Кешке таман болғанда
 Келеді ғой мында деп едік.
 120 Миханаға қарасақ,
 Көрінбеді Ғиратың,
 Кигіздің ғой үстіне
 Алтын лағыл, манатың.
 Жоғалып кетсе ол Ғауаз
 Айналайын, тақсыр-ай,
 Сынды ғой екі қанатың.

Көрұғлының жігіттерге берген жауабы:

- Апарып Ғауадекке жүрдің, — деді,
 Біреуің жаман сөзбен ұрдың, — деді.
 Біреуің тілің тиіп, қашқан шығар,
 130 Бұлжерге өтірік айтып келдің, — деді.

Біреуің тілің тиіп, қашқан шығар,
 Бір Алла тұз-нәсібін шашқан шығар.
 Жүргенше бүйтіп қор боп осы жерден,
 Кетейін еліме деп, ұшқан шығар.

Жігіттердің күйі:

- Жігіттерде енді айтар сөз қалмады,
 Қайрылып бөтен жауап қыла алмады,
 «Ғауаздан біз де айрылдық, тақсыр-ай» деп,
 Сол жерде барлық жігіт зар жылады.
- Жігіттер зар еңіреп, төкті жасты,
 140 Сөзінен Көрұғлының мұнша састы.
 Тарқатып ашуларын Көрұғлы бек,
 Ғауазды іздемек боп ақылдасты.

Көрұғлы Ғауазханды іздегені:

- Мәжнүн көкті, әпкелші,
 Үстіне оның ер салшы,
 Ізінен оның шалайық,
 Олай-бұлай қаралық,
 Еліне кетпес Ғауазхан
 Қыла қоймас балалық.
 Сабырлық қылғын, жігіттер,
 150 Сабырлық бұған лайық.
 Не болмаса, Құдай-ай,
 Перілерге кетті ме?
 Шын батамды беріп ем,
 Айтқан сертке жетті ме?
 Не болмаса, жігіттер,

- Астындағы көкала ат
 Іші пысып жүр еді,
 Көптен бері шабылмай
 Алып қашып кетті ме?
 160 Алып қашса көкала ат
 Баланы қылар масқара-ай!
 Жолдасы жоқ қасында,
 Жол көрмеген жас бала-ай!

Келді де Ғауадектің ізін шалды,
 Ғираттың шапқан ізін тауып алды.
 Ғираты Иранбаққа кеткен екен,
 Ғауазхан айтқан сертке жеткен екен.
 «Батамды енді бұған берейін» деп
 Артынан сұлтан қуып жеткен екен.

- 170 Ғираттың тауып алды шапқан ізін,
 Бар Құдай кез келтірді жүрген кезін.
 Ойылып жер ошақтай қалушы еді,
 Ізіне қарғып шапқан келсе кезің.

Көрұғлы Ғауазханды іздеп, қоштасып қалайын деп бара жатыр.

- Сұлтан атқа мінеді,
 Лаулап оттай жанады.
 Қырық жігітті ертіп ап
 Ғираттың ізін шалады,
 Қарап тауып алады.
 Қарсы алдында Көрұғлы
 180 Шабуылмен келеді.
 Ашуына шыдамай
 Кейде шауып, желеді.
 Баласынан ажырап
 Қайғысына көнеді.
 Түн ортасы болғанда
 Көрұғлыдай сұлтанның,
 Кетіп бара жатқанда,
 Жалғыз қара көреді.

- Жолдасы жоқ қасында,
 190 Толмаған нәзік жасында,
 Адамнан зият ақылы
 Фираты бар астында.

Сұлтан Ғауазды көріп, қырық жігітке айтқаны:

- Сұлтан сонда тұрады,
 Атының басын бұрады.
 — Қырық жігітім, кел, — деді,
 Бұл сөзімен сен, — деді.
 Бара жатыр Ғауазхан
 Бір бүлік бұған сал, — деді.
 Бар ма екен, сірә, ерлігі,
 200 Бойында бар ма серілігі.
 Қарсы шапса өзіңе,
 Бері қарай кел, — деді.
 Қырық жігіт сонда тұрады,
 Белді мәкәм буады.
 Қолына найза алады,
 Айғай-сүрен салады.
 Кетіп бара жатқанда
 Ғауаз сынды баланы
 Жабылып бұлар қуады.
 210 Тұлпардан туған бұл Фират
 Табандап қарап тұрады.

Ғауазхан қырық жігітке соғыспақ болып ұмтылғаны:

- Мұны көріп Ғауазхан
 Аттың басын бұрады,
 Өңгіме дүкен құрады,
 Қолына найза алады,
 Пірлеріне сиынып,
 Енді Ғауаз түйініп,
 Келе жатқан жігітті
 Быт-шыт қылып қуады.
 220 Мұны көріп қырық жігіт,
 Енді қайта қашады,

Аруағы Ғауаз асады.
Осы қашқан қырық жігіт,
Сұлтанды келіп басады.

Сұлтан сонда сөйледі:

— Тоқтағын, балам, тоқта, деп,
Мұнан басқа жауыңыз
Сірә, балам жоқ па, деп.
Көлденеңдей береді,
Жақындап сонда келеді.

Ғауазханға Көрұғлының берген жауабы:

- 230 — Ғауаз атты баласың,
Көрұғлыдай сұлтанның
Көзінің ағы, қарасың.
Атаң айтқан сөзіне
Боташым, құлақ саласың.
Ғиратты мініп астыңа,
Жолдас алмай қасыңа,
Қаяққа кетіп барасың?
Бірге барсаң, қарағым,
Атаңнан бата аласың.
- 240 Әгер қашсаң, қарағым,
Құрыттың ғой екі дүниеде
Көрұғлының қарасын.

Ғауазханның әкесіне берген жауабы:

- Жылама, бабам, жылама,
Жыламай көңілің тына ма?
Әзелде Құдай қып қойса
Мен ғаріпке сыбаға.
Жас емеспін, Иншалла,
Орынсыз мені сынама!
Риза қылмай бабасын
- 250 Ғауазхан үйде тұра ма?
Үйде, түзде болса да

- Ажалдан адам қала ма?!
Қырық жігіт нөкерім,
Жақсы қарап тұрыңдар,
Қартайып қалған бабама!
Үш қайтара сәлем де
Артымда қалған анама!
Мен періге барамын
Неше мәрте жол жүріп,
260 Қапа-қайғы мол жүріп,
Қайғыра берме, жан ата,
Іреңді солдырып.
Көрұғлыдай бабамыз
Оқ тисе де нар еді,
Біз сияқты ғаріпке
Байғұс атам зар еді.
Аға едің Хасенхан,
Інің едім Ауазхан,
Бір сүйенішің мен едім,
270 Сүйенген аға сен едің.
Олай-бұлай боп кетсем
Әкем кетті қартайып,
Жасыта көрме сүйегін.
Және сізге тапсырдым
Жамбыл белдің белдерін,
Өзбектің елдерін.
Бұрынғыдай қызық қып
Шаңлақ қылып жүріңдер,
Ғауадектің көлдерін.
280 Жыл айланып келгенше,
Ақ жүзіңді көргенше,
Қол ұстап сәлем бергенше,
Жамбыл белде бірігіп,
Қызық дәурен көргенше.
Жыл айланып келгенше,
Ақ жүзіңді көргенше,
Аман болғын, нөкерім,
Дүниенің білдім бекерін,
Дәуреннің сүйтіп өтерін.

- 290 Аналарды сізге тапсырдым,
Саргардан қырық нөкерім.

Көрұғлының баласына берген батасы:

- Жыл айланып келгенше,
Аман болғын, қарағым,
Сапар еттің періге
Қабыл болсын талабың.
Ата сөзін сыйладың,
Ұзарсын, шырақ, қадамың!
Ақ жүзінді көргенше
Таусылмас менің ғәзәлім,
300 Жолдастыққа жарайды
Ғират деген пырағың,
Қысылған жерде, қарағым,
Пірлерден қуат сұрағын.
Адамын тауып сырлас бол,
Залымды жолдас қылмағын.
Неше күндік жолы бар,
Неше айлық жолы бар,
Деп айтады Гүлфар
Иранбақта тұрағын.

*Көрұғлы сұлтан Ғауазханға батасын беріп қайтып кетеді.
Жігіттердің қоштасып айтқан сөзі:*

- 310 Ғауазхан, енді сені көреміз,
Жақтырсаң біз де сізге ереміз.
Келгенше жыл айланып, Ғауазым-ай,
Сарғайып қайғыңменен өлерміз.

Ғауазхан жүрмек болды Иранбаққа,
Сиынып әуел Құдай, аруаққа.
Айрылып бала Ғауаздан қырық жігіт,
Күңдіреніп жылап қайтты Жамбыл жаққа.

Ғауазхан Иранбаққа жүргені:

- Сапар шекті Ғауазхан
Жамбыл белдің белінен,
320 Ит жүгіртіп, құс салған
Ғауадақтың көлінен,
Алтын тұрман жарқылдап.
Көрұғлының Ғиратына
Қамшы басты тақымдап.
Сауырынан аққан тер
Тебінгіде сылқылдап.
Терлегенде Ғираты,
Адам байқап болмайды,
Ор қояндай бұлтылдап.
- 330 Тұяғымен тас тесті
От жаққандай жылтылдап.
Он екі жаста Ғауазхан
Иранбаққа кетіп барады,
Аузынан жұпар аңқылдап.
Қаз мойынды Ғиратты
Сауырына сипай қамшылап.
Бауырынан аққан тер
Омыраудан тамшылап.
Сол көрінген таулардың
- 340 Өзенін өрлей салады,
Жол көрмеген жас бала
Бет алып кетіп барады.
Ел бар ма деп бұл жерде
Бұрылып Ғауаз қарады.
Ол өзеннің ішінде,
Айдалада бір жалғыз,
Қараша үйді көреді,
Қасына жетіп келеді.
Ол қараша үйдің жанында
- 350 Бір жерен тұр байлаулы,
Қатып қалған көрінді.
Ор қояндай сықылды,
Төңкеріп қойған астаудай
Көрінеді мықыны.
Қасына жетіп келгенде,
Бір қыз шықты ол үйден.

- Ғауаз мұны көреді,
 Адам емес бұл өзі
 Перизаттың баласы.
 360 Сымға тартқан күмістей,
 Он саусақтың саласы.
 Шерте қырыс сыры бар,
 Маңлайының арасы.
 Аспандағы жұлдыздай
 Көзінің гауһәр қарасы.
 Меруерттей көрінген
 Ақ тісінің арасы.
 Өзі он бес жасында,
 Толмаған нәзік жасында.
 370 Шай орамал салыпты
 Құндыз жиек басында.
 Байлаулы тұрған жереннің
 Жетіп келді қасына.
 Сол қыз жетіп келгенде,
 Ғауаз сынды баланың
 Есінен танып қалғаны-ай!
 Ғауаз есінен танғанда
 Өлгі келген сұлу қыз,
 Байлаулы тұрған жеренге
 380 Мініп алып кетеді-ай,
 Болжалды жерге жетеді-ай!

Ғауазхан қызды көріп, есі ауып қалып, қайта есін жиып, атқа мініп қуа береді.

- Ғауаз есін жияды,
 Енді артынан қуады.
 Жерен ат кетіп барады,
 Ортекедей ойнақтап,
 Нар түйедей тайлақтап,
 Көрсетпей жанына барады.
 Артына қарап байқаса,
 Көсілмеді аяғы,
 390 Из сияқты болады
 Ғираттың сонда тұяғы.

- Жерен аттың артынан
Түстік жерге қуады,
Шаңы көрінбей барады.
Ғауазханның Ғираты
Бас, көзінен тер ағып
Табандап қарап тұрады.
Мұны көріп Ғауазхан
Аттың басын бұрады,
400 Қараша үйге бармаққа,
Сол үйден сұрап, қанбаққа,
Қайта айланып келеді.
Сол қараша үйдің ішінде
Бір шал отыр, көреді.
Шалды көріп, Ғауазханның берген жауабы:

Ғауаз сонда сөйледі:

- Айналайын, жан ата,
Ботаң айтқан сөзіне
Құлағыңды сал, ата.
Мен бір жауап сұрадым
Жөніңді айтып бер, ата.
410 Әлгі кеткен танысың
Жын ба, шайтан білмедім,
Маған жауап бер, ата?

Шалдың Ғауазға берген жауабы:

- Сонда шалың сөйлейді:
— Естімеймін сөзіңді,
Жоғалтқын араман көзіңді.
Өлтірермін жүгермек
У беріп сенің өзіңді.
Ағып тұрған бұлақтай,
Сауып тұрған шырақтай
Айдап жүрген малымнан,
420 Асырап тұрған жанымнан,
Жетпей кеткір, жүгермек,
Айырдың менің өзімді.

Ғауазханның шалға берген жауабы:

- Ғауаз сонда сөйлейді:
— Ей, жан ата, жан ата,
Ботаң айтқан сөзіне
Құлағыңды сал, ата.
Жамбыл белдің белінде,
Өзбектің елінде,
Көрұғлы деген бек еді.
Сол Көрұғлының баласы
430 Атым — Ғауаз, мен едім,
Ерге серікші едім.
Көрұғлыдай бабамыз
Ғашық боп тұр бір қызға,
Соны іздеп кеп едім.
Көрұғлыдай бабамның
Жасынан бергі жолдасы,
Айғай-сүрен салғанда
Ұрылмаған бір қамшы,
Қанатымен көкке ұшқан
440 Болат еді бір басы.
Жете алмады осы атқа
Не болды екен, ей, ата,
Бұл сияқты Ғиратқа?
Менің айтқан сөзімді
Естімей тұр құлағың
Атымнан көңілім қалған соң,
Сол себепті сұрадым.

Бұл сөзге шалдың берген жауабы:

- Есіктің алды тау еді,
Көрұғлы деген қу қақбас
450 Енді бізге жау еді.
Естімеймін сөзіңді,
Жоғалтқын арыман көзіңді.
Өлтірермін, жүгермек,
У беріп сенің өзіңді.
Дегеніңе жетпегір,

Әрі бөлекет, жүгермек,
Алуға сені ептегір.

Тұр алдымнан, кет, — дейді,
Кет деген сөзім кек, — дейді.
460 Қандай жанның ұлысың,
Қарғысым саған өтбейді?

Ғауазхан шалға қапа болып, мұны өлтіргенде не кегім бітеді деп, өз жолына жүріп кетеді. Ғауазхан шал жөнін айтпағанына һәм жерен атқа жете алмағанына қапа болып біраздап сөз сөйлегені:

«Жаратқан ием біреу бар
Әрі не қылсаң өз еркің,
Пәрмен, мүсәпірге жәрдем бер.
Ибраһим атты Пайғамбар,
Ғайып ерен қырық шілтен
Сіз болмадың мәдеткер.
Көңілім толды қапаға,
Иранбақты бет алып
470 Мен келемін сапарға.
Анық жөнін білмеймін
Келемін іздеп алысқа,
Иранбақты көргем жоқ
Шығып ем іздеп дабысқа.
Тым болмаса, Құдай-ай,
Астымдағы бұл Ғират
Жарамайды шабысқа».

Ғауазхан бұл сөзді айтып келе жатса, айдалада қырық ақ үй тұр екен. *Ол үйден қырық қыз шығып, Ғауазға берген жауабы:*

— Ай мен күннің астында
Жарық сая сауасы,
480 Жалтырайды жарық етіп
Жарық дүние миуасы.
Қайда кетіп барасың
Жамбыл белдің беліндей

Көрұғлы бектің баласы?
 Әкең тірі отыр ма,
 Елің, жұртың бүгін де?
 Жамбыл белдің белдері,
 Өзбектің елдері,
 Ит жүгіртіп, құс салған,
 490 Ғауадектің көлдері.
 Не мұңдылар бар ма екен,
 Біздей сорлы ханшалар
 Сіздей бекке зар екен.
 Сапар жолмен сарғайып,
 Ұйқы көрмей қарайып,
 Қайда кетіп барасың?
 Сөзге құлақ салсың,
 Аты-жөніңді айта кет,
 Енді қайда барасың?

Ғауазханның қыздарға берген жауабы:

500 — Ей, ханыш, ханыш,
 Қалжыңдама, ханыш.
 Мен келермін ел жақтан,
 Бері жаққа бет алып,
 Тізгін тартып бұрылман,
 Көңілім саған аударып.
 Иранбақта бір пері
 Көрұғлыдай бабамды
 Қапа қылып кетіпті,
 Соны іздеп барамын.
 510 Аман болса, ханыш,
 Қайтып сонда келермін.
 Сұрағаның бар болса,
 Қолымнан келсе берермін.

Сонда қыздардың Ғауазханға берген жауабы:

— Астындағы Ғираттың
 Қаламдай болған құлағы,
 От орнындай тұяғы.

- Сипатыңа қарасам,
Айдын көлдің құрағы.
Тіріде қабыл бола ма
520 Біз бишараның сұрағы?!
Жолдас алмай қасыңа,
Ғиратты мініп астыңа,
Сапар тартып барасың
Толмаған нәзік жасыңда.
Бара алмайсын періге
Жеті жылдық дария бар,
Нансаңшы, менің осыма!
Шаршап шөлдеп жүргенде
Бір тынығып кетсеңші,
530 Енді менің қасыма.

Ғауазханның қыздарға берген жауабы:

- Сонда Ғауаз сөйлейді:
— Мен келемін ел жақтан
Пері жаққа барамын,
Қабыл болса тілегім,
Дұшпанға батса білегім,
Гүлфар атты сұлуды
Періден тартып аламын.
Ақ тілекпен шыққанмын,
Неге жолда қаламын?
Бата берген атамыз,
540 Ризалығын қыламын.
Ол дариядан мен қорқып,
Атама не деп барамын?!

Жөнелді Ғауазхан осы сөзді айтып жүре берді, қапа боп ол қыздар қала берді. Ұстамақ боп барлығы жабылғанда секіріп, қара-көк ат ап жөнелді.

Ғират сонда мұны біліп,
Бар еді және онда таудай желік.
Ұстатпастан оларға қашып кетті
Адамға табыла ма ондай серік?

Жардам боп қысылғанда пайда болған
 Ерлерге табыла ма мұндай көлік?
 Сегіз күн Ғауаз батыр жүрді жолда,
 550 Келеді шабуылмен елге кіріп.
 Шаһарына Бұрқаншаның келіп кірді,
 Ғауазхан қалады мұны көріп.

Көшесін аралады барын тамам,
 Жаратты қанша мақұлық қадірменен,
 Киіпті той-тойлаған бұл адамдар
 Киімдер асылдан алтындаған.
 Бәрі қалмақ, тілдерін адам білмес,
 Сөйледі балдыр-бұлдыр шалдырлаған.
 Ғауазхан келіп кірсе бір сарайға,
 560 Бес жүз ат байлаулы тұр жарап қалған.
 Байлаулы оңаша да жерен ат тұр,
 Аққан тер үсті-басы қатып қалған.
 Қалмапты мал секілді жануардың.

«Япырмай, қайтіп озды Ғиратымнан», —
 Деп айтып Ғауаз батыр сынап тұрды.
 Сарайбан тыста тұрған мұны көрді,
 Біреудің рұқсатсыз атын көріп,
 «Иә, мырза, бұл арада кімсіз?» деді.

Сарайбан патшаның уәзірі екен,
 570 Бұл уәзір атты бағып тұрады екен.
 Нәсілі өзбек бұл уәзірдің,
 Түрік тіл сол себепті біледі екен.
 Аттардың мәні-жайын білмек үшін,
 Ғауазхан шалдан жауап сұрайды екен.

Ғауазханның Сарайбанға берген жауабы:

— Ассаламуғалайқум, ата,
 Айналайын, жан ата,
 Ботаң айтқан сөзіне
 Құлағыңды сал, ата.
 Мен бір сөзді сұрайын,

- 580 Маған жауап бер, ата.
Мынау тұрған жерен ат
Әлде кімнің аты еді,
Жөнін айтып бер, ата.
Арыстан туған атамның
Жасынан бергі жолдасы,
Айғай, сүргін салғанда
Ұрылмаған бір қамшы,
Қанатымен көкке ұшқан
Болат еді бір басы.
- 590 Жете алмады осы атқа,
Не болады екен, ей, ата,
Бұл сияқты Ғиратқа?

Сарайбанның Ғауазханға берген жауабы:

- Айналайын атыңнан,
Құрбан болып өлейін
Кербұғылы деген затыңнан.
Неге көңілің қалады,
Бұл сияқты атыңнан?
Ей, қарағым, шырағым,
Сапар шеккен адамның
- 600 Көңілінде қайғы, шері бар,
Бара алмайсың періге
Жеті жылдық дария бар.
Шыққан екен бұл Ғауаз
Көрұғлыдай бабаңның
Сапарына талап кез.
Кейіме, балам, атыңа,
Үстінде кепкен тері бар.
Біразырақ бұзылған,
Ұзын аққан сулардан
- 610 Ыстық ішкен жері бар, —
Деп айтып, Ғауазханға: — Тоқта, — деді,
Сөздерін бабаң айтқан сақта, — деді.
Періге ей, шырағым, бара алмайсың,
Сөзімді менің айтқан ұқсаң, — деді.

Мәнісін мынау тойдың мен сөйлейін,
 Үйге жүр, сусын тағам, жұтсаң, — деді.
 Осы аттың бөрінен де озып келер,
 Үш-төрт күн қолыма алып бақсам, — деді.

Хан еді Бұрқанша атты мұның өзі,
 620 Бар еді Құндызай атты жалғыз қызы.
 Ол ханның ұлы жоқ осы күнде,
 Баласы, ұғыл-қызы жалғыз өзі.
 Ол қызы жиырмаға келді биыл,
 Тіл білер жетпіс екі оқып өзі.
 Кәпір деп ешкім мұны ойламайды,
 Шырайлы өзі сұлу, қызыл жүзі.

«Қызына рұқсат берді өзің біл, — деп,
 Қаласаң әлде кімді, соған ти» деп.
 Бұл сөзді естіген соң сонда қызы,
 630 Деп айтты «ат шаптырып елді жи» деп.
 Той қылып ат шаптырып, елді жиған,
 «Кім де кім аты озса тиемін» деп.

Сонымен ат шаптырып елді жиды,
 Шақырып әр тарапқа қағаз берді.
 Келіпті перілер де соны естіп,
 Осындай бұл падиша өнер қылды.
 Аты еді бір перінің мынау жерен,
 Жануар жолаушылап жаңа келген.
 Күн еді ат айдайтын бүгінгі күн,
 640 Тоқтатып бұған қарап қойды енді.
 — Бес күндей бұдан былай ат шабылар,
 Сол күнде бұл жереннің бабы болар.
 Айдайды бұл аттарды айлық жолға,
 Көбісі озбақ тұрмақ, жолда қалар.
 Шырағым, бұл бәйгеге атыңды қос,
 Келеді бұл бәйгеден Құдай білер.
 Алып бар осы қызды сен атаңа,
 Кәрі атаң үшбу қызға риза болар.

Ғауазхан Сарайбанның бұл сөзін мақұл көріп, атын қолына беріп, өзі сонда жатты. Бес күннен кейін патша жарлық қылып, ат шықсын деп жарлық етті.

650 Әлқисса, бес күннен соң патша келді,
 Мұнара биік жерге шығып тұрды.
 «Балалар енді атыңа мініп шық» деп,
 Падиша баршасына хабар берді.
 Жиылып балалардың бары келді,
 Патша барлығына қағаз берді.
 — Келсеңдер қайсың озып айлық жолдан,
 Алғын, — деп, — Құндызайды, — рұқсат берді.

660 Жиылып тамам бала бөрі сонда,
 Қолына билет қағаз алды сонда.
 Атына жем-шөп алып жегізетін,
 Жанына ақшаларын салды сонда.
 Ақсап тұр бұл Ғираты Ғауазханның,
 Бір тазша Ғауаз батыр болды сонда.
 Адам деп санамастан Ғауаз ерді,
 Батырың билет тимей қалды сонда.
 Басынан мұнараның патша түсіп,
 Тағына патша барып қонды сонда.

Ғауазхан билет ала алмай, аты ақсақ, өзі таз болған соң патша адам орнына көрмеді.

Ғауазхан патшаның терезесіне келіп айтқаны:

670 Ғауаз сонда келеді,
 Келіп сөйлей береді:
 — Бұрқанша патша, құлақ сал,
 Менің айтқан сөзіме,
 Құндызайдың тойының
 Тура кеппін кезіне.
 Патша болсаң әділ бол,
 Қорласаң кәріп, қасірді,
 Кез боласың мақшарда
 Жаһаннамның тезіне.
 Алдымен озып келмеспін,

Ойнап, күліп келейін
 Өзімнің қатар теңіммен.
 680 Билет беріп, тақсыр-ай,
 Жіберші қазір мені де.
 Атым ақсақ, өзім таз
 Көрінбей тұрмын көзіңе.
 Ер кісің міне, мен,
 Кіргіземін әкеңнің
 Қазулы тұрған көріне.

Сонда Бұрқанша патшаның Фауазханға берген жауабы:

— Қой, диуана, ойнама,
 Ойнағанмен бола ма?
 Садақа, қайыр берейін,
 690 Атыңды байла қораға!
 Орынсыз сөзді сен сөйлеп,
 Терезеге жолама!
 Бәйгеге кеткен ол аттар
 Отыз күн ұдай жол жүріп,
 Қайтады сонда қонаға.
 Оған қайтып барасың?
 Сөзімнің тыңла сарасын.
 Қыз алам деп диуана,
 Айдалада бір күні,
 700 Шөлдеп, өліп қаласың.
 Қимай тұрмын қорлыққа,
 Кембағалдың баласын.

Сол сөзбен Фауаз қайта барып, Сарайбанның үйіне қонды. Ер-темен тағы да патшаның үйіне келіп, тағы да айтқан сөзі:

— Бұрқанша патша сен едің,
 Бұл шаһарды билеген.
 Телі менен тентегін
 Тезге салып жөндеген,
 Өділеті пашасы.
 Сендей қатты патшаны
 Өмірімде көрмеп ем.

710 Билет бергін қолыма,
Бұл бөйгеге болдырмас,
Жасынан бері шолағым,
Екі мезгіл жем жеген.
Билет бергін қолыма,
Қаратып тұрған жолыма,
Көріседі өлмеген
Өлсе өлер бір өзбек
Қорқып тұрсың сен неден?

Сонда Бұрқанша патша Ғауазға айтқан жауабы:

— Қой, диуана, сөзіңді,
720 Аяп тұрмын өзіңді,
Қыз алам деп, байғұс-ау,
Болдырып атың, шалдығып,
Қарға, күзғын жеп кетер,
Айдалада көзіңді.
Алысқа кетіп барасың,
Бақсылық қылсаң онан да
Тамағыңды тойдырып,
Атыңа жем-шөп табасың.
Киім-кешек бүтіндеп,
730 Олжаға батып қаласың.
Атың ақсақ, диуана-ай,
Даладан нені табасың?

Ғауазхан Бұрқаншадан билет ала алмай қапа болып, қайтып келіп Сарайбанға қонып, «ертемен тағы да бар» деп Сарайбан айтқан соң, үшінші күн Бұрқаншыға келіп сөйлей береді:

— Бұрқаншадай патшасың,
Ақылың жоқ, шатастың.
Кезек келіп өзіңе
Мен сияқты диуана
Амалын тегі таппайсың.
Шапсаң қылышың өтпесін,
Тілегің қабыл болмасын,
740 Ажалыңнан бұрын, патша,

Қара жер сені жалмасын.
 Келет деп қосқан аттарың
 Мұнда қайтып келмесін.
 Қайдан білдің, Бұрқанша,
 Мен сияқты ғаріптің
 Тілегін Құдай бермесін,
 Көзінің жасын көрмесін?!

Ғауазхан бұл сөзді айтып болған соң, Сарайбан уәзір патшаға: «Тақсыр-ай мына диуананың жағы жаман екен, өлмесе ома болсын, билет беріп жіберіңіз», — деп патшадан билет әперді.

Деп айтып билет алды патшадан,
 Бұл сөзге таң қалады есіткен жан.
 750 Билет алып, патшадан көңілі бітіп,
 Сөйледі сонда тұрып ер Ғауазхан:
 — Бұрқанша патша сен едің
 Бұл шаһарды билеген.
 Телі менен тентегін
 Тезге салып жөндеген.
 Үш күн ұдай сіресіп,
 Қарысып сірә, болмадың.
 Ерліктен сірә, жазбадым,
 Ақыр алдым қолыма,
 760 Қаратып тұршы жолыма,
 Бұл барғаннан бармасам,
 Бес жүз атқа жетпесем,
 Айлық жолға барғанда
 Бері қарай салмасам,
 Алдымен озып келмесем.
 Менсінбедің, Бұрқанша,
 Ат бәйгесіне тең келіп,
 Аттың тері қызыңды
 Ат көтіне салмасам,
 770 Ғауаз атым құрысын.

Ғауазхан бұл сөзді айтып, бесжүз аттың артынан қуып жүре берді.

- Бұл сөзді айтып Ғауазхан
 Шу деп сонда жөнелді,
 Табан жолмен тарысып,
 Ауыздықпен алысып,
 Ұшқан құспен жарысып,
 Маядай мойнын созады.
 Үстіндегі Ғауаздың
 Алақаны тозады.
 Қысылып жүрген жануар
- 780 Көтеріліп қызады.
 Ғауаз сындай жас бала
 Зырқыратып келеді,
 Айтып-айтпай немене
 Үш күндік кеткен аттардың
 Бесін қалат болғанда,
 Қарасын Ғауаз көреді.
 Жақындап атқа келгенде
 Ғират тағы ақсайды,
 Үстіндегі Ғауазхан
- 790 Таз диуана болады.
 «Бір диуана келді» деп
 Балалар шулап күледі.

Бәйгедегі балалар Ғауазханды мазақтап күліп, басын шұқып, көкшолағын көтке шоқып, сүйтіп жүре берді. Ғауазхан түнде қонған жерде Ғираттың ер-тоқымын сыпырып қоя берді. Ғират барлық аттарды теуіп, тістеп, шөбін тартып жеп жүргенде, бір бала келіп Ғауазды боқтап бір сөз деді.

Баланың Ғауазханға айтқаны:

- Диуана, байла атыңды,
 Адам білмес затыңды.
 Атыңның жерге шөбі жоқ
 Сендей ақымақ көрмедім,
 Өмірінде ғафылды.
 Сапар жолда жүргенде
 Тастады теуіп атымды.
- 800 Ақсап қалса бұл атым,

Беремісің, ей, қу таз,
 Бір ат үшін басыңды?
 Бұл қылығың қоймасаң,
 Тамам бала жиылып,
 Біртіндеп жұлар шашыңды.

Ғауазханның балаларға берген жауабы:

- Бөйгедегі, балалар,
 Қайсыңда сенің сана бар,
 Мен жайымды айтайын
 Құлақ салғын, ағалар.
- 810 Жамбыл белдің белінде,
 Өзбектің елінде,
 Ғауаз батыр мен едім,
 Ерге серік сыр едім,
 Дәм бұйырып бұл жерден
 Сіздерге қонақ мен едім.
 Заумен қонақ болғанда,
 Кім екенім білмедің,
 Көзіңе биттей ілмедің.
 Сонда тұрып Ғауаздың
- 820 Ашуы қысып қайнады,
 «Не дейсің, бала, бері кел!» деп,
 Қолын қысып ойнады,
 Ойнай салып қоймады.
 Мұны көріп көп бала
 Жабылуға ойлады.
 Ғауаз сынды перінің
 Барлығына тоймады,
 Қабырғасын қысады,
 Бұтына бала тышады,
- 830 Ғауазбенен алысып.

Кесектеп Ғауазханнан балалар қорқып, өзіне тамақ, атына шөп бермек болып уағда қылып жүре берді. Бір күні көп бала ойлады: «Диуана мықты екен, аты жүйрік екен, бұған бір амал қылайық, қайтар жерге қонғанда өзіне арақ беріп, мас қылып тастап кетелік, сонан соң қызды біреуіміз алармыз, мына тазға

қор болмасын». *Мұны Фират біліп, Ғауазханның түсіне кіріп айтқаны:*

- «Әуелінде жаратты
Ай мен күнді егіз қып,
Он сегіз мың ғаламды
Бір нұрынан таратты.
Жамбыл белде Көрұғлы
Сұлтан ұғылы хан Ғауаз
Періге қылдың талапты.
Астында тұлпар мен едім
- 840 Ұшар құстай қанатты.
Сапар жүріп бұл жолда
Бөйгеге қылдың талапты.
Ғауазым, маған қарашы,
Инжу менен гауһардай
Кекілімді тарашы.
Әуелі елден шығып ең
Сапар қылып періге,
Бұрқаншыға сен келдің
Сапар жүріп еріге.
- 850 Бір жеренге жете алмай
Көп қайғыны ойладың,
Жүгірмесем қоймадың.
Атаңа сенің жолдас боп
Жамбыл белді жайладым.
Сапардан шаршап келгенде
Сарайбан атты уәзірге
Тойындырып байладың.
Бұл бөйгеге қоссам деп
Ғауазым, пірім, ойладың.
- 860 Айдап атты шыққанда
Сенде шықтың бірігіп,
Балалармен ерігіп.
Түсімді бұзып сол жерде,
Қалмайын деп тілігіп.
Атты патша санады,
Ат үстінде Ғауазхан
Диуана болдың сол жерде.

- Қиқулатып көп қалмақ
Саған жапты жаланы,
870 Патша сені санамай
Көңіліңе салды ызаны,
Айдатты атты падиша.
Патшаға бардың бал Ғауаз,
Патша билет бермеді,
Үш күн ұдай сіресіп,
Қарысып, сірә, болмадың.
Билет алып содан соң
Кеткен атқа қосылдың,
Уайым қылмай есірдің.
880 «Балаға келіп кірсем» деп,
«Тілегім қабыл болса» деп,
Жолға салдың басымды.
Балаға жетіп келгенде,
Тағы бұздым түсімді.
Келеке мазақ бұл қылды,
Сен сияқты мүскінді,
Байлаулы бұлбұл құсымды.
Бұл баланы қорқытып,
Балаға салдың қысымды.
890 Әбден жеңіп алған соң,
Көңілім мәкәм толған соң,
Еш нәрсені ойламай
Келесін биғафыдай.
Бәрі бірдей жау екен,
Ойлағаны дау екен.
Мен бір сөзді есітіп,
Қайғы ойлаймын бүгінде.
Бұл барғаннан, Ғауазым,
Қайтар жерге қонғанда
900 Дәл отыз күн болғанда,
Тамам бала жиылып
Арақты сабап береді.
Арақ ішсең, қарағым,
Жығылып сонда қаласың.
Бір жығылсаң, қарағым,
Жеті күндей жатарсың.

- Сен жығылғанда мас болып,
Мен сияқты Ғиратты,
Байлап тастап кетеді,
910 Бір терекке тас қылып.
Тілімді алсаң, қарағым,
Берсе арақ, ішпегін,
Айтқан сөзге түспегін.
Арақ ішсең, қарағым,
Жығылып сонда қаларсың.
Қалдым ғой деп ойлама,
Жәрдем тілеп Алладан,
Мәдет тілеп пірлерден,
Шабайын деп желігіп,
920 Жалмауыздай емініп
Тықыршып тұрған сорлыны,
Ағашта тұрған кеміріп,
Үстіме келіп мінгесін,
Жолға салғын басымды.
Үстімдегі Ғауазым,
Көерсін сонда түсімді.
Көрұғлыдай бабаңыз
Жүз алпысқа келгенше,
Мұндай терге салмады.
930 Әне-міне сөз дегенше,
Ашып көзді жұмғанша,
Жеті күн кеткен аттардың,
Түс әлеті болғанда,
Шаңын сонда көерсің.
Жақындап атқа келгенде,
Қамшы салма саныма,
Жәбір қылма жаныма.
Саныма қамшы салсаңыз,
Жаныма жәбір қылсаңыз,
940 Екпінімнен қағармын,
Қиратармын көп атты.
Біреу жалғыз, біреу көп,
Көп ішінде нелер жоқ.
Бір өзіңдей жалғыздың
Обалына қалмағын.

- Осы сөзді есіңе ал,
Ғауазым, саған зарладым.
Түс әлеті болғанда,
Атқа жетсең, қарағым,
950 Үлкен бесін болғанда,
Бір шығармын алдына.
Оздым ғой деп тұрмағын,
Үш кісі бар алдыңда,
Кешке шейін шабарсың,
Тыным көрмей барарсың.
Намаздігер болғанда,
Манас ердей батырдың
Аққұла атын көресің.
Сонда баспа көпір бар,
960 Онан қарғып өтермін,
Түнімен тынбай кетермін.
Ертеңгіде таң атса,
Шашырап сонда күн шықса,
Бір беткейдің тұсына
Қызыл алтай түлкідей,
Жерен атты көрерсің.
Жерен атты көргенде,
Сонда баспа көпір бар.
Қамшы салғын саныма,
970 Жәбір қылғын жаныма.
«Көрұғлы әкем қайда?» деп
Айт: «Қызталақ, жерен ат,
Түндегіні ойла» деп,
Жетіп барғын жанына.
Түске шейін ілесер,
Түстен кейін болғанда,
Одан ағып өтермін,
Кешке шейін жетермін,
Түнімен тынбай өтермін.
980 Ертеңіне таң атса,
Шашырап сонда күн шықса,
Сары белдің үстінде,
Көкқасқа атты көрерсің.
Көкқасқа атты көргенде

- Өлің келсе басыма,
 Бұрып кеткін бір саймен.
 Оза алмаспын олардан,
 Жетіп барсаң қасына.
 Ағам еді Көкқасқа ат,
 990 Жиеншарым жақын-ды,
 Кейінгі қалған Аққұла ат.

Ғират айтты: «Көкқасқа аттың үстіндегі сенің Күлшар бек деген бала күндегі досың, бүгінде бірің бек, бірің таз, танымай жүрсің. Сонда танырсың, досыңнан сұрап, осы қызды бер десен берер, сонан соң озып барармын» деп, Ғират түсінде баян қылды. Ғауаз ұйқысынан оянып, бұл қандай түс деп ойлап жүріп, ұмытып кетті. Отыз күн толғанда, қайтар жерге қонғанда, балалар арақты беріп мас қылып, атын бір терекке тас қылып байлап кетті, сол кеткеннен жетті күн өтті, Ғауазхан жеті күннен соң есі кіріп, тұрғаны:

- Жеті күн тамам өткенде,
 Арақ уы кеткенде,
 Көзін ашып қараса,
 Байлаулы тұр теректе.
 Өзі жалғыз, көк дала,
 Кетіп қапты көрінбей,
 Бөйгедегі көп бала.
 Мұны көріп Ғауаздың
 1000 Көңіліне түсті бір сана,
 Ғираттың айтқан бір сөзі.
 Ұялады Ғираттан,
 Шабайын деп желігіп,
 Жалмауыздай емініп,
 Қойнындағы шылымын,
 Бірер сорып алады.
 Ғиратқа мініп Ғауазхан
 Қайраты қысып барады.
 Жеті күн кеткен баланың,
 1010 Артынан қуып салады.
 Аяғы тимей Ғираттың,
 Алып ұшып барады.

- Түс әлеті болғанда,
 Топырлаған көп тозақ,
 Ғауазхан жетіп барады.
 Жақындап атқа келгенде,
 Ғиратқа қамшы салады.
 Бұл шапқаннан Ғауазхан,
 Шауып кетіп барады.
- 1020 Жол үстінде аттарды
 Қағып кетіп барады.
 Көрінгенін қамшымен
 Салып кетіп барады.
 Тұстатып бесін болғанда,
 Алдына аттың шығады.
 Оздым ғой деп тұрмады,
 Кешке шейін шабады,
 Тыным көрмей барады.
 Намаздігер болғанда,
- 1030 Манас ердей батырдың
 Аққұла атын көреді,
 Одан ағып өтеді.
 Түнімен тынбай кетеді,
 Ертеңіне таң аты.
 Бір беткейдің төсінде,
 Ит қызқалтақ жерен ат,
 Бұлаңдап кетіп барады.
 Мұны көріп Ғауазхан,
 Атқа қамшы ұрады.
- 1040 «Көрұғлы әкем қайда, — деп, —
 Ит қызғалтақ, жерен ат,
 Түнеугінгіні ойла!» деп,
 Қасына жетіп келеді.
 Түске дейін жол бермей,
 Түстен кейін болғанда,
 Бір ат сонда қалады.
 Кешке шейін шабады,
 Тоқтамай кетіп барады.
 Түнімен тынбай салады,
- 1050 Ертеңіне таң атты.
 Сәске шамалы болғанда,

Сары белдің үстінде,
 Көк қасқа кетіп барады.
 Көк қасқаны көргенде,
 Аттың басын бұрғалы
 Қос қолдап қатты тартады.
 Екі күн, бір түн шабылған,
 Қатып қалған мойны бар.
 Екпінімен әл келмей,
 1060 Көк қасқаға келеді.
 Артынан Ғират келген соң,
 Алдындағы Күлшар бек
 Артына бұрылып қарады.
 Ғауаз оны таныды,
 Бірін-бірі танысып,
 Аттан түсе қалады.
 Екі тұлпар ойнақтап,
 Бір қырқаның астында,
 Айқасып келіп тұрады.

Ғауазхан мен Күлшар бек екеуі бірін-бірімен танысып, құшақтасып, Ғауазхан: «Мен Көрұғлыға баламын, осындай-осындай жұмыспен келдім, енді достық жолында осы қызды маған бер» деп сұрайды.

Күлшар бек: «Сен бұл қызды әкең Көрұғлына апарып бер, достық жолына өзімнің қарындасым Жұлдыздай деген бар, соны сен ал», — деп уағда етті. Бұлар сондайлық жатқанда жерен ат келіп қалыпты.

Күлшар бек жерен атты көріп, Ғауазға айтқаны:

1070 — Ғауаз атты, досым-ай,
 Қалағаның осыма-ай.
 Қолқаңды сенің берейін,
 Сөзіңе сенің сенейін.
 Жерен ат келді артыңа
 Түсші, шауып қалпыңа.
 Ол жеренді қараса,
 Маядай мойнын созады,
 Басыменен алысып,

- 1080 Үстіндегі баланың
 Алақаны тозады.
 Ғауаз атқа мінгенше,
 Озып тағы барады.
 Ғауаз атқа мінеді,
 Енді артынан қуады.
 Ғират сынды тұлпарың,
 Өудем жерге жібермей,
 Жереннен тағы озады.
 Ғауазханның озғанын,
 Күлшар бек те көреді.
- 1090 Осы жерден Күлшар бек,
 Еліне қайтып жөнеді.
 Алдына аттың шыққанда,
 Ғауаз сынды батырың,
 Екі күн тынбай шабады.
 Үшінші күн болғанда,
 Шаһарға жетіп келеді.
 Ғираты тағы ақсайды,
 Үстіндегі Ғауазхан
 Бір диуана болады.
- 1100 Таз диуана келді де,
 Қарауылшылар көреді.
 Қиқаңдатып Ғиратын,
 Патшаға жетіп келеді,
 Келіп сөйлей береді.

Ғауазхан Бұрқаншаға келіп: «Атым бәйгеден келді, қызыңды бер» деп еді. Патша: «Ей, ақымақ, осындай ат бәйгеден келе ме, не айтайын, бір жерде жатып, аттың келетін уақты болды деп бүгін мұнда келіп, ұялмастан қыз сұрайсың» деді, Ғауаз айтты: «Мақұл, енді алтыншы күні жерен ат келсін сонан сұрағын, сөзім шын болса болды». Ғауаз тұра-тұрсын.

Ендігі сөз Құндызайдан болсын. Құндызай Күлшар бекпен жақындығы бар еді, кімге тиесің дегенде Күлшар бекке тиемін дегеннен қаймығып, ат шаптырып той қыл дегені — Көкқасқадан озар жылқы жоқ еді, сонымен болынған іс еді. Мұны бастан аяқ Құндызайдың Махпа деген қолында бір сақау қыз бар еді, сол білер еді, Күлшар бектің аты келмей,

таз диуананың аты келген соң Махпа қолына көсеуін алып, от жағып отырып айтқан сөзі.

Қыз Махпаның жыры:

- Ат шаптырып, ханша-ау,
 Биылғы жыл той қылдың.
 Күлшар бекке тием деп,
 Бүткіл елді қор қылдың.
 Той қылып әкең Бұрқанша,
 1110 Атты алысқа айдады.
 Сені алам деп, бикешжан,
 Әркімнің соры қайнады.
 Күлшар бекке тием деп,
 Қылып едің айланы.
 Тазға тиіп, бикешжан,
 Қатарыңнан кем болып,
 Көретін болдың пайданы.
 Онша-мұнша құдірет болса,
 Өзің емдеп аларсың,
 1120 Бала едің зирек, айлалы.
 Балтыры қотыр, басы таз,
 Сау болса еді, япырмай,
 Бикешке керек сайманы.
 Шекесі түнде жалтырап,
 Жұпары баста аңқырап,
 Пұл шығарып алмайсың
 Берді Құдай айнаны.
 Өкпелеме, бикешжан,
 Тағы да бір күн айтармын
 1130 Сөзімнің болса қалғаны.
 Қотыр болсын, таз болсын,
 Құтты болсын бикештің
 Ат шаптырып алғаны.

Махпаның бұл сөзіне Құндызайдың берген жауабы:

— Сөйлемегін, Махпа,
 Орынсыз мені табалап,
 Жүруші едің күн көріп,

- Тұзым татып, паналап.
 Бәйгеден таз келгелі,
 Дұшпаным тұр сағалап.
- 1140 Таз болса қайтеміз,
 Жаратқан Құдай берсе бай?
 Не болды екен, Құдай-ай,
 Көкқасқа деген Көк шолақ,
 Қыршаңқы болса шолағы.
 Бәйгеден аты келе ме,
 Талапсыз болса бұл тазша,
 Тілегін Құдай бере ме?
 Хақтысына шыға ма,
 Адамзат салса зеріме,
- 1150 Құдай салған нәрсеге,
 Адамзат тегі көне ме?
 Жамандатқыр Көкқасқа
 Жылқыдан қалды дегенге,
 Адамзат тегі сене ме?

Ендігі сөздің қысқасы, алты күнде жерен ат келді. Сонан Бұрқанша сұрады «диуана барды ма, бармады ма?» деп.

Жерен аттағы баланың берген жауабы:

- Той қылып, тақсыр, Бұрқанша,
 Атты алысқа айдадың.
 Билет бермей бұл таздың,
 Бақтысын мұнда байладың.
 Тыңлап тұрғын, тақсыр-ай,
- 1160 Бұл таздың салған ойранын.
 Билет бермей бұл жерде
 Көріп ем мұның қалғанын,
 Қуып жетіп артымнан
 Біздер көрдік барғанын.
 Келеке қылып, тақсыр-ай,
 Басын шұқып ойнадым.
 Мінезі жаман ит екен
 Қорыққанымнан қойғаным.
 Тартып ішті тамақты,

- 1170 Сұрамағын, тақсыр-ай,
 Бұл таздың әбден тойғанын.
 Дәл отыз күн болғанда,
 Қайтар жерге қонғанда
 Тамам бала жиылып,
 Арақты беріп өзіне,
 Көк шолағын терекке
 Тас қылып тұрып байладым.
 Жеті күн тамам өткенде
 Қуып жетіп артымнан,
- 1180 Ат пенен атты қақтырып,
 Сұрамағын, тақсыр-ай,
 Бұл иттің салған ойранын!
 Ерегесіп мұнымен
 Бір қызға бола, тақсыр-ай,
 Бүлдіріп жұртты қоймағын!

Ендігі сөз Бұрқанша баладан ақиқатын есітіп біліп, уағдасымен қызын бермек болады. Ғауазхан балалық қылып Құндызайды өзі алмақ болып, қызды жеңгелері күйеуге алып барамыз деп, айтқан сөзі.

Құндызайды алып келсе, Ғауазхан өз қалыбына келіп отыр екен. Әйелдер күйеу бұл емес деп келіп, ханға айтып, Бұрқанша хан Сарайбанды шақырып: «Бұл қалай қал, бұл турадан білеріңді айт» дегенде, Сарайбан сөйлейді:

- Құлақ салғын, Бұрқанша,
 Білгенімді қалдырмай,
 Барын айтып берейін.
 Сұрағаның бұл болса,
- 1190 Бастан-аяқ терейін.
 Қатарыңнан кем болмас,
 Үстем болсын мерейің.
 Жамбыл белдің белінде,
 Өзбектің елінде,
 Көрұғлы деген бек еді.
 Сол Көрұғлының баласы,
 Мұны Ғауаз дер еді,
 Сапар тартып бұл жаққа,

- Бір себеппен кеп еді.
 1200 Жамбыл белдің белінде,
 Болып тұрған дегені.
 Сипатына қарасаң,
 Топай көлдің құрағы.
 Мінген атын айтайын,
 Жүз алпысқа келгенше,
 Жолдас болған сұлтанның
 Ғират деген пырағы.
 Екі көзін қарасаң,
 Гауһардың жанған шырағы.
 1210 Лат-мұнат берді, тақсыр-ай,
 Қабыл екен Құндызай-ай,
 Тура келді мұраты.
 Ғират пенен бұл Ғауаз,
 Неше қилы суретпен,
 Жақсы-жаман тұрады.
 Ашуланса Ғауазхан,
 Дұшманын талқан қылады.

Бұрқанша бұл сөзге шаттанып қалды. «Патша жалғыз қызын тазға берді деген сөз маған өлімнен қаттырақ болып еді, өз теңі екен, болыпты» деді.

Енді Ғауазхан Құндызайды алып жата берді. Бір айдан соң бір күні қасында жатқан Құндызайдың күліп, дабырлап сөйлегенін Ғауаз естіп, ұйқыдан оянып кетті. Бұл қалай деп сұрады, айтпады, ақыры Құндызай айтты: «Айтсам сен өлесің, айтпасам мен өлемін», — деді. Ғауаз айтты: «Сен айт, мен өлейін, сен өлмегің».

Құндызай сонда сөйледі:

- Ашуланба, шөлмегім,
 1220 Дария шалқар көлмегім.
 Жамбыл белден бұл жаққа,
 Сапар тартып сәулем-ай,
 Не себеппен келгенің.
 Айтпайын десем сырымды,
 Көрініп тұр бұл жерде,
 Қазір менің өлмегім.

- Көрұғлыдан бата алып,
Гүлфарды іздеп басында,
Өтірік па еді, тақсыр-ай,
1230 Бұл жаққа жортып келгенің.
Басында іздеп шыққаның
Гүлфар деген пері еді,
Қас қылатын адамды
Күндік жерден көреді.
Бір күні құс болып,
Бір күні ат болып,
Сондайлық өзі сері еді.
Қияметтік дос едік
Басынан-ай екеуміз,
1240 Ішінде қанша сыр болса,
Маған айтып береді.
Мен күйеуге тиген соң
Құтты болсын айтқалы,
Жарым түнда кеп еді.
Атаның тастап батасын,
Жатқаның Ғауаз дер еді.
Айттым қазір іздесін,
Жеті жылдық шөлі бар,
Жеті жылдық көлі бар.
1250 Барамын деп шөлдейсің,
Батырмын деп Ғауазхан
Сөзімен менің ермейсің.
Тілімді алсаң, қарағым,
Гүлфарды ұстап аламыз,
Михнат тегі көрмейсің.
Әйелде не ақыл деп,
Кісі орнына көрмейсің.
- Ғауазхан, құлағың сал мына сөзге,
Бұл жерде дос адам жоқ менен өзге.
1260 Әр айдың он бесінде Гүлфарменен,
Екеуміз жолығушы едік қара көлде.
- Аспаннан Гүлфар пері келеді ұшып,
Сұрайды қылышпенен мені қысып.

Алатау іші кең қара көлдей,
Екеуміз жолығамыз суға түсіп.
Айтысып аман-есен зауқы сапа,
Сонымен қайтушы едік қош айтысып.

Екеуміз тілімді алсаң бір баралық,
Шешініп суға түсіп кеткен шақта,
1270 Құс кейіпті нәсіп болса біз алалық.
Мақұл деп Ғауаз батыр мұны тосты,
Құндызай ұстап бермек болды досты.

«Гүлфарды сөйтіп ұстап алалық» деп,
Құндызай Ғауазбенен ақыл қосты.
Сол айдың он бесінде бармақ болып,
Келетін Гүлфардың жолын тосты.
Уағдасы біз барғанша болар десіп,
Періге Ғауаз батыр тартты қосты.

Екеуі жолдас болып кетті жүріп,
1280 Болмайды бұл сырларын ешкім біліп.
Баяғы айтқан көлге жетіп келді,
Құндызай Ғауазбенен ойнап-күліп.
Ғиратты таса жерге тығып қойып,
Ғауазхан жапыраққа жатты кіріп.

Аспаннан Гүлфар пері келіп жетті,
Ол жерге қонамын деп талап етті.
«Осы жерде адамзаттың иесі бар» деп,
Қонбастан, қайта айланып ұшып кетті.

Құндызайдың Гүлфарға айтқан сөзі:

Құндызай сөз сөйлейді түбін ойлап,
1290 Гүлфарды жөні келсе емес қоймақ.
— Ақылың, Гүлфар, сенің қайда кетті,
Адамзат екі ай болды жатыр жайлап.
Қылмаймын саған қастық, қарағым-ай,
Кел енді біз қайталық күліп-ойнап.

Гүлфардың көлге қонғаны:

- Гүлфар бұған сенеді,
 Айтқанын мақұл көреді.
 Құс кейпін тастап үстінен
 Көлге барып енеді.
 Мұндай болған істерді
 1300 Ғауаз батыр көреді.
 Ғиратқа мініп ер Ғауаз
 Құс кейіпке жетіп келеді.
 Адамнан есті жануар
 «Қалт шашып ғафы қалма» деп,
 Тізесін сонда бүгеді,
 Құс кейіпті барып іледі.
 Қалағаны тиген соң
 Шу деп Ғауаз жөнелді.
 Осындай болған істерді
 1310 Гүлфар пері көреді.
 Құндызайменен ұрысып,
 Бек қабақат жұлысып,
 Сонда айтқан сөзі еді.

Гүлфардың Құндызайға айтқан жауабы:

- Құндызай атты салдақы,
 Дос болып ең менімен.
 «Қылмаймын қастық тегі» деп,
 Ант ішіп, қасам беріп ең.
 Байыңа ұстап бергендей
 Неше жерден көңілің қап,
 1320 Жамандық менен көріп ең?
 Қияметтік дос болып,
 Сөзіңе сеніп келіп ем,
 Мұндайлық тұтқын қылғандай
 Алып едім неңді мен?
 Бұл сөзім менің қатасыз,
 Дос емес елдің батасыз,
 Шаһимаран айтыпты,

- Адамның ойы опасыз.
 Опа қылмай кеткенің
 1330 Тұтқынға салып басымды,
 Нақ түбіме жеткенің.
 Күнде сауық құс кейпім
 Қолымнан шығып кеткенің,
 Жаңа білдім, дүние-ай,
 Басымнан дәурен өткенін.
 Гүлфардың айтқан бұл сөзі
 Құндызайға өтеді.
 Опасыз деген бұл сөзі
 Құндызайға өтеді.
 1340 Опасыз деген бұл сөзі
 Сүйегіне өтеді.
 Айтпаса өгер Ғауазға
 Басынан дәурен кетеді.
 Гүлфардың жылап тұрғаны
 Тақ түбіне жетеді.
 Майдалап көңілін жұбатып,
 Алдынан келіп өтеді.

Құндызайдың Гүлфарға айтқан сөзі:

- Гүлфар атты досым-ай,
 Орынсыз бекер күймегін,
 1350 Опасыз ғой бөндеге
 Баяны жоқ қой дүниенің.
 Әйтеуір әйел болған соң,
 Ерге бар ғой тимегің.
 Сұлтанға барып қосамын
 Қастығым ба бұл менің.
 Бұрын да болсақ дос едік
 Сен болдың маған енем,
 Мен болдым саған келінің.
 Жақсы емес пе, Гүлфар-ау,
 1360 Өлгенше бірге жүргенім.

Екі қыз сөйтіп жүріп татуласты,
 Гүлфардың әр сөз айтып көңілін басты.

«Япырмай, жөні солай екен-ау» деп,
Қайтадан татуласып құшақтасты.

«Жүр енді Ғауазханға баралық» деп,
Қос жүйрік судан шығып қадам басты.
«Сапарың қабыл, жан балам!» — деп,
Ғауазға Гүлфар келіп амандасты.

1370 Ғауазхан қуанады көргеніне
Құндызай ақыл айтып ергеніне.
Басында іздеп шыққан жұмысының
Қолына михнатсыз келгеніне.
Құндызай Гүлфарменен қолына алып,
Басына бақты дәулет келгеніне.
Аз-аздап білгенімше жаздым қағаз
Жамиғат айып етпе өрнегіме.

1380 Ғауазхан қуанады іші күліп,
Піріне сиынады шүкір қылып.
Құндызай, Гүлфар менен Ғауаз батыр,
Еліне Бұрқаншаның кетті жүріп.
Фиратқа жер алыс па қайда болса,
Кешікпей Күлшар бекке келді кіріп.
Жан досты қуанады мұны көріп,
Сүйегі әр сөзіне барады еріп.

— Келдің бе, енді менің айтқаным,
Мен разы күйеу боп жатқаныңа.
Аспанда ұшып жүрген періні алдың,
Шешеннің бәрекелді тапқанына.

1390 Сынады ажал жетсе бір күн шөлмек,
Азырақ ағайынға болдық ермек.
Бұрынғы уағдамен Күлшар бек,
Ғауазға Жұлдызайды болды бермек.
Той қылып, жұртын жиып Күлшар бек,
Ғауазды жүргізбекке жатыр жөндеп.
Той қылып әр тарапқа сауын айтты,
Ғауазхан күйеу болып, сонда жатты.

Той тарқап, тамашасы біткеннен соң,
 Шығарды Жұлдызайдай перизатты.
 Көк қасқа Ғиратпенен айырбас боп,
 1400 Ғауазхан Жұлдызайды ап, елге қайтты.

Ғауазханның Жұлдызайды алып қайтқаны:

Жұлдызай Ғауазбенен кетті жүріп,
 Келеді неше күндей тынбай жүріп.
 Қолына бақыт, дәулет қонғаннан соң,
 Ғауаз ер келе жатыр шүкір қылып.
 Шығарып Күлшар бек қайтып кетті,
 Қоштасып Ғауазханмен қолын ұрып.
 «Тағы да жолығармыз кез келсе» деп,
 «Дүниеде аман болсақ, тірі жүріп».

Ғауаздың Бұрқаншаға Жұлдызаймен екеуі келгені:

Ғауаз келіп қарады
 1410 Бұрқаншаның еліне.
 Жұлдызайды тағы алып,
 Шығып тұр асқар беліне.
 Қолын ұстап көрісті
 Шеше Гүлфар періге.
 Сөйлесіп әзіл көрісті,
 Құндызай деген серігі.
 Бұрқаншадан сұранып
 Қайтсам деді Ғауазхан
 Ғауадақтың көліне,
 1420 Жамбыл белдің еліне.
 Ғауазхан келіп сөйледі,
 Бұрқанша патша атасы
 Қару, қайрат беліне:
 — Бір сезім бар, тақсыр-ай,
 Тыңласаңыз айтайын.
 Әкем кәрі, шешем бар,
 Ел-жұртты сағындық.
 Рұқсат бер, мен қайтайын,
 Көргенімнің бәрін де,

- 1430 Сұлтанға барып айтайын.
Сізден болса мархабат
Жамбылға сапар тартайын.

Бұрқаншаның Ғауазға берген жауабы:

- Жақсы айтасың, қарағым,
Құтты болсын талабың.
Жас та болсаң сұлтанның
Қажетіне жарадың.
Ұл-қызым Құндызай
Қолыңа түсті, қарағым.
Артыңда қалған шалдардың,
1440 Қабағына қарағын,
Мені өзіңе санағын.
Айларып тағы көріп жүр,
Бұрқаншаның жанабын.

Ғауаздың елі Жамбылға қайтқаны:

- Тауға біткен шынар-ды,
Ер тарқатар құмарды.
Ғауазханға қош айтып,
Бұрқанша деген патша,
Құндызайды шығарды.
Төрт жылқы мініп,
1450 Жанына алып үш айды,
Екі қатын бір шеше,
Жад етеді Ғауазхан
Жаратқан Жаппар Құдайды.
Бір үй тігіп алады,
Есеп қылмас Ғауазхан,
«Жалғыз кетіп барам» деп,
Уайым тегі қылмайды.
Қуанышпен Ғауазхан,
Еліне қарай басады.
1460 Жаңа туған баладай,
Күн санап Ғауаз жасады.
Баса берсін Ғауазхан,

Күлшар бектен сөз сөйлеп,
Көңілді біраз шалады.

Әлқисса, Ғауазхан көшіп, «Жамбыл, қайдасың» деп, кетіп
бара тұрсын, ендігі сөзді Күлшар бектен естіңіздер.

- Күлшарбек бек еді,
Өз әлінше төре еді,
Ғиратты мініп сауықпен,
Тұйғын салып жүр еді.
Қолынан қашып тұйғыны
1470 Сұрау салып жүр еді.
Жоқ қарап жүрген Күлшар
Келе жатқан ор жақтан
Бір адамды көреді.
Жақындап соған келді,
Жолығып, сәлем береді.
Күлшар бек сөйлейді:
— Жоғарыдан келгенің,
Жолығып сәлем бергенің,
Тұйғыным қашып қолымнан,
1480 Жоғары-төмен өрледім.
Не білесің, не көрдің,
Білгеніңді сөйлейін.

Жолаушының берген жауабы:

- Құлақ салғын сөзіме,
Берейін сөйлеп өзіңе.
Бауы бар құс көрмедім,
Келмеді менің кезіме.
Ғауаз кетіп барады,
Өзінің туған жеріне.
Екі қатын, бір шеше,
1490 Көрінді менің көзіме.
Бір шаһардың бегісін,
Білемін, тақсыр, сені де.
Дәл шал болып қайтыпты,
Ғауадақтың көліне.

Жолаушының бұл сөзін теріс көріп, Күлшар бектің айтқаны:

- Бұл сөзің, мақұл емес, болды жалған,
Сен өзің жоқ екенсің хабар алған.
Екі шеше болғанда, бір қатын
Барлығын Ғауаз батыр менен алған.
Ақиқат сөзді біліп сөйлеу керек,
1500 Адамға пайда бермес бекер жалған.

— Құндызай, Жұлдызаймен екі қатын,
Оның да білуші едім ата затын,
Шешесі — Гүлфар пері, Ғауаз жалғыз,
Көкқасқа астындағы сенің атың.
Сенбесең барып көргін, тақсыр төрем,
Алысқа ұзаған жоқ жері жақын.

- Күлшар бектің Ғауазды іздемек болғаны:
Үйіне Күлшар бек келді қайтып,
Ешкімге баян қылмас сырын айтып.
Қапа боп түніменен жатты сонда,
1510 Фамдатқа түре келді азан айтып.
«Ғауазхан уағдадан таныпты» деп,
Әскерін жинап алды хабар айтып.
Екі жүз әскер алып Күлшар бек,
Жөнелді Ғауаз ерге сапар тартып.
Азырақ Ғауазханның сөз сөйлейін,
Жамиғат, тыңдап отыр, көңіл артып.

Назым Ғауазхан

- Ғауазхан келе жатыр жолмен жүріп,
Құндызай, Жұлдызаймен ойнап-күліп.
Көкқасқа байлауына тұрмас болды,
1520 Жануар жау дыбысын бұрын біліп.
Гүлфар айтты: — Жан балам, сақтанып жүр,
Үстіңе биғам болмай сауыт киіп.
Айыбы Көкқасқа аттың мынау еді:
Бір сисе тұрады екен үш күн сиіп,
Бір жерде қозғалмастан тұрып қалар.

- Қаларын қырық күннің қатарында
симей жүріп,
Айтқаның маған ақыл, Гүлфар ана,
Бұл күнде екі жұрттан жүрміз дара.
Несіне сауыт киіп сақтанайын,
1530 Жаратқан бөндесіне тәңірім пана.
Гүлфардың айтқан сөзін тыңламастан,
Биғам боп жүре берді Ғауаз бала.
Қасында екі жүздей әскерімен
Сол жерде Күлшар бек келді жаңа.
«Қалайша уағдадан таңдыңыз» деп,
Соғысты бастай берді келе сала.

Күлшар бек пен Ғауазханның соғысы:

- Күлшар бек Ғауазбенен
Қарсыласып қағысты,
Қарсы шыңыл салысты.
1540 Біріне-бірі тура кеп
Найзаласып қағысты.
Бірін-бірі аямай
Қылышпенен ұрады.
Ғауаз батыр жігіттен
Он алтысын қырады.
Ғауазханды өлтірмек —
Күлшараның мұрады.
Соғысып Ғауаз жүргенде,
Жамандатқыр Көкқасқа,
1550 Сигісі келіп сол жерде,
Табандап қарап тұрады.
Атқан оғы дұшпанның
Ғауазды келіп ұрады.
Ғауаз сынды батырың,
Он жеті жерден оқ тиіп,
«Алла» деп аттан құлады.
Мұны көріп Күлшар бек
Ішінен судай тынады.
Құс кейіпін киіп үстіне,
1560 Аспанға шығып жылады.

Жауда жатыр жалғызы,
 Бұған не айла қылады?
 Басын сүйер адам жоқ,
 Ғауаз батыр құлады.
 Құлшар бек батырың,
 Құндызай мен Жұлдызай
 Екі бірдей сорлыға
 Білген ісін қылады.
 Қолдан келер шама жоқ,
 1570 Өксіп-өксіп жылады.

Құлшар бек дұшпанын мұқатып, бір жерге қонып, жата берді. *Гүлфар пері байлаулы тұрған Ғиратқа келіп, айтқан сөзі:*

Гүлфар сонда жылайды,
 Көзінің жасын бұлайды.
 Байлаулы тұрған Ғиратқа
 Сөйлеген сөз былай-ды:
 — Сұлтанның едің Ғираты
 Жауға мінер май аты,
 Ғауазхан жатыр өлмек боп,
 Қайда кетті, япырмай,
 Бұл Ғираттың ұяты.
 1580 Ғауазханмен жолдас боп,
 Ғиратым мұнда келесің,
 Өліп жатқан Ғауазды
 Көзіңмен Ғират көресің.
 Жауға тастап жалғызын,
 Таңламақшар болғанда
 Көрұғлыдай сұлтанға
 Не деп жауап бересің?
 Сол сияқты сұлтанның
 Қарасын қайтып көресің?
 1590 Қайғы түсті санама
 Ішім күйіп барады,
 Тумаса да өзімнен,
 Туғандай болған балаға.
 Басың шешіп, жоғалып,

- Көрінбей кеткін самға да.
Ертерек барып хабар бер,
Көрұғлы деген бабаға,
Жамбыл бел деген қалаға.
Гүлфардың айтқан бұл сөзі
- 1600 Ғират сынды тұлпардың
Сүйегіне өтеді.
Байлауын үзіп бұл Ғират
Босанып бірден кетеді.
Далада қалған Ғауазға
Ғират кеп сонда жетеді.
Ғират жетіп келеді,
Ғауаз ерді көреді.
Сөйлеріне тілі жоқ,
Көзінің жасын төгеді.
- 1610 Мұнша жылап тұрғаны,
Жолдас болып Жамбылдан
Бірге келген ер еді.
Иіскеп Ғират ауызын,
Бетін сүйіп, өбеді.
Аунап Ғират шаң қылды,
Бал Ғауаз жатқан төбені.
Ғираттың бүйтіп тұрғанын
Гүлфар пері көреді,
Қасына жетіп келеді.
- 1620 Ер-тоқымын алдырып,
Шұбатып ап шылбырын,
Намаздігер болғанда,
Қайдасың деп Жамбыл бел,
Ғират сонда жөнелді.
Түн ортасы болғанда,
Айғайлайтын үні жоқ,
Қос аяқтап қақпаны
Ғират сонда тебеді.
Ғираттың бұл тепкенін
- 1630 Қарауылшы көреді.
«Бізді Құдай ұрды» деп
Сұлтанға хабар береді.

Сұлтан Көрүғлы мына сөзді естіп айтқан газалы:

- Сұлтан жетіп келеді,
 Ғиратты сонда көреді.
 Ғираты тұр сол жерде,
 Ер-тоқымы алынып,
 Қабағы түсіп салынып,
 Сөйлеріне тілі жоқ,
 Қан сабылып жабағып.
- 1640 «Айрылды деп Ғауаздан»,
 Жылай берді жабылып.
 — Ғауазымнан айрылып,
 Келдің бе, Ғират, қамығып?
 Қайда қалды қарағым,
 Бұл атынан айрылып?
 Мұны көріп өзбек,
 Жамбыл белді шаң қылды.
 «Ой, бауырым» деп,
 Жүрек, бауырын қан қылды.
- 1650 Аналары шуылдап,
 Қайран қып, жұртты таң қылды.
 Өрі-бері жыласып,
 Іздемекке Ғауазды
 Сұлтан енді қам қылды.
 Ғират енді қайтады,
 Басқа жоқ тегі айтары.
 Бал Ғауаздан айрылып,
 Басылып Ғират сайтаны,
 Ізінше қайтып жөнеді,
- 1660 Сұлтан қуып келеді.
 Таңға жақын болғанда,
 Гүлфар атты перизат,
 Ғауазға жетіп келеді.
 Күндіз уақта жығылған
 Түнімен жатып Ғауазхан,
 Таңға жақын болғанда
 Аз-аздап жауап береді.

Гүлфар пері Ғауазханды бір кезеңге шығарып, Ғираттың келетін жолына қойып отырғанда, Көрүғлының қарасы көрінеді.

Сонда Гүлфардың Ғауазханға айтқаны:

- Қарағым, Ғауаз, құлақ сал,
 Менің айтқан сөзіме.
- 1670 Алыстан байқап қарадым,
 Үш бөлек қара көрінді
 Келе жатқан көзіме.
 Таң атып, жарық боп қалды,
 Жауап бергін сөзіме.
 Ғауазхан берді жауапты
 Гүлфар сөзін ұнатты,
 — Көрінген қара, Гүлфар-ау,
 Сұлтан менен Ғират-ты.
 Артындағы қарайған,
- 1680 Қырық жігіт деген мият-ты.
 Үш ауыз ғана сөз сөйлеп,
 Бұл Ғауаз деген батырың
 Қайтадан барып құлапты.
 Екінші сөзге Ғауазхан
 Бере алмапты жауапты.
 Ашуланса Көрұғлы
 Алды-артынан қар жауар,
 Қырау тұрып мұртына,
 Сақалына мұз тұрар.
- 1690 Бұршақ жауып сабаса
 Қаһарына кім шыдар.
 Жақындап сұлтан келгенде,
 Шыдай алмай ызғарға
 Гүлфар ұшуға ұмтылар.

Көрұғлы келіп, Ғауаздай баласын өзі көргені:

- Мағлұм болып жатыр ғой,
 Ақиқат болып өлгені.
 «Ғауазым!» деп шақырды,
 Сонда бір жауап бермеді.
 Қайтерін білмей Көрұғлы
- 1700 Қапа боп қатты терледі.
 Қысылып сұлтан тұрғанда,

Аспанда тұрған Гүлфарды,
Бұлардың сонда көргені.
«Бір ауыз жауап бергін» деп,
Сұлтанның айтқан өлеңі.

Сұлтанның Гүлфар періге айтқаны:

— Сенбісің аспандағы, Гүлфар пері,
Бұл жерде сұрап жатыр Ғауаз сері.
Берсеңші осы істің жөнін айтып,
Көрейін жаннан ғазиз Гүлфар сені.
1710 Біз болдық қазан ұрған жапырақтай,
Жамбылдың сұлап жатыр асқар белі.

Сонда Гүлфар сөйлейді:

— Тақсыр-ай, мен көнемін ыңғайыңа,
Балама мен де достық қылмаймын ба?
Сұлтан-ай, ашу басып, бір күліңіз,
Шыдамай қашып тұрмын ызғарыңа.
Қабырғам сізден жаман қайысады,
Бір дұшпан мұндай рәсуа қылғанына.

Көрнегінің сөзі:

Жіберді сұлтан сонда қатты күліп,
Бұлттар жай-жайына кетті жүріп.
1720 Аспаннан Гүлфар пері жерге түсіп,
Сұлтанның қолын алады құрмет қылып.
Болған істі бастан аяқ бір-бір бастан,
Сұлтанға айтып берді Гүлфар тұрып.

— Айтысып қалың жаумен жалғыз өзі,
Атқан оқ денесіне кетті кіріп.
Суырғызып алдырыңыз барлық оқты,
Сонан соң тіріледі жаны кіріп.
Жігіттер масадай боп сорып жатыр,
Ғауазхан түрегелді есін жиып.

Ғауазхан ішіндегі оқты сорғызған соң есін жиып, түрекеліп, сұлтан мен барлық жігіттермен қосылып, амандасып, аху-алын сөйлеп, Кұлшар бекті қуып ұстап алды. Құндызай, Жұлдызайды алып, жазық Ғауазда болып табылып, Көкқасқа атты өзіне беріп, өздері аман-есен елі Жамбылға барып, жай-жайында тұра берді.

- 1730 Келіп көрсе Көрұғлы
Ғираты тұр салынып,
Ер-тоқымы алынып.
Болғанын біліп пәленің
Жылады сұлтан қамығып,
Қайғыға мүлде шалынып.
Сұлтанның сеніп білді-ай,
Жылады Хаққа жалынып.
Асқар таудай сұлтанның
Басына тұман шалынып.
- 1740 — Келіп тұрсын, Ғиратым,
Жолдасың жоқ қасыңда,
Ерсіз жайдақ қалыпсың,
Не күн туды басыңа?
Жүз алпысқа келгенде,
Мен сияқты ғаріпке,
Көрсеткенің осы ма?
Тілегімді беріп ең,
Жаратып әуел басында.
Шұһаратым жайылып,
- 1750 Келмеген дұшпан қасыма.
Тәнің бар Ғират, жаның жоқ,
Күлтеленген жібектей,
Құйрығың мен жалың жоқ,
Алтындай көзің жайнаған,
Асфаһан қылыш байлаған.
Сұлтанның Ғауазханы жоқ,
Қабағың кеткен салынып.
Бұрынғыдай мәнің жоқ,
Туғанымда әуелде,
- 1760 Ата-ананың қызығын
Ғұмырымда көрмедім,

- Жаным сен деп есіркеп,
Тілегімді бергенің,
Хандық орнап басыма
Дию, пері дұшмандар,
Сол болды менің ермегім.
Хасен хан мен Ғауазды
Ғайыбынан бергенің,
Балапандай жарасып,
1770 Соңымнан, қалқам, ергінің.
Бір періге ғашық боп,
Шын батамды бергенім.
Кеткеннен соң Ғауазым,
Ақиқат еді, Құдай-ай,
Бір жақсы түс көргенім.
Жолдасыңнан айрылып,
Қанатыңнан қайрылып,
Ғиратым жалғыз келгенің.
Атты көріп өзбек
1780 Қаланың ішін шаң қылды,
Қақпаның аузын қан қылды.
Он екі шеше Ғауазда,
Бетін жыртып зар қылды.
Сөйлерге Ғират тілі жоқ,
Барлық жұртты таң қылды.
Шешесі тұр Ғиратты
Ортаға алып қамалып,
Анасынан айрылған
Балапандай мамалап.
1790 Аты келді, өзі жоқ,
Жығылған соң тау құлап.
Ағажүніс шешесі
Жылады сонда зар жылап.
Қасірет басып қайғымен,
Не болғанын білмеді,
Өлемін деп шалқалап.
— Қайда қалдың, ұлағым,
Болмады қабыл мұрадым.
Апалаған сөзіңді,
1800 Естімеді құлағым.

- Асылзада алтыным,
Көз қуанышым, шырағым.
Ажалға балам кез болып,
Жапан түз болды тұрағың.
Иесіз қалып келіп тұр,
Ғират деген пырағың.
Қатты өтті бұл жерде,
Шешесінің сөздері,
Қызыл қанға толды ғой
- 1810 Барлығының көздері.
Иесіз қалды бұ күнде
Жамбыл белдің белдері.
Ит жүгіртіп, құс салған
Ғауадәктің көлдері
Тамашасыз қалды ғой,
Саргардан қырық нөкері.
Ағажүніс перінің
Ақиқат болды дүниеден
Қасіретпенен өтері.
- 1820 Жүз алпысқа келгенде
Баласынан ажырап,
Көрұғлыдай сұлтанның
Иесіз қалары болды ғой
Алтын тақты отаны.
Басында пері болсам да,
Адамның болдым баласы.
Тумаса да туғандай
Ғауаздың болдым анасы,
Мұндай іске кез болды
- 1830 Қартайғанда бабасы.
Бізді тастап кеттің бе
Ақылымның данасы,
Балдырғаным, Ғауазым,
Көзімнің жалғыз қарасы,
Күн орнына қан жауды
Жамбыл белдің қаласы.
Артық еді басқадан
Ақылының данасы.
Есін білмей еңірейді

- 1840 Ғауаздың сонда анасы:
— Келіп тұрсың, Ғиратым,
Жолдасың жолда қалды ма?
Жалғыздықпен жалбырап,
Жапан түзде қалды ма?
Сұлтаныңнан ажырап,
Басыңа қайғы салды ма?
Иесіз ат деп аямай,
Сені тонап алды ма?
Өлі-тірі жан бар ма,
- 1850 Шынымен өліп қалды ма?
Бұл Ғауаздан айрылып,
Ғиратым, мұнда келіпсің.
Өміріңде көрмеген,
Бір қайғыны көріпсің.
Сұлтанға шағып, жабығып,
Хабарын бізге беріпсің.
Мұның да рахмет
Адамға бермес керексің,
Қияметтік жолдас ең,
- 1860 Сол туралы келіпсің.
Шешелері Ғауаздың
Осылай зарлық етеді.
Сөйлеріне тілі жоқ,
Ғират қайтып кетеді.
Қырық жігіт қырланып,
Қасанхан жалғыз ағасы,
Белінде алмас кесірі,
Ғауазханның ағасы
Қасенхан жылар зарланып.
- 1870 Тұра алмады қырық жігіт,
Көзінің жасы парланып.
Ашу мен қайғы бірігіп
Қаны қайнап сандалып.
Киді сауыт қабаттап,
Алмас қылыш қолға алып.
Барабанын қақтырып,
Жасыл туын қолға алып.
«Бауырым!» деп Қасенхан

- Арыстандай толғанып.
1880 Бадампай деген тұлпарға
Қасенхан мінді оңланып.
Ғират жалғыз келген соң
Қала ма жұрттың сабыры?
Көрұғлының босады
Бір жүз алпыс тамыры,
Мажнүн көкке мініп ап
Соғыстың шықты дабылы.
Ғауазымнан ажырап
Кетті деп күннің жарығы.
1890 Жамбыл белді шаң басып
Қайғы да болды халығы.
Адам шыдап болмайды,
Бұлардың айтқан зарына.
Қырық жігіт, Көрұғлы
Ғираттың түсті артына,
Әлемді алып сарыны.
Ғауазымды деп айтар
Көретұғын күн бар ма?
Бір қасірет кез болды
1900 Кәрілікте, бұл қалда.
Айналайын, Құдай-ай,
Бір тигізші найзамды
Ғауазыма қас қылған
Нысапсыз сұмдарға.
Алдырмадым өмірде
Ерегіскен қуларға.
Өліп қалса Ғауазым
Шоқиды көзін қу қарға.
Сапар етті Көрұғлы
1910 Жамбыл белдің белінен
Жас орнына қан ағып,
Барлығының көзінен.
Қайғыменен қан жұтып
Жылауменен Қасенхан.
Ғауадектің асты көрінер
Домалаған ақ көбік
Тұлпардың шыққан терінен.

- Қайғыменен қан жұтып
Өлерін де білмеді,
1920 Ат басын бұрмай ырғытып.
Айдын жатқан көлінен,
Алдында сұлтан арқырап,
Ашумен жаурап қалтырап
Алмас қылыш, көк сауыт,
Қараңғыда жарқырап.
Қырық жігіт қырынып,
Жұлдыздай көзі жалтырап.
Бадампай деген тұлпарды
Ашуланып Қасенхан
- 1930 Ұра тартып қамшылап,
Бауырынан аққан тер
Төбінгіден тамшылап.
Үміт үзіп жанынан
Қорқар емес көңілі
Жығылса да тау құлап.
«Шабатын күнім жетті» деп,
«Басымнан бақыт кетті» деп,
Қасенхан келер зар жылап.
Әлемді алды бұл күні
- 1940 Көрұғлының сарыны.
Тілегімді бергін деп
Батырлардың бастығы
Мінәжат етті Ғалиді.
Барған сайын дәуірлеп
Тұлпардың өрлеп сарыны.
Ғауазхан деп аһ ұрса
Сұлтанның шығар аузынан
Будақ-будақ жалыны.
Қара бұлтты қаптатып,
- 1950 Жауғызып бұршақ қарыны.
Ғират бастап барады,
Жоқтады сұлтан баланы.
Анда-санда бұл Ғират
Тосып-тосып алады.
Ғират шапса шынымен
Адасып бұлар қалады.

- Еңірегенде сұлтанның
 Көзінен жасы тамады.
 Қасіретпен қан жұтып,
 1960 Нөпірген бұлттай қабағы.
 Ылғи тұлпар мінгені
 Жерге тимес табаны.
 Бұлардың жүрген жерінен
 Ойылып жерлер қалады.
 Терлегенде тұлпарды
 Адам байқап болмайды.
 Ор қояндай бұлтылдап,
 Тұяғына тас тисе,
 От жаққандай жылтылдап.
- 1970 Шашақ найза қолында
 Көрініп ұшы қылтылдап.
 Асфәһан соққан ақ болат
 Аш белінде қылтылдап.
 Жер жаһанды шаңлатып
 Бораны соғып бұрқырап.
 Ғауазым деп қырық жігіт
 Қозыдай маңырап, шұрқырап.
 Арандай ашып аузын
 Еті қызып тұлпарлар
- 1980 Келді түнде зырқырап.
 Ауыздықпен алысып,
 Көбігін шашып бұрқырап.
 Таңда атты сонымен
 Ағарып аспан жылтырап.
 Қайғымен сұлтан келеді,
 Келе жатқан бұларды
 Гүлфар пері көреді.
 Бұрынғы жатқан жерінен
 Алып кеткен Гүлфары
- 1990 Ғауаз атты төрені.
 Түнімен Ғауаз талықсып,
 Ешбір жауап демеді.
 Қаптаған қара көрген соң
 Гүлфар атты шешесі:
 — Қарағым, қалқам, Ғауазым,

- Бір шығаршы жауабың,
 Жамбыл белге көз салып,
 Аспанда тұрып қарадым.
 Екі қара алдында
 2000 Бір топ бұлт келеді.
 Бұған қайран қаламын,
 Келер уақты боп еді
 Көрұғлы сұлтан бабаның.

Ғауаздың берген жауабы:

- Ғауаз сонда сөйледі:
 — Алдында жалғыз көрінсе,
 Ғират деген тұлпарым.
 Екінші боп көрінген
 Манжүн көгі астында
 Көрұғлы деген сұлтаның.
 2010 Бір топ қара бұлыттай
 Қырық жігіт қырқарым.
 Ашуланса сұлтаным,
 Қарлы жаңбыр аралас
 Жауғызушы еді бұршағын.
 Ғауазханның тілдері
 Осы сөзге келеді,
 Екінші сөздер демеді,
 Жөнін айтып болғанша
 Бұршақ жауып, төгеді.
 2020 Мұны көріп Гүлфар
 Шыдамай ызғарына,
 Құс кейпін киіп үстіне,
 Аспанға ұшып жөнеді.

Көрұғлы Ғауазға келген жері:

Қара терге шомылып,
 Ғират тұлпар келіп тұр.
 Жауапсыз жатқан Ғауазды
 Сонда Ғират көріп тұр.
 Ғауаздың тәнін ііскеп

- Көзінің жасын төгіп тұр.
2030 Сөйлеріне тілі жоқ
Жаны шығып өліп тұр.
Алтындай жалы жалбырап
Қаламдай болған құлағы
Бауы үзіліп, салбырап.
Шыр айналып Ғауазды
Жасын төгіп, зар жылап.
Ешбір жауап ала алмай
Ғират деген арғымақ.
Артықтығы Ғираттың
2040 Мұндай істі кім қылмақ?
Ғауаз өліп қалар ед,
Бармаса Ғират зар жылап.
Төніп тұрды Ғауазға
Екі көзі албырап.
Бұл Ғираттың артынан
Жетіп келді сол уақта
Көрұғлы деген бабасы,
Сақалына мұз қатып,
Жайылып кеткен жағасы.
2050 Жарқылдайды шапқанда
Манжүн көктің тағасы.
Ғауазханды көргенде
Қанға толып кетті ғой
Жер мен көктің арасы.
Сұлтан сонда еңірейді,
Болған соң мұндай баласы.
Маңайында бөнде жоқ,
Көрінген дұшпан сынды жоқ,
Қаза тауып жатқаны
2060 Екі таудың арасы.
Кісесін салып мойнына
Жылады Хаққа зарланып,
Көрұғлы сұлтан бабасы.
Алдына алды Көрұғлы
Ғауазхан деген баласын.
Мінәжат етіп жылады
Әуел Құдай панасын.

- Ғайып ерен қырық шілтен
Сиынатын бабасын.
2070 Көздің жасы ағылып,
Аллаға етті наласын.
Ботасын салып мойнына,
Сұрады Хақтан баласын.
Жылады Хаққа жалынып,
Қабағы кетті салынып.
Жүз алпысқа келгенше
Көрмеген мұндай жабығып.
Ғұмырда беті қайтпаған
Көрмеген еді тарынып.
- 2080 Қырық жігіт, Қасенхан
Шулай берді жабылып.
Жеті пірге қол берген
Жетеуін бірдей тең көрген,
Кім нашар боп жыласа,
Көпке апарып теңгерген:
— Баба түкті шашты Өзиз,
Сұрадым мәдет сіздерден.
Он жеті жерден атыпты
Аямастан ку мерген.
- 2090 Қартайғанда бұл қайғы
Көрұғлыға кез келген.
Алла досты Мұхаммед
Үмметіне нұр берген,
Мәдет бергін, иә, Расул,
Бұл қайғы басқа кез келген.
Жазылмаса Ғауазым,
Айналайын Құдай-ай,
Кетемін қайтіп бұл жерден.
Тілегім беріп басында
- 2100 Қуат беріп қасында,
Қарғыттың талай шың жерден.
Бұл сөзді айтып Көрұғлы
Аллаға етті наланы.
Қанша жылап тұрса да,
Ғауаз атты жас берен
Ешбір жауап қылмады.

- Қасенхан қатты зарланып
 «Жолына жаным құрбан» деп,
 Алланы ақ жолына
 2110 Бадампай деген тұлпарды
 Құрбан да етіп шалады.
 Қырық жігіт, Көрұғлы,
 Иесіз тауда еңіреп
 Күңіреңтті даланы.
 Өлі-тірі белгісіз
 Есінен бәрі танады.
 Сонда тұрып Көрұғлы
 Аспанға байқап қарады
 Гүлфарды көріп сол жерде.

Көрұғлының Гүлфарға айтқаны:

- 2120 — Сенбісің аспандағы, Гүлфар пері,
 Бұл жерде сұлап жатыр Ғауаз сері.
 Баланы мұндай еткен қандай адам,
 Ешқандай мағұлым емес маған тегі.
 Осыны бастан-аяқ айтып берші,
 Көрейін жаннан ғазиз, Гүлфар, сені.
 Біз болдық қазан ұрған жапырақтай,
 Жамбылдың құлап жатыр асқар белі.
 Гүлфар-ай, өлсем дағы мен разы,
 Сұлтанның шығып кетті жалғыз көзі.

Гүлфар сөзі:

- 2130 Тақсыр-ай, мен көнемін ыңғайыңа,
 Балаға мен де достық қылмаймын ба?
 Қабырғам сізден жаман қайысады,
 Бір дұшман мұндай рәсуа қылғанына.
 Тақсыр-ай, ашу басып, бір күліңіз,
 Шыдамай қашып тұрмын ызғарыңа.
 Бұршақ ұрып барады төбемді ойып,
 Тоқтатқын ерік беріп мұз, қарыңа.

Жіберді сұлтан сонда қатты күліп,
 Бұлттар жай-жайына кетті жүріп.

- 2140 Аспаннан Гүлфар пері түсті дағы,
Сұлтанға көріседі тағзым құрып.
Сұлтанның қолын алып тұрғанында,
Сөйлейді Гүлфар пері сонда тұрып:
— Сөзім тыңла, ханымыз,
Бұл сырыма наныңыз.
Ғауаз болып жаралы
Кетіп тұр біздің сәніміз.
Жолыңызға құрбандық,
Бір шыбындай жанымыз.
- 2150 Ғауазханға оқ тиді,
Сорғызып оны алыңыз,
Ішіне кетті қанды су
Тұрады сонда ханымыз.
Әйел деп мені қорлама,
Бұл сөзіме наныңыз.
Алғашында, тақсыр-ай,
Ақ жүзіңді көргенім
Балалықпен мастанып,
Қатты сөз айтып өрледім,
- 2160 Хандығыңа қызығып.
Сол туралы жырладым,
«Қараға бас болғанша —
Қанға нөкер деген сөз»,
Солай еді орны кем.
Қаталықты кешірерсіз
Аман-есен жазылса,
Ғауаз деген ермегім.
Ғауаз келді артымнан,
Жастық пенен Гүлфар
- 2170 Неше қилы шалқиған.
Жалғызың жатыр, тақсыр-ай,
Мен ғаріптің зарфынан.
Бұл жерлерге келгенде
Қуып жетті әскермен
Кұлшар бек досты артынан.
Ғауазды атып тастады,
Алып кетті, тақсыр-ай,

- Құндызай мен Жұлдызай
Келініңді қайтарып,
2180 Аузынан жұпар аңқыған.
Ғауазды жықты сұлатып,
Әпкетті қызды жылатып.
Қолдан келер ісім сол
Жібердім атты босатып.
Құс кейпіммен құтылдым,
Тастамақ еді мен атып.
Шал деп сізді қорласам,
Көрмес едім мүнәсіп.
Түрегелсе Ғауазым,
2190 Сүйіншіге, тақсыр-ай,
Жатармыз арқа сыласып.
Ғашығыңа сақтаған
Бар ма нәрсең мүнәсіп?
Өткен іске өкінбе,
Сөйлесерміз сыр ашып.
Сізде жоғы, бізде бар
Бізде жоғы, сізде бар,
Өтінеміз сұрасып.
- 2200 Көрұғлы мына сөзді қабыл алды,
Гүлфарға бек қабағат ризаланды.
Масадай қырық жігіт қанын сорып,
Ғауаздың бөріні қоймай қанын алды.
- 2210 Бал Ғауаз есін жиып, көзін ашып,
Сәлемет жүз көрісіп, сөз шығарды.
Ғауазды тірі көріп Гүлфарменен
Тоқтатты сұлтан сонда қайғы, зарды.
Ахуалын Күлшар бектің есітіп алып,
Қасенхан, қырық жігіт даярланды.
Атасы Көрұғлы бата беріп,
Фиратқа Қасенхан ер мініп алды.
«Дұшманды тірі тұтып келіңдер» деп,
Көрұғлы осылайша ақыл салды.
Қырынып қырық жігіт құстай ойнап,
Тұлпарды пырылдатып, жолға салды.

Жөнелді Қасенхан ер қан төсеніп,
Көрұғлы, Гүлфар, Ғауаз мұнда қалды.

- Қасенхан, қырық жігіт мінді атқа,
Сиынып әуел Құдай, аруаққа.
«Ғауазды өлтірдім» деп, жау мұқатып,
2220 Күлшар бек бұ да қайтқан ел тарапқа.
Қуды сонда Қасенхан
Қолына жасыл ту алып,
Түсі қашып құбылып
Қанын тартып қуарып.
«Көрұғлы бабам қолда» деп,
Дабылдың даусын шығарып,
Алмас қылыш белінде
Зөһөрге салып суғарып.
Бір уақтылар болғанда
2230 Бір кезеңгің үстіне
Бір шаң шықты шұбалып.
Шаңға таман барады,
Алдына көзін салады.
Қалың әскер қасында
Мырзалығы басында
Күлшар бек кетіп барады.
Мұны көріп Қасенхан
Барабанын қағады.
Қырық жігіт қырынып
2240 Жауды барып қамады.
Садақ артып сартылдап,
Найзалары жарқылдап,
Соғысып сонда қалады.
Қырғи қуған торғайдай
Топтанып сонда қалады.
Күлшар бек мырзаны
Тірі байлап алады.
Ешбір шығын болмады,
Денеге салды жараны.
2250 Қолға түсіп Күлшар бек
Іші оттай жанады.

Қасенхандай мырзаға
Сондағы айтқан ғазалы.

- Сонымен Күлшар бек алды байлап,
Тұтқынға түсті батыр көзі жайнап.
«Сұлтанды бір көрсетіп өлтіргенің» деп,
Қасенге сөз айтады түбін ойлап.
Ғауаздың қасіреті еске түсіп,
Біреуін қояр емес қаны қайнап.
- 2260 Ғауаздың тірлігін естіген соң
Құндызай, Жұлдызаймен гүл-гүл жайнап,
Барлық әскер, жолдасы қыздарымен
Қасенхан кетті бәрін қайтып айдап.

- Сұлтанға аз заманада келіп жетті,
Жолығып қол қусырып құлдық етті.
— Иә, тақсыр, әділетпен төрелік бер,
Ішімде тарқатайын қасіретті.
— Істедің не себептен үшбу істі,
Қалдырмай сөйлегін, — деп жауап етті.
- 2270 Сол жаман Күлшар бек сөзін бастап,
Оқиға бастан кешкен баян етті.

Күлшарбектің сөзі:

- Арызымды тыңлаңыз,
Көрұғлы сұлтан бабамыз.
Тұра берсең ғаділдік
Біз де сіздің балаңыз.
Бала жаста бір жүрген
Ғауазбенен бір өскен,
Бір жерде еді қаламыз.
«Айлас қатын — мұңласып»
- 2280 Бір тауыпты анамыз.
Асық ойнап, алысып,
Жыртылған жастан жағамыз,
Өмілік болып достасып,
Қабылданған тобамыз.
Жеті жасқа келгенде

- Ғауазханды сіз алып,
Айырылып достан қалғанбыз.
Өнден кейін, тақсыр-ай,
Бостан шаһар патшасы
- 2290 Мені апарып бала қып,
Сонда тұрып қалғанбыз.
Сөзімнің жоқты жалғаны,
Ғауазханды сағынып
Мен сияқты ғаріптің
Ішінде болды арманы.
Бір күндері, тақсыр-ай,
Жалғыз қызын бәс тігіп,
Ат шаптырып, той етіп,
Бұрқанша деген қалмағы.
- 2300 Кімде-кімнің аты озса,
Құндызай деген сұлуды
Ақиқат аттың алмағы.
Құндызаймен басында
Жақындық сөз сөйлеген
Күлшар бектің бар еді
Ішінде сондай арманы.
«Аты озғанға тием» деп
Көкқасқаға сеніп
Осылай қармақ салғаны.
- 2310 Бәйгеге қостық тұлпарды
Бес жүз атпен жарысып.
Айлық, апта жол жүріп
Ауыздықпен алысып.
Алдына шықтым аттардың
Қалмадым достан қалысып.
Жеті күн тамам өткенде
Ғират келді артымнан
Қуандым доспен танысып.
Көптен бері көрмеген
- 2320 Бір күн, бір түн, тақсыр-ай,
Құшақтастым жабысып.
Құшақтасып екі дос
Сол арада жылады,
Тірлікте жүзін көрсеткен

- Шүкір еттік Құданы,
«Достыққа маған бергін» деп,
Құндызайды сұрады.
Өтінген соң Ғауазхан
Күлшар бек жан достың
2330 Сөзін екі қылмады,
Дос болмаса басында
Қойнындағы қатынын
Қайтіп адам қияды.
Сондайлық досты қор етіп,
Кетіп тұр ғой бұл күнде
Күлшар бектің бағасы.
Ғауазға сонда мен айттым:
— Жандай досым, тілімді ал,
Қайтпаған бақыт өрлеген,
2340 Жайқалған қызыл гүлің бар.
Бәйгеге шауып қыз таптық
Бұл олжаны, шырағым,
Мен де алмайын, сен де алма.
Сұлтаныма алып бар,
Екеуіміздің бабамыз
Арамызда жалғыз шал.
Достығыңа, қарағым,
Бірге туған өзіммен
Қарындасым Жұлдызай
2350 Жұптыланып, соны ал.
Тыңдап тұрғын, тақсыр-ай,
Ғаділдікпен қарасаң,
Менде қандай күнә бар?
- Андан соң өз жұртыма кеттім қайтып,
Досыма қошеметпен құлдық айтып.
Бәйгеге Құндызайды алғаннан соң,
Кел дедім жан досыма үйге қайтып.
- Ғауазхан соныменен озып барған,
Уағдаға опа қылмай өзі алған.
2360 Сол жерде Құндызаймен ойнап-күліп,
Досына опасыздық бір іс қылған.

Сол қыздың себебімен бір күндерде,
Ақыры Гүлфарды да ұстап алған.
Жүрген жүріс, сөзінің бәрі де өтірік,
Бір күні күйеу болып маған барған.
Мұндайлық ақиқатын білгенім жоқ,
Уағдамен қарындасым тағы да алған.

Сонымен қош айтысып жүріп кетті,
Фират тастап, Көкқасқа мініп кетті.
2370 Ел болған соң өсексіз болмас, тақсыр,
Бұл хабар бір күндерде маған жетті.
Қарындас пен әйелді қосып алып,
Досымның осылайша қорлығы өтті.
Иә, тақсыр, кім кінәлі, кім күнәсіз,
Беріңіз енді бізге әділетті.
Өлтірсең өз қолыңнан арманым жоқ,
Оқиғам енді осымен тамам, бітті.

Көрұғлы тыңлап тұрды құлақ салып,
Бар сырды Күлшар бек айтты барып.
2380 «Ғауазға бұл қалай?» деп сұрағанда,
«Ақиқат, рас» деді, мойнына алып.
— Әйелін қарындаспен қосып алып,
Осындай уағдаға болдым қалып.
Иә, ата, барлық ғайып бір басымда,
Азапқа жан досымды қойма салып.
Балалық өтеді екен адамзаттан,
Нәпсімен бір осындай болдым кәйіп.

Жазық жоқ жан досымда сірә, әркез,
Мені десең иә, ата, байлауын шеш.
2390 Өз обалым өзіме мен ғаріптің,
Ер еді Күлшар бектің күнәсін кеш.
Иланып балалықтың әсерімен,
Еттім ғой жан досымның еңбегін еш.
Ұрынған уағдаға дәл өз басым,
Мендей жан жер жүзінде болмасын еш.

Байлады аруағына Құндызайды,
 Достыққа маған берді Жұлдызайды.
 Досыма ақырында қара бет боп,
 Өлтірсең де уағдадан балаң тайды.
 2400 Досымның дәм-тұзына мен ұрынып,
 Оқ тиіп мекен еттім иесіз сайды.
 Сол қыздың себебімен Гүлфарды алдым,
 Орнатқан Күлшар бек күн мен айды.
 Атажан, қайта достық батаңды бер,
 Ғұмырда жолдас болмас мұндай жайлы.

Көрұғлы сөзі:

Сұлтанға шынын айтты екі бала:
 — Ақиқат шындарыңды айтып өттің,
 Ақыры екеуіңнің ісің шала
 Сырыңды жан досыңнан жасырмай-ақ,
 2410 Шындығын айтсаң нетті Ғауаз бала,
 Сондайлық құрмет етіп, көмек берген.
 Күлшар бек шын ақиқат болған пана,
 Өтіріктің ақырында бір шыны бар,
 Достардың болу керек көңілі сара.
 Бұл күнде жасырғанмен ғайып істі,
 «Алдыңнан болсын деген артың таза».

Шын айтсаң, бұл досыңның көңілін сез,
 Өгәреки, мақұл болса, қабыл көрер.
 Қимаса жан досым деп бір шатақсыз,
 2420 Бір сізге қарындасын тағы берер.
 Жан балам, мұндай істі өнер көрме,
 Ақырда бір басыңа зиян келер.
 Жанданбас жалған сөзбен адам ұлы,
 Бақытты адамзатқа Құдай берер.
 Өлсең де уағдадан неге тайдың,
 Бұл ісің жігіттікке емес өнер.
 Хан тайса, әділеттен, қара болмақ,
 Араздық туғаннан соң адам өлер.
 Күлшар бек бұл ісіңнің бары достық,

2430 Бұл жерде нәсіп болып басты қостық.
Басында азаматтық етсең дағы,
Ғауазхан балалықпен еткен бостық.

Сыйлапсыз көрмесең де мені, шырақ,
Ақиқат хандығымды сырттан сұрап.
Бұл сапар көмек беріп бақтысына,
Болыпсың Ғауаз жасқа үлкен мият.
Білемісің қадіріңді, қайран ерім,
Бір сізге істегеннің бәрі де ұят.

2440 Ғауаздан мұндай істі көргенен соң,
Арызға келсең нетті маған бірақ.
Ақиқат ерлігіңді естіген соң,
Болар ем Күлшар бек саған мият.

Әскермен қуып келіп, жықтың атып,
Сауытсыз жараланды қанға батып.
Ақыры сізбенен біз не болар ек,
Сол жерде қаза тауып қалса жатып.
Қыз табылар, қарағым, ұл табылмас,
Қайда қашып кетерсін қатар жатып.
2450 Туғаным Көрұғлы боп рас болса,
Ақыры сен де өлер ең қанға батып.
Барлығы балалықтың шалалығы,
Қайтеміз өткен істі қайта айтып.
Босатты байлауынан Күлшар бекті
Көрұғлы балаларға ақыл айтып.
«Ордасын Көрұғлының көріп қайт» деп,
Жөнелді ойнап-күліп Құдай хал қып.
Сөйледі әділетін сұлтан аға:
— Күлшар бек, сөзім тыңла, ғазиз бала,
Дос болғын Ғауазбенен бұрынғыдай.
2460 Сіздерге мен боламын ақыл баба.
Араздық адамзатқа пайда бермес,
Қызық көп, тату болсаң, дүнияда.
Ақ жүзің аналарың көріп қайтқын,
Шырағым, бұл туралы болма нала.

- Күлшар бек осы сөзге ризаланып,
 Сұлтанның ақыл айтқан тілін алып.
 Достасып Ғауазбенен осы жерде,
 Жамбылға қайтпақ болды бұл һәм барып.
 Құндызай Жұлдызаймен аман-есен,
 2470 Ғауазбенен қосылысты екі ғаріп.
 Екі қыз өз күйеуін тапқаннан соң,
 Тұрсын ба жалғыз қалып Гүлфар налып.
 «Иә, тақсыр, сізге жолдас болалық» деп,
 Өз шалын икемдеді сонда барып.
 «Бір жүру балалардан ұят-ды» деп,
 Көрұғлы Гүлфарменен кейін қалып.
 «Ғауаз тұрды сүйінші беріңіз» деп,
 Сұлтанға әзілдесті ебін тауып.
 Гүлфардың айтқан сөзі балдан тәтті,
 2480 Шалдың да келе жатыр көңілі ауып.
 Жылап барып, барлығы күліп қайтты,
 Етеді қуаныш пен ойын-сауық,
 «Сүйінші шешемізден сұраймыз» деп,
 Қасенхан Ғиратпенен кетті шауып.

Қасенханның сүйінші сұрап, Жамбылға барғаны

- Ғиратқа Қасен кетті мініп алып,
 Тірлікте не көрмейді бөнде ғаріп.
 Арада азды-көпті сапар етіп,
 Жамбылға бір күндерде жетті барып.
 Ғауаздан жаман-жақсы хабар болмай,
 2490 Отырған аналары күйіп-жанып.
 Қуантып барлығында шатлық етті,
 «Сүйінші, апалар!» деп Қасен барып.
 Жарылмас жақсылыққа адам ұлы,
 Сөніп қалған ғаріптің шамын жағып.
 Ғауаздың амандығын естіген соң,
 Шешесі қуанғаннан қалды талып.

Сөйледі Қасен батыр бастан-аяқ,
 Не түрлі бұлт туралы болған анық.
 Осындай аналары шаттық көрді,

- 2500 Күлдірді Қасен бала барлық елді.
«Өмірлі болыңыз» деп Қасенханға,
Осындай аналары бата берді.
Өзбек қуанышпен жерге сыймай,
Шаңлатты Жамбыл белдей асқар белді.
Көрұғлы, Күлшар бек, Ғауаз батыр,
Қаншалық әскерімен бұ да келді.
Он екі шешесі бар Ғауаз ерді,
Жалғыздың өліп-талып жүзін көрді.
Өзбек жаннан ғазиз құрмет етті,
- 2510 Күлшар бек асып туған кемеңгерді.
Той етіп қырық күндей Көрұғлы бек,
Шақырды дию, пері барлық елді.
Алты жүз ат қосыпты бәйгесіне,
Көкқасқа Ғиратпенен қатар келді.
Мұнымен той тамаша тамам, бітті,
Болмады бір адамның көңілі күпті.
Көрұғлы Гүлфарменен ғашық еді,
Бұлардың некхаланар уақты жетті.
Келгенде жүз алпысқа қызбен ойнап,
- 2520 Көпірден қалтыраңдап зорға өтті.
Атақты аты шыққан ер емес пе?
Аттары сүрінбей-ақ жолмен өтті.
Бұрынғы айтқан серттің барлығында,
Ғауаздың құрметіне азат етті.
Болғанмен жасы көрі, бақыты бөле,
Гүлфарды жаннан ғазиз құрмет етті.
- Күлшар бек мейман болып екі ай жатты.
Өткізді ойын-сауық мұқабатты.
Құсын салып, ит жүгіртіп, тамашамен,
- 2530 Көлінен Ғауадәктің қазын атты.
Көрұғлы баласындай ақыл айтып,
Беріпті Манжүн көктей тұлпар атты.
— Жасымнан бақыт болып қонып еді,
Күлшар бек сұрамағын бұл Ғиратты.
Бұл сөзін Көрұғлының қабыл көрді,
Күлшар жігіт екен асыл затты.
Бір күні Көрұғлыдан рұқсат алып,

Еліне Кұлшар бек бұ да қайтты.
Ауызбен айтып болмас еткен сыйын,
2540 Олжаға барлық әскер тегіс батты.
Құндызай, Жұлдыздайдай қарындасы,
Өтініп ағасына қош-қош айтты.
Қоштасып, қол алысып сұлтанменен,
Бостанның шаһарына енді қайтты.

Кұлшар бек Манжүн көкке мініп алды,
Сұлтанға бек қабағат ризаланды.
Ғауазхан, Қасенхан мен қырық жігіт,
Еліне аман-есен алып барды.
Онан соң бір-біріне қош айтысып,
Бұлар да Жамбыл белге қайта салды.
Жаулық істің аяғы достық болып,
Аяғы осылайша тамамланды.
Өлсе де Көрұғлының арманы жоқ,
Гүлфарды күндіз-түні қасына алды.
Сол адамның бәрі де өтіп кетіп,
2556 Бұл дүние енді келіп бізге қалды.

Түрікпен Раушанбек батыр Толыбайдың баласы қалмақ батыры Махраммен

СОҒЫСЫ

(А. Хангелдин нұсқасы)

- Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Содан өсіп халық болған
Сейілхан мен Жайылхан.
Өз әкесі Сафиден
Ұрпақтап халық жайылған.
Сейілханнан туыпты,
Сегіз арыс түрікпен.
Қабағы қалың бурадай
- 10 Көрсө дұшпан үріккен.
Түрікпенде ерлер көп болған
Жауды көрсө желіккен.
Арабы тұлпар мінгені,
Арқанда тұрып еріккен.
Жауды сезген ісінен
Болмаса киген бөріктен.
Қарсыласқан дұшпанын
Сол күнде түрікпен жүдеткен.
Сол арада күнелткен —
- 20 Қылыштан қанын тамызған
Неше батыр ер өткен.
Кәрия менен билерге
Қатар тұрып халқына
Ақша хан деген хан өткен.
Қалмақтың ханы — Шағдат хан
Жеті атасын жер еткен,
Түрікпен десе зар еткен.

- Атаның кегін ала алмай,
 Қалмақ деген халықты
- 30 Сол күнде Құдай қор еткен.
 Ұрысуға Шағдат хан
 Қырық жылға шейін күтініп,
 Кек алуға мақсаты —
 Бұрынғы өткен деректен.
 «Атаның кегін алсам» деп,
 Күні-түні зарланып,
 Өзін-өзі жүдеткен.
 «Түрікпен елін шабам» деп
 Палуанды жинап, үйреткен.
- 40 Ақша ханның баласы —
 Толыбай деген хан болып,
 Жығалы хан атанды
 Күрлеген бақтың тұсында-ай.
 Толыбайдың тұсында
 Тағы шапты қалмақты —
 Ортаға келіп кіріп-ай.
 Сол сапар өлді өз атам
 Қолынан халқын беріп-ай.
 Сол атадан хан еді
- 50 Келе жатқан шынжыр-ай.
*
- Хандықты таста деп Толыбай,
 Өзінен-өзі жеріп-ай.
 Бақты өзі тепкені,
 Болған шығар керім-ай.
 Түрікпен елдің басынан
 Көшкен шығар бақыты,
 Сүректі күні болып-ай.
 Шынжыр атақ тұқымнан
- 60 Хандық айтқан қараға
 Осы сапар деп тұрмын
 Бола ма деп жолым-ай.
 Қолдан кеткен ерлерім
 Толыбайды өлтіріп,

* Қолжазбада өшіп қалған

Тірілей байлап келтірсең,
Раушанбектей ұлын-ай.
Қаһармандай ерлерім
Түрікпен елге түсірсең,
Бұрынғы өткен күнін-ай.

- 70 Раушанбектей ұғыл туған
Толыбай ханның белінен.
Артық дейді жамалы
Адамзат емес періден.
Сымбаты асқан жан дейді,
Мұсылманның елінен.
«Қала салған» деп есіттім
Әудектің жеті көлінен.
Жаулаған жауы — қалмақ ел
Бұрыннан болған қорындай,
- 80 Талай шауып қалмақты
Малдарын салған телімге-ай.
Түрікпендердің ерлігі,
Орасан көзге көрінді-ай,
Шамасы келген қалың [жау]
Қиядан келіп ұрынды-ай.
Кек ала алмай түрікпеннен
Біздің қалмақ бүлінді-ай.
Қалмақтың көрген қорлығы
Бұл күнде түссе есіме,
- 90 Көзімнің жасы төгілді-ай,
Қабырғам менің сөгілді-ай.
Құдайдан жәрдем болмады
Біздің қалмақ еліне-ай.
Атаңа нәлет түрікпен
Іс қылды көзге көріне-ай.
Шүкір.....киінді
Ақылхан деген хан болды,
Түрікпен елге келіп-ай.
О да берді қорлықты,
- 100 Қаптаған қалың еліме-ай.
Түрікпеннен көріп қорлықты
Сол күндерде біздің ел

- Көрмеген, сірә, тынымды-ай.
Онан соң болды Ақша хан
О да қылды қалмаққа
Орасан үлкен зұлымды-ай.
Ақша ханның тұсында
Менің де көзім көріп еді,
Қанша хан қырылды-ай.
- 110 Түрікпеннің хандары
Бірінен-бірі орасан,
Артық болған білімді-ай.
Құдай артық жаратқан
Аты менен жігітін,
Сәтімен туып күнінде-ай.
Бұл хандардың тұсында
Біздің елге көрсеткен
Халық көрмеген қысымды-ай.
Ұранға шапқан ер шығар
- 120 Ұстасатұғын теңімен.
Осы көптің ішінде,
Ұстасатын ер бар ма,
Қалың түрікпен елімен?
Асып туған қайратты
Раушанбектей ерімен.
Аттанатын батыр кім
Қалың түрікпен еліне,
Бетпақтың құба шөлімен?
Раушан ерді кім барып,
- 130 Байлап келсе өлтірмей,
Хан күйеуі етейін,
Қызымды қосып теңімен.
Раушанбектей ер туған
Толыбайдай асылдан.
Асылы текдар зат еді,
Келе жатқан нәсілден.
Ұлы туған ер еді,
Дұшман көрсе ашынған.
Ерегіскен ерлерді
- 140 Қонысынан асырған.
Толыбайдың Раушанбек

- Тірілей байлап келгенге
Билігін беріп халқымның,
Орын беремін қасымнан.
Он сегіз жыл хан болып,
Халық биледім жасымнан.
Атам кегін алсам деп,
Көңілім менің талпынған.
Сарып етуге бар күшті
- 150 Аянбай жаным ашынған.
Шауып алмай түрікпенді,
Ашынған көңіл басылман.
Шағдат ханда бағулы
Алты жүздей палуан бар.
Екі талай ұрыста
Оған келмес адам пар.
Палуанның бастығы,
Махрамдай ер еді,
Қалмақтан шыққан зор еді.
- 160 Атаңа нәлет діні қара,
Ылақтырып ойнайтын
Екі жүз батпан тас шоқпар.
Ханның сөзін есітіп,
Палуан тұрып қылды зар.
«Түрікпенді шауып келуге, —
Айтады, — мен, — деп талапқа».
«Қыз беремін» деген соң,
Хан күйеуі болуға,
Махрамның мейілі бар.
- 170 «Мен шабамын, — дейді, — түрікпенді,
Кең дүниесін қылып тар.
Раушандай бектерін
Тірілей байлап келуге
Боламын, тақсыр, міндеткер».

Махрамдай палуан
Қайраты асқан нар еді.
Өзінің қалмақ елінен
Асып туған жан еді.
Барсам деген түрікпенге

- 180 Бұрыннан да палуанның
Көңілінде бар еді.
Ерлігіне сиынып,
Іздегені ар еді.
Дінсіз де болса палуанға
Бұрыннан Құдай жар еді.
Тұлпар мініп, ту алса,
Кімге де болса пар еді.
Найзасын қанға суарған,
Екілескен жерлерде
- 190 Теңдесі жоқ жан еді.
Қылыштан қанын тамызған,
Екілескен ерлердің
Қанын судай ағызған,
Осындай пиғылы тар еді.
Махрам сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Мен талап қылдым, Шағдатхан,
Түрікпен елге бармаққа-ай,
Ата кегін алуға
- 200 Түрікпенге салам салмақты-ай.
Келтірермін өзіне,
Бұрынғы берген азарын
Түрікпеннің қалмаққа-ай.
Түрікпен түгіл, сұлтаным,
Менің шамам келеді,
Әрбір жерді алмаққа-ай.
Түрікпеннің халқынан
Кегінді алып бермесем,
Тапсыр мені әруаққа-ай.
- 210 Раушанбекті тірілей
Байлап әкеп мен берсем,
Бітер ме көңілің мен жаққа-ай?!
Түрікпен елге барамын,
Жанға серік болатын
Төрт жүз палуанды аламын.
Онан көп әскер не керек,
Харазымның халқына
Бір өзім де боламын.

- Мені алатын батыр жоқ,
220 Түрікпеннің елінде,
Есіткенге нанамын.
Білмеймісің, сұлтаным,
Мен бір жанып тұрған шаламын.
Толыбай мен Раушанның
Қысқартамын қадамын.
Қоймай айдап екеуін
Алдына, тақсыр, саламын.
Қайда қиын жау болса,
Жұмсай бер, тақсыр, өзімді,
230 Мен жақсы қызметте боламын.
Түрікпендегі кек үшін
Қайғырып, тақсыр, мұңайма,
Ойдағыңды қыламын.
Қалың түрікпен елінің
Бірін қоймай қырамын.

- Түрікпен елге бармаққа
Төрт жүз палуан сайланды,
Палуанның басы Махрам
Алмас қылыш байланды.
240 Төрт жүз палуан қол алып,
Махрамдай палуан
Жүрмекке енді ойланды.
Қайратты ерлер қамданып,
Қалдырмай қара байланды.
Қаһары қатты батырлар
Мұсылманның еліне
Салмаққа барып ойранды.
Махрамдай палуан
Қатты қаһар қолға алды.
250 Қалмақтың қалың еліне
Болғандай үлгі жол салды.
Бұл төрт жүз ердің айбатын
Көрген халық таң қалды.
Неше асқар бел қалды,
Туып өскен жер қалды.

- Бірге туып, бірге өскен
Қатар-құрбы, тең қалды,
Қалың қалмақ ел қалды.
Қаһарына ерлердің
260 Жүрген жері қозғалды.
Мұсылманның еліне
Болатын болды бір жұмыс,
Бермесе Құдай жәрдемді.
Осы шыққан төрт жүз палуан
Мұсылманның елінен
Кек алуға арманды.
- Шағдат ханнан аттанған
Төрт жүз палуан ерлердің
Ылғи тұлпар мінгені,
270 Гулетіп ерлер жөнөді.
Болаттан сауыт оқ өтпес,
Белсеніп ерлер киеді.
Тасқа тұрмас ақ сүңгі
Қарына батыр иледі.
Астындағы тұлпарлар
Тасқа тисе таңлағы
Саз балшықтай иледі.
Еті қызып шапқансын
Астындағы тұлпардың
280 Зорға басын биледі.
Қаһармен шыққан батырлар
Жанды көзге ілмеді.
Бетпақтың құба шөліне,
Батырлар атын шу деді.
Ерігіп тұрған тұлпар ат
Соққан желдей гуледі.
Түрікпен елге жетсем деп,
Аударыспақ ойнасып,
Асығып ерлер келеді.
290 Елін шаппақ түрікпеннің
Осыған көңілін бөледі.
Қырық жылдан бері жай жатқан
Харазымның түрікпен

- Қауіпсіз жатқан ел еді.
Бес атадан түрікбенге
Талайдан дұшпан көп еді.
Шағдаттан шыққан төрт жүз ер
Қайраты қатты мол еді.
Мұсылман, қалмақ жауласқан
- 300 Бұрыннан қалған жол еді.
Толыбайдай сұлтанның
Өзі тастап хандықты
Бос отырған кезі еді.
Толыбайдың жалғызы
Раушанбектің мекені —
Әудек деген көл еді.
Раушанбек жалғанда
Жаннан асқан ер еді.
Жүзі көркем, шырайлы,
- 310 Адамнан емес пері еді.
Мінез-құлқы мүләйім
Құданың сүйген құлы еді.
Ысқауат — қайыр көп берген
Сақилығы шын еді.
Он жігітпен құс салып,
Сейілге шығар күні еді.
Әудектің жапан даласы
Раушанбектің шыққаны
Келатқан жаудың жоны еді.
- 320 Атаңа нәлет Махрам
Он жеті күн-түн жол жүрді,
Азғантай емес мол жүрді.
Ылғи тұлпар мінгені
Төрт жүз палуанды
Жазира шөлмен жүргізді.
Жүз батпан шойын шоқпарды
Асықтай атып Махрам
Ерлігін жұртқа білгізді.
Байлап қайтпақ мақсаты —
- 330 Толыбайдың баласы
Раушанбектей жалғызды.

- Қайтар емес палуандар
Қалың түрікпен елінен,
Шағдаттың кегін алғызбай.
Байлап алып Раушанды
Ойдағы ісін болғызбай.
Мұсылман еліне
Болатын болды бір жұмыс,
Бермесе жәрдем бір Құдай.
- 340 Осы жүрген сәулетпен
Шағдаттан шыққан төрт жүз ер
Жол жүреді нақ бір ай.
Ерлері кетіп аз қалған
Түрікпеннің елінде
Махрамға жан жоқ сайма-сай.
Осы жүрген сәулетпен
Әудектің жеті көліне,
Келіп қонды жақындай.
Аттанып батырлар,
- 350 Харазым деген жерінен.
Туралап асып жол шеккен
Қу бастың құба шөлінен.
Есіткен қалмақ елаты
Туды деп жалғыз Раушанбек
Толыбай ханның белінен.
Түрікпенге шыққан анайы
Бұрынғы ата кегінен.
Күн-түндеп бір ай жол жүріп,
Жақынға келіп ол қонды,
- 360 Әудектің жеті көлінен.
Жата берсін бұл ерлер
Енді айталық кеңесті,
Алдағы түрікпен елінен.
Толыбайдың жалғызы,
Раушандай бегінен.
- Бір күні шықты Раушанбек,
Он жігіт ертіп елінен.
Құс салып, киік ауламақ
Әудектің жеті көлінен.

- 370 Хан баласы Раушанның
Соған көңілі бөлінген.
Алғыр құс пен жүйрік ит,
Жинады қоймай шынынан.
Жолдас қылып ертеді,
Ерлерді сайлап теңімен.
Құс салып сейіл қылмаққа
Халқын жинап Раушанбек
Рұқсат алды көбінен.
Шырайлы еді Раушанбек
- 380 Адамзат емес періден.
Хан баласы Раушанды
Көруші еді артық түрікпен
Перзентінен өзінің,
Жалғыз туған белінен.
Халқына болған жағымды
Мүләйім мінез пиғылымен.
Алды-артында қара жоқ,
Жалғыз еді Раушанбек
Толыбайдың белінен.
- 390 Алдында аға болмады,
Артында жоқ және інісі,
Жалғыздық түсіп есіне
Қамығады шынымен.
Өзінен де туған бала жоқ,
Қамықты бегің сонымен.
Бұтақсыз өскен дарақпын
Өскен жапырақ көлімен.
Айқайлап перзент сүймедім,
Бала туып белімнен.
- 400 Жазатайым іс болса,
Жоқтайтұғын аға-іні жоқ
Қалың түрікпен елінен.
Қартайған атам не қылсын
Уақты өткен күнінен.
Уақты хошлық қыламын
Қырық жігіт ертіп ізімнен.
Қалың жауға кез келсе,
Жәрдемші боп ата бер,

- Қалмағай тағы тізгіннен.
410 Арманы бар ма жігіттің
Атам жоқ деп іздесе,
Перзентің болып кейіннен.
Ердің құны — бір оқтық,
Қиядан қыстау іс болса,
Жасаған Жаппар Құдай-ау,
Жанға бергей тоқымнан.
Уайымнан пайда жоқ,
Бір жігітке ойласаң,
Бұрынғының көзінен.
- 420 Жалғызға болғай мәдеткер,
Жасаған Құдай өзіңнен.
Нәмарт деп біреу айтпай ма
Шықса мынау сөзімнен.
Ойға түсіп бір қиял,
Жалғыздықтан сөз айттым,
Өзімде перзент уайымнан.
Кел, қырық жігіт, атқа мін,
Жүрелік Өудек көлімен.

Бұл сөзді айтып Раушанбек жігіттеріменен атқа мініп, Өудек көлге қарай кетіп бара жатқан жері.

- Қырық жігіт шу деп ат қойды
430 Өудектің жеті көлінен.
Таңырқатты сәулеті
Мына түрікпен елінен.
Алғыр бұрты жүйрік ат,
Қару-мылтық асынған.
Асан көзге көрінер,
Жау құралы бір басқа
Асынған екен белінен.
Сәулетін көрген ерлердің
Жан келе алмас жанына-ай.
- 440 Ылғи тұлпар мінгені,
Қияға салған көзін-ай.
Асфәһани қылышпен
Садақ, найза қолында-ай.

- Ақ кіреуке сауытпен
Болат қалқан басында,
Ділдадан дабыл асынды-ай.
Шошынғандай көрген жан
Айбатына ерлердің
Бұл бара жатқан пормындай.
- 450 Ат қойды беклер шу десіп,
Бір-біріне жүр десіп,
Әудектің жүрер жолына-ай.
Шығарып салған қырық жігіт
Басқасы қайтып еліне,
Хан баласы Раушанбек
Он жігітпен бөлінді-ай.
Раушан мінген қанкері ат
«Шу» дегенде бөрінің
Қара озып кетті алдына-ай.
- 460 Сол күні шапты күнімен,
Келесі шапты түнімен,
Ұйқы алмай көзіне-ай,
Бір күн, бір түн ат шауып,
Әудектің қара жалының
Келіп шықты белінен.
Белге шығып қарады
Әудектің жеті көлінен.
Көзінің жетер шынына-ай,
Балдырған балғын мұнартып,
- 470 Әудектің шалқар көлдері,
Көрінді ыстық көзіне-ай.
Қамысты көлі Әудектің
Жағалай шатыр тігуге
Жақпады ердің көңіліне-ай.
Қоғалы көл, қулы көл,
Жекенді көл, желді көл —
Бұл төртеуі батырдың
Оң келмеді өзіне-ай.
Екі көлі бар еді
- 480 Бетпақтың құба көліндей.
Қызылкөл деген көл еді,

- Қызыл тамыр қара оты,
 Қалың шыққан жеріне-ай.
 Тобылғылы, нұралы,
 Біткен тасы қыналы,
 Жағалай шатыр тігуге
 Осы мақұл көрінді-ай.
 Арғы жағы бұл көлдің
 Бетпақтың құба шөлімен
 490 Қалмақтың асқан жолы еді.
 Ат басын бұрып батырлар
 Соған құсын салмаққа
 Сапар тартып жөнелді-ай.
 Ол екі көлдің арасы
 Ара күндік жол еді-ай.
 Қызылкөлді жағалай,
 Шатыр тігіп жатпаққа,
 Батырлар гулеп жөнелді-ай.
 Найзасын тасқа ырғады-ай,
 500 Басқаға мойын бұрмады-ай.
 Күн бесінге жеткенде
 Қызылкөлдің басынан
 Батырлар келіп құлады-ай.
 Қызыл көлдің басынан
 Жағалай шатыр тігіпті-ай.
 Кешке дейін батырлар
 Шатырда жатып тынықты-ай.
 Жағалай жатқан сабатқа
 Ат жіберіп батырлар
 510 Ер әбзелін алыпты-ай.
 Жағалай айдында отырған
 Құс төресі қу еді,
 Қоймай атып алыпты-ай.
 Ойын-күлкі сәулетпен
 Сол күні ұйықтап жатқанда,
 Хан баласы Раушанбек
 Бір жаман түс көріпті-ай.

Отыр екен түсінде
 Түрікпен елдің шағында-ай,

- 520 Бұрынғы ата бағында-ай.
Атадан қалған мирасын
Кіреуке алтын тағында-ай.
Қалың әскер тұр екен
Раушанбекті қорғауға
Қамалап оң мен-солын-ай.
Дүнианың ләззетін
Бұл түсінде көріпті,
Жан көрмеген дәуірді-ай.
Қол қусырып, «сұлтан» деп,
- 530 Ортаға алып тұрады
Жанның бәрі жабырлай.
Жалаңаш қылыш қолға алып,
Неше мыңдай әскер тұр,
Тигізбей ханға зөбірді-ай.
Бұл сәулетпен тұрғанда
Киелі қара бура кеп,
Раушанбекке шабынды-ай.
Иықтан алып жерге ұрды,
Раушанбектей ханыңды-ай.
- 540 Қамаған қалың әскердің
Біреуі кетті табылмай.
Босанып мұнан қашып еді,
Алдынан шығып бір қабылан
Тырнағын салды жаздырмай.
Тырнағынан қабыланның
Қырық бөрі келіп айырды-ай.
Босанып және ол қашты,
Жанының ойлап қамын-ай.
Аспаннан келіп көк бүркіт
- 550 Төбеден бұрып сұлтанның
Ағызды судай қанын-ай.
Төрт жүз қарға жалап жүр
Қанын жерге тамызбай.
Аспаннан түскен көк бүркіт
Қырық бөріні соғып жүр
Пәлекті ұрған дауылдай.
Дәрменсіз жатты Раушанбек
Көзі көріп барындай.

- Біреу келіп байлады
 560 Раушанбектің қолдарын,
 Дәрменсіз жатқан шағында-ай.
 Оянса батыр түсі екен,
 Албырап тұрды өртеніп,
 Көкірегі жалындай.
 Тұра келсе таң атқан,
 Шақырып алды қасына
 Жолдасының барында-ай.
 Көрген түсін айтуға
 Қырық жігітке жаңылмай.
 570 Мен бір жаман түс көрдім,
 Оңға жоры, жігіттер,
 Кетпесін дауа табылмай.

Өлқисса, Раушанбек далаға шығып дәрет алып, келіп түсін айтып жорытайын деп келе жатқанда таудан құлап келе жатқан көп киікті көріп, түсін жорытуды ұмытып кетіп, жігіттерге ер сал деп бір сөз айтқаны:

- Ай,қырық жігіт, тұрыңдар,
 Айтқан сөзді ұғыңдар,
 Ер салып әбзел бедеуге,
 Тезірек атқа мініңдер.
 Таудан төмен құлады
 Суға қарап көп киік,
 Оны да шығып көріңдер.
 580 Издегенің сол еді,
 Текесін таңдап алыңдар.
 Он жігіт болса болады,
 Менімен бірге жүруге,
 Басқаң қоста қалыңдар.
 Ат қағып келген ерлерім,
 Тынығып деміңді алыңдар.
 Құмайды қосып киікке
 Тамашасын көріңдер.
 Өзімен кетет қызығы
 590 Құс алмай-ақ қойыңдар.
 Құс қызығы бір басқа,

Ит жүйрігін сынайық,
Бұл сөзіме наныңдар.
Мергендеріңді сынайық,
Қалдырмай мылтық алыңдар.
Жау құралы қалмасын,
Тастан асыл қылышты
Қия белге шалыңдар.
Ырғай сапты найзамен
600 Қалдырмаңыз садақты,
Қаруды жолдас қылыңдар.
Күн шығып қызып кетпесін
Тезірек атқа мініңдер.

Раушанбектің бұл сөзін
Есіткенсін жігіттер
Орнынан тұрды қуанып.
Он жігіт шықты сайланып,
Қолдан бөлек шұбалып.
Таярланды жүруге
610 Бедеу атқа ер салып.
Қылыш байлап беліне,
Найзаларын қолға алып.
Қорамсақ толған оқпенен
Садағын алды қамданып.
Бүркітін тастап құсына
Ылғи құмай тазыны
Шақырды беклер памданып.
Құмай келді бектерге
Шақырғансын жиналып.
620 Қиядан көздеп құмайлар,
Алды-артында бектердің
Жүгіріп жүр айналып.

Ал енді бектер шу десті,
Бір-біріне жүр десті.
Киікке қарай шамданып,
Киік тұрды қарасып,
Атты адамға таңданып.
Ылғи құмай тазыны

- Көзі көрді киіктің
630 Адамға түр еді алданып.
Тазыны көзі көргенсін,
Киік қашты тауды өрлеп,
Құтылуға қамданып.
Жабыла құды жігіттер
Ұстамасқа арланып.
Таудан арман аспай-ақ,
Таңынан тартып құмайлар,
Көбі қалды қарпалып.
Ылғи құмай тазылар,
640 Құтқармады киікті
Екеу-екеу парланып.
Таудан арман құлады,
Бөлініп кетті төрт киік
Қарасын үзіп жауланып.
Тазылар қалды адасып,
Көре алмай оны қарманып.
Табанынан тас соғып,
Тырнағы сынып құмайдың,
Кейінде қалған киікке
650 Тұрып қалды алданып.

- Құмайы тұрып қалғансын,
Раушанбек пен он жігіт
Атқа қамшы басады-ай.
Тұлпарды қысып шу десіп,
Шаңын шаңға қосады-ай.
Бір-біріне жүр десіп,
Ерлерді ашу қысады-ай.
Қарасын көріп келе жатыр,
Жеткермейтін осы еді-ай.
660 Арандатқыр төрт киік,
Қу бастың құба шөліне
Бет қойып соған асады-ай.
Шамасын байқап қараса,
Жалғаса қуған он бірі
Жете алмасқа осады-ай.
Раушанбек алдында

- Қанкер атты қысады-ай.
Бұл киікке жете алмай,
Хан баласы Раушанның
- 670 Көңіліне қайғы түседі-ай.
— Астымдағы Қанкер ат,
Жылқыда тұлпар сен едің,
Дүлдүлден қалған жұраттай.
Мойның сұлу таяқтай,
Сымбатыңа болайын
Төрт қырлаған қайрақтай.
Құлағың сұлу жануар
Қиған қамыс қияқтай,
Төрт аяқты тұяғың
- 680 Сомдап қойған болаттай,
Жая көр алтын қанаттай.
Алдында қашып баратқан
Төрт аяқты хайуаннан
О да шыққан бір заттай.
Төрт аяқты хайуанға
Жете алмай қалған ұяттай.
Көңілде арман қалмасын,
Жеткере көр мен заттай.
- Осыны айтып Раушанбек
- 690 Қанкер атқа шу деді.
Шу дегенде Қанкер ат
Соққан желдей гуледі-ай,
Табаны жерге тимеді-ай.
Тұяғы тиген тастарды
Саз балшықтай иледі-ай.
Биік белге шыққанда,
Қанкер аттай тұлпардың
Азар бойын биледі-ай.
Қанкер аттың қайраты
- 700 Денеге симай кернеді-ай.
Төрт киіктің үшеуін
Бөліп қалып Қанкер ат
Қолынан арды бермеді-ай.
Үш киікті Раушанбек

- Найзаменен шапақтап
Жығып күлін бірледі-ай.
Енді қалған біреуін
Ұстасам деп терледі-ай,
Ілгері қарай өрледі-ай.
- 710 Ілгері шапты Раушанбек
Ұстасам деп киікті-ай.
Ізінен қалмай киіктің
Қырсыққа мықтап елікті-ай.
Ары-бері ат шауып,
Шыға келді Раушанбек
Үлкен асқар биікке-ай.
Биікке шығып қараса,
Көзі көрді батырдың,
Ылдиында ол таудың
- 720 Бара жатқан киікті-ай.
Киіктен басқа ойы жоқ,
Таудан түсіп ылдилап,
Киікке келді жуықтай.
Киікке жақын келгенде,
Және көрді батырың,
Аттанып жатқан әскерді,
Бекініп тұрған тұйықтай.
Қалың жауды көргенсін,
Раушандай бегіңіз
- 730 Төбеге шауып шығады-ай,
Жан-жаққа көзін салады-ай.
Құба судың құба шөліне
Шығып кеткен қызықпен,
Жалғыз өзі тұрады-ай.
Көз жіберсе артына
Кейінде қалған он жігіт,
Шұбала шауып шығады-ай.
Шошайып тұрған бір өзі
Раушанбекті көрді.
- 740 Көрінген жер қашық па,
Раушанбектің қасына,
Бұлар да жетіп келеді-ай.
Ылдидағы әскерді

- Бұлардың көзі көреді-ай.
Әскерді көріп жігіттер
Раушанбекке сөйледі-ай:
— Аң қуып шықтық, сұлтаным
Әудектің қызыл көлінен.
Қызықпен келіп шығыпбыз
- 750 Құба судың құба шөлінен.
Мынау түрі бөлек асқар ғой,
Қоштаспасақ болар еді-ау
Қалың түрікпен елімен.
Мына тұрған жауың кім,
Келген бе қалмақ елінен?!
Тіл алдың ба сөйлесіп,
Мен сескеніп тұрмын түрінен.
Болмасын қалмақ аттанған
Шағдатханның елінен.
- 760 Он жылдан бері күткен деп,
Естуші едік шынымен.
Жиылды деп әскер естіп ек,
Жақын жерде шынынан.
Тіл алайық сөйлесіп
Осы тұрған көбімен.
Қанеки, сұлтан, баршы сал,
Ғайып емес ұрысқан,
Өзімен сыйлас теңімен.
Бұл сөзбенен ойланып,
- 770 Хан баласы Раушанбек
Жібермек болды елшіге
Үш жігітті, сонымен.
- Үш жігітті сайлады,
Қалмаққа барып келуге.
Қайдан жүрген жау екен,
Мәні-жайын білуге.
Сапабек деген ер еді,
Сол жөнелді қалмаққа
Қос жігіт ертіп ізіне.
- 780 Сапабектей еріңіз
Қамап тұрған қалмақтың

Тұралап қаратты өзіне.
Айбатпен тұрған палуан
Көрініпті көзіне.

- Осы жүрген Сапабек
Қайратты туған ер еді,
Ерлігінің белгісі
Қамап тұрған төрт жүз ер
Соған қарап жөнеді.
- 790 Қаһарлы тұрған ерлерге
Іркілмей жетіп келеді.
Палуанның басы Махрам
Түрі бөлек неме еді.
Айбатынан қорықпай
Соған жетіп келеді,
Махрам ерді көреді.
Махрамның айбатын
Тіптен көзге ілмеді.
«Не жұмыста жүрсің?» деп,
- 800 Тұралап айтып Махрамға,
Сапабек қаны сөйледі:
— Түрлеріңе қарасам,
Қалмақтан келген жандайсың.
Сымбатың бөлек қаһарлы
Халық ұстаған хандайсың.
Тастамай қару асынып,
Дүнианың жүзін шарлайсың.
Бедеу мініп астыңа
Алды-артыңды барлайсың.
- 810 Шын қаһармен аттанып,
Қай сапарға барғайсың?
Жөніңді сұрай мен келдім,
Қанекей, сөйле, қалмағым,
Кімді алып, кімді қорғайсың?!

Сипатыңа қарасам,
Бәрің бірдей төресің.
Тұлпар мініп астыңа,
Дүбір-дүбір қыласың.

- Қабағың жаман қатырып,
820 Түн ұйқыңды бөлесің.
Жөніңді сұрап мен келдім
Қалмағым, қане жөніңді айт,
Қай сапардан келесің?!
Хан баласы Раушанбек
Елшіге мені жіберді,
Жөніңді айтып бересің.
Мен кәдімгі түрікпен елінен,
Түрімнен байқап білесің.
Түрікпен десе қалмағым,
830 Сірә, ұйқыңды аша бересің.
Жөніңді айтшы, батырлар,
Қай сапарға барасың?
Ат тұяғымен шаң қылдың,
Құба судың жапан даласын.
Қандай елде дөмең бар,
Кімнен олжа қыласың,
Біздер түрікпен елінен,
Бұрыннан өзің білесің.
Атың жарау, өзің аш,
840 Түн ұйқыңды бөлесің.
Ана тұрған Раушанбек,
Толыбай ханның баласы,
Жөніңді айтып бересің.
Қалмақ бізбен кекті жұрт,
Жеткізе алмаған өресін.
Көп жыл болды қалмақтан
Олжа қылмай келеміз,
Оны, батыр, сезесің.
Өзіңнен келіп ұрынсаң,
850 Бір жазғанын Құданың
Маңдайыңнан көресің.
Қанеки, ерлер, сөйлеші,
Қай сапарға келесің?!
Мен — түрікпендегі Сапабек,
Көзіңді ашсаң көресің.
Бұрыннан қалған әдет бар
Көрсен көңіл бөлесің.

Бізге келсең*
Ажалың жетпей өлесің.

- 860 Раушанбек жіберді
Біліп кел деп хабарын.
Бұрыннан әркім сыйлайды
Жіберген ханның шабарын.
Қалдырмай жөніңді айтып бер,
Қайсы болады шаһарың?
Тақ үстінде ханың кім,
Халық сұрап тізген қатарын.
Өз еліңнен шыққанда
Қай жер еді назарың?!
- 870 Қыздыруға келесің
Қай жерден ұрыс базарың?!
Алуға ойлап жүрмісің
Қалмақтың көрген азарын.
Түрікпен елге аттанып,
Бұрын қайтқан жоқ па еді қашарың?!
Қанеки, ерлер, сөйлеші,
Қай жерге жүрген сапарың?
Түрікпенге келсең аттанып,
Құдай білер кегіңді,
- 880 Зорлықпен келіп аларың.
Екі талай іс болса,
Кім біледі, батырлар,
Кім өліп, кімнің қаларын,
Кім елге аман барарын.
Ерлігімен үдетіп,
Кім жеңіп бақыт аларын.
Тез жөніңді айтып бер,
Көрмеймісің бұл келген
Хан баласы Раушанның
- 890 Жіберген саған шабарын.

Махрам сонда сөйледі:
— Біз қалмақтан келеміз,
Шағдат дейді ханымыз.

* Түпнұсқада өшкен

- Мекен қылып отырған
Харазым дейді жеріміз.
Асфahan деп атайды,
Туып өскен шәріміз.
Бұрыннан кетіп келатқан
Түрікпенде бар арымыз.
- 900 Ар алуға келеміз,
Осы біздің жайымыз.
Түрікпен елін шабамыз,
Денеңнен кетер жаныңыз.
Аттанып келген Махрам —
Қалмақтағы нарыңыз.
Мен үстіңе келгенсін,
Мүшкіл болар халіңіз.
Толыбай мен Раушанды
Алдыма алып келіңіз.
- 910 Екеуін байлап әкетсем
Аман қалар еліңіз.
Күмән деп батыр ойлама,
Осы біздің шынымыз.
Махрам палуан келгенсін,
Тұтам болар күніңіз.
Бес атасын өлтірген
Шағдаттай патшаның
Айыбын көп біліңіз.
Осы жолы қалдырмай
- 920 Кек алуға келгенмін
Ойран болар шаһарыңыз.
Енді мүшкіл боларын
Білмейсің бе халіңіз.
Түрікпен болып жиналсаң,
Бір өзіме келмейді,
Бар халқыңмен әліңіз.
Өзі келіп бас исін,
Раушанбекке барыңыз.
Менің айтқан сөзіме
- 930 Құлағыңды салыңыз.
Бұл сөзіме көнбесе,
Зорлығымды көріңіз.

- Сапар шегіп шыққанмын
Харазым деген жерімнен,
Асфандай шәрімнен.
Қара жер күйіп тас жанған
Шыққандағы кәрімнен.
Дін мұсылман шошынды
Қаһар төккен зәрімнен.
- 940 Төтелеп асып жол шектім
Құбастың Құба шөлімен.
Кек алуға шыққанмын
Сіздің түрікпен елінен.
Қалдырмаспын, болса пар,
Бұрынғы ата кегінен.
Түрікпен елмен ұрысып,
Бұрын талай қандар төгілген.
Ашынып жүрген батырмын
Қабырғасы сөгілген.
- 950 Бұрынғы деп ойлама,
Шағдат ханның бұл күнде
Түрікпен елмен тең келген.
Тең келмек түгіл қайраты
Асып кетті бар елден.
Еліңді шауып, Сапабек,
Жебір-жесір қылуға
Әдейі іздеп мен келген.
Менің келген жерлерім
Қандай да болса жөнделген.
- 960 Маған қарсы келген жан
Оңалмайды еш жерден.
Талайы келіп жер құшқан,
Мұсылманның ерлері
Қарағай найза өңгерген.
Қылыштан қанын тамызып,
Мен Махрам деген палуанмын,
Талайларды меңгерген.
Айтқанды қылса Раушанбек,
Алдыма келіп бас исін,
- 970 Жанын сұрап біздерден.
Ұрысқа шықса егесіп,

Шығады жаны төндерден.
Бұл сапар аман кете алмас
Ешбірің де біздерден.
Қоштаса алмай кетерсің
Қатын-бала елдермен.

- Менің атым — Махрам,
Ерлігін халыққа сездірген.
Талайларды күнінде
980 Төсегінен бездірген.
Қара тасқа найзасын
Қарыс сүйем ендірген.
Талай жерде қисықты
Зорлықпенен көндірген.
Мұсылманның елдерін
Талай жерде бүлдірген.
Мені естіген батырлар,
Алдыма келіп бас иіп,
Бел шешіп қарсы жол берген.
990 Сен білмейсің, Сапабек,
Ойын көрме біздерден.
Ілгері өткен заманда
Иесіз жатқан қалмақты
Түрікпен талай бүлдірген.
Иесіз жатқан халық жоқ,
Еліне ие табылды
Халқын ұстап меңгерген.
Шұбар туды бұлғатып
Жауға шығар батыр көп
1000 Қарағай найза өңгерген.
Мен сияқты қабылан
Аз халқын көпке теңгерген.
Білмей жүрсің, түрікпен,
Басыңнан әруақ тайғанын
Осы күнде сендерден.
Хан болуға ерініп,
Тақтан түсті Толыбай
Қырсықтың басып сол жерден.

- 1010 Әруақ тайды басынан
 Біткенсін бақты меңгерген.
 Осы сапар түрікпен
 Қисаяр бастан жығаңыз,
 Қаза тауып біздерден.
 Тілімді алсаң, Сапабек,
 Раушанбекті байлап бер
 Үмітің болса елдерден.
- 1020 Осыны айтып Махрам
 Жүз батпан шойын шоқпарды
 Бұлғап қолға алады.
 Қабакта жатқан көк тасқа
 Шоқпарды бұлғап салады.
 Шоқпар тиген тастары
 Ұндай болып барады.
 Көрсетем деп қайратын
 Лақтырып шоқпарды
 Асықтай қағып алады.
 Ерлігіне мас болып,
 Ол айғайды салады.
 Бір өзінің даусына
- 1030 Тау жаңғырып барады.
 Түрікпен түгіл, қасында
 Еріп келген төрт жүз ер,
 Олар да естен танады.
 «Раушанбек» деп шақырып,
 Ол айғайды салады.
 Көбік шауып аузынан
 Жер тебініп тұрады.

Анда Сапабек Махрамның бұл сөзін есітіп, қайран болып, іштен қорқып, сырттан білдірмей қайтып келіп Раушанбекке сөйлегені:

- 1040 Қайтып келді Сапабек
 Раушанбектей еріне.
 Қауып етеді ішінен
 Махрамның көріп түріне.
 Раушанбекке сөйлейді,

- Көргенін айтып көзіне:
— Мен барып келдім, сұлтаным,
Қалмақтан келген әскердің
Бастығы Махрам өзіне.
Жаудың түрі тым жаман,
Болмаса жәрдем Құдайым,
Сұлтаным, сенің өзіңе.
- 1050 Келдім деп айтат кек үшін
Түрікпеннің еліне.
Қайраты артық залымның
Көрінді менің көзіме.
Болған шығар бір жұмыс
Біздің түрікпен еліне.
Қалмаққа берген көп азар
Келсе еді кезіне.
Шыққан екен әдейі
Біздің дін Харазым еліне.
- 1060 Бұрыннан жүрген алалмай,
Түрікпенде жатқан кегіне.
Қаһарланып шығыпты
Нан пісіріп деміне.
Төрт жүз палуан шығыпты
Шағдатханнан бөліне.
Палуанның басы Махрам
Жалғыз өзін балап тұр
Жиналған қалың көбіне.
Махрам артық қайратты,
- 1070 Жан келмеген осы еді
Қатар жүріп шынына.
Жүз батпан ойын шоқпарды
Асықтай атып ойнап жүр,
Көрсетіп халықтың көзіне.
Түрі жаман кәпірдің
Қаһарманнан бұрынғы.
Кем көрінбеді көзіме.
Ызаланып мен келдім
Атаңа нәлет кәпірдің
- 1080 Әрбір айтқан сөзіне.

- Аламын дейді түрікпеннен
Бұрынғы кеткен арымды-ай.
Бұзамын дейді талқандап,
Мекен еткен шаһарыңды-ай,
Талауға салып малыңды-ай.
Шығарам дейді кеудеден
Бір шыбындай жаныңды-ай.
Өздерің байлап бер дейді
Толыбай мен Раушанбек —
1090 Екі бірдей ханыңды-ай.
Бұл екеуін бермесең,
Көресің дейді Раушанға
Менің айтқан сөзімді-ай.
Түрікпенді шауып бұл сапар,
Кек алатын көзімді-ай.
Ұғылды атадан айырып,
Малыңды салсам тілімге-ай.
Қызды анадан айырып,
Шулатармын, Сапабек,
1100 Шырқыратып құлындай.
Табанға салып езермін
Солқылдаған мырзаңды-ай,
Сатып алған құлымды-ай.
Қаһары қатты залымның,
Хан баласы Раушанбек,
Қалмақтың сөзі осындай.
- Күтініп шыққан төрт жүз ер
Жау құралын асынған.
Бұрыннан жүрген кекті іздеп
1110 Қалмақтың жаны ашынған.
Сен келе жатқан ер едің
Шынжыр аттай нәсілден.
Екі талай жерлерде
Талай көпір Раушанбек
Алдыңа келіп бас ұрған.
Түрікпен елі бұрында
Талай қалмақ елінің
Ішінен шыққан ерлердің

- Бақытын бастан ұшырған.
1120 Ғайып ерен қырық шілтен
Тілеудар болып ерлердің
Кетпеуші еді қасынан.
Осы сапар қорқамын
Тая ма деп бақыт құс
Түрікпен елдің басынан.
Бетке тартып сөйледі,
Толыбайдың тастаған
Хандығын айтып басынған.
Аяғымен тепті деп,
1130 Басына қонған бақытты
Қалмаққа дабыл шашылған.
Бақ тепті деген сөздері
Есіме түссе қалмақтың,
Шошынады ішім осыдан.
Мұсылманның табанын
Аудармаған Құдайым
Атаның тіккен қосынан.
Хан баласы Раушанбек,
Жаудың түрі тым жаман,
1140 Не дейсің, ханым, осыған.
- Хан баласы Раушанбек
Сонда барып сөйледі.
Қалмақтың айтқан сөзіне
Қаһары келіп сұлтанның
Көзі ешнәрсе көрмеді,
Сауытқа симай кернеді-ай.
Хан баласы Раушанның
Ашуы келмей не қылсын
Кемдікке көнер ер меді-ай:
1150 — Жауға теңдік бермеген
Бұрын да түрікпен ерлері-ай.
Қалмақты олжа көп қылған
Ілгері өткен заманда,
Түрікпеннің бір топ елдері-ай.
Қалыпсың қорқып, Сапабек,
Махрамның сөзінен,

- Зор көрініп түрлері.
Жәрдем болар бабадан,
Қайда кетті деп жүрсің
1160 Атаның кәміл пірлері.
Атаңа нәлет кәпірдің
Бұрыннан солай сөздері-ай.
Менменсіген көп ерлер
Бел шешіп берген жоқ па еді
Әрбір жерде өздері-ай.
Шошынып неге сен тұрсың
Діні пасық кәпірдің
Аспалық айтқан сөзіне-ай.
Талай кәпір сөйлейтін
1170 Жан көрінбей көзіне-ай.
Кәпірден ерлер бел шешіп,
Берген жоқ па еді өзімен.
Кәміл пірлер жар болса,
Төрт жүз палуан қалмақты
Азсынып тұрмын өзіме-ай.
Кел жүрейік кәпірге
Қарап тұру жөн емес,
Ер жігіттің өзіне-ай.
- Осыны айтып болды да,
1180 Хан баласы Раушанбек,
Астындағы Қанкердің
Құйысқанын қысқартты,
Үзеңгісін ұзартты,
Шап айылын берік тартты.
Қалмақпенен ұрыспай,
Қайтпасына серт айтты.
Астымдағы Қанкер ат
Тұлпардан қалғансын жұрат.
Толыбай ханның белінен
1190 Жалғыз туған мен бекзат.
Жаман жауға кез болдың,
Қашан көңіл болар шат.
Жау жерінде серттесу —
Бұрыннан ерге болған шарт.

- Қалмақтың қалың жерінен,
Түтеген мылтық өзінен
Кіре алмасам, маған серт.
Оқтан қорқып қорғалап,
Кіре алмай қалсаң, саған серт,
1200 Кесіп қойған жеріне,
Қырық жыл жатқан қуарып.
Айдаһардың майына
Алған екен суарып.
Атадан қалған ақ сүңгі
Қалмақтың батыр еріне
Шаншалмасам, маған серт.
Шаншуыма шыдамай,
Ұңғыдан кетсең, саған серт.
Айдаһардың тіліндей
1210 Салса кеткен білінбей,
Итке салса, ыңқ еткен,
Нарға салса, бүлік еткен,
Шекесі бос сылқ еткен.
Балдағы алтын ақ болат
Шабалмасам, маған серт.
Шабуыма шыдамай,
Балдақтан кетсең, саған серт.
- Бұл сөзді айтып Раушанбек
Қалмаққа қарап шабады.
1220 Басын қосып он жігіт
Тізелесіп барады.
Тілледен соққан дабылды
Дүңкілдетіп қағады.
Он жігіттің қайраты
Бір он мыңдай болады-ай,
Мазасын жаудың аладыай.
Араласып қалмақпен
Хан баласы Раушанбек
Аянбай соғыс саладыай.
1230 Раушанбектің қайраты
Көрген жанға ұнадыай.
Менменсіген көпірді

- Үлкен ермек қыладыай.
Кешке дейін ұрысып,
Қалмақты бегің қырадыай.
Ғайып ерен қырық шілтен
Атаның қалдың әруағы
Басына мықтап қонадыай.
Әруақ орнап, бақ қонып,
1240 Кез келген жауды қырадыай.
Қалмақтан келген төрт жүз ер
Ылажын таппай тұрадыай.
Уақыт болып күн батып,
Екі жаққа екі әскер,
Қосқа барып қонадыай.
Бір-бірінен қауып етіп,
Қарауылды қоядыай.
Түгендесіп адамын,
Түрікпеннен шыққан он жігіт,
1250 Раушанбектің жолдасы
Төртеуі-ақ аман қаладыай.
Сол күні жатып түнімен,
Таң атқансын Раушанбек
Ұрыстың қамын қыладыай.
Ұрыстан бұрын екі жақ
Өлігін жинап аладыай.
Өлгін жинап қараса,
Қалмақтан келген төрт жүздің
Екі жүзі қаладыай.
- 1260 Хан баласы Раушанның
Ерлігі халыққа жағадыай.
Тілладан соққан дабылды
Дүңкілдетіп қағадыай.
Аман қалған төрт жолдас
Қасына ертіп аладыай.
Тізе қосып бесеуі
Қалмаққа қарай шабадыай.
Бұл сапарда Раушанбек
Пірден медет табадыай.
1270 Тебіне келген қалмақты

Қылышпенен шабадыай.
 Мылтық жеткен жер болса,
 Тартып кетіп барадыай.
 Сол күні болған соғыста
 Екі жүздей палуанның
 Бір жүзі-ақ аман қаладыай.
 Бүгін тағы екеуі
 Ақшам болып күн батып,
 Екі жаққа тарадыай.

Әлқисса, анда Раушанбектің қайраты өте артық болып, қалмақтар не қыларын білмей қайран болды. Махрам тұрып ойлады: «Бұған ұрысқа шығып жазым болып кетсем, кейіннен адам қалдырмас. Бұ күнде бұған шықпайын ұрысқа. Амал керек екен. Бұған бір амал қылайын» деп, түнімен палуандарға ор қаздырып, бетін жауып айламенен, таң атқанда ордың бір жағында тұрып, Раушанбекті шақырып, бекке өзіме кел деп сөйлеген жері:

- 1280 — Қалмақтан келген Махрам,
 Қайраты артық палуандай,
 Жан пар келмес деуші еді,
 Бір өзіме жалғандай.
 Осы сапар торықты
 Ерлікке көңілі қалғандай.
 Ертіп келген төрт жүз ер
 Көбі өліп, аз қалдыай.
 Ерлігіне Раушанның
 Бастығы Махрам қалмақтар
- 1290 Қарап тұрып таң қалдыай.
 Бұл не деген ер деді,
 Айбаты көкті алғандай.
 Мұсылманның басынан,
 Таймаған екен бақыты,
 Есіткенім жалғандай.
 Түрікпеннің бұрынғы
 Өтіп кеткен ерінен
 Күші басым көрінді,
 Он есе артық болғандай.

- 1300 Жаратып Құдай келтірген,
Орасан артық қайратты,
Осындай неден жалғанай.
Мен Махрам дейтін ер едім,
Екі талай жерлерде
Көнеден кекті алғандай.
Ерегіскен ерлерді
Табанға жаншып салғандай.
Ат басын түзеп барған жер
Үлкен олжа болғандай.
- 1310 Қаһарыма қарсы келе алмай
Ерлер есін таңғандай.
Мұсылман мен көпірге
Мен айқындалған ер едім,
Халыққа үлгі салғандай.
Менің жүрген жерлерім
Той мереке болғандай.
Толыбайдың Раушанбек
Набұтқылды ерлерді,
Төбеден дауыл ұрғандай.
- 1320 Менсінбей тұрып ол ерді,
Қолдан бердім арымды,
Сескеніп тұрып қалғандай.
Толыбайдың Раушанға
Шықпасам өзім ұрысқа,
Болармын деді армандай.
Ерге керек қырық амал
Жаулы жерге барғандай.
Қанеки, ерлер, кеңес бер,
Ертеңгі ұрыс жабдықтан
- 1330 Қылайық айла болғандай.

Осыны айтып Раушанбек
Кеңесін беріп саладыай.
Отырып ерлер кеңесіп,
Ешбір айла табалмай,
Есінен мықтап танадыай.
Не айламен ұстауға
Білмей отыр қалмақтар,

- Жалғыз түрікпен баланай.
Ертен шықса ұрысқа
1340 Ұстатпайтын түйғын деп,
Көп қайғыда қаладыай.
Астындағы Қанкер ат
Жаңғыз қазық ұрмаса
Қолға түспей кетед деп,
Сасық қамал боладыай.
Менменсіген ерлердің
Жүзі гүлдей соладыай.
Арыбері ойласып,
Көпшілігі кеңесіп,
1350 Бір айланы табадыай.
Бұл айласы қалмақтың
Көңіліне мықтап ұнадыай.
Мұнан басқа қылатын
Айла жоқ деп баршасы
Жабырласып қаладыай.
Таң атқанша батырлар,
Сексен құлаш жер қазып,
Білдірмей бетін жабадыай.
Үлкен айла таптық деп,
1360 Көңілдері толадыай.
Аттарын байласына
Жағалай ордың қасына,
Жабыла жатып қаладыай.
- Таң атқансын Раушанбек
Орнынан тұрадыай,
Толғана мойнын бұрадыай.
Қасындағы жолдасқа
Өңгіме дүкен құрадыай.
Түнде көрген түсінен
1370 Іші қорқып сұлтанның
Қамығып тұрып жылады-ай.
Қасында қалған төрт жолдас
Мұңын айтар адам жоқ,
Басқа кімге шағадыай.
Көргеніне таң болып,

- Ақылы қайран боладыай.
Не қыларын біле алмай,
Раушандай бегіңнің
Шашылып кетті қиялы-ай.
- 1380 Ұрыспай қайтып кетуге
Болмай тұр бектің ылажы-ай.
Ерлігіне жөн емес,
Жау қалдырып артына,
Тастап кету бола маай.
— Көргенім жаман, жолдастар,
Бүгінгі майдан соғысқа
Мен бармасам да боладыай.
Мен шошынып тұрмын түсімнен,
Бірақ жазғаны Хақтың болар-ай.
- 1390 Құлағың сал, жолдастар,
Менің айтқан зарымаай.
Қалмақ келген аттанып,
Алалмай жүрген бұрыннан
Түрікпенде жатқан арын-ай.
Бүгін көріп жаман түс
Мен шошынып тұрмын тағыдаай.
Бүгінгі көрген түсімде
Салтанатпен отырдым
Атаның мирас тағындаай.
- 1400 Таласпады ешбір жан
Құданың берген бағынаай.
Сол отырған кезімде
Үйіме келіп өрт тиді,
Бетімді жалын шалып-ай.
Халық жиналып кірісті,
Сонда бір ердің қамынаай.
Есімнен кетіп мен тұрмын
Өртке қатты қамығаай.
Сөндіріп кеткен жерлерін
- 1410 Ақ сақалды қарт адам
Жандырып жүр тамызаай.
От тұтатып жандырған
Мүзірек деген хан атам
Байқасам барып жанынаай.

- Маған қарап бір айтты
«Ей, балам, болды, — деп, — мүшкіл халың-ай».
Бұл ахуалмен тұрғанда
Жау келді деген бір хабар
Бола қалды дабыл-ай.
- 1420 Ерлейін деп хан кірді,
Ат абзалын қарасам,
Түгел емес жабдығыай.
Ер салып тарттым тартпасын,
Тартуыма келмей үзілді,
Күдеріден тіккен айылдай.
Жүген салып қарасам,
Ауыздығы сыныпты
Екі ортадан айырылмай.
- 1430 Сонда да мініп жөн тарттым
Ұрысуға жаумен барып-ай.
Жаудың түрін байқасам,
Осы келген төрт жүз ер
Ізденіп келген арын-ай.
Оқ салып садақ тартып ем,
Садағым сынып оқ қалды,
Ешнәрсеге дарымай.
Оқ қойып мылтық атып ем,
Өлшеулі салған оқ симай,
Мылтық та сынды жарылаай.
- 1440 Реттеп салған бес қару
Қалмаққа қарап жұмсасам,
Бәрі де кетті дарымай.
Алтын жаға, ақ сауыт
Төбеден барып сөгілді,
Ешбір нәрсе дарымай.
Бас сауғалап қашып ем,
Қанкер ат барып жығылды
Бір шұқырды қалып-ай.
Қалмақ басты үстімді
- 1450 Қамшы салып жабылаай.
Есімнен кетіп жығылдым,
Қаным судай ағыпай.
Солай жатқан кезімде

Байлап алды қалмақтар,
Қол өткіз салып қарымаай.
Байлауменен апарды
Шағдат деген ханынаай.
Мені көріп Шағдат
Қуанышпенен той қылып,
1460 Жинады халқын қалдырмай.
Мен осыны көріп ояндым,
Қанеки, жолдас, айтыңдар
Жақсылыққа жорып-ай.

Раушанның түсін есітіп,
Шошынады жігіттер
Осы жүрген жолынан.
Жалғыз Раушан болмаса,
Басқалары не қылсын,
Не келеді қолынан.
1470 «Түрі жаман түс екен»,
Деп ойлады жігіттер
Қандары қашып жүзінен.
Қорыққанын жігіттің
Білгеннен соң Сапабек
Жан-жағына көз салып,
Қарады оң мен солынан.
Сапабек тұрып сөйледі,
Көрген түстен қауып етіп,
Қалма деп беклер жолыңнан.

1480 — Хан баласы Раушанбек,
Мен жориын көрген түсінді.
Бір Жасаған Құдай оңғарсын
Түсінде көрген түсінді-ай.
Бұл түсің жаман түс емес,
Бендеге берген Құдайым
Бақ пенен басты кесімді-ай.
Өлшеусіз нәрсе болмайды
Алланың жазған ісіндей.
Түстен неге қорқасың,
1490 Хақтың екі бола ма,

- Лаухилде жазған кесімай.
Түске қарап өзгеріп,
Кетеді деп ойлама,
Лаухилдегі жазылған
Бір қаламның ұшын-ай.
Түсінде сенің көргенің
Үйіңе тиген өрт болса,
Өрт деген ерге дәулеттей.
Жүрген жерін жандырар
- 1500 Перзентің болып келбетті.
Сөнген отты жандырса,
Мүзрек патша атаңыз,
Қонады екен балаңа.
Атаның бағы, дәулеті-ай.
Тартуыңа шыдамай,
Садағың кетсе белінен,
Егелескен дұшманнан
Күшің басым болғаныай.
Мылтығың кетсе жарылып,
- 1510 Қарсыласқан дұшманың
Ортадан жарып жол берер,
Қаһарыңа шыдамай.
Қауып етіп тұрсың, балама-ай,
Көңіліңе түсің ұнамай.
Жаманжақсы болса да,
Құданың болар салғаныай.
Демеймін, балам, көргенің
Бұл түсінді жалғаныай.
- 1520 Ауыздықсыз ат көп емес,
Қорықпа, балам, онан-ай.
Жүгенсіз талай жау шапқан
Ақшахан деген атаңай.
Жүгенсіз кеткен ер ғой деп,
Бұрыннан бар мақал-ай.
Байласа қалмақ түсінде,
Ренжігенге көңілің
Көрінгені соған-ай.
Не ойласа сол кіреді
Түстің көбі осындай.

- 1530 Жығылғаны Қанкердің
Қауыпты жұмыс тап осы,
Жәрдем болсын бабаңаай.
Сенің көрген түсіңе
Құдай жолы мен айттым,
Жетегімде қан жерен
Шалынсын Құдай жолына-ай.
Ғайып ерен қырық шілтен
Жылауыңнан қалмаған.
Баба түкті шашты өзіз
- 1540 Ұрысқан жерде қолдаған.
Атаның қалың әруағы
Басыңа келіп орнаған.
Екі талай жерлерде
Қалмақтың жолы болмаған.
Мұсылманның елі үшін,
Хақ исламның діні үшін,
Не болса бенде болған-ай.
Атадан қалған көне әруақ
Қасыңнан, балам, қалмағай.
- 1550 Мен білгенімше жорыдым,
Хан баласы Раушанбек,
Тағрифі түстің болған-ай.
Жақсылық, жамандық
Басы жұмыр бендеге
Алланың болар салғаны-ай.
Не көрсек те бұл сапар
Лаухида бітіп бұрыннан
Болғандай Хақтан парманай.
Қыбылыға қарай Сапабек
- 1560 Бір Алланы жад етіп,
Бір Құданың жолына
Хан жерен атты шалған-ай.
Осы сапар жәрдем бол,
Хан баласы Раушанға
Хақтың досты сәруар-ай.
Толыбайдың белінен
Жалғыз еді Раушанбек,
Қор қыла көрме көпірге,

- Шері Хақтың Мұртазаай.
1570 Он сегіз мың ғаламның
Падишасы, Хақ Жаппар,
Бір өзіңе тапсырдым,
Мұсылман үшін оқ атқан
Жалғыз түрікпен балағаай.
- Жорыдың көрген түсімді,
Бөрекелде, Сапабек.
Шынжыр аттай ер едің
Сен бұрыннан асыл тек.
Жаманжақсы айтты деп,
1580 Бұл сөзімді қылма кек.
Бірге жүрген жолдассың
Қылмайтұғын еш міндет,
Түс салмағын жорыдың
Артта қалған балаға
Болат деп сенен бір перзент.
Ұлы атаң әруағын
Сол балаға тергедің,
Қонады деп зор дәулет.
Мен қызығын көрмейтін
1590 Баланы салдың алдына,
Қалдырып мені кейін шет.
Өзіме түсім аян тұр,
Бұл сапар көрем көп бейнет.
Көрген түстің жақсылық
Салмағын менен жібердің,
Жолдастықты қойып тек.
Жолдас болған ер едің,
Қарамадың көңілге
Тұз татысқан сұлтан деп,
1600 Түсімнен қорқып, Сапабек,
Атыңды шалдың Құдайы
Бола ма деп жанға сеп.
Мен үшін айтсаң Құдайы,
Қанкерді неге шалмадың,
Хан жерен атты-ай мінер деп.
Қырсығып тұрған Қанкер ат

- Ойламадың, Сапабек,
 Бұл мінуге болмас деп.
 «Бас садақа жақсы мал»
- 1610 Деген мақал бар еді,
 Көнеден қалған жақсы кеп.
 Басың аман боларсың,
 Мен кетермін елден шет.
 Қалың түрікпен елі үшін
 Көремін тағы не болса,
 Жазған шығар Құдірет.
 Сен жорыған түспенен,
 Құтылмасын сүрікке,
 Қош болып тұр, Сапабек.
- 1620 Елге сәлем айтарсың,
 Раушан мұны айтты деп,
 Кел жүрейік қалмаққа,
 Қарап тұру болмас еп.
 Түсімді айтып жорытып,
 Мойынға алып мен тұрмын
 Көретін қайғы, қасірет.
 Түс көрген досың жорытса,
 Екінші мәрте тағы рет,
 Осындай жоры, Сапабек.
- 1630 Ұрысқа барсақ мен жоқпын,
 Қол алысып кетейік,
 Бір-біреуде болса кек.
 Қауышармыз махшарда,
 Хош Алла жар, аман бол,
 Түрікпеннен келген өңкей бек.
- Қол қоштасып болды да,
 Хан баласы Раушанбек
 Қанкерге мініп алады.
 Бір Құдаға сиынып,
- 1640 Қалмаққа қарай шабадыай.
 Тілледен соққан дабылды
 Дүңкілдетіп қағадыай.
 Келе жатқан Раушанның
 Алдынан шығып Махрам

- Ұлы айғайды саладыай:
— Менсінбей сені тұрам деп,
Қырылды қалмақ адамы-ай.
Менің атым — Махрам,
Салатын қолды жағаңаай.
- 1650 Бөтен жаққа бұрылмай,
Түрікпеннен шыққан ер болсаң,
Келші бермен маған-ай.
Маған қарсы кез келсең,
Жаңылтармын төбені-ай.
Ерге қарсы келе алмай,
Мас қып жүрсің балам-ай.
Байқасайық кел бермен,
Ашылар кімнің таланы-ай.
Жалғыз жүріп жаулаған
- 1660 Мен Махрам деген ер едім,
Әрбір кеткен қаланы-ай.
Түрікпеннің елінен
Бұрынғы кегін Шағдаттың
Осы сапар алам-ай.
Сені өлтіріп бұл жерде,
Елін шауып түрікпеннің
Шулатып қайтсам деп тұрмын
Еліңде қатын-баланы-ай.
Әр жігітке екіден
- 1670 Берсем жесір жанады-ай.
Малыңды салып тілімге,
Қалайда олжа қылам-ай.
Батыр болсаң кел бермен,
Бөтен сөзге қарамай.
- Ашуланып бұл сөзге
Раушандай бекзада
Қанкер атты бауырға
Орай тартып қалады.
Қанкерге қамшы батқансын,
- 1680 Төрт жолдастың алдында
Көрнім жерде барады.
Қалмаққа жақын келгенде

- Орды біліп жануар,
Кекежіктеп Қанкер ат,
Аяғын баспай қалады.
Атқа кейіп Раушан
Және ұрды қамшыны,
Қанкер атқа сабалай.
Шу деп Қанкер қарғыды,
1690 Өте алмады ар жаққа,
Орға түсіп барадыай.
Раушан орға түскенсін,
Кейіндегі төрт жолдас
Ат басын тартып тұрадыай.
- Келе алмады қалмаққа,
Бастарын сауға қылады-ай.
Раушанбекке келе алмай,
Түрікпеннен келген ерлерді
Төбеден Құдай ұрады-ай.
1700 Ердің тұзын ақтамай,
Бір жыраға бекініп,
Жасырынып тұрадыай.
Түрікпеннен шыққан жолдастар
Келе алмай кейін қалғансын,
Өзі орда болғансын,
Хан баласы Раушанбек,
Құдаға қылды наланыйай:
— Құдіреті күшті Құдайым,
Құдіретіңмен жараттың,
1710 Бейістен арыз сыман-ай.
Өзіңнен басқа жәрдем жоқ,
Қалдым жапан даладаай.
Елден шыққан жолдастар
Бас сауғалап ол кеткен,
Раушанбекке қарамай.
Өзің жәрдем бермесең,
Құдіреті күшті Құдайым,
Қол салды көпір жағағаай.
Раушанбек атанып,
1720 Қалғанда мен Құдайым,

- Досқа күлкі, дұшпанға
Әр жерде болып табағай.
Он сегіз мың ғаламды
Құдіретіңмен жараттың,
Келтіріп бәрін шарағай.
Фазылыңменен сақтайсың,
Құрсағында ананың
Тоғыз ай, он күн баланы-ай.
Мен рахметіңнен үміткер,
1730 Жасаған Алла, болам-ай.
Мен ғаріпке назар сал,
Құданың досты Хақ сардар,
Тарыққан жерде балаңай.
Қауыс, Қияс шілтендер,
Омар, Оспан — екі жар,
Мен ғаріпке назар сал.
Сіздерден медет болмаса,
Қалмады менде ешбір хал.
Атадан туған жалғыз тақ,
1740 Мен бір жүрген кембағал.
Қызмет қылар бала жоқ,
Ермексіз қалды кемпір-шал.
Жасаған Алла жар болып,
Осы келген көпірден
Түрікпен елін қорғап ал.
Халық аман қалса мен кетіп,
Ризамын, Зұлжалал.
Деп шығып едім сейілге
Қалың түрікпен елінен,
1750 Туып өскен жерімнен.
Қоштаса алмай мен кеттім
Қатарқұрбы, теңіммен.
Жалғыз туған ер едім
Толыбай ханның белінен.
Бақытсыз болып тудым ба,
Ермеді қара ізімнен.
Алдымда туған аға жоқ,
Белімнен туған бала жоқ,
Артымнан ерер інім жоқ,

- 1760 Жаушылық жерде жалғыздың
Көргені құрсын күнінен.
Ағам болса алдымда,
Ат қоймас па еді кәпірге
Жанын қиып шынымен.
Әгәр інім болса артымда,
Мені тастап кетер ме,
Қинамай жанын күнімен.
Азғантай аудан кәпірге
Неге тастап ол кетсін,
1770 Туса бірге өзіңмен.
Басқа қылар айла жоқ,
Тек жәрдем тілеп мен тұрдым,
Жасаған Құдай, өзіңнен.

- Мен шығып едім Раушанбек
Түрікпеннің халқынан,
Дұшпанға қылдым жорықты,
Атаның қалмай салтынан.
Он үш жаста ат мініп,
Ертіп ем халықты артымнан.
1780 Екіталай жерлерде
Дұшпаннан қорқып сескеніп,
Жерім жоқ еді тартынған.
Атаның жолын берік ұстап,
Қайда қиын жау болса,
Мен едім соған талпынған.
Мұсылман, кәпір именді,
Естігенде даңқымнан.
Толыбайдың Раушаны
Келді деп көп ерлері
1790 Тұралмас еді зарпымнан.
Түрікпен елінің қамы үшін,
Аузы түкті кәпірді
Қонысынан мен едім,
Талай жерде аударған.
Қан жуғандай қалмақты,
Мен едім оқпен ұшырған.
Бұ да Хақтың жазуы,

- Өз қылғаным өзіме,
Бұл күнде келіп тосылған.
1800 Бас аманда жолдастың
Бәрі бірдей ер еді,
Дұшпанға қарай бой ұрған.
Басыңа қиын іс түссе,
Қайрылмайды екен көп жолдас,
Болмаса тума бауырдан.
Егер Сапабектің қасында
Емшектес болса туысқан,
Салмас па еді соғысты,
Қалмақты қуып бұл ордан.
1810 Сапабектей ер сұлтан,
Қайрылмай кетер ер ме еді,
Бұ да Хақ ісі шығар жазылған.

- Осыны айтып Раушанбек,
Орда қалды жығылып,
Қалмақ келді жабырлап,
Ор басына жиылып.
Шұқырда тұрған сұлтанды
Ұрып жатыр таспенен,
Бәрі бірдей үйіліп.
1820 Садақпен атып қалмақты,
Ор басына жолатпай,
Құдайға тұрды сиынып.
Түске дейін қалмақтан,
Раушан атқан оқпенен,
Жиыртасы қалды жығылып.
Домалатқан үлкен тас
Төбеден тиіп сұлтанның,
Сонда барып жығылды,
Көзінің жасы төгіліп.
1830 Құдықтан атқан садақ жоқ,
Жиналып қалмақ қарайды
Ор түбіне үңіліп.
Жығылғанын сұлтанның
Көзі көріп қалмақтар,
Қуанды бәрі тас тастап.

- Байқап еді үстіне,
Қозғалмады шимырлап.
Естен танып қалды деп,
Жабырласып қалмақтар
- 1840 Қуанады жүгіріп.
Арқан байлап беліне,
Құдыққа түсті жиырма адам
Байлауға қолын түйініп.
- Солай жатқан жерінде
Раушандай сұлтанның
Қолын байлап саладыай.
Ер қаруы — бес қару,
Байлаған олжа қыладыай.
- 1850 Арқан салып беліне
Жоғары тартып аладыай.
Сол уақытта Раушанбек
Есін жинап, көз ашып,
Жан-жағына қарадыай.
Қараса қолы байлаулы
Қалмаққа пенде болғанын
Сұлтаның сонда біледіай.
Раушандай бекзатты
Қалмақ байлап аладыай.
- 1860 Дұшпанын пенде қылғансын,
Көңілдері толадыай.
Шат болып көңілі Махрам,
Ұлы айғайды саладыай:
— Толыбайдың Раушанбек,
Адамыңа жолықпай,
Масығып жүрсің, — деп, — балам-ай.
Бағана кеткен төртеуін
Неге ұстамай қалдың? — деп,
Әскерге ашу қыладыай.
- 1870 Раушанды айдап алдына
Қайтпақ болды еліне.
Махрамның назары,
Жиырма жігіт айырды:
«Бағана кеткен төртеуін

Байлап кел, — деп, — маған-ай.
Егер сол төртеуін алып келмесең,
Көрсетпеймін сендерге
Шағдат салған қаланы-ай».
Алпыс жігіт қасында,
Раушанбекті айдаумен
1880 Еліне қарап жөн тартып басты қадам-ай.

Жөн тартып қалмақ кеткенсін
Тауға шығып Сапабек,
Жан-жаққа назар саладыай.
Бара жатқан қалмақты
Ердің көзі шаладыай.
Кеткенін оның білгенсін,
Үш жігіті қасында,
Төртеу болып Сапабек,
Қалмаққа қарай шабадыай.
1890 Көрнім жерге келгенде,
Қарсы соғып жиырмасын,
Жібермеске қарадыай.
Жиырмасыменен төрт батыр
Мықтап ұрыс саладыай.
Түске шейін ұрысып,
Қалмақтың жиырма палуанын
Сапабек қырып саладыай.
Аман қашып бір қалмақ
Махрамдай батырға
1900 Қашуменен барадыай.
Түрікпеннен көрген азарын
Махрамға барып шағадыай:
— Махрамдай батырсың,
Құлағың сал сөзіме-ай.
Қырылып қайттық түрікпеннен
Ерем деп сенің сөзіңе-ай.
Біреу шықты келбетті,
Барабар деуге болады
Раушанбектің өзіне-ай.
1910 Жолдастарым қырылды,
Мен қашып зорға құтылдым,

Көрініп жаным көзіме-ай.
Ол қояр емес сендерді
Келатыр қуып өзіңе-ай.
Раушанбектей батырын
Саған олжа қылдырмас,
Мен шошыдым көріп түрін-ай.
Не қыларыңды өзін біл,
Жаңадан асқан бір тосу,
1920 Келген шығар кезін-ай.
Раушанбектің үстіне
Жолата көрме ол ерді,
Шамаң келсе, Махрам,
Ертерек ұмтыл өзіне-ай.

Мұны естіп Махрам,
Ашуға симай кернеді,
Қаһары келіп палуанның
Көзі ешнәрсе көрмеді.
1930 Айғай салып ақырып,
Әскерге қарап сөйледі:
— Барайын өзім түрікпенге
Қырық кісі маған ер, — деді.
Ұрысқа түспей қырық жігіт,
Тек менің қайратым көр, — деді.
Ашу кернеп батырды,
Маңдайы шып-шып терледі.
Раушанды алып жиырмаңыз
Елге қарап жүр, — деді.
Ат айылын берік тартып,
1940 Қару салып іл, — деді.
Алды-артыңды байқап жүр,
Бұл сөзімді біл, — деді.
Ана қалған төртеуін
Раушанбекке қосармын
Осы сөзім шын, — деді.
Төртеуі түгіл мен барсам,
Өздері түсер алдыма
Қалың түрікпен ел, — деді.
Түрікпен елі жұмыс па,

- 1950 Білемісің шамалап,
Менің атым — Махрам,
Мұсылман мен көпірге
Белгілі болған жөн, — деді.
- Осыны айтып Махрам
Қырық жігіт ертіп алады.
Сапабектің алдына
Кейін қарап барады.
Жауған күндей күркіреп,
Айбаты көкті шалады.
- 1960 Жүз батпан шойын шоқпарын
Лақтырып аспанға
Асықтай қағып аладыай.
Келе жатқан Махрамға
Үш жігіт пен Сапабек
Қарсы келіп қаладыай.
Қорықсын ба Махрам,
Аянбай соғыс саладыай.
Түске дейін ұрысып,
Қалмақтан келген қырық ердің
- 1970 Отызын қырып саладыай.
Енді қалған он жігіт
Махрамға қарамай,
Бытырап қашып барадыай.
Қарсы келіп Махрамға
Сапабектей сұлтаның
Аянбай ұрыс салады-ай.
Сапабек пен Махрам
Екеуі қылды ұрысты,
Бір-бірі жанын аямай,
- 1980 Сапабекті алалмай.
Махрамдай палуаның
Бір зор жұмысқа қаладыай.
Кезектесіп шоқпармен
Аянбай ерлер ұрадыай.
Ұрғанына шыдамай
Сапабектің қалқаны
Қақ жарылып барадыай.

- Қалқаны сынып Сапабек
 Екінші кезек ұрғанда
 1990 Әлсіреп кетіп барадыай.
 Қуат кетіп денеден,
 Сапабектей сұлтаның
 Жығылуға қарадыай.
 Сапабектей ерлерден
 Әл кеткенін білген соң,
 Жолдасы келіп үш түрікпен
 Түсе қалды арағаай.
 Қаһары қайтқан Махрам
 Тиялмады бұларға,
 2000 Тек қарап тұрды даладаай.
 Егер түрікпен қумаса,
 Кетуге де ойлап тұр,
 Ұрыс қылмай анадай.

- Махрам сонда сөйледі:
 — Түрікпеннен келген батырлар,
 Білдің бе байқап шамаңды?
 Менің атым — Махрам,
 Егелескен дұшпанын
 Салып жүрген табанғаай.
 2010 Мені байлап алып қарашы,
 Түрікпен елдің қорғаны
 Раушанбектей бегіңе,
 Егелескен ерлерге
 Саламын ақыр замандыай.
 Теріне алып
 Сапабектей еріңдер
 Көргенін айтсын тамамдай.
 Сонан кейін сендерді
 Өлтіруге келіспес
 2020 Еліңе барып бірігіп,
 Қылар мүмкін амалды-ай.
 Толыбай ханға сәлем айт,
 Қалмақтар кеп сайланып,
 Кетті деп байлап балаңды-ай.
 Шамасы келсе Толыбай,

- Аттана берсін қалмастан
 Махрам соққан қамалға-ай.
 Қалай бұзып ел шаппақ,
 Түрікпен елге ие жоқ
- 2030 Тіреп алсам шалқандай.
 Ойлар міскін түрікпеннің
 Өтіп кеткен бұрынғы
 Басындағы заманғай.
 Раушанбектей ерді тірі ұстап,
 Шағдаттай патшамызға
 Тарту қылып барамыз.
 Қайтадан келіп аттанып,
 Қалың түрікпен еліне
 Саламын ақыр заманды-ай.
- 2040 Раушандай.....*
-*
- Шағдаттың кегін алармын,
 Бес атасын өлтіртіп
 Бұрыннан жүрген алалмай.
 Батыр емес ер жігіт,
 Босқа қайтса еліне,
 Найзасы қанға боялмай.
 Мен шын қатерге мінгенсін
 Егелескен ерлерді
- 2050 Өлтірмей тірі қоям баай.
 Ұйықтап жатқан қалмақ жоқ,
 Бұл күні тегіс оянды-ай.
 Кегіне қалмақ аттанар,
 Бір шыбын жанын аянбай.
 Кек алуға қалмақ елі
 Уақыт жетіп таяндыай.
 Толыбай хан билеп жүр
 Бастан бақыт тайғандай.
 Хандықты өзі тастады,
 Тақтан түсіп ұялмай.
 «Ырысты қапқан ит» деген
- 2060 Бұрыннан бар мақалда
 Жаңадан біреу тумаса,

* Түпнұсқада өшіп қалған

- Бүгінгідей түрікпен
 Алалмайды Шағдаттан
 Басындағы бақыты
 Тайып тұрған замандыай.
 Пір қолдап жүрген біреу жоқ,
 Түрікпен елді бүгінде
 2070 Тірі жүрген адамдай.
 Қаптаған әруақ
 Маған адам жоқ.
 Түрікпен түгіл Сапабек
 Бұл жүрген адам.....
 Толыбайға сәлем айт.
 Шамасы келсе аттансын
 асықса,
 Үйінде жатып қала алмас.
 Және сәлем айтарсың
 2080 Менің атым Махрам,
 Ерегіскен ерлерді
 Салып жүрген табанға-ай.
 Сегіз және түрікпенді
 Қалмаққа.....
 Сізге менің көңілім алаңдай.
 Бұрынғы түрікпен хандарын,
 азарын.
 Бірін он қылып аламдай,
 Күрлеген ардақ тұсында.
 2090 Түрікпен жүрді мазақ қып,
 Теңдік бермей адамғаай.
 Көтерілді көп әруақ
 Түрікпеннің басынан,
 Енді Құдай да болмас панандай.
 Құдайдан тілек тілеңдер,
 Әруақтан.....
 Ендігі туған балаңдай.
 Жаңадан туып ер шығып,
 Ол өскенше, Сапабек,
 2100 Алармын мен мазаңды-ай.
 Қысқа күнде қырық шауып,
 Берермін сөйтп жазанды-ай.

- Осы күнгі түрікпеннің
Тірі жүрген ерлері
Пар келе алмайды маған-ай.
Еліңе барып сәлем айт,
Қамдана берсін жиналып,
Мен бір айда қайтып келем-ай.
Мұсылманға медеткер,
2110 Әруақ деген пірі бар.
Әгар әруақ болмаса,
Мен секілді қабланға
Қандай адам болар пар.
Қиядан жүкті көтерген,
Мен бір келелі жүрген қара нар.
Шыдамасаң, түрікпен,
Менің айтқан күнімде
Жиналып біздің елге бар.
Қару-жарақ асынып,
2120 Раушандайын бегіңнің
Қалмақтан барып кегін ал.
Мен....., Сапабек,
Жалғызыңа асықсаң,
Біздің елге барып қал.

Осыны айтып Махрам палуан адамдарын Шағдаттың еліне қарап жүріңдер деп, тартып беріп Раушанбекті байлатып жөн тартып жүрген секілді.

- Мойнынан алып қалмақтар,
Хан баласы Раушанның
Екі қолын байлады.
Бенде қылып сұлтанды,
Алдына салып айдады.
2130 Кегім бар деп түрікпенде,
Әрқайсысы бір ұрады,
Азары түсіп қайдағы.
Махрам палуан жөн тартты,
Бетпақтың құба шөлімен
Қолдан айрылды.
Раушандай бегіңіз

- Қайтпас түрікпен еліне.
Жетелеп кетті бір қалмақ
Раушандай бекзатты
- 2140 Арқан байлап белінен.
Қалмақтан көріп азарды
Хан баласы Раушанбек
Зарлады Хаққа шынымен:
- Барша жанды халық етіп,
Хақ Жаратқан Зұлжалал,
Ғаріптік түскен бендеңе,
Өрдайым назар сал.
Дін мұсылман елі үшін
Жанымды қиған ер едім,
- 2150 Кәпірге болдым кіріптар,
Мен ғаріпке медет бер,
Құданың досты Хақ сәруар.
Мұсылман мен кәпірге
Раушанбек атанып,
Бұл күнде болдым зар-зар.
Алланың досты Арыслан
Қысылған жерде қолымды ал.
Ғайып ерен қырық шілтен,
Сіздерден медет болмаса,
- 2160 Қалмады менде зәре хал.
Жанға өзі бергейсің,
Он екі имам сегіз жар.
Жан аямай соғыста,
Дұшпанға бердім көп азар.
Өз қылғаным өзіме
Келіп тұр бүгін бимаһал.
Бимаһал бақта гүлімді
Солдыра көрме, Жасаған,
Бендеңе болып медеткер!
- 2170 Түрікпен елден айрылдым
Жиырма сегіз жасымда,
Түсімнен таппай еш қарар.
Қасымдағы қырық жігіт
Артына көзін салмады,

- Қалың ел қалды бейхабар.
Бас аман, деннің сауында
Қалмаққа бердім көп азар.
Қапыда түстім деп тұрмын
Кәпірдің қазған орына,
2180 Жазуы Хақтың бар шығар.
Құданың досты Хақ сәруар
Омар, Оспан шаһарияр
Зарыққан жерде қолымды ал.
Қалмаққа бенде мен болдым,
Орға түсіп кіріптар.
Өзім кетіп, халық қалса,
Аман-есен жайында,
Мен ризамын, Зұлжалал.
Түрікпен елді қорғайын,
2190 Халықта адам қалмады,
Осыған үлкен қайғым бар.
Атам да болса қартайып
Уақты жетіп болды шал.
Мен бір басымды қайғырман,
Жаратқан қадір құдірет,
Түрікпен елін қорғап ал.
Кейін қалған халқымды
Аманат сізге тапсырдым,
Жаратқан қадір біреу бар.
2200 Қалың түрікпен елі үшін
Мен жанымды қиғанмын,
Жетпеді бүгін нақ ажал.
Қашан баққан халық едің
Қалың түрікпен елдері.
Ендігі жерде аман бол,
Көргенше, халқым, Алла жар!

Анда осыны айтып Раушанбек қалмаққа бенде болып, Шағдатхан еліне кетті. Сапабекті алып үш жолдасы Өудектің қызыл көлінде жатқан жолдастарына келді. Жолдастарын қараса Сапабек өлер халетте үсті басы қызыл қан, есі кетіп қалған. Ерлердің қасында Раушанбек жоқ. Анда ол жігіттердің ішінде Айғанбек деген жігіт бұларға қарап бір сөз айтып тұрған секілді:

- Келдіңдер ме амансау,
Аңға кеткен, ерлерім?!
Қайдан таптың үлкен жау,
2210 Көрінеді жаман көзіме
Келіп тұрған түрлерің,
Көрінбейді көзіме Раушанбек,
Қайда қалды әскерің?
Жау келсе қалың қалмақтан,
Мұнда жатқан ерлерге,
Неге хабар бермедің?
Бенде болса Раушанбек,
Бұл келгеннен жігіттер
Жан аяспады ұрысып,
2220 Сол арада өлгенің,
Ар емес пе сендерге,
Өздерің өлмей сұлтанды
Қолдан ұстап бергенің,
Беттерің қызыл ұялмай,
Раушанды қалдырып,
Елге қарап жүргенің.
Өздерің тұрып сұлтанды
Жауға қарсы жіберіп,
Лыпасын аял кигенің.
2230 Батырсынған жігіттер,
Жау жоқ жерде ерленгенің,
Кәнеки, сөйле, жігіттер,
Сұлтаным қайда Раушандай,
Ұрысын айтып бермедің?!
Құлағың сал, жігіттер,
Менің айтқан сөзіме-ай.
Раушанбектей асыл зат,
Көрінбеді көзіме-ай.
Ұрысып бек
2240 Қарамадың ба сұлтанның
Сіздерге берген тұзын-ай.
Қалды ма түрікпен зар болып
Раушандай сұлтанның
Басып кеткен ізіне-ай.
Бенде болды ма есіл ер,

Қалмақ келіп кезіне-ай.
Қалай болды халдерің,
Қанеки, ерлер, сөйлеші,
Оқиғанды айтып өзіме-ай!

Енді сол жігіттердің ішінде, Аздарханбек деген бір жігіт тұрып, бастанаяқ өтілген оқиғаны айтып, Айғанбекке қарап бір сөз айтқаны:

- 2250 — Құлағың сал, Айғанбек,
Менің айтқан сөзіме-ай.
Он бір жігіт біз түстік,
Асқар құмай тазымен
Қашқан киік ізіне-ай.
Киік қашты тауды өрлеп,
Тазылар түсіп көзіне-ай.
Құтқармады тазылар
Таудан арман құлатпай,
Қарнады жарып көбін-ай.
- 2260 Төрт киік кетті қара үзіп,
Тазының түспей көзіне-ай.
Тырнағын жарып тас тиіп,
Тазылар қалды ере алмай,
Шапқан аттың өзіне-ай.
Он біріміз ат қойдық
Киіктің кеткен жүзіне-ай.
Неміз кетті соншама,
Жүзден төртеу жібермей,
Болғанды хақтың жазуы-ай.
- 2270 Қанкер атпен Раушанбек
Қатарласып шапқан-ай,
Қарасын кетті үзіп-ай.
Ертеңгі күн сәскеде
Шаншып кеткен үш киік
Көрінді менің көзіме-ай.
Қанкер ат пен Раушанбек
Шаншыған екен үшеуін,
Жеткенсін бедеу қызып-ай.
Онан өтіп біз құдық,
- 2280 Киік пенен Қанкердің


- Айрылмай түсіп ізіне-ай.
Қызығымен киіктің
Кеткен екен Раушанбек
Құба судың кіріп шөліне-ай.
Сол күні жүріп күнімен,
Келесі түн көп жүрдік,
Атқа бермей тыным-ай.
Ертеңгі күн сәскеде
Раушандайын сұлтанға
2290 Жолықтық келіп жабыла-ай.
Тұрған екен Раушанбек
Қанкер атты қаңтарып,
Бір бәлекер таудың басында-ай.
Амандастық сұлтанмен,
Сол Бәлекер таудың басында-ай.
Ылдиында ол таудың
Құба судың қызыл бұлағы,
Тұр екен табан үстінде-ай.
Ат сұлауға болмады
2300 Жинала қалмақ тұр екен,
Сол бұлақтың басында-ай.
Шағдаттың кегін іздеген,
Төрт жүз палуан ер екен,
Бастығы Махрам қасында-ай.
Елшілікке Сапабек
Қалмаққа барып сөйлесті
Әңгімесін ашып-ай.
Кек іздеген ер екен
Елден-елге асып-ай.
2310 Қалмақпенен ұрыстық
Түрікпен елге жібермей,
Бәлекер таудан асырмай.
Осы күнгі болған ұрыста
Үш жүзі өліп қалмақтың,
Серікке кетті қосылмай.
Төртінші күн қалмақтар
Түні бойы ор қазып,
Айласын бізден асырдыай.
Болжай алмай Қанкер ат,

- 2320 Орға құлап ұстатты
 Раушанбектей асылдыай.
 Раушан қолға түскенсін,
 Махрам залым ұрысып,
 Әлсіретіп тастады
 Сапабектей асылды-ай.
 Бір айда қайтып келем деп,
 Қалмақ қайтып жөнелді.
 Раушанбектей сұлтанды
 Бенде қылып косып-ай.
- 2330 Бүгін он бірінші күн болды
 Қалмаққа жөнөп кеткелі
 Раушанбектей досыңай.

Сонда, Айғанбек бұл сөзді естіп, Раушанбектің жағдайын естіп болып, енді Сапабектің халін сұрайын деп келсе, Сапабек өліп қалған екен. Сол жерде Сапабекті жырлап, отыз екі жігіт аттарына қара жауып, өздері қара киіп, түрікпен елге қайтып кетті. Неше күн жол жүріп, түрікпен елге жеткенсін Толыбайдың ордасына келе жатыр еді. Далаға шығып жүріп жігіттердің аттарына қара жапқан, қара киіп келе жатқанды көріп, Раушанбектің әйелі Кұлнарайым атасы Толыбайға қарап бір сөз айтқан жыры:


- Құбыла қара, жан атам,
 Құлағың сал сөзіме-ай.
 Жаппар Алла жаратқан,
 Жәрдем болғай өзіңе-ай.
 Тысқа шығып қарасам,
 Түрі жаман топ атты
 Көрінді менің көзіме-ай.
- 2340 Қара жауып атына,
 Қара салған жүзіне-ай.
 Қалмасақ еді зар болып,
 Кешегі кеткен жалғыздың
 Басып кеткен ізіне-ай.
 Аңға кеткен жалғыздың
 Келген шығар көп қалмақ
 Қапияда кезіне-ай.
 Қапыда жүрген сұлтанды
 Бенде қылып Шағдатхан

- 2350 Алған шығар өзіне-ай.
Хат жазбасын деп едім,
Қазалыдағы туғанға.
Ойлаған шығар өлді деп,
Осы күнде халық жүр
Жиналған қалың думанда.
Бармайды десең салған хат,
Почтавой поезбен барып,
Күн құрғатпай со маңға.
Дұрыс емес десем адрес,
- 2360 Арналған колхоз диқанға
«Жаңа талап» артам.
Белгілі еді районға
Елден хабар ала алмай.
Көңілім жүр қара тұманда.
Кім өліп, кімнің қалғанын,
Тарығып жүрмін біле алмай.
«Үйдегі қатын-балам да
Қалмаған шығар ешбір жан», —
Деп ойлап тұрған шамамда,
- 2370 Жұмаш пен Қапаш, Өтеген
Жазып едім Мұсаға.
Амандығын білдірсе
Үйдегі бала-шағам да.
Тірлігін есітсем
Сағиджан, Абжан баланың,
Болар еді қуат маған да.
Сау емес шығар балалар деп,
Осы күні көңілім тоқсан түрлі алаңда.
Жазуы шығар Құданың
- 2380 Түскенім мұндай аранға.
Болмаса менде жазық жоқ,
Белгілі шығар Құдайға.
Санаулы күнгі бейнетті
Шексін деген Лаухының
Жазуы шығар әзалда.
Санаулы бейнет біткен күн,
Иншалла, барармыз,
- 2388 Сабырлық берсін ажалға.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Көрұғлы туралы фольклорлық туындылар әлем халықтары шығарма-шылығы үлгілерінің өте кең тарағандары санатынан орын алады. Аталған батыр Орталық Азиядағы түрікмендердің, қазақтардың, өзбектердің, қарақалпақтардың, тәжіктердің, арабтардың, Сібірдегі Тобыл татарларының, Кавказдағы өзірбайжандардың, құмықтардың, армяндардың, грузиндердің, Кіші Азия мен Болгариядағы түріктердің, Таяу Шығыс және Балкан тұрғындарының сөз өнері үлгілерінде дәріптеле бейнеленген.

Тарихшылар мен фольклортанушылардың басым көпшілігі бұл туындының дүниеге келуіне XVI-XVII ғасырларда Оңтүстік Өзірбайжанда орын алған халық көтерілісі барысындағы оқиғалар негіз болғандығына ден қояды. Н.В.Петрушевский 1571 — 1573 жылдарда Тебризде болған қолөнершілер мен қала кедейлерінің көтерілісі туралы мақаласында XVI ғасырдың 70-90-жылдарында Өзірбайжан мен Иранда және қызылбастар мемлекетінің өзге де аймақтарында халық қозғалыстары жиі орын алғанына, Тебриз көтерілісімен қатар, 1572 жылы Гилянда да халық толқығанына, бүліншілік 1577-1578 жылдары Ширванды, 1580 жылы Фарсты, Луристанды, Хорасанды, 1580-1581 жылдары Талышты шарпығанына, жалпы көтерілістер XVI ғасырдың соңғы ширегінде бүкіл Алдыңғы Азияны қамтығанына, бұл көтерілістердің қозғаушы күштерінің қатарында алым-салықтардың, феодалдық қысымдардың, өзге де зорлық-зомбылықтардың аса ауырлығына шыдамаған әр түрлі әлеуметтік жіктер өкілдері болғанына, мысалы, 1580 жылғы көтеріліске қаландарлар (дәруіштер) басшылық жасағанына тоқталған (29, 220).

Бұл көтерілістерге қатысушылардың барлығы 1518 жылы Кіші Азиядағы Тоқат ауданында орын алған көтерілістің көсемі — Жалал атты шейхтың есімімен «жалалшылдар» деп аталған. Жалалшылдардың қозғалысы XVI ғасырдың соңына қарай күшейе түсті. Сол уақытта ауыл шаруашылығының күрт құлдырауы, соған орай кендір өндірумен айналысатын ұсақ феодалдардың кедейленуі, сипахтардың тізімі ревизияға ұшырауына орай көптеген ұсақ тимариоттардың (яғни, кендір өндірушілердің) әскер қатарынан шығарылуы Кара Языджи бастаған үлкен көтерілістің өрісалуына түрткі болды. Көп ұзамай тимариоттар-сипахтар қатарына шаруалар, көшпенділер, қашқын сарбаздар және зорлық-зомбылыққа ұшыраған өзге де адамдар қосылды. И.П.Петрушевский «Азербайджан в XVI — XVII веках» атты еңбегінде жалилшілдер көтерілісі уақыт өткен сайын өрши түсіп, аз ғана уақыт ішінде Күрдистан, Армения және Әзірбайжан территориясына да жайылғанын, бұл елдерде қарапайым және жарлы адамдарға Осман империясының әскери қызметкерлер де қосыла көтерілгенін, мысалы, сол кезде Осман мемлекетінің жергілікті әкімі Али паша да сұлтаннан бөлініп, бүлікшіге айналғанын, соның нәтижесінде Оңтүстік Әзірбайжан мен Ширванның билігі көтерілісшілер қолына өткенін атап өтті (29, 275).

Тарихшылардың еңбектері Көрұғлы туралы халық туындыларының бірқатар кейіпкерлерінің прототиптері жоғарыда сипатталған халық қозғалысы кезінде белсенділік танытқан белсенді тарихи тұлғалар екенін байқатады. Мысалы, Көрұғлының есімін жазба бетіне ең алғаш рет Аракел Тебризский өзінің «Тарих» атты еңбегінде (1662 ж.) түсірді. Жалилшілдер көтерілісіне қатысушы көрнекі тұлғалардың бірі ретінде Көрұғлы XVII ғасырда өмір сүрген Ә.Челебидің «Саяхат кітабында» да еске алынған. Мысалы, Аракел Тебризский Парсы шахы I Аббастың кезіндегі оқиғаларға, XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басындағы халық көтерілістеріне тоқтала отырып, сол қозғалыстың көсемдерінің қатарында қазірге дейін ашугтар айтып жүрген көптеген өндерді шығарған Кероглының да болғанын атап өтеді (14, 29).

Армян саудагері Элиас Мушегян 1721 жылы өзі қағазға түсірген Көрұғлы туралы өлеңдерге жергілікті ашугтардың және байырғы тұрғын-дардың естеліктерін негізге ала отырып

берген түсініктемелерінің бірінде Көрұғлының Осман елінің таулары мен ормандарында тұрғаны, саны көп атты әскерімен жолдарда үстемдік құрғаны, кейде саудагерлерді тонағаны, кейде олардан бейбіт түрде ақша алғаны, бұл олжаларды өзінің жауынгер серіктеріне және кедей-кепшіктерге бөліп беріп отырғаны, бұның Парсының Аббас шахы мен Түркияның Мурад сұлтаны кезінде болғаны туралы дерек келтірген (14, 28).

Осындай дереккөздері Көрұғлы туралы халық эпосының армян версиясының басылымына жазған алғысөзінде профессор Х.Самуэляниң: «Шынында да XVII жүзжылдықта орасан зор даңққа бөленген Кер-оглы атты тұлға өмір сүрген. Эпостың әзірбайжанша және түрікше варианттарында Кер-оглының түрікмендердің Тук деген тармағынан шыққаны және оның әкесі Мурад сұлтанға қызмет еткені еске алынады», — деген нық байламға бекінуіне (14, 27) алып келген.

Фольклортанушы Б.А.Каррыев Х.Самуэляниң еңбегіндегі «Тук» деген этнонимге: «Дәлірек айтқанда, Теке руы», — деп, анықтама берген (13, 9).

XIX ғасырдың 30-жылдарында Оңтүстік Әзірбайжанда түркі тілді айтушыдан «Кер-оглы» эпосының үлкен мәтінін жазып алған И.Шопен Қара теңізден 7000 Париж футындай биіктікте орналасқан он жертөледен және оған кіре берісті қорғау үшін салынған құрылыстан тұратын Көрұғлының бекінісі қалдықтарын өз көзімен көргенін сипаттап, Кер-оглы тауының етегінде болған Ир-Абад деп аталатын бұл мекенді егжей-тегжейлі суреттеген (32, 18-19).

Осындай деректердің сақталғанына қарамастан, профессор Х.Самуэлян «Кер-оглының тарихи тұлғасы жөніндегі мәселе әлі шешімін таба қойған жоқ» деген ғылыми тұжырым жасаған (14, 27).

Ал И.П.Петрушевский бұл мәселе жөніндегі байламын «Дегенмен, бұл тарихи Кер-оглының халық аңыздауларының қаһарманымен қандай қатынаста екенін айту қиын. Үш жүзжылдық бойы ашугтар халықтың сүйікті қаһарманы, оның Қырат деген атпен жасаған жарқын ерліктері жөніндегі эпопеяны баяндайтын әндер шығарумен келеді. Жалил қозғалысының көсемдерінің бірінің халыққа бұрын шығарылған әпсана бойынша аса танымал әрі сүйікті болған Кер-оглының есімін қабылдаған болуы әбден ықтимал» деп білдірген (26, 328).

Б.А.Каррыев өзінің Көрұғлы туралы эпос үлгілерінің барлық версияларын және тарихи деректерді шолу нәтижесін жариялау мақсатында жазылған монографиясында «Осылайша егер тіпті кейіпкерлерді тарихи тұлғалармен біріктіруден бас тартқанның өзінде нельзя не признать того факта, что именно события XVI—XVII вв. Оңтүстік Әзірбайжанда болған оқиғалардың Кер-оглы секілді халық кекшілдері жөніндегі аңыздауларға негіз болғанын жоққа шығаруға болмайды» деген дұрыс ой қорытындысын ортаға салған (13, 18).

Жалилшілдер қозғалысымен байланысты оқиғаларда белсенділігімен көзге түскен бірқатар тарихи тұлғалардың Көрұғлы туралы халық туынды-ларының кейіпкерлері қатарынан орын алуы да бұл шығарманың тарихи негізі XVI-XVII ғасырлардағы саяси қақтығыстар болып табылатынын білдіреді.

Мысалы, И.П.Петрушевский 1571—1574 жылдары болған Тебриз көтерілісіне басшылық жасаған кісілердің бірі Аваз атты палуан болғанына тоқталған (29, 221). Б.А.Каррыев осы дерекке сүйене отырып, «Осы Аваз эпикалық Аваздың прототипі болуы немесе эпикалық есімді қабылдауы мүмкін» деген жорамал жасаған (13, 17).

И.П.Петрушевскийдің еңбектерінде Аббас шахтың қарсыластарының бірі, 1605 жылы Осман империясы әскерінің қарымта шабуылын басқарған талантты қолбасшы Джигалу-оглу туралы мәлімет кездеседі. Б.А.Каррыев осы тарихи тұлға Көрұғлы туралы жырларда кездесетін Жығалы атты кейіпкердің прототипі деп шамалайды (13, 19).

Жоғарыда келтірілген деректердің барлығы Б.А.Каррыевтың Көрұғлы туралы эпостың тарихи негізі XVI—XVII ғасырда Оңтүстік Азербайжанда әзірбайжан мен түрікмендердің бірге өмір сүріп, тізе қоса күрескен кезеңінде қаланған деген тұжырымының (13, 25) дұрыстығына көз жеткізеді.

Көрұғлы туралы халық өлеңдерінің белгілі шығыстанушы А.Ходзько жазып алған үлгілері басылымының алғы сөзінде туындының бас кейіпкері туралы: «Бұл әңгіменің қаһарманы Кер-Оглу—Туки (Теке—С.С.) тайпасынан шыққан түрікмен, XVII жүзжылдықтың екінші жартысында өмір сүрген Солтүстік Қорасанның тумасы. Оның есімі ол Персиядан Түркияға апаратын сауда жолымен жүретін керуендерді тонай бастаған

соң танымал болды... Ол — оларда халықтық, үлгілі бард... Ел ішіндегі бір де бір елеулі мереке Кер-Ог-луның бір де болса әнін айтусыз өтпейді» деген мағлұмат берілген (16, 1).

Б.А.Каррыев бұл эпостың бірқатар кейіпкерлерінің, мысалы, Кер-оглының, Айваздың, Мұстафа бектің, Сафар Косенің, Жығалы бектің, Хамзаның, Райханның прототиптері тарихи тұлғалар болуы мүмкін екендігіне көңіл бөле келіп, «Дегенмен, бұл тұста да шын өмірде болған және халық қиялы тудырған эпикалық қаһармандарды біріктіруге жол беруге болмайды» деген көңілге қонымды пайымдауын көпшілікке ұсынған (13, 42).

Аббас шах пен оның тақ мұрагері болған немересі — Сафаның қатал саясатына қарулы қарсылықтардың ең ірілері Әзірбайжандағы курдтардың Мухри тайпасының 1610 жылғы толқуы, 1614—1615 жылдардағы Грузия мен Ширвандағы көтерілістер, курдтардың 1616 жылы Саламаста жаңадан толқуы, Карабахтағы армяндар мен әзірбайжандардың 1625 жылы көтерілісі және т.с.с. болды (13, 19). Көрұғлының ерліктері туралы жыр-аңыздардың тек түрікмен мен әзірбайжан және онымен қандас халықтар арасына ғана кеңінен тарап қоймай, олармен көрші тұратын өзге де халықтардың да рухани асыл қазынасына айналуының сыры осында жатыр.

В.М.Жирмунский жырдың өртүрлі версияларын қарастыра келіп, олардың екі бағыттағы даму желісін анықтап, оның бірі XVI ғасырдың соңындағы жалилшілдер қозғалысы оқиғаларының іздерін молынан сақтаған Оңтүстік Азербайжан версиясы, екіншісі Орта Азия (түрікмен, өзбек, тәжік, араб және қазақ) версиясы екеніне тоқталып (7), ол желілердің арасындағы елеулі айырмашылықтарды былайша сипаттаған: «Сравнительное изучение различных версий сказания о Кероглы (Гороглы) показывает, что на фоне общей традиции сюжета каждая из них имеет свое национальное лицо, отражает исторически сложившийся социальный уклад, психологию и общественные идеалы создавшего его народа. Азербайджанский Кероглы — удалой джигит, ашуг, «благородный разбойник», отважный боец против феодального гнета; туркменский — вождь воинственного кочевого племени; узбекский — идеальный эпический государь, могучий, справедливый и мудрый властитель, защитник трудового народа» (9, 217-218).

Әзірбайжанның «Көрұғлысы» қысқа прозалық әңгімелер мен бас кейіпкердің аузына салынған өлеңдерден тұрады, ал Орта Азия версиясында өлең мен қара өлең кезектесе отырып, оқиғалар кеңінен баяндалады, яғни эпосты айтушылардың жырды тұрақты түрде өңдеп, өзгертіп және мазмұн жағынан толықтырып отырғаны айқын сезіледі. Бұл версия нұсқаларының ішінде Р. Мәзқожаевтікі секілді басынан аяғына дейін түгелімен өлеңнен құралғандары да көп.

Орта Азия версиясының бір тармағы болып табылатын қазақша нұсқаларды айтушылар да, зерттеушілер де бұның түрікменнің жыры екенін, бас кейіпкердің Түрікменнің Текежәуміт руынан шыққанын ескертіп отыруды өздерінің парызы санаған секілді. Қазақ жыршылары бұл эпостың Орта Азия версиясының барлық үлгілеріне ортақ бас қаһарманның шешесі қайтыс болған соң көр ішінде дүниеге келуі, оны ешкінің асырауы, баланы жақындарының ұстап алуы, есімінің қойылуы, өгей шешесінің (немесе жеңгесінің) тәрбиесін көруі, өзге елден келген атты кісінің өгей шешесін (жеңгесін) барымталауы, сол жаудың айғырына Көрұғлының өз биесін шағылыстырып алуы, соның нәтижесінде Фираттың дүниеге келуі, Көрұғлының Бұлдырық қасаптың ұлы — Ғауазды алып келу үшін сапарға аттануы, оны ұрлап әкетіп, өзіне ұл етуі, Ғауаздың өкпелеуі, өзінің бұрынғы еліне кетуі, Жәмбілбелге қайта оралуы, үйленуі, Көрұғлының өз әйелдерінен өзі өле қалса, олардың қалай жоқтау айтатынын сұрауы секілді мотивтер қайталанатын. Бірақ бұл мотивтердің кейде ішінара өзгеріске түсетіні (баланы сүтімен қоректендіретін ешкіні көбінесе биенің алмастыратыны, Көрұғлының әйелдерінің саны да әртүрлі айтылатыны, Ғауаздың өкпелеуінің себептері, қалыңдық таңдауы әр қилы баяндалуы және т.с.с.) байқалады.

Бұны жырдың осы томға кірген нұсқаларының және бұдан бұрын жарық көрген үлгілерінің ерекшеліктеріне көңіл бөлу арқылы айқын көреміз.

Біз құрастырған бұл кітапқа жырдың мынадай нұсқалары топтастырылды:

1. 1967 жылы Талиға Бекқожина Әбділда Жүргенбаевтың айтуынан магнитофонға жазып алып, одан кейін қағазға түсірген «Көрұғлы» атты жыр.

2. 1910 жылы Ерғали Есенжолов қағазға түсірген «Қисса Көрұғлы» атты жыр.

3. 1941 жылы Әміреш Жұмағазин тапсырған «Көрұғлы (Бозай туралы)» атты жыр.

4. Ертай Құлсариев жырлаған «Ғауазхан» жыры.

5. Асайын Хангелдин жазып алған «Түрікпен Раушанбек батыр Төлебайдың баласы қалмақ батыры Махраммен соғысы» атты жыр.

Жырдың «Көрұғлы» атты нұсқасының Р.Мәзқожаев жырлаған варинаты бұрын «Көрұғлы» атты кітапта және «Батырлар жыры» атты көптомдық жинақтың 1989 жылы баспадан шыққан төртінші томында жарық көрді.

Ә.Жүргенбаев, Р.Мәзқожаевтың жырлаған варианттарды өзге халықтар эпикалық мұраларымен салыстыра отырып, бұл нұсқамен бір арнадан тараған туындылар Өзбекстанда тұрған өзбектер мен арабтардан да жазылып алғанын байқадық. Өзбек шайырларынан жазылып алынған «Гор-оглы» дастанында да қазақша жырдың біз қарастырып отырған нұсқасындағыдай, бас қаһарманның атасы — Толыбай сыншы, әкесінің аты — Раушан. Ал, Түркімен версиясының көптеген нұсқаларында Раушан — бас қаһарманның әкесінің емес, әкесі соқыр етілгенге дейінгі өзінің аты. Өзбек дастанында Толыбайдың әкесі Мервтің билеушісі — Кавушту хан екені айтылады. Ал қазақша нұсқаның варианттарында Толыбайдың әкесінің кім екені туралы сөз болмайды, бірақ оның ұлты түркімен екені анық айтылады. Өзбекше және қазақша нұсқалардың барлығында Раушан қызылбас ханының тұтқынына түседі. Қызылбас ханының аты — **Ә.Жүргенбаев вариантында** Шаадат, Р.Мәзқожаев вариантында Шағдат, өзбекше нұсқада Шахдар. Осы тұста Шығыс халықтары сөз өнерінде Иранбақты соқтырушы ретінде көрінетін Оңтүстік Арабия әмірі Шаддаттың да бейнесі кездесетіні еріксіз ойға оралады.

Қазақша нұсқада Раушанның тұтқын болуына қызылбас ханының қорқынышты түс көруі себепші болса, өзбек дастанында бас қаһарман әкесінің қалайша жау қолына түскені баяндалмайды.

Қазақша және арабша нұсқаларда Раушанды құл базарында саудаға салынған жерде сатып алатын Ғаждембек

өзбекше нұсқада Раушанмен бірге Шахдар ханның тұтқынына түседі, Ғаждембек — қазақша нұсқада Раушанның қайын атасы, өзбекше, арабша нұсқаларда қайынағасы. Қазақша нұсқада Ғаждембек қызылбас елінде саудагерлікпен айналысып жүрген түрікмен жігіті ретінде таныстырылады, ал өзбек версиясында Ғаждембек пен онымен бірге Шахдар ханның тұтқынына түсіп, кейіннен Раушанның зайыбына айналған Биби-Хилал — түрікмен ханы Жығалының балалары. Ал араб версиясында Раушанның түрікмен екені айтылғанымен, оның ата-басының кім болғаны сөз болмайды. Бұл нұсқада қызылбас ханының бейнесі кездеспейді және Раушан — тұтқын емес, түнгі қарауылдың бастығының ат бағушысы, оның ат бағуды қойып, өз еркімен құл базарына сатылуына атақты адам Ғаждембектің қарындасының оған ғашық болып, осындай әрекетке бару жөнінде кеңес беруі себепші болады. Қарындасы Ғаждембекке өзіне қызметкер алып беруді өтінеді де, ағасы базарға барып, Раушанды сатып әкеледі. Көрұғлының әкесі мен шешесі осылайша табысады. Бұл нұсқада Ғаждембектің ұлты кім екені белгісіз күйде қалады. Қазақша, өзбекше нұсқаларда Раушанның ат сынауы, соның салдарынан қызылбас ханының қаһарына ұшырауы, соқыр етілуі баяндалса, бұндай сюжет арабша нұсқада жоқ. Көрұғлының қайтыс болған шешесінен моланың ішінде тууы қазақша, өзбекше нұсқаларда Раушан мен Ғаждембек ханның көңіліне жақпаған тұлпармен елдеріне қашып кеткен соң болса, арабша нұсқада кейіпкерлердің қашуына түрткі болатындай оқиға жоқ, тек қана Көрұғлының шешесі қайтыс болған кезде Ғаждембек пен Раушан қалада болады да, қаһарманның шешесін ауылдастары жерлейді, олар моладан шығып жүрген баланы байқаған уақытқа дейін Раушанбек те қайтыс болады. Қазақша нұсқада көрде туған ұлды Ғаждембектің қызметкері Бабалы байқап, амалын тауып ұстап, Ғаждембектің әйелі — Гүлайымға тапсырса, өзбек нұсқасында Көрұғлыны табушы, ұстаушы, тәрбиелеуші — бұрын балаға ешқандай қатысы болмаған Рустам деген бақташы. Арабша нұсқада қарындасының көрде ұл туғанын елден естіп, білген Ғаждембек моланы қазып, баланы алады да, қазақша, өзбекше нұсқаларда Көрұғлыны ұстарда орын алатындай қиыншылықтарға ұшырамастан, үйіне қайтады. Қазақша, өзбекше нұсқаларда Көрұғлының

түрікмен еліне кеткен әкесі мен атасының соңынан келгенде мініп келгені де, болашақ тұлпарының енесі болып табылатын да — өзін көрде жатқан кезде сүтімен асырап өсірген бие. Көрұғлының Райхан арабпен қақтығысы қазақша, арабша нұсқаларда бір туындының ішіндегі екінші салада бейнеленсе, өзбек дастанының «Гор-оглының жастық шағы» атты циклында суреттеледі. Қазақша, арабша нұсқаларда Райхан Ғаждембектің әйелін алып қашса, өзбекше нұсқада қолды болған әйел — жетім қалған қаһарманды өз тәрбиесіне алған Көрұғлының нағашы ағасы Ахмедбектің келіншегі. Қазақша, арабша нұсқаларында Райханнан кек алуға асыққан Көрұғлы өзге ат Райханның өзіне де, еліне де жете алмайтын болған соң, амалсыздан өз биесі мен Райханның айғыры шағылысуы нәтижесінде келетін құлынның дүниеге келуін, өсіп, жетілуін асыға күтіп, Ғират тұлпар дәрежесіне жетісімен, жеңгесін қайтару үшін сапарға аттанса, өзбек дастанында Көрұғлы Райханнан кек алғанға дейінгі уақытта оның түрікменнің ханы болып сайлануы, Ғираттан айрылып қалуы, Жүніс, Мысқал және Гүлнәр перілерге үйленуі секілді қиял-ғажайып жайттарға толы шым-шытырық оқиғаларды бастан кешіреді. Нағашысының әйелінің қарымтасы ретінде алып келген Райханның қарындасын Көрұғлы қазақша нұсқада Ғаждембекке, ал өзбекше, арабша нұсқаларда Ахмедбекке әйелдікке береді. Арабша нұсқада бұл әрекет Райхан қайтыс болған Ғаждембектің жесірін алып кеткендігімен түсіндіріледі. Көрұғлының Райхан алып кеткен жеңгесінің есімі — қазақша нұсқаның Р.Мәзқожаев вариантында Баршайым, Ә.Жүргенбаев вариантында Баршагүл, өзбек дастанында Хал-Аим — Хол-Аим, түрікмен версиясында Гюль-Эндам, ал арабша нұсқада оның есімі аталмайды. Райханның өтем ретінде алып келінген қарындасының есімі — Р.Мәзқожаев вариантында Құрбангүл, Ә.Жүргенбаев вариантында Гүлнәр, өзбек дастанында Зайдин-ай (немесе Зулхумар), түрікмен версиясында Бибиджан, арабша нұсқада оның да есімі айтылмайды.

Қазақ қаһармандық эпосының сюжеттік инварианты құрамында міндетті түрде қайталанып келіп отыратын тұрақты мотивтердің санатына кейіпкердің ат таңдауын, алғашқы ерлігін және қаһармандықпен үйленуін баяндау жа-

татыны белгілі. Көрұғлы мен Араб Райханның арасындағы қақтығыс бас қаһарманның өзіне сенімді серік, қанат болған Ғиратқа ие болуына, алғашқы ерлігімен танылуына және жат жұрттан қаһармандықпен қыз алып келуіне себепші болады. Эпостың қазақша нұсқасында Араб Райханды жеңген соң, Көрұғлы қызылбас еліне аттанып, өзінің әкесін кемтар еткен дұшпандардың билеушісін жеңіп, өлтіріп, кек алып, сол елде қорлық көріп жүрген нағашы шешесі мен Бабалыны азат етіп, теңдікке жеткізеді. Арабша нұсқада бұндай оқиғалар кездеспейді, оның себебі өзінен-өзі түсінікті. Ал өзбек дастанында Көрұғлы Шахдар ханнан кек алуға асыға қоймағанын осы эпостың «Интизар» атты циклында Аваз бен Көрұғлының өзге серіктері Жәмбілбелге шабуыл жасаған Шахдар ханмен соғысқаны суреттелуінен аңғарамыз.

Бұл нұсқаның қазақша варианттарының бір-бірінен кейбір айырмашылықтарына біз жоғарыдағы шолуымыз барысында тоқталдық. Оларды оқи отырып, өзге де айырмашылықтарды аңдаймыз. Біріншіден, Р.Мәзқожаев варианты басынан аяғына дейін түгелімен өлең өрнегіне құрылған, ал Ә.Жүргенбаев вариантында қара сөз бен өлең араласып отырады. Екі варианттың мазмұнында да, кейіпкерлер құрамында да өзгешеліктер ұшырасады. Мысалы, Р.Мәзқожаев нұсқасындағы Махрам палуан, қолбасшы Қызылбай, түрікмен елінің батырлары — Ахметбек, Әнуарбек, Мұқитек, қызылбас елінің батырлары — Шахмет Шарап, Зымыран, Таһир, Кенған секілді кейіпкерлер кездеседі, олардың іс-әрекеттері, тағдырлары, осы аталған кейіпкерлердің Көрұғлы мен Шағдаттың соғысы кезінде көрсеткен ерліктері кеңінен жырланады. Ал Ә.Жүргенбаев вариантында олар мүлдем ауызға алынбайды, өйткені Көрұғлы Шағдатқа жалғыз өзі аттанады. Соған орай, бұл варианттың соңғы бөлігі Р.Мәзқожаев вариантындағыдан едәуір қысқа.

Көрұғлының басты қарсыластарының бірі — араб Райхан Р.Мәзқожаев нұсқасында Көрұғлыдан жеңілген соң, кешірім сұрап, жанын аман алып қалады, содан кейін бас қаһарманның сенімді одақтасына айналады. Көрұғлының кегін алу үшін Шағдат ханға қарсы аттанған төрт жүз мың қолға Райхан араб пен оның қолбасшысы — Қызылбай көп әскерімен қосылады. Ә.Жүргенбаев вариантында Райхан Көрұғлымен жекпе-жекте мерт болады.

Қазақтар арасынан жазылып алынған Көрұғлы туралы жырлардың ендігі бір нұсқасында бас қаһарманның қызылбас ханы Қалдарханның баласы Райханмен соғысы суреттеледі. Жырдың Мәшһүр Жүсіп, Ерғали Есенжолов варианттары осы нұсқаға жатады. Демек, Б.А.Каррыевтың: «Помимо, известным по иным версиям врагов Гор-оглы (турецкого султана, персидского шаха) узбекский герой воюет и против других деспотов, например, против крымского Халдар-хана, о нем рассказывается в самобытном дастане того же названия» деп жазуы — ғалымның қазақша қолжазбалардың барлығымен бірдей жете таныс болмағандығының салдарынан кеткен жаңсақтық.

Бұл нұсқаның қазақша вариантын оқи отырып, академик В.В.Радловтың эпостық туындыларға мотивтердің ақпалылығы тән екендігі жөніндегі ғылыми тұжырымының (1,10) дұрыстығына көз жеткізе түсеміз. Соның бір айқын белгісі: қарастырылғалы отырған нұсқада бас қаһарманның өз әкесінің «Мұңлықбек», Мұңлықбектің әкесі «Жығалы», Жығалының әкесі «Толыбай» деп аталады. Кейіпкердің шешесі «Алтыншаш», шешесінің інісі «Бозұғлан» деп аталуы да бұл варианттарды қазақ жырларының өзге үлгілерінен де, өзге ұлттардағы версиялардан да ала бөтен сипатқа бөлеп тұр.

Академик С.Қасқабасов қаһармандық эпосқа тән типологиялық сипаттардың бірін «Енді кейіпкер-батыр дүниеге келерде міндетті түрде бір төтенше оқиға болады, болашақ қаһарманның не әкесі, не шешесі қаза болады. Я болмаса, олар қуғында жүреді. Немесе ол туар кезде елді жау шабады» деп атап көрсеткен (10,260). Осындай құбылыс қазір тоқталып отырған нұсқада да қайталанатын. Ол — кейіпкер дүниеге келместен бұрын әкесінің қайтыс болуы және бас қаһарманның көр ішінде өлі анадан тууы, сонда бірнеше жыл ешкімнің назарына ілікпестен өмір сүруі. Онда Көрұғлының әкесінің зорлықпен соқыр етілуі баяндалмайды.

Орта Азия халықтары эпосының кейбір үлгілерінде Көрұғлы туралы эпостың Оңтүстік Азербайжан версиясына жататын ұлттық нұсқаларда тұрақты түрде сөз болатын бас қаһарманның әкесі әділетсіз билеушінің қаталдығы зардабынан көзінен айрылғандығы және Орта Азия версиясында суреттелетін бас кейіпкердің көр ішінде дүниеге келуі қоса қабат баяндалатынына біз жоғарыда тоқталған Р.Мәзқожаев, Ә.Жүргенбаев варианттары және айғақ.

А.Н.Самойлович өзінің «Очерки по истории туркменской литературы» атты еңбегінде Көрұғлы есімінің этимологиясы әр қилы түсіндірілетініне: «Сын слепца» «по анатолийской-турецкой версии или «Сын могилы» (по среднеазиатской версии)» деп тоқталған (11, 157).

Ал К.Дмитриев Көрұғлының ұлттық версияларында бас кейіпкер есімінің этимологиясы әр қилы түсіндірілетініне назар аударып, соның бірі «Кере-гулы» сөз тіркесі екеніне тоқталады (12, 161). Бұл есімді қазақ тіліне аударғанда, «анықтықты жоғалтады» деген ұғымды білдіреді.

Ал Б.А.Каррыев түрікмен халқының аңыздарында және эпосының кейбір үлгілерінде қатігез билеуші Хункар бас қаһарманның атасы—Жығалы бекті көр соқыр етіп қана қоймай, саңырау да қылғаны баяндалатынына тоқталып, «Отсюда эпитет Кере-гулы—Кер-оглы, т.е. «Сын глухого» деген ғылыми тұжырым жасаған (3, 111).

Бұндай жайттардың бас қаһарманның әкесі соқыр етілуі мен көрде туылуынан өзгесі эпостың қазақша нұсқаларында ұшыраспайды.

Жырдың Р. Мәзқожаев, Ә. Жүргенбаев нұсқаларының алғашқысында Көрұғлының жақындарымен табысуына Көрұғлының пірлері балаға тікелей көзге көріну, ал оның жанашырларының түсінде аян беру арқылы септігін тигізсе, ол туындыларда Бабалыға түсінде аян арқылы берілген кеңесті қазір қарастырылып отырған М.Көпеев, Е.Есенжолов варианттарында Бозұғланға оның зайыбы Ақбілек айтады. Ал бұл нұсқада Көрұғлыға түсінде аян беретін, өңінде көрініп те жәрдемдесетін ғайыптан келген желеп-жебеушілердің өзгелерге, тіпті түрікмен эпосының өзге бір эпикалық туындысының бас қаһарманы болып табылатын Бозұғланға да білінбеуі бас кейіпкерді айрықша даралай дәріптеуге мүмкіндік туғызып тұр. Соңғы аталған нұсқада Көрұғлы мен оның қырық жігітінің алғашқы кездесуі суреттелген тұста да осындай құбылыстың күәсі боламыз.

Араб Райханның Көрұғлының жеңгесін алып қашуы—Орта Азия версиясының нұсқаларының көптеген үлгілерінде ұқсас сарында баяндалатын эпизод. Дегенмен онда Райханның қызының аты—Күләйім. Біз тоқтаған нұсқалардың алғашқысында «Күләйім»—кейіпкердің әжесі болса, өзбек дастанында ол

Көрұғлының жеңгесі болып келетініне біз жоғарыда арнайы көңіл бөлдік.

Жырдың қарастырылып отырған нұсқасының варианттарының арасында мазмұндық айырмашылық кездеспейді, өзгешелік варианттардағы кейбір сөз қолданыстарында және кісі аттарында ғана ұшырасады.

Мысалы, **Е.Есенжолов вариантында:**

«Түрікмен халықтың ішінде

Айырар ердің сарасы», — деп берілген жыр тармақтары Мәшһүр Жүсіп вариантында:

«Түрікмен халықтың ішінде

Ат пенен ердің сарасы», — деп беріліп, шындыққа жақынырақ келетін, түсініктірек сипатқа ие болған.

Толыбайдың ұлы Мәшһүр Жүсіп вариантында «Шағала», Е.Есенжолов вариантында «Жығалы» деп аталады. Біздің ойымызша, кейіпкер есімі соңғы көрсетілген вариантта дұрыс берілген. Олай деуге Жығалы деген кейіпкердің Көрұғлы туралы эпостың ұлттық версияларының көпшілігінде кездесетіні негіз береді.

Жығалы жырдың ұлттық версияларында бірде Көрұғлының әкесі, бірде атасы ретінде көрінеді.

Құдайдан Көрұғлы Е.Есенжолов вариантында жүз жиырма жыл, Мәшһүр Жүсіп вариантында жүз жиырма бес жыл өмір сұрайды.

Көрұғлы туралы эпос Орта Азия халықтары айтушыларының репертуарына айналған соң тұтастанудың барлық түрлерін басына кешіргені айрықша назар аудартады. Бұны әсіресе эпостың өзбекше, тәжікше нұсқалары айқын аңғартады. Өзбектердің арасында Көрұғлы туралы қырықтан астам дастан бар, варианттарымен қоса есептегендегі саны жүздің үстінде. Қазақ жыршылары өздері жырға қосып отырған Көрұғлының түрікмен екенін ескертуді басты парызы санаса да, олардың репертуарындағы жыр нұсқаларының мазмұны мен кейіпкерлер жүйесінде түрікмен дастандарынан гөрі өзбек дастандарына ұқсастық басым. Соның бір айқын айғағы — петропавлдық молда Хасан бин Мирбабаұлы 1880 жылы қазақтар арасынан жазып алып, Қазан қаласындағы баспада жарияланған, 1890 — 1915 жылдар аралығында бірнеше рет қайтадан баспа бетін көрген «Көрұғлы сұлтан хикаясы» атты жыр. Бұл нұсқа

Ташкентте Қазан төңкерісіне дейін литографиялық тәсілмен басылып шыққан кітап түрінде жарық көрген «Қысса Көрұғлы сұлтан» атты өзбек дастанына өте ұқсайды. Бұл кітаптың мұқабасында орыс тілінде: «Эта книга «Гор-оглы» исправлена в тексте и снабжена рисунками жителем Сибирской части города Ташкента Саражутдином Махсум Сидки в октябре 1915» деген мағлұмат берілген (3, 208). Б.А.Каррыев бұл дастанды былайша мазмұндаған: «Сказители рассказывают и передают». Далее говорится, что первым ханом Чамбия был Агалик-хан, затем Джигалик хан. После него стал пятнадцатилетний Гор-оглы, окруженный сорока джигитами. Гор-оглы возвел вокруг Чамбия огромную крепость длиной в сорок верст, высотой в сорок, шириною в шесть аршинов. Возле крепости красовался большой сад. Перед ним даже сад Эдема был ничто.

Когда Гор-оглы достиг тридцати лет, к нему явились Хидр, сорок чильтенев и двенадцать имамов. Все они молились за Гор-оглы. Эти святые постоянно сопутствуют герою во всех делах.

Далее повествуется о битвах Гор-оглы на Гырате, о его женьитбе на сказочных пери, об усыновлении Аваза и Хасана. Все это составляет первую половину ташкенсткого издания. Вторая его часть посвящена Авазхану, его охотам, битвам и любовным похождениям» (3, 208-209).

Осы қысқаша мағлұматтың өзі-ақ өзбектің бұл дастаны мен Х.Мирбабаұлы жариялаған қазақ жырының арнасы бір екеніне дәлел бола алады. Оны Х.Мирбабаұлы нұсқасының: «Әмма, рауиян ахбар уа нақилан әсар андақ руаят қылұрларкем заман заман болғанда, Жамбылның әуелгі хакімі Ағалық хан болды, андан Жығалы хан болды, андан соң он бес жасында, ділда жығасы басында, қырық жігіті қасында Көрұғлы сұлтан хакім болды. Туғ бидақ ширлап, ділда қалқанлар дұрлап, бөпеклі найза ширлап, шердик қалға салдырып, бәлантлігі қырық құлаш уа ені алты құлаш қылып қорғаныны жүз тоқсан жебе қылдырып уа ішіден жүз сексен шаррабе қылдырып уа ішінде оның тақытыны алдыда Сүлеймен бекер болып уа лалалары уа Ирамбағы болды» деген бастамасының өзбек нұсқасы бастамасымен сөзбе-сөз сәйкес келуі және жоғарыда орыс тілінде берілген аннотацияны ішінара түзетулер жасау арқылы қазақ жырының екі саласының мазмұны мен кейіпкерлер әлемі жөнінде

мағлұмат беруге пайдалануға болатындығын сездіреді. Өзбек дастанының қазақша нұсқадан айырмашылығы — қазақ жырында Ғауазханның ұрыстағы ерлігі суреттелмейді, аңға шыққан сапарының және қызбен қарым-қатынасының біреуі ғана сөз етіледі.

Х.Мирбабаұлы — Ж.Сыздықов нұсқасы. Бұл жырдың 1940 жылы Жақан Сыздықов қазақшалаған нұсқасы «Қазақ халық әдебиеті» сериясы бойынша 1989 жылы жарық көрген «Батырлар жыры» атты жинақтың төртінші томына енген. Біз мәтіннамалық талдау негізінде Ж.Сыздықов тәржімасының кейбір тұстарында түпнұсқада жоқ сөздерді де өз жанынан үстеуді, кейбір тұстарында түпнұсқадағы кейбір шумақтардың өзін аудармай тастап кетуді теріс көрмегенін анықтауға қол жеткіздік.

Көрұғлы туралы жырлардың бірқатар қазақша үлгілерінде Көрұғлының әкесі Бозай екендігі туралы айтылады. «Бозай» деген есім эпостың өзге ұлттардағы версияларында кездеспейді. Бұндай мазмұндағы жырлардың бірі «Бозай батыр и его сын Коруглы» деген атаумен «Тургайская газета» басылымының 1905 жылғы №32, 33, 34-сандарында жарияланды. Оны ел аузынан жазып алған — В.Мещенский. Бұл нұсқаның бір вариантын Ақтөбе қаласының тұрғыны Әміреш Жұмағазин 1930 жылы республикамыз Ғылым Академиясының қолжазба қорына тапсырған. Нұсқаның Жамбыл жырлаған вариантын Б.Тұрсынбаев 1948 жылы бұл туындыны ұлы ақыннан үйренген өнерпаздардың айтуынан жазып алған. Бұл варианттардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктері болғанымен, бастапқыда бір арнадан өрбігенін аңдататын тұстары да баршылық.

Ә.Жұмағазин нұсқасында Бозайдың түрікмен еліне қорған болған батыр екені, елі оның толық ықпалында болғаны баяндалғанымен, оның ресми түрде хан атағын иеленгені немесе иеленбегені нақты айтылмайды. Жамбыл нұсқасында Бозай жеңілуді білмеген қаһарман билеуші болуымен қатар, талай елдерге жорықтар жасап, талап-тонап, өзге де зорлықтар түрін жасаған жауыз хан. Ал «Тургайская газетада» жарияланған нұсқада кедейден шыққан Бозай батыр өз еліне шапқыншылық жасаған Қараноғай ханы Қазақайға тойтарыс беру үшін қол жинап, жеңіске жетеді.

Көрұғлы эпосының Орта Азия версиясының барлық үлгілеріндегідей бұл нұсқада да Көрұғлы анасы қайтыс болған соң көр ішінде дүниеге келеді. Бірақ нұсқаның варианттарында болашақ қаһарманның шешесі әр қилы жағдайда қайтыс болады. Әміреш Жұмағазин нұсқасында Бозай жеті жасар ұлына Көзей деген ханның қызын айттыруға аттанғанда, елдегі әкесі, шешесі, әйелі және баласы тырыспай деген індетке шалдығып, соның салдарынан өледі. «Тургайская газетадағы» нұсқада жорықта жүрген Бозайдың артта қалған елін шапқан жау Көрұғлының шешесін өлтіреді. Ал Жамбыл нұсқасында Бозай өзін кәрісінген жас әйелін өз бұйрығы бойынша өлтіртеді.

«Тургайская газетада» жорықтан аман оралған Бозай әйелі Айсұлудың қабірінің басында ойнап отырған баланы көріп, үйіне алып келеді. Ал Ж.Жабаев нұсқасында көрде дүниеге келген ұлдың ешкіні еміп күн көріп жүргенін бірнеше жыл бойы ешкім байқамайды, ақырында ешкінің иесінің арызының аныққанығын білмек болған кезде ғана аңғарады. Ал Ә.Жұмағазин нұсқасында өзі жауға аттанған кезде екіқабат күйінде қалған әйелінің моласын қазып, шешесінің емшегін еміп жатқан нәрестені көрген Бозайдың әрекеті, яғни жас нәрестесін өзі анасының бауырынан ажыратып ала алмаған соң, әйелінің шынымен өлі екенін немесе талып жатқанын анықтау үшін жарының мұрнына жанған шырпы тақауы көне мотивті жаңа заман жыршысының өңдеуіне мысал бола алады. Жырдың нағымды сипатқа ие болуын көксеген жыршы бұл тұста қазақ және өзге халықтар эпосында өлген адамның тірілуін баяндайтын сюжеттер сирек те болса, бой көрсетпей қалмайтынын ескере бермеген. Белгілі фольклортанушы М.Ғұмарова Қосай батыр туралы қазақ жырлары нұсқаларының бірінде бас қаһарманның кісі етін жеген соң тірілгеніне тоқталса, қырғыздың «Семетей» атты жырында бас қаһарман өлмей, ғайып болып, белгілі бір ғұрыптарды орындау нәтижесінде қайтадан тіріліп, кейіннен өз еркімен қайтадан ғайып болады. «Осындай мотив «Көрұғлы» жырының Ә.Жұмағазин нұсқасындағы жаңа ғана біз тоқталған эпизодында бергі заман жыршыларының таным түсінігіне орай өңделіп, өзгеріске түскен» деген ойдамыз.

Көрұғлыны қара күңнің бала етіп асырауы да эпостың ұлттық өзге нұсқаларының ешқайсысында кездеспейді. Осы жерде Көрұғлының ел ортасына келген соңғы тәрбиесімен

Жамбыл нұсқасында Бозай ханның өзі, «Торғай уалаятының газетінде» бас кейіпкердің ағасы — Әбіл айналысатынын еске түсірсек, артықтық ете қоймас. Көрұғлыға оның әке-шешесінің кім екені туралы шындықты ойнап жүргенде білуі — қазақ эпосында жиі қайталанатын типологиялық мотив. Оған көз жеткізу үшін Алпамыстың, Қозы Көрпештің өздерінің қалыңдығы туралы өздерінен жасырылып келген құпияны осындай сәттерде білгендігін еске алсақ та жеткілікті. Бұл секілді эпизод осы томға енген нұсқамен қатар, «Торғай уалаятының газетінде» жарияланған нұсқада да кездескенімен, оларда оқиға екі түрлі өрбиді. Мысалы, соңғы көрсетілген нұсқада Көрұғлы асығын тартып алған балалар зорлықшының бетіне оны менсінбей, қызын беруден бас тартқан Қазақай хан мен оның сұлу қызы, Көрұғлының атастырылып қойған қалыңдығы — Меден сұлу туралы шындықты басады. Ә.Жұмағазин нұсқасында бұндай шындықты айту үшін әуелі Көрұғлының асығын ұтып алып, осындай тәсілмен бас кейіпкерді өзімен тілге келтіріп, сондай жолмен болашақ батырдың санасын оятқан Бозайдың жылқышысы — Құлқара секілді кейіпкерлер де қазақ және оған туыс халықтар эпосында көптеп кездеседі. Эпос қаһармандарына сенімді серік бола білген малшылар мен құлдарды еске алғанда, «Қобыланды батыр» жырындағы Естемістің, «Алпамыс батыр» жырындағы Кейқуаттың, «Ер Қосай» жырындағы Қодар құлдың, Нәрік және Шора батырлар туралы жырдағы Телшора құлдың алдымен ауызға ілінетіні күмансыз. Қодар құл жетім қалған жас бала — Қосайға ат тауып беру, қалыңдығын айттыра бару, сансыз жаумен шайқаста серік болу, өз басын қатерге өлімнен аман алып қалу секілді көмектер көрсету арқылы бас қаһарманның өзін ағасы деп білуіне ықпал етсе, Мұрын жыраудан жазылып алынған «Нәрік» жырындағы Телшора құл да бас кейіпкердің тағдыры таразыға түскен кезінде үнемі қожайынының қасынан табылып, қиын-қыстау жағдайлардан шығудың жолдарын тауып жүреді.

Телшораның өзіне қаншалықты қымбат екенін Нәріктің де жақсы түсінгенін оның елінен амалсыздан кетуге мәжбүр болған сәті суреттелген тұстағы:

«Ноғайдан алған тек жалғыз

Телшора болды жолдасы» деп келетін жыр тармақтары айқын аңдатады.

«Көрұғлы» жырының Ө.Жұмағазин нұсқасында Көрұғлының санасын ояту үшін болашақ батырдың балалық шағы өтіп жатқан елде құл болуға да көніп, ақыры сәтті кезін тауып, қажетті шындықты айтқан марқұм Бозайдың жылқышысы — Құлқара әрекеттерінің мәні мен мақсатын өз үйінің ешкісін бағып жүрген Шораның жігерін қайрай айтылған Телшораның мына сөздерін оқи отырып жете ұғынамыз:

«Туғаныңнан тумай кет,
Мұнан да жақсы өлгенің...
Нәріктен туған сен, — деді.
Лақ бағып жүргенше,
Енді құрғыр өл, — деді.
Атаң Нәрік кеткенде,
Қазанда еді қаласы.
Қазаннан мұны қаңғыртқан
Ноғайлының баласы.
Атаға тартып, көніки,
Шора құрғыр, туғаның.
«Аға», — деп, біз секілді құлдардың
Қасына келіп тұрғаның».

Ө.Жұмағазин нұсқасында Кенжебайдың аулына Көрұғлы оның әкесінің туысы екенін Құлқарадан естіп біліп, барса, «Торғай уалаятының газетіндегі» нұсқада Кенжебай бұрын Көрұғлымен ешқандай туыстық байланысы жоқ адам ретінде суреттеледі. Алдыңғы нұсқада оның Көрұғлыны өзіне ұл етуіне бас қаһарманның өзінің ағасынан қалған жалғыз тұяқ екені себепші болса, соңғы нұсқада Кенжебайды бұндай әрекетке оның ешкімге бой бермей, басына шылбыр, жүгенноқта жолатпай жүрген байталын ұстау аулының тұсынан кездейсоқ өтіп бара жатқан Көрұғлының ғана қолынан келуі итермелейді.

Әрбір жыршының өз репертуарындағы жырға өзге жыршылардікінен даралайтын өзгеріс енгізуге ұмтылатыны Ө.Жұмағазин нұсқасында Көрұғлының өзіне лайық іздеуі баяндалған тұста да байқалады. «Көрұғлы» жырының өзге нұсқаларында Ғираттың енесі ретінде көрінетін биелердің анау айтқан айрықшалығы сипатталмаса, біз қарастырып отырған

жыр үлгісіндегі өзінің иесі келгенше өзінің тұлпар екенін байқатпай, арық, ақсақ әрі жауыр кер тай кейпінде жүрген бие өзінің қадыр-қасиетін аңғара қоймаған Көрұғлыға өзін танытып сөйлейді. Көзге қораш тай кейпінде бойын жасырып жүріп, иесі жүген салғанда, құнанға, ер салғанда, дөненге айналған, үстіне мінгенде бестіге айналған тұлпарлар бұл нұсқадан өзге жырларда да, мысалы, «Алпамыс батыр», «Шора батыр» жырларының кейбір нұсқаларында, кездесетіні белгілі. Бұл нұсқалардағыдай, адам секілді ақыл-есі, тілі бар, көріпкелдік, артықша амал-тәсілдерге жетіктігі, құбылушылыққа бейімдігі арқылы бас қаһарманға ауадай қажет көмек көрсететін тұлпарлар бейнелері әлем халықтарының фольклорында көптеп кездеседі. Атқа мұндай ғажайып қасиеттердің телінуін зерттеушілер бір ауыздан ежелгі адамдардың ат тотемі туралы туралы наным-сенімдерімен байланыстырады.

Көрұғлының Меден сұлуды іздеп бара жатқанда жолбарысты өлтіріп, оның тырнағынан жас өспірім баланы босатуы, ол баланың кейін бас қаһар-манның серігіне айналуы, Көрұғлының Меден сұлуды еліне алып келген соң Қиғаш Қаратау деген бекініс салуы тек «Торғай уалаятының газетіндегі» нұсқада ғана баяндалады. Ұлттық нұсқалардың басым көпшілігінде кезде-сетін Жәмбілбел бекінісінің атауының орнын қазақ даласындағы таулардың атаулары басуын халқымыздың жыршылары өз жандарынан қосқан қазақы нақыш екені — даусыз ақиқат.

Ә.Жұмағазин нұсқасындағы Көзей патшаның, «Торғай уалаяты газетінде» жарияланған нұсқадағы Қазақай ханның Бозай өлген соңғы әрекеттері «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырындағы Қарабайдың: «Жетім ұлға қызымды бермеймін» деп, опасыздыққа бой ұруына ұқсайды. Ал Меден сұлудың әрекеттері өзіне әуел баста айттырып қойған жігітке қосылу үшін бар күш-жігерін аямаған эпос кейіпкерлері—Баян сұлудың, Гүлбар-шынның және тағы сол сияқты көптеген арулардың адалдығын еске түсіреді.

Ә.Жұмағазин нұсқасындағы Меден сұлудың алдағы оқиғаларды күні бұрын біле алатын көріпкелдік қасиеті қазақ фольклорындағы бірқатар арулардың да, мысалы, «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаның, «Ер Төстік ертегісіндегі Кенжекейдің бойынан табылады.

Ақмеденнің араб патшасының, мыстан кемпірдің қаскөйлік пиғылын оларды көрмей тұрып-ақ біліп, күйеуіне ол туралы ескертуі Құламергеннің әйелінің қылығын еске түсіреді.

Ә.Жұмағазин нұсқасында Көрұғлының араб патшасымен соғысы тура-лы дәстүрлі сюжетке де біршама өзгеріс енгізілген. Ең алдымен, бұл нұсқада араб патшасының есімі аталмай-тыны бірден назарға ілігеді. Өйткені ол Көр-ұғлы туралы қазақ жырларының көпшілігінде, эпостың ұлттық нұсқаларында «Райхан» деп аталады және де ол нұсқалардың барлығында Райхан Көрұғлының не атасының, не ағасының әйелін алып қашады. Арабтың бас қаһарманның өз әйелін алып кетуі және Көрұғлының қарымта қайтара барғанда арабтың қарындасына қоса, қолды болған өз жақынын бірден алып қайтуы жырдың біз қазір қарастырып отырған нұсқасында ғана суреттеледі.

Ғираттың ұрлануы — Көрұғлы туралы эпостың ұлттық версияларының басым көпшілігінде баяндалатын оқиға. Эпостың Орта Азияда, нақтырақ айтқанда, Өзбекстанда тұратын арабтардың арасынан жазылып алынған версиясында Ғират бір жасқа толғанда оны Қожа Қыдыр ұрлап алып, үш жыл баптап, қайтадан Көрұғлыға қайтарады, демек, батырдың тұлпарының жақсара түсуіне қолқабыс жасайды. Эпостың қазақша версияларының бірқа-тар нұсқаларында да тұлпарынан аз ғана уақыт айрылып қалып, қайғырған Көрұғлы Ғиратты ұстап алған Ғайып Ерен қырық шілтен екенін білгенде, сабасына түседі.

Ұлттық версиялардың көпшілігінде өзге ел билеушісі Ғиратты қастандықпен ұрлатып алады. Бұндай жағдай Көрұғлы туралы эпостың ұлттық версиялары үлгілерімен түгелге жуық таныс Б.А.Каррыев «предположительно их можно рассматривать как «историческую» основу большинство национальных версий эпоса» (3, 28) деп сипатама берген эпостың А.Ходзько ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік Азербайжанда жазып алып, жариялаған нұсқасын құрайтын он үш тараудың бірінде де баяндалады. Бұл нұсқада Анадолыдағы түрік тайпасының билеушісі — Гасан патша Ғиратты ұрлап өкелу үшін Хамза деген біреуді жұмсайды. Көрұғлы эпосының өзірбайбайжан мен түрік халықтары арасында сақталған нұсқаларының көпшілігінде, түрікмен версиясының кейбір үлгілерінде ат ұрлаушы «Хамза» деп аталады. Ал түрік версиясының бірқатарында Көрұғлы Ғиратты Болу бей тұтқынға алған Кенан мен Айваздың өтеуі

ретінде аталған билеушіге өз қолынан береді. Өзбекше версияда Көрұғлының екінші әйелі — Мысқал пері Көрұғлының асыранды Ғауазын азғырып, оны Ғиратты ұрлап алып, Румның сұлтанына апарып беріп, сол билеушімен бірігіп, Көрұғлыға шабуыл жасауға арандатады.

Түрікмен версиясы нұсқаларының көпшілігінде Ғиратты қазақтың мыстан кемпірінің айнымайтын сыңары болып табылатын Зұлман кемпір ұрлайды. Ал қазақ версиясы нұсқаларының ішінде Ғираттың қастандық салдарынан ұрлануы тек Ә.Жұмағазин нұсқасында ғана баяндалады және онда Араб патшаның тапсырмасын орындайтын мыстан кемпірдің бас қаһарманмен кездесуін және зұлымдық пиғылын жүзеге асыру үшін жасаған айла-амалдарын, Көрұғлының Ғиратты өзіне қайтару үшін шеккен сапарында басынан кешірген оқиғаларын баяндауда жыршының «Алпамыс батыр» жырындағы осыған ұқсас эпизодтарды үлгі етіп алғаны байқалады.

Көрұғлының өз қанасынан перзент көрмегендігі, асыранды балалары, Ғауаздың әкелінуі, Ғауаздың өкпелеп, бұрынғы тұрған еліне кетіп қалып, қайта оралуы ұлттық версиялардың барлығында дерлік айтылады. Ал Ә.Жұмағазин нұсқасының соңғы бөлігі онда Меденнің аузынан шығатын: «Өзімнен тұмай, ұл болмас, Сатып алмай құл болмас» деген, осы екен-ау» деген сөздердің даналықпен айтылғанын көркемдік тұрғыдан дәлелдеуге негізделуімен эпостың өзге нұсқаларының барлығына қарама-қарсы сипатқа ие болып, ала бөтен дараланып тұрады.

С. Сәкенов

«КӨРҰҒЛЫ (ҒАУАЗХАН)» ЖЫРЫ (*Ертай Құлсариев нұсқасы*)

Көрұғлының атына байланысты эпос түркі халықтарына ортақ қазына болып табылады. Анадолы түріктерімен қоса, Орта Азияның қазақ, өзбек, түркімен, қарақалпақ, төжік сияқты халықтары мен Қап тауының әзербайжан, армян т.б. жұрттарының фольклорында сақталған. Қазақтар жырлаған «Көрұғлы» дастаны 1885 жыл мен 1905 жылдар аралығында

Қазан қаласында тоғыз мәрте қайта басылып отырды. 1905 жылы «Торғай газетінде» «Бозай батыр и сын его Коруглы» деген атпен [32-34 сандарында] В.Мещенский нұсқасы жарық көрді. Шығарманы әр халық өзінше өңдеп, өз дәстүрімен жырлайды. Қазақ елінде тараған «Көрұғлы» ертеден-ақ халық әдебиетіне сіңіп кетті. Оған біздің әдебиетіміздегі нұсқалығы әбден айғақ болады. Мысалы, бүгінгі күнге Көрұғлының әкесі Раушанбек туралы екі жыр, балалары Ғауазхан жөнінде бес жыр, Хасенханның ұлы Қасымхан жайлы бір жыр жетсе, ал Көрұғлының өзі туралы он алты жыр сақталған. Бір таң қаларлығы — бұл эпос қазақ даласының төрт бұрышында да ерекше ықыласпен жырланып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Атап айтқанда, Батыс Қазақстаннан Жамал Балғынбай баласы, Ерғали Есенжолов, Әміреш Жұмағазин; Солтүстік Қазақстаннан Хасан бин Мирбаба [аудармашы — Ж.Сыздықов], Құлмұхаммед Байғұлұлы, Молда Мұқан, Қошанов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Оңтүстік Қазақстаннан Рахмет Мазқожаев, Әбділда Жүргенбаев, Асайын Хангелдин, Сүйіпбек Мұсаев: Жетісудан: Жамбыл Жабаев, Ертай Құлсариев нұсқалары жиналып алыну арқылы бізге дейін сақталған.

Е. Құлсариев — Жетісу жыршылық мектебінің соңғы өкілдерінің бірі. Сондықтан «Көрұғлын» жырлауда жетісулық Сүйінбай, Құланаян Құлмамбет, Бақтыбай, Бөлтірік сынды өрелі ақындардан жеткен дәстүрді жалғастыруы — занды құбылыс. Абыз ақын Жамбыл 1938 жылы «Казахстанская правда» газетіне берген сұқбатында : «Сүйінбайдан үйренген «Сұраншы», Құлмамбеттің «Көрұғлы сұлтан» жырлары екі үлкен ақынның маған берген батасы мен ақындық сарқыттары еді» деген естелік айтса, фольклортанушы ғалымдар — О.Нұрмағамбетова мен А.Бұлдыбай да осы пікірді толық қуаттайды [24; 5, 110]. Өкінішке орай, жоғарыда аталған ақындардың ішінде тек Жамбыл мен Ертай нұсқаларынан өзгелері бүгінгі күнге жетпеген.

Алайда Жамбыл мен Ертай нұсқаларын салыстыра қарастырғанда, олардың мазмұны, сюжет желісі бірі-біріне мүлде ұқсамайтынын байқаймыз. Жамбыл жырлаған нұсқада негізгі оқиға Көрұғлы сұлтанның маңында өрбісе, Ертай жырлаған нұсқада оның асыранды баласы Ғауазханның ерлігі баяндалады. Жырдың мазмұны Қошановтың «Ғауазхан», Әзімхан

Мұхаммедрахымовтың «Көрұғлы баласы Ғауазхан әңгімесі» атты нұсқаларына ұқсастау болғанымен, жыршының сюжеттік желі құрудағы өзіндік мәнері, стилі ерекше аңғарылады.

Ертай жырлаған нұсқа толық, елеңдік құрылысы 11 буынды қара өлең, кейде 7-8 буынды жыр үлгісімен де баяндалады. Қолжазба 1939 жылы Алматы облысы, Іле ауданында жазылған. 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің» 1-том, 1-кітабында ол туралы ғылыми пікірлер айтылған.

«Көрұғлы» жырының Е. Құлсариев нұсқасы бұдан бұрын аталған ақын шығармаларының «Жыр керуен» атты жинағында жарияланған. Бұл кітапты құрастырған — осы ғылыми түсініктеменің авторы.

Т. Әлібек

**ТҮРІКПЕН РАУШАНБЕК БАТЫР
ТОЛЫБАЙ БАЛАСЫНЫҢ ҚАЛМАҚ БАТЫРЫ
МАЪРАММЕН СОҒЫСЫ
(А. Хангелдин нұсқасы)**

«Көрұғлы» — Орта Азия, Иран, Кавказ атырабы халықтары арасында кең таралған батырлық эпос. Жырдың өртүрлі версиялары мен жеке сюжеттік нұсқаларын қазақ, қарақалпақ, тәжік, татар, құмық, армян, грузин, түрік, түркімен, өзбек елдерінің жыршы, жырау, бақшы, ашугтары ертеден айтып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқаны мәлім. Әйтсе де, «Көрұғлы» эпосының кемелденіп, өсіп-өнген, барша эпикалық қуатымен қанат жайған жері түркімен елі болып саналады. Мұның басты себебі, жырдың бас кейіпкерлері Толыбай, Раушанбек, Көрұғлы, Сапабек, Әуез, Қасым бектердің түркімен теке руының тумалары болуынан екендігі анық.

Дегенмен «Көрұғлы» эпосы қазақ арасында да ерекше сүйіп тыңдаған, көпшіліктің көңілінен шыққан шынайы халықтық шығарманың бірі. Аталған батырлық туынды Абыл, Қашаған, Жиенбай, Оңғар, Құлмамбет, Жамбыл, Майкөт, Бітімбай, Жәмет, Әбілда, Рахмет т.б. көптеген жыр жүйріктері өзінше жаңғырта жырлап, халықтың құлақ құрышын қандырған. Сондай әдемі жырланған эпос нұсқасының біреуін ХХ

ғасырдың 40-жылдары белгілі фольклор жинаушысы Асайын Хангелдин Арал өңірінен жазып алған. Көлемі 2500 жолға жуық бұл нұсқаның жыршысы туралы мәлімет жоқ. Бірақ шығарманың тілдік, стилдік ерекшеліктеріне қарап, бұл нұсқаның Сырдың төменгі ағысын жайлаған бұрынғы Кіші жүз қазақтарының жыршы-жырауларынан жазып алынғандығы айқын аңғарылады.

Бір өкініштісі, араб әрпінде көшірілген қолжазбаның бастапқы және соңғы парақтары тозған, бірнеше жыр жолдарының жекелеген сөздері өшіп қалған. Соған қарамастан, эпос қаһарманы Көрұғлының әкесі Раушанбек батырдың ерлігін баяндайтын ғылыми құндылығы жоғары болғандықтан, томға енгізіліп отыр.

Шығарма қарапайым халық тілінде, эпикалық асқақ стилде жырланған. Жырдың сюжеті толық, оқиғасы қызықты оқылады.

Эпостың мәтіні ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы (Ш. 622) түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

С. Қосан

КӨРҰҒЛЫ МЕН БЕЗЕРГЕН

(Белгісіз жыршы нұсқасы)

Жыр мәтінін қашан, кімнен жазып алғаны белгісіз. ӘОИ Қолжазба қорында сақталған бұл эпостың түпнұсқасы бұрынғы Мемлекеттік көпшілік кітапханада (Ш. 894.342., А 32 — РК 181) шифрімен сақталған. Араб әрпімен жазылған қолжазбаның көлемі — 21 бет.

Бұл нұсқаның сюжеті Көрұғлының қартайған шағында басынан өткен бір оқиғаны баяндайды. Яғни жүз жиырма жасқа келген түркімен батырының екі қауіпті жауы болған-мыс. Бірі — қызылбас Безерген батыр да, екіншісі — қалмақ Көбікті батыр. Көрұғлының елін Безерген он екі мың қолмен шауып алмақ болғанда батыр оған қарсы шығып, күш сынасады. Қызылбас ерінен жеңілген түркімен батыры онымен ахиреттік дос болуға уәде байлайды. Бірақ соңынан бұл уәдесінен ай-

нып Безергенді абайсызда атып өлтіреді. Одан арғы қайшылық Көрұғлының елі мен қызылбас Безерген батырдың ұрпақтары арасында өрбиді.

Басты кейіпкер — батырдың қас жауынан жеңіліс табуы фольклорда сирек те болса кездесетін құбылыс. Әдетте мұндай жағдай аға батыр мен іні батыр (Қобыланды мен Сайын) немесе әке мен бала арасында (Рүстем мен Сұһраб) орын алатындығы мәлім.

«Көрұғлы мен Безерген» жырының мәтіні шағын болғанмен, оқиғасы ширақ, тілі айшықты. Эпоста қарапайым халық тілінің стилі айқын сезіледі, сондай-ақ бұл жырда айтыс элементтері мол орын алған.

Шығарма мәтіні М. Әуезов атындағы ӘӨИ Қолжазба бөлімінде (Ш. 635, №3-дәптер) сақталған жырдың көшірмесі бойынша әзірленді.

КӨРҰҒЛЫ

(Жамбыл нұсқасы)

Жамбыл нұсқасы көбінесе «Бозай хан» деген атпен көпке мәлім. Алғаш 1982 жылы ақын шығармаларының екі томдық жинағында басылған. Сондай-ақ Жамбылдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген екі томдық шығармалар жинағында осы нұсқа қайта басылым көрді*.

Расында Жамбыл ақын «Көрұғлыны» жастау уақытында көбірек айтқаны аңғарылады. Кейбір жазбаша мәліметтерге қарағанда Жәкең аталған халық туындысын он бес күн бойы жырлаған екен**. Бұл дерек бойынша Жамбылдың жыршылық репертуарында «Ерназар мен Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Шалтабай» және «Көрұғлы» эпосы болған. Әрине, ақынның бұдан да басқа («Қыз Жібек», «Мұңлық-Зарлық», «Едіге батыр», «Өтеген», «Сұраншы батыр», «Манас» т.т.) халық шығармаларын білгендігі шүбәсіз.

«Көрұғлының» Жамбыл жырлаған нұсқасының сюжеті өте тартымды, тілі шұрайлы. Өкінішке орай, жырдың соңғы

* Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым. 1-т. 1996. 228-265б.б.

** Терме... Ташкент. 1924, №1

бөлімдері жоғалған немесе толық көшірілмеген. Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» эпосының бірнеше нұсқасы (Көлемі — 1813 жол) ақынның музейінде және ӘӨИ Қолжазба қорында сақталған.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті 49-томына ұсынылып отырған «Көрұғлы» жырының Жамбыл нұсқасы ақын шығармаларының 1996 жылғы таңдамалы жинағы бойынша әзірленіп, түпнұсқамен салыстырылып беріліп отыр.

С. Қосан

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз

үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Әбубәкір — Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.а.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әзірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болғанмыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті

үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба Түкті Шашты Әзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба Түкті Шашты Әзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Ғұмар (Омар) — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Қуббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Ғұсман (Оспан) — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі

Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Дәуіт — Құранда есімі кездесетін пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әртүрлі қиындықтардан қорғаушы.

Қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы

Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күшпекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Рүстем — Ежелгі Иран аңыздарының әйгілі батыры, «Шаһнама» эпопеясының бас қаһарманы. Ол шығыс халықтарында қаһармандық үлгісі ретінде дәріптеледі.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Шаһариарлар — [шаһар /п/ — төрт, йар /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Инжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды. Ол бала болашақ Ысқақ пайғамбар еді... Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған өзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді. Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ысмағұл (Ысмайыл) — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Инжілдегі Исмаил. Ол Алланың өмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, оған құдықты, көгалды жер алыстан сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ілияс (Илияс, Илья) — көне иудей, христиан аңыздарында Ілиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Ілияс пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Ілиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Ілияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қыдыр әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әртүрлі қиындықтардан қорғап жүреді. Кейде Ілиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Оларғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе, батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді. Қазақтар «Қыдыр дарып, бақ қонсын» деп баталасады. «Қырықтың бірі — Қыдыр» деген мақал да бар.

СӨЗДІК

Ағзам (ар.) — Ұлы мәртебелі, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Азар /қ/ — қинау, қысым жасау

Ақырет /а/ — одүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы; діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы. Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық болады. Пенделер тірі кезінде істеген күнеларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн.

Ақ, Хақ /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Асфаһани қылыш — Асфаһан қаласында жасалған қылыш

Ғазал (ар.) — соңғы екі жолы ұйқасып келетін түркі халықтарының өлең өлшемі. Осы томға енген «Көрұғлы» жырының нұсқасында «ғазал» деген сөз жалпы «өлең» деген сөздің баламасы ретінде қолданылған.

Дарбаза, дәруаза /п/ — қақпа.

Жаппар /а/ — құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Имам — мешіт басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы, жетекші.

Имам ағзам — ұлы құдірет, таза ниет.

Кежім — кестелеп, оюлап жасаған әдемі ат жабу.

Қазірет — белгілі бір аймақтағы дін басы.

Қасам /а/ — ант

Қиямет — діни сенім бойынша, о дүниеге барған әрбір адам өтетін қыспақ

Құрбашы — әскер басы.

Құтпан — бес уақыт намаздың ең соңғысы; құтпан намазы оқылатын мезгіл (түнгі сағат 10-11 аралығы).

Лаухил /а/ — тағдыр тақтасы

Мақшар /а/ — ақырзаман, қиямет күнінде болатын сот

Манат, мінәт /а/ — рақым, шарапат

Мәкәм /а/ — берік, мықты, бекем

Набұт /п/ — жоқ болып кеткен, жойылған; жою

Намаздігер /а/ — күн батар алдында оқылатын намаз мезгілі

Нәмарт /п/ — тексіз, жетесіз, нашар

Некаx /а/ — неке

Пері — ежелгі хикаяттарда, ертегілер мен аңыздарда, халық ауыз әдебиетінің өзге үлгілерінде кереметті, қасиетті жан иесі ретінде суреттелетін ғажайып жан иесі.

Пір /а/ — желеп-жебеуші, қолдаушы, қорғаушы, ұстаздық етуші қасиетті тұлға

Сой /ж.с./ — арғы заты, тегі

Таға /ө/ — нағашы

Тағриф /а/ — мағына, түсінік

Тәубе /а/ — тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық

Тырыспай (тырысқақ) — денені тырыстырып, құрыстырып, лоқсытып құстыра беретін өте жұқпалы қатерлі ауру.

Һәм /а/ — және

Шәһар /а/ — қала

Шұһарат /а/ — атақ, даңқ

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Әмудария — Орта Азиядағы ірі өзендердің бірі. Көне атауы — Жейхун.

Бағдат — 1921 жылдан бері Ирак мемлекетінің астанасы болып табылатын көне қала. Ол Тигр өзенінің екі жағалауын бойлай салынған. Қаланы 762 жылы Халифа Мансұр салдырып, «Мадинат ас-Салам» («Бейбітшілік қаласы») деп атаған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі.

Бұқар — б.з.д I ғасырда іргетасы қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі құйылысында орналасқан көне қала. Қазір Бұқара Өзбекстан Республикасындағы осы аттас облыстың орталығы.

Иранбақ — Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде әлемдегі кереметтердің бірі ретінде бейнеленетін ғажайып бақ. Аңыздарға қарағанда, Иранбақ Оңтүстік Арабияның әмірі — Шаддаттың жер үстінде жұмақ орнату ниетінің нәтижесінде дүниеге келген.

Күржістан — Грузия.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі, бұл таулар аспан түстес зұбаржаттан құралған, ал ең биік шыңында жанартау орналасқан, жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты. Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын Йәжүж бен Мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен тесуге айналады, бірақ ертеңгісін азан шақырылғанда, тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп, әлгі құбыжық жан иелері адамдар мекендеген жерге келе алмағандықтан, Тажалдың зорлығы кейінге қалады.

Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Қырым — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Алтын Орда ыдырағаннан кейін оның орнында пайда болған мемлекеттердің бірі — Қырым хандығының орталығы да сол жерде орналасқан. Бұл хандық кезінде орыс отаршылдығының салдарынан күйреген.

Түркістан — Орта Азиядағы көне қалалардың бірі, қазір Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы. Ол Сырдарияның оңтүстік жағалауында орналасқан. Араб тіліндегі көне жағрафиялық жазбаларда бұл қала орналасқан жерде IV-X ғасырларда «Шавгар» атты елді мекен болғаны туралы мағлұмат сақталған, қазір оның ізі де сақталмаған. Түркістанның XII-XIV ғасырлардағы атауы — Яссы. Әлемге әйгілі ұлы тұлға — Қожа Ахмет Иассауи осы қалада өмір сүріп, дүние жүзіне мәшһүр еңбектерімен айналысқан. Қожа Ахмет Иассауидың Түркістандағы мавзолейі — иісі түркі халқы, күллі мұсылман жұртшылығы тәуап етіп, зиярат ететін қасиетті де киелі орын.

Үндістан — Азияның оңтүстік шығысында орналасқан мемлекет. Астанасы — Дели қаласы.

Хорезм — Орта Азиядағы ерте дәуірлердегі мемлекет. Қазір Өзбекстан Республикасы құрамындағы аймақ. Хорезм туралы алғашқы жазбаша мағлұмат «Авестада» кездеседі. Хорезм Орта Азиядағы егіншілік мәдениеті жоғары дамыған ежелгі аймақтардың бірі.

Үргеніш — Орта Азияда орналасқан көне қала, қазір Өзбекстандағы Хорезм облысының орталығы. Біздің дәуірімізге дейінгі I-ғасырдағы жазбаларда оның атауы «Юеянь» деп берілген.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒАМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Бекқожина Талиға (11.12.1919 ж. Семей қ. — 17.09.1995ж. Алматы қ.) — музыкатанушы, қазақ фольклорының, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, әнші. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын тамамдап, ол ұзақ жылдар бойы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ол қазақ халқы ауыз әдебиеті үлгілерінің ноталық жазбаларын жасау арқылы қазақ жырлары мен өлеңдері үлгілерін айтушылардың әуендеріне мәңгі өмір сыйлады. Бекқожинаның еңбектері мынадай жеке кітаптар түрінде жарық көрді: «Қазақтың 200 әні» (1972), «Қазына» (1979), «Шәкәрім» (1989), «Даланың назды саздары» (1996).

Жұмағазин Әміреш — 1930 жылдары қазақ халқы ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіріп, Тіл және әдебиет институтының Қолжазба қорына тапсырушылардың бірі. Ол Ақтөбе қаласында тұрған. Ә. Жұмағазин туралы бұдан өзге мәлімет жоқ. Ә. Жұмағазин 1941 жылы Ақтөбе қаласында қағазға түсірген «Көрұғлы» жыры жоғарыда аталған институттың Қолжазба қорына сол жылы түскен.

Жүргенбаев Әбділда — «Көрұғлы» жырымен қатар, «Қобыланды», «Алпамыс», «Атымтай Жомарт» жырларын да айтып жүрген белгілі жыршы.

Жүргенбаев Әбділда 1914 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Ол 1938 жылдан бастап Нартай Бегежанов ұйымдастырған концерт бригадасында жұмыс істеген. 1943-1946, 1957, 1964 жылдарда өткен республикалық, облыстық айтыстарға қатысқан. Жыршы өзінің орындауындағы «Көрұғлы» жырының нұсқасын басында Керейіт руының Ақбет деген бөлігінің өкілі — Орынбай жырау айтып, одан Қаратамыр руына жататын Тұрымбет,

одан Матай, Сарықасқа руынан шыққан Молдахмет ақын үйренгенін айтқан. Әбділда бұл жырды 1942 жылы Молдахметтен үйреніп, жиырма бес жыл айтып жүргеннен кейін магнитофонға жаздырған.

1967 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әбділда жырауды шақыртып алып, ол білетін жырларды магнитофонға жаздырып алды. Бұл жұмысты аталған институттың сол кездегі қызметкерлері — Талиға Бекқожина мен Мардан Байділдаев атқарды. Жыр мәтінін магнитофон таспасынан қағазға көшірген — Т. Бекқожина.

Ертай Құлсариев — қазақтың белгілі ақыны, ауыз әдебиеті үлгілерін жаттап, қағазға түсірумен, Ғылым академиясына өткізумен де шұғылданған кісі. Оның жинаушылық қызметінің арқасында қазақтың «Олжабай батыр», «Арқалық батыр», «Көрұғлы» және т.б. жырлары, айтыстың, тұрмыс-салт жырларының үлгілері бүгінге дейін сақталды. Е. Құлсариевтың өлеңдері газет-журналдарда, өртүрлі жинақтарда жарияланған. 20 жылы филология ғылымдарының кандидаты Т. Әлбектің құрастыруымен Е. Құлсариев еңбектерінің «Жыр — керуен» атты жинағы жарияланды.

Есенжолов Ергали (1888-1953) — Қостанай облысының Жанкелдин ауданында тұрған. Ол 1902 жылы аудандық мектепті, 1907 жылы Қостанайдағы екі сыныптық Училищені тамамдайды. 1907-1921 жылдары ауылда мұғалім қызметін атқара жүріп, ел арасынан естіген ауыз әдебиеті үлгілерін де жинастырған. Ол «Қисса Көрұғлы» атты эпикалық туындыны 1910 жылы қағазға түсірген. Бұл қолжазбаны 1947 жылы Ғылым академиясының қолжазба қорына тапсырған — Есенжолов Көрім.

Сыздықов Жақан — қазақтың көрнекті ақыны. Ол 1901 жылғы 10-мамырда Көкшетау облысы Чкалов ауданындағы Қарағаш деген жерде дүниеге келген. Ол Хасан бин Мирбабаның жариялауымен 1885 жылы «Хикаят Көрұғлы сұлтан» деген атаумен қазанда басылып шыққан жырды Қазақстан зерттеу қоғамының тапсыруымен 1940 жылы аударған. Ж. Сыздықовтың «Еңбек жемістері» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1924 жылы жарық көрді. Мұнан кейін оның «Табыс» (1931), «Найзағай» (1932), «Толқын» (1934), «Биік шыңда» (1935), «Өлеңдер жинағы» (1937), «Шаттық үні» (1938) атты

өлеңдер жинақтары және «Белестер» (1959), «Таңдамалы шығармалары» (1961), «Өмір лебі» (1964), «Асулар» (1968) атты өлеңдер мен поэмалар жинақтары баспадан шықты. Ол аударма саласында да өндіре жұмыс істеп, Ш. Руставелидің, Ә. Низамидің, Ә. Науаидың, Л.Н. Толстойдың, Ғ. Тоқайдың, Д. Бедныйдың, Я. Купаланың, Ғ. Ибрагимовтың шығармаларын және қырғыздың «Манас» эпосын қазақ тіліне тәржімалаумен айналысты.

Хангелдин Асайын — СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы жанындағы Халық творчествасы бөліміне қазақ халқы ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін тапсырған — халық мұрасын жинаушы. А. Хангелдин 1941 жылы Арал өңіріне барған халық творчествасы бөлімінің экспедициясына қатысқан. Ол экспедиция ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін, соның ішінде батырлар жырларын да жинап, әкелген. «Көрұғлы» жырының осы жинаққа енген бір нұсқасының қолжазбасы — сол рухани қазыналардың бірі.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

моңғ. — моңғол

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар

1. Көрұғлы. Жыршы *Әбділда Жүргенбаевтың* айтуынан 1967 жылы магнитофонға жазып алған — *Талиға Бекқожина*. ӘӨИ, 658-бума.
2. Қисса Көрұғлы. 1910 жылы қағазға түсірген *Ергали Есенжолов*. ОҒК, 924-бума.
3. Көрұғлы султан — Көрұғлы сұлтан. 1885 жылы Қазанда *Хасан бин Мирбаба* жариялаған жырды 1940 жылы аударған — *Жақан Сыздықов*. ОҒК, 672-бума, 1-2-дәптерлер.
4. Көрұғлы (Бозай туралы). 1941жылы жинаушысы — *Әміреш Жұмагазин*. ОҒК, 672, 7-дәптер.
5. Көрұғлы. Жинаушы және Ғылым академиясының қорына тапсырушы — *Ертай Құлсариев*. ОҒК, 672-бума, 8-дәптер.
6. Түрікпен Раушанбек батыр Толыбай баласы қалмақ Махраммен соғысы. Жинаушысы — *Асайын Хангелдин*. ОҒК, 662-бума.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар

1. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К.Баранов*. — М., 1968.
2. *Әуезов М.* Шығармалар. Он екі томдық. 11-т. Алматы, 1969.
3. Батырлар жыры. Төртінші том. Көрұғлы. Құрастырғандар: *М. Ғұмарова, Ж. Әбішев*. Алматы, 1989.
4. *Березин И.Н.* Турецкая хрестоматия. Т. II. СПб, 1862.
5. *Бұлдыбай А.* Жамбыл дастандары // *Ж. Жабаев* творчествасы. Алматы, 1989

6. *Валиханов Ч.Ч.* Избранные произведения. Алматы, 1952.
7. Вопросы изучения эпоса народов СССР. М., 1958.
8. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.
9. *Жирмунский В.М.* Народный героический эпос. М-Л., 1962.
10. *Жирмунский В.М.* Тюркский героический эпос. Л., 1974.
11. *Жирмунский В.М.* Сравнительное литературоведение: Восток и Запад. Л., 1979.
12. *Исмаилов Е.* Акыны. Алматы, 1957.
13. *Карыев Б.А.* Эпические сказания о Кер-оглы у тюркоязычных народов. М., 1968.
14. Кер-оглы. Народный эпос. Ереван, 1941.
15. Кер-оглы. Баку, 1959.
16. Кер-оглу. Восточный поэт наездник. Полное собрание его импровизаций с присовокуплением его биографии. Перевод с английского *С.С. Пени*. Тифлис, 1856.
17. *Короглы Х.Г.* Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. М., 1983.
18. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-кітап. Алматы, 1960.
19. Қазақ әдебиетінің тарихы. Бірінші том. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 2008.
20. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. — Алматы, 1975.
21. Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981.
22. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. Алматы, 1987.
23. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.
24. *Нұрмағамбетова О.* Айтыс өнерінің дүлдүлі // Лениншіл жас, 1972 ж. 3 маусым
25. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.
26. *Петрушевский И.П.* Очерки по истории феодальных отношений в Азербайджане и Армении в XVI— начале XIX века. Л., 1949.
27. *Путилов Б.Н.* Героический эпос и действительность. Л., 1988.

28. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы северных тюркских племен. ч.V. СПб, 1885.

29. Сборник статей по истории Азербайджана. Вып. I. Баку, 1949.

30. *Тверитинова А.С.* Восстание Кара Языджи — Дели Хасана в Турции. М. — Л., 1946.

31. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармаларының бес томдық жинағы. 3-т. Алматы, 1985.

32. *Шопен И.* Кер-Оглу Татарские легенды // журнал «Маян» современного просвещения и образованности. Труды ученых и литераторов русских и иностранных. Ч. I — СПб, 1840. гл. III.

33. *Чернышевский Н.Г.* Полное собрание сочинений. т. XVII (дополнительный). М., 1953.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

В настоящее время подготовлены и изданы 48 томов, посвященных самой замечательной и объемной отрасли национального фольклора – эпосам. Точнее говоря, до сегодняшнего дня подготовлены и изданы тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, восемь томов дастанов романического (любовного) содержания, три тома исторических поэм, шестнадцать томов героического эпоса, а также один том генеалогических дастанов. Новое издание, оформленное на высоком уровне, посвященное сокровенному богатству казахского народа – фольклорным сборникам, читатели приняли с большой радостью. В дальнейшем публикация лучших образцов казахского эпоса будет продолжаться.

Очередной 49-й том серии посвящается героическим эпосам.

В этот том включено несколько вариантов эпоса, повествующих о героической жизни национального героя туркменского народа – легендарного Коруглы. Авторами вариантов являются Абдильда Жургенбаев, Ергали Есенжолов, Амиреш Жумагазин, Ертай Кулсариев, Асайын Хангелдин.

В основе сюжета эпоса «Коруглы» лежат исторические события, связанные с народным восстанием, происходившим в XVI-XVII вв. в Южном Азербайджане. Кроме того, в эпосе описываются героические поступки предводителя данного восстания и народного батыра Коруглы и его друзей Ауеза, Сапабека, Муста-

фы, Жыгалы бека и др. Сюжет народного эпоса о батыре из племени теке туркменского народа, проживавшего в средние века между Северным Хорасаном и Южным Азербайджаном вошел в фольклор соседних народов: азербайджанцев, армян, иранцев, грузин, турков, татар, кумыков, таджиков, узбеков, каракалпачков, казахов, и послужил основой для воссоздания различных национальных версий этого эпоса.

Эпос «Қоруглы» давно известен среди казахов, это один из избранных героических эпосов, который народ слушал с особой любовью. В свое время, данное прекрасное фольклорное произведение, воссозданное на казахском языке группой талантливых певцов-поэтов во главе с мангистауским Абыл-жырау, улаждало слушателей степи.

Нам известно, что несколько вариантов эпоса «Қоруглы» исполняли на свой манер присырдаринские певцы-сказители. До нас дошел переложенный на ноты текст эпоса в исполнении таких талантливых сказителей, как Жиенбай, Онгар, Баспан, Жамет, Абильда, Рахмет. А также есть сведения, что эпос «Қоруглы» на протяжении нескольких ночей исполняли известные жырау-поэты Семиречья – Майкот, Жамбыл, Кулмамбет. Язык вариантов эпоса, включенных в этот том, отличается изяществом, а сюжеты представляют большой интерес. В этих вариантах эпоса ощущается своеобразный стиль, особенности исполнения и региональные диалекты эпических школ певцов-поэтов разных регионов Казахстана. Многие варианты представленного эпоса «Қоруглы» ранее нигде не были опубликованы и исследованы и этим обусловлена научная ценность данного эпоса.

Очередной сорок девятый том серии «Бабалар сөзі» в соответствии с основными принципами этого многотомника снабжен научными приложениями. Научные приложения включают в себя сведения о публикуемых текстах; словарь географических названий, сведения об исторических и религиозных деятелях, сведения о сказителях и собирателях; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Объем тома – 26 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series “Babalar sozy” in the frame of the State program “Madeni Mura” (“Cultural heritage”).

At present period the Institute staff has prepared and published 48 volumes devoted to the most remarkable and volume branch of national folklore- eposes. Being more exact, by the present day, thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of dastans with religious-moral content, eight volumes of romantic (love) dastans, three volumes of historical poems, sixteen volumes of heroic epos and one volume of genealogical dastans have been published. The readers have accepted with great pleasure the new edition that is arranged on a high level and is dedicated to the valuable treasure of Kazakh people- folklore collections. Further the publication of the best samples of Kazakh epos will continue.

Volume 49 of the series is devoted to heroic eposes.

The volume includes several versions of the epos telling about heroic life of the national hero of Turkmen people- legendary Korugly. The authors are Abdilda Zhurgenbayev, Ergali Essenzholov, Amiresh Zhumagazin, Ertai Kulsariev, Assain Khangeldin.

The plot of the epos “Korugly” is based on historical events related to the peoples uprising that took place in XVI-XVII centuries in South Azerbaijan. Besides the epos describes heroic feats of Korugly who was the leader of this uprising and peoples batyr, and his friends Auez, Sapabek, Mustafa, Zhygali bek and others. Plot of the folk epos about batyr from the Turkmen tribe Teke, who lived during the medieval period, between North Khorasan and South Azerbaijan has been included into the folklore of the neighboring

peoples such as Azerbaijan, Armenian, Iran, Georgian, Turkish, Tatar, Kumyk, Tadjik, Uzbek, Karakalpak, Kazakh peoples and served as a basis for reconstruction of the various national versions of this epos.

Epos “Korugly” is known for a long time among Kazakh people as one of the selected heroic eposes that people loved to listen. There was a time when steppe people were enjoying this wonderful folklore work restored in Kazakh language by the group of talented singers-poets headed by Abylzhayrau from Mangistau.

We are aware that Syrdaria singers- narrators have performed in their own manner the several versions of the epos “Korugly”. The text of the epos has been transferred to the notes and performed by such talented narrators as Zhienbai, Ongar, Baspan, Zhamet, Abilda, Rakhmet and has reached the present period. Also we have information that epos “Korugly” was performed during several nights by the well known zhyrau-poets of Semirechie such as Maikot, Zhambyl, Kulmambet. The distinguishing feature of the language of the epos versions included into this volume is its elegance and the plots are very interesting. These versions of the epos have a unique style, special features of performance and regional dialects of the epic schools of the singers-poets from different regions of Kazakhstan. Many versions of the presented epos “Korugly” haven’t been earlier published and investigated and this shows the scientific value of this epos.

According to the principles of the edition “Babalar sozi”, the forty ninth volume has scientific supplements which include the data on the published texts; vocabulary of geographic names, data on historical and religious figures, data on narrators and collectors; list of used literature; summary in Russian and English.

Size of the volume is 26 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Көрұғлы (*Ә. Жүргенбаев нұсқасы*) 9

Көрұғлының қызылбас Қалдарханның баласы

Раханмен соғысы (*Е. Есенжолов нұсқасы*) 86

Көрұғлы мен Безерген (*Белгісіз жыршы нұсқасы*) 132

Көрұғлы (*Жамбыл нұсқасы*) 150

Көрұғлы /Бозай туралы/ (*Ә. Жұмагазин нұсқасы*) 197

Қисса Ғауазхан (*Ертай Құлсариев нұсқасы*) 224

Түрікпен Раушанбек батыр Толыбайдың баласы

қалмақ батыры Махраммен соғысы

(*А. Хангелдин нұсқасы*) 301

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 366

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 393

Сөздік 400

Жер-су атаулары 402

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы

һәм жинаушылар туралы мәлімет 404

Шартты қысқартулар 407

Пайдаланылған әдебиеттер 408

Резюме 411

Summary 413

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

49 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им.
М.О. Ауэзова

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*

Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*

Техникалық редакторы: *Г. Бектібаева*

Компьютерге терген: *С. Айпенова*

Компьютерде беттеген: *М.О. Ногайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2336

Теруге 05.08.08 жіберілді. Басуға 02.09.08 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 26. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № .

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 13

ISBN 9965-35-576-2



9 789965 355769